1917 жылғы сәуірде ұлттың бірлігі, тәуелсіз болашағы үшін күреске бел буған Итбаев Ережеп, Алаш Орданың Ақмола облыстық қазақ съезін Омбыда ұйымдастырып өткізген. Алаш қозғалысының белсенді қайраткері, өз заманының көзі ашық азаматы, қазақ халқының күрескер, талантты ұлдарының бірі. Томск қаласында 1917 жылы қазанның 8-15 күндері аралығында жалпысібір съезінде Ережеп Итбаев Ә.Бөкейханов, М.Тынышбаев, Х.Ғаббасов, С.Досжановтармен бірге қазақ халқының өкілі болып қатысады. Сол жылы Сібір кеңесінің құрамына қабылданады. 1917 жылы желтоқсанның 5-13 күндері аралығында Орынборда жалпықазақ съезіне қатысып, Алаш автономиясының халық кеңесіне Қызылжарлықтар атынан кандидат болып сайланды (Солтүстік Қазақстан облысы. Энциклопедия, 2006: 3).

Айдархан Тұрлыбаев, жоғары білімді заңгер әрі шығыс тілдерінің маманы. Солтүстік Қазақстандағы тұңғыш қазақ комитетінің, басқаша айтқанда 1917 жылғы көктемде құрылған тәуелсіз мемлекеттік органның бірінші төрағасы, Сібір ревкомындағы Қазақстан өкілі. 1877 жылы Ақмола облысы Көкшетау уезінің Мезгіл болысында туған. 1902-1917 жылдары



университет бітіргеннен кейін Омбының заң орындарында адвокаттық қызмет қылып, алқа сотының мүшесі болады. 1917 жылы 25 сәуір – 5 мамыр аралығында Омбы қаласында өткен Ақмола облыстық қазақ съезін басқарып, өткізген Айдархан Тұрлыбаев, ал орынбасары дәрігер Асылбек Сейітов болған. Осы съезде әр уезден келген 150 делегат А.Тұрлыбаевты Ақмола облыстық қазақ комитетінің төрағасы етіп сайлады. 1917 жылы А.Тұрлыбаев Алаш партиясы құрылатын алғашқы жалпықазақ съезінің де, тәуелсіз Алаш автономиясы жарияланатын екінші жалпықазақ съезінің де ұйымдастыру және өткізу жұмыстарына белсене қатысқан. Осы күресі үшін ол 1934 жылы абақтыға жабылып, онда 6 ай азап шеккен. 1937 жылы 14 маусымда қайта ұсталып, ату жазасына кесілген, 1957 жылы ақталды (Әнес, 2009).

Жұмағали Тілеулин 1890 жылы Айыртау болысының Жаманшұбар ауылында дүниеге келген. 1913 жылы Орынбор әскери медицина мектебін бітірген. 1913-1917 жылдары Петропавл уезінде фельдшер болып жұмыс атқарған. 1917 жылы наурыздың басында Ә. Бөкейханов Минскіден телеграмма беріп, патшаның құлағанын естірткенде «Қызылжардағы Тілеулинге» деп көрсеткен. 1922 жылы Қызылжар қаласында қазақ педагогика техникумының тұңғыш директоры қызметін атқарған. Көрнекті қазақ публицисі. М. Дулатовтың, М. Жұмабаевтың азаттық күресі жолындағы серігі. Қазақ тілінде медицина саласы бойынша алғашқы оқулықтың авторы. Денсаулық тақырыбына бірнеше кітапты қазақ тіліне аударған. Кеңес тұсында үш рет тұтқындалып, 1938 жылы ату жазасына кесілді (Маликова, 2021: 279).

Ахмет Жанталин, көрнекті публицист, Алаш қайраткері, Міржақып пен Мағжандардың ниеттес серігі. «Айқап» (1911-1915 жж.) журналы мен «Қазақ» (1913-1918 жж.) газетінің белсенді тілшісі ретінде Есіл-Қызылжар өңіріндегі қазақтардың тұрмыс-тіршілігі жөнінде жазып тұрған. Ахмет атамның қаламынан туған мақалаларда қазақ жастарына білім беру, ұлт теңдігі мәселелері терең қозғалған. Қызылжар өңірінде судья болып қызмет атқарған (Қойгелдиев, 2009). А.Жанталин 1932 жылы жазықсыз ұсталып, Петропавл абақтысына жабылды. Тәуелсіздік жылдары Ахмет Жанталиннің ел алдындағы қызметіне лайықты баға берілді.

Қафез Айбасов, Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь ауданының, Қаратал ауылында туған. Кеңес дәуірінде мұндай жігерлі, жан-жақты, сауатты азаматтарға тағылған «ұлтшыл» деген айыппен, Мағжандар сияқты үш рет ұсталып, 1940 жылы тамызда белсенді алашордашыл ретінде Солтүстік Қазақстан облыстық сотының шешімімен 15 жылға кесілген. Айбасов Қафез, міне, осы қазақ қоғамындағы байлар аталған әлеуметтік топтың өкілі.

Ғалиасқар Мұхаметжанұлы Қуанышев, 1886 жылы Қызылжарда дүниеге келген, 1917 жылы 4 маусымда Петропавл уездік қазақ комитетінің тұңғыш төрағасы болып сайланған Алаш қайраткері. Ғ.Қуанышев «қала тұрғындары арасында беделі биік, игілікті істердің ұйымдастырушысы ретінде үнемі көзге түсіп жүретін, үлкен жүректі азамат еді», - дейді екен замандастары. 1937 жылы 13 қыркүйекте жазықсыз мерт болған жеолесіміз 1958 жылы ақталған.

Дәулет (толық есімі Дәулетше) Қуанышев, 1878 жылы бұрын Бейнетқор, кейін Совет ауданының оныншы ауылында туған. Ресей патшасы тақтан кеткен соң, 1917 жылғы 4 сәуірде Петропавл уездік атқару комитетіне мүше болып сайланды. Еліміздегі Алаш қозғалысының белсенді қайраткерлерінің бірі. Революциядан бұрын да қуғын көріп, 1930 жылы кеңес заманында ұлтшыл-алашордашы деген желеумен ұсталған.

Салмақбай Күсемісов, 1869 жылы Қызылжарда туған. Алаш қозғалысына ерте қатысқан, Солтүстік Қазақстан қазақтарының атынан Алашорда үкіметіне сайланған. 1919 жылдың 8 қарашасында ұсталып, алашордашы деген айыппен өлім жазасына кесілген. Жазықсыз екені кейін анықталып, 1954 жылы 12 тамызда ақталған. СҚО ДП архиві құжаттарынан Алаш Қайраткері Салмақбай Күсемісовке қатысты деректер анықталды. Салмақбай Күсемісов, 1869 ж.т., Петропавл қ., СҚО тумасы. қазақ. Бастауыш білімі бар. Петропавл уездік Земство басқармасы өкілінің орынбасары. 08.11.1919 ж. тұтқындалған. 26.10.1920 ж. Петропавл ГубЧК сотталды. Бап: 58-11 УК РСФСР. 12.08.1954 ж. ақталды. Салмақбай Күсемісовке қатысты деректер: Куәлік. Петропавл уездік Земство басқармасы өкілінің орынбасары Салмақбай Күсемісовке берілді, өйткені соғыс уақытының мән-жайлары мен әскери биліктің өкімі бойынша ол өз мекемесімен бірге Петропавлдан эвакуацияланады. Төрт адамның қол қоюмен және қазыналық мөрдін қосымшасымен куәландырылады. Барлық азаматтық және әскери биліктерден заңды көмек көрсетуді сұраймын. Куәлік. Осы куәлік Петропавл уездік



Земство басқармасы төрағасының орынбасары Салмақбай Күшемісовке берілді. Ұлты-қазақ. Жарғының 46, 47-баптарының 2-тармағы бойынша әскери міндеттілікке және әскери міндеттілікке қатысты Армия қатарына шақыруға жатпайды (Жертвы политического террора в СССР).

XX ғасырдың басында Ж. Аймауытов айтқандай бостандық, теңдік күштіге, жемқорға келген теңдік емес, бұл өзі қара бұқараға, кедейге келген теңдік қолы жете алмай жүргендерге берілген бостандық деп ерекше атап көрсетті. Осы бағытта жалпыұлттық, демократиялық газеттер мен журналдар шыға бастаған. Солардың көпшілігі көп ұзамай большевиктердің тарапынан байшыл, ұлтшыл, алашордашыл деген жалалармен жабылған. Атап айтсақ: Сарыарқа; Бірлік туы; Ұран; Абай; және Түркістан Республикасының астанасында шығып тұрған Ақ жол; Шолпан; Сана; Кедей айнасы басылымдары еді. Осылардың ішінде жастарға арналған тұңғыш газет – Жас азамат болатын. Бұл басылым туралы зерттеуші Дихан Қамзабекұлы «Алашқа тыныс болған «Жас азамат» атты мақаласында қазақтың ұлттық баспасөз тарихында елеулі орны бар «Қазақ» газетінің бағытын жалпы жұртқа мәшһүр етуге жәрдемдескен, азаматтық ой-сананы ілгерлетуге септігі тиген газет-журналдардың ішінде Жас азамат басылымын ерекше атаған жөн деген пікір жазған. Сондай-ақ ғалым, бұл газет ұлт тәуелсіздігін жоқтап, отаршылдық егізге қарсы тұрған қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық-саяси басылымы екендігін айтқан болатын. Қазақстанның Солтүстік аймақтарындағы жастардың ірі ұйымдарының бірі болып саналған Жас азамат ұйымының органы ретінде Қызылжар қаласында 1918 жылдың 30 шілдесінен 1919 жылдың 3 ақпанына дейін 22-нөмірі жарық көрген бұл жергілікті газеттің шығарушысы – Қошке Кемеңгеров еді (Мәлікова, 2021).

Қазақтың ұлттық баспасөзінің тарихында елеулі орны бар, ұлт тәуелсіздігін жақтап, отаршылдық езгіге қарсы тұрған қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық-саяси газеті 1918 жылдың сәуір-мамыр айында Омбы қаласында өткен қазақ жастарының тұңғыш құрылтайының шешіміне орай, Бүкілқазақтық жастар ұйымының тілі ретінде бұл газеттің алғашқы саны 1918 жылдың 30 шілдесінде Қызылжар қаласында жарық көрген. Газеттің дәл осы кезде Қызылжар қаласында шыға бастауы Ресейдің Оралдан шығысқа қарай жұрттарында, Қазақстанның солтүстік аймағында Кеңес өкіметінің құлауына байланысты, билікті қолына алған Алашорда үкіметінің саяси шешімінің нәтижесі еді. 1918 жылы маусымда Алашорда үкіметі жергілікті жерлерде нақты билікке қол жеткізу үшін бірқатар декреттер қабылдады, соған сәйкес Алаш автономиясының аумағында Кеңес өкіметі шығарған барлық құжаттар мен заң актілері жарамсыз деп танылды (Трудовое Знамя, 1918: 5).

Тұңғыш қазақ жастары газетінің қалай шыққандығы туралы С. Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешуінде» 1918 жылы май айында Омбыдағы оқудағы Алашорда жастарының ұйымына айналған Бірлік ұйымы, жалпы жастар съезін жасағандығын ерекше атап өткен. Бұл съезге әр жердегі жастар ұйымынан екіден өкіл шақырды. Жас қазақ ұйымынан Абдолла Асылбекұлы, енді біріне Омбыда оқып жүрген Жанайдар Сәдуақасұлы сайланды. бұл съезге Ақмола, Семей, Қостанай губернияларының жастары жиналған. Съездің қаулысы бойынша, барлық жастар ұйымдарын Жас азамат деуге қаулы қылды. Жас азаматтың басқарма төрағасына Мұрзаұлын, мүшелігіне: Смағұл Сәдуақасұлын, Мұратбек Сейітұлын, Гуля Досымбекованы (Міржақып Дулатовтың балдызы), Әбдірахман Байділдәұлын сайлаған. Жас азамат ұйымының тілі қылып жабылып қалған Көлбайдың Үш жүз газетінің орнына Қызылжарда Жас азамат атты газетін шығармақ болған. Газеттің редакторы белгілі қайраткер Қошмұхамбет Кемеңгерұлы, басқарма құрамында С. Садуақасұлы, М. Сейітұлы, Г. Досымбекқызы, Ә. Байділдәұлы болды.

Жастар газетінің алғашқы саны «Жас тілек» деген мақаламен ашылып, онда Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдай көрсетіп, ел бостандығы үшін ұйымдасуға шақырады. Жас азаматтың үстіне ауыр жүк салынып, оның негізгі мақсаты – ұлт бостандығы мен ұлт теңдігі еді.

Жастардың үні – бұл газеттің шығуына 1918 жылғы сәуір-мамырдағы бірінші съезд себеп болған, ол жөнінде Мұхтар Әуезов «Тұңғыш қазақ жастарының съезі», «Қазақ жастарына» атты мақалаларын жазған. Бұл газеттің Қызылжарда қалай шығып тұрғанын, қазақ жастарының, жалпы қазақ қауымының тәуелсіздікке деген арман-мұңын айғақтап, қоғамдық сананы оятуға күш салғанын Жүсіпбек Аймауытов ерекше атап көрсеткен. Ол Семейдегі Сарыарқа газетінің 1919 жылғы 20 ақпандағы санына «Газет, журнал оқушыларға» деген мақала бастырып, Семейдің орысша газетінің қазақ баспасөзін ғайбаттап, оқушылары болмағандықтан қазақтың бір газеті мен журналы жабылып қалыпты деген хабарына қарсы сөйлеп, түсінік берген.



Қамтыған тақырыбы жағынан қарағанда, жарияланымдарда саясат мәселесінің басым болуы – уақыт талабы екені байқалады. Және қазақ жерін отарлауды тежеу туралы сол кездің өзінде ашық пікір таратқан жастардың ісіне айызың қанады. Айталық, 1918 жылғы 18 тамыздағы 3-санында шыққан «Өлген тірілмекші» деген мақалада Ресей үкіметінің келімсек қарашекпендерді қоныстандыру мекемесі жойылып, Қазақстан жеріне ішкі Ресейден ауып келіп жататын қоныстанушылар легі саябырлаған болса, Қазақ жерінің бір кезде эззілі болған переселен мекемесі қайтадан тіріледі деген қауесет бар. Халықтың бостандығы үшін күресетін, оның алдағы тағдырының қандай болмағын айқындайтын көзі ашық, жаны таза, саналы жастар екендігін бұл басылым әуелден-ақ жария етті. Газеттің үшінші санына басылған 25 жастағы ақын Мағжанның «Жастарға!» деген өлеңі сол замандағы қазақ жастарының ел-жұрт алдындағы тарихи міндетін көрсетіп берген бағдарлама десе артық емес. Жас ақынның шақыруы алты миллион қазақтың атынан айтылып, қазақ көгіне шалқи көтерілген ұлт ұраны еді:

Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты.  
Қырандай күшті қанатты,  
Мен жастарға сенемін!...

Смағұл Садуақасовтың Мағжан туралы қазақ жастарының ой-санасының әміршісі деген пікірі осы бір жалынды өлең жолдарында жатқан болар. Оның «Өмір үшін күресу» атты мақаласында қалың қазаққа таныс тіршілік түйткілдерінен ашып көрсеткен. Автор өз ойын айқын түсіндіру үшін қазақ халқы мен алыстағы неміс жұртының тұрмыстық жағдайларын салыстырып, қалың қазағын озық немістің деңгейінде көргісі келіп, билік орындарының қоғамды демократияландыруы қажетті шарт екенін көрсетеді. Байқасақ, мұндағы Смағұлдың саясат пен шаруашылықты ажырағысыз бірлікте көруі де сұңғылалық.

Сол кездегі басты мәселе, жер мәселесі бұл баспаның негізгі тақырыптарының бірі болып, қазақ жерінің қазба байлықтарын шетжұрттық алпауыттардың талап-тонауына қарсылық білдірді. Мәселен, шет мемлекеттердің капиталы кен қазу, фабрик-зауыт салуға (бұлар да қазақ жеріне орнайды) кірсе, қазақ бұл қазынадан тағы да айырылады деген пікірде болды. Нәтижесінде, бұл газет осындай нақты дәлелдерін көрсетіп, Ресей мемлекетіне енді табынудың қажеті жоқ екендігін, қазақ халқы тәуелсіздік үшін, өз болашағының тізгінін өз қолына алу үшін күресуі, соның бәрі қазақ жерінің бүтіндігі маңызды екендігін көрсетті. Жас қаламгерлер өз басылымына осы сөздерді жаза отырып, большевиктік Ресейдің де Қазақстанға тәуелсіздік сыйламайтынын әшкереледі. Ал, «Өлген тірілмекші» деген басқа мақалада осы идея одан әрі дамытылып, жер мәселесі жөнінде большевиктер патша өкіметінің тарихи мұрагері екені айтылды. Халық өзінің саяси көсемі Алаш төңірегіне топтасуы арқылы ғана тәуелсіздік күресіне қосылады деген пікірді ортаға салынды.

**4. Зерттеу нәтижелері.** Осындай саяси және қоғамдық тақырыптарға қалам тербеген бұл газет авторлары сол кездегі өзара тірескен саяси күштердің ара салмағын бағамдап, халыққа түсінікті тілде баяндап беріп отырды. Байділде Мырзаұлы мен Ғабділде Найзабекұлының «Бұны не дейміз?» деген талдамалы мақаласында большевиктердің қазақ даласындағы іс-әрекеттерін әшкереленеді. Қолдан туғызған азамат соғысындағы қатыгездік, адамгершіліктің барлық өлшемін сырып тастап, шетсіз, шексіз ауыртпалық әкелген большевиктердің билікке таласу әдісінің заңсыз екендігін газет ашып көрсетеді. Таптық мүдде дегенді желеу етіп, әкесінің сақалына жармасқан бала, ағасын атқан іні, шешесін сатқан қыз... азамат соғысының басты қаһармандары осы болғанын мерзімді баспасөздің сол кездегі сандары сендіре насихаттағанын байқаймыз. Газеттің бірінші қыркүйекте жарық көрген санында «Алашорда» деген ортақ тақырыппен Омбыдан берілген хабарлар топтамасында: «Учредительное собрание» члендерінен құрылған үкіметпен сөйлесуге барған «Алаш Орда» мүшелері Ахмет Байтұрсынов, Халел һәм Жиһанша Досмұхамедовтер 19 августа (жаңаша) Омбыда Сібір үкіметімен сөйлесіп жатқан «Алаш Орда» бастығы Әлихан сымсыз телеграфқа шақырып, мынадай сөздерді сөйлесті», деп бастайды да, «Алашорда басшылығының 1918 жылы 23 шілдеде Сібір үкіметінің премьер-министріне жолдаған хатына» байланысты түсінік берген.

Бұл газет уақыт тамырын дәл басып, үлкен саясатқа батыл араласып, сұңғылалық танытқаны оның әр санынан байқалады. Қазақ Ұлттық автономиясын құру туралы II Бүкілқазақ съезінің шешімін жүзеге асыруға кіріскен Ә.Н. Бөкейханов бірден кезек күттірмейтін бірқатар



маңызды мәселелерді қарастырды. Қазақстанның батысында, солтүстігінде, шығысында саяси жағдай біркелкі емес еді. Алаш қайраткерлерінің басқа саяси күштерге қатынасы да түрліше қалыптасты. Бөкейханов пен онын айналасындағылар бұл жағдайларды толықтай есепке алды. Семейде Кеңес өкіметі құласымен, осында келген Ә.Н. Бөкейханов жаңа жағдайда қимыл жасау тактикасы туралы нұсқау берді.

Мәселен, Орынбордағы Торғай облыстық Алаш комитетінің басшысы Сейдазым Қадырбаевқа жіберілген жеделхатта Алашорда өз жұмысына кірісіп, II Бүкілқазақ съезінің шешімдерін жүзеге асырып жатқандығын баяндайды. Башқұрт және Сібір автономияларына туысқан автономиялар ретінде қарап, большевиктерді таратуда олармен одақтас екендігін, басқа облыстарда да тізе қосып жұмыс істеп жатқандығын көрсетті. Торғайда Алашорданың облыстық бөлімін, уездерде уездік бөлімдерін ашуды тапсырып, мүшелері земстволық мекемелерден құралсын делінген. Яғни бұл ұлттық жаңа мемлекеттің жүйесі туралы сөз болатын.

Алашорданың келешегі туралы Челябині қаласында өтуге тиіс Сібір өкіметімен келесі келіссөз-кеңестің 25 тамызға белгіленіп Жас азамат тілшісі хабарлаған. Алашорда атынан Халел Досмұхамедов, Ахмет Байтұрсынов, Түркістан автономиясының бастығы Мұстафа Шоқаев бармақшы болып отырған бұл жиылыста әр автономиялы үкіметтерден бас біріктіретін ортадан барлығына бірдей үкімет тұрғызып, жиылғандар ынтымақтасып, сөзді бір жерден шығарса, бұлардың қаулысы бұзылмайтынына ерекше назар аударады.

Газет бетінде осы кеңестің кейін қалай басталып, қалай аяқталғанын зерттеп қарағанымызда, мәжілістің Челябинде емес, Уфаға шақырылғанын, жобаланған 25 тамызда емес, сәл кешігіп, 1918 жылы 8 қыркүйекте ашылғанын байқалады. Оның жұмысына 147 адам қатысып, оның ішінде 81 адам Құрылтай жиналысының мүшесі болды. Оған барлық қазақ облыстары, оның ішінде Түркістан автономиясынан Ә. Бөкейханов, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, С. Досжанов, Б. Жақандамов, А. Байтұрсынов, Ғ. Әлімбеков, М. Тынышбаев, М. Шоқай, Е. Тұрмұхамедовтар қатысты. Уфа мемлекеттік мәжілісінің қараған басты мәселесі Бүкілресейлік жоғарғы өкімет билігін құру болатын. Жаңа үкімет Директория деген атқа ие болды. Ол эсер партиясы ОК-нің мүшесі Н. Авксентьев төрағалық еткен бес адамнан тұрды. Бас қосу қорытындысы Н.Д. Авксентьев пен оның әріптестері Алашорда үкіметі жойылсын, оның қызметі мәдени-тұрмыстық және шаруашылық-экономикалық мәселелермен шектелсін деген шешімге келген. Бұл әрине, Алашорданы тарату туралы мұндай шешім Ә. Бөкейханов пен барлық Алаш қайраткерлеріне мүлде күтпеген жағдай болды. Мысалы, «Саясат күйі» деген мақалада осы мәселелермен қатар, Ресейдің уақытша үкіметі мен Алашорда үкіметінің ара-қатынасы сөз болады. Осы сандағы екінші бір материалда Уфадағы «Құрылтай жиналысы» ұйымының мүшелері мен социал-революционерлер партиясы кіндік комитеті мүшелерінің абақтыға жабылғаны айтылған. Саяси көзқарасы, ұстанған бағыты үшін азаматтық еркінен айырып, зорлық-зомбылық жасаудың әділетпен үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын айыптап жазды (Жас Азамат: 6). Газеттің 1918 жылғы 15 қазан, сейсенбідегі 7-санында жарық көрген «Қала думасына сайлау» деген мақалада Қызылжар қаласындағы қазақтардың қала билігіне белсене араласуы қажет екендігі саяси үгіт дәстүрінде берілген.

**5. Қорытынды.** Қазақ газетінің бағытын жалпы жұртқа мәшһүр етуге жәрдемдескен, азаматтық ой-сананы ілгерілетуге септігі тиген – өңірлі басылым Жас азамат ұлт тәуелсіздігін жоқтап, отаршылдық езгіге қарсы тұрған қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық-саяси газеті бола алды.

Алаш қозғалысының басталуы, дамуы, Алаш Орда үкіметінің жариялануы сияқты тарихи оқиғалардың бірде-біреуі Қызылжарды айналып өтпеген. Демек, «Алаш арыстары» деген қасиетті тізімді толықтырып, оларға құрмет көрсетуді жалғастыра беру- міндетіміз. Қызылжар өңіріндегі осындай тарихи оқиғаға қатысты, бүгінгі таңдағы зерттеу жұмыстарының нәтижесінде өңіріміздегі Алаш Орда үкіметін қолдаушылардың жаңа есімдері мен Алаш жиылысы болған тарихи орын анықталды. Осыған орай, СҚО, Жамбыл ауданындағы Алаш жиылысы өткен тарихи орын Қазақстанның жалпыұлттық киелі жерлерінің қатарына 2022 жылы бекітілді.

#### Дереккөздер

РФММ – Ресей Федерациясының Мемлекеттік мұрағаты  
СҚМА – Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архиві



### Sources

SARF – State Archive of the Russian Federation  
SANK – State Archives of North Kazakhstan

### Әдебиеттер тізімі

- Аманжолова, 1994 – *Аманжолова Д.А.* Казахский автономизм и Россия. М., 1994. 224 с.  
 Әбдешев, 2008 – *Әбдешев М.Е.* Алаш орда министрлері. Алматы: Раритет, 2008. 3-6 бб.  
 Әнес, Смағұлова, 2009 – *Әнес Ф., Смағұлова С.* Алаш. Алашорда: энциклопедия / Тұрлыбаев Айдархан. Алматы: Арыс баспасы, 2009. б.318.  
 База данных «Жертвы» – БД «Жертвы политического террора в СССР».  
 Букейханов, 1910 – *Букейханов А.Н.* Киргизы // Формы национального движения в современных государствах. СПб, 1910. С. 597, 599.  
 Вестник Семиреченского трудового народа. 1918. Октябрь.  
 Ганин, 2006 – *Ганин А.В.* Атаман А.И. Дутов. М., 2006. 688 с.;  
 Григорьев, 2008 – *Григорьев В.К.* Алихан Букейханов. Поиск ориентиров. Астана: Дәуір, 2008. с.21.  
 Қойгелдиев, 2009 – *Қойгелдиев М.Қ.* Есіл бойындағы азаттық қозғалыс тарихынан. / Солтүстік Қазақстан. 2009. 14 қазан.  
 Қойгелдиев, 2021 – *Қойгелдиев М.* Алаш қозғалысы. Алматы: Мектеп. 2021, б.129.  
 Маликова, 2021 – *Маликова С.З.* Жұмағали Тілеулин. Петропавл: Дәуір, 2021. 279 б.  
 Мәлікова, 2021 – *Мәлікова С.З.* Жас Азамат (1918-1919 жж.). Ғылыми басылым. Петропавл: Дәуір, 2021. 21б.  
 Мұқанов, 1970 – *Мұқанов С.М.* Өмір мектебі. 1-кітап. Алматы: Жазушы, 1970. 456 бет.  
 Нұрпейісов, 1995 – *Нұрпейісов К.* Алаш һәм Алашорда. Алматы: Санат, 1995. 256 б.  
 Сведения ДКНБ РК по Северо-Казахстанской области МВД Республики Казахстан.  
 Солтүстік, 2006 – *Солтүстік Қазақстан облысы.* Энциклопедия. Алматы: Арыс, 2006. 248 б.  
 Тайшыбай, 2013 – *Тайшыбай З.С.* Сыр сандығым Қызылжар. Астана: Дәуір, 2013. 212 б.  
 Трудовое, 1918 – *Трудовое Знамя*, 1918. Апрель – май.

### References

- Abdeshev, 2008 – *Abdeshev M.E.* Alash Orda ministri [Ministers of the Alash Horde]. Almaty: Sirek, 2008. 3-6 BB. (in Kaz)  
 Amanjlova, 1994 – *Amanjlova D.A.* Qazaq avtonomizmi Resei [Kazakh autonomism Russia]. M., 1994. 224 b. (in Rus)  
 Anes, Smagulova, 2009 – *Anes G., Smagulova S.* Alash. Alashorda: ensiklopedia [Alash. Alashorda: encyclopedia] / Turlybaev Aıdarhan. Almaty: Arys baspasy, 2009. b. 318. (in Kaz)  
 Bokeihanov, 1910 – *Bokeihanov A.N.* Qyrgyzdar [Kyrgyz] // qazirgi memleketterdegi ulttyq qozgalys formalary. Sankt-Peterbyrg.1910, SS. 597-599. (in Rus)  
 DB *Zhabirlenushiler* – KSRO-dagy sarası terrordyng qurbandary [Victims of political terror in the USSR]; Soltüstik Qazaqstan oblysy boıynsha QR UQKD malimetteri; Qazaqstan Respublikasy IIM. (in Rus)  
 Enbek, 1918 – *Enbek tyu* [Labor Banner], 1918, 7 sayır, 1 jane 18 mamyr; Jetisy engbek halqynyng habarshysy, 1918, 25 qazan. Engbek tyu, 1918, 9 sayır. (in Kaz)  
 Ganin, 2006 – *Ganin A.V.* Ataman A. I. Dutov [Ataman A.I. Dutov]. M., 2006. 688 b. (in Rus)  
 Grigorev, 2008 – *Grigorev V.K.* Alihan Bokeihanov. Poisk orientirov [Alikhan Bukeikhanov. Finding Landmarks]. Astana: Dayir, 2008. b.21. (in Rus)  
 Malikova, 2021 – *Malikova S.Z.* Jas Azamat (1918-1919 jj.) [Young Azamat (1918-1919)]. Gylymy basylym. Petropavl: Dayir, 2021. 21b. (in Kaz)  
 Malikova, 2021 – *Malikova S.Z.* Jumagalı Tileulin [Jumagali Tileulin]. Petropavl: Dayir, 2021. 279 b. (in Kaz)  
 Muqanov, 1970 – *Muqanov S.M.* Omir mektebi [School of life]. 1-kitap. Almaty: Jazyshylar, 1970. 456 bet. (in Kaz)  
 Nurpeisov, 1995 – *Nurpeisov Q.* Alash ham Alashorda [In Alash and Alashor]. Almaty: Sanat, 1995. 256 b. (in Kaz)  
 Ongtustik, 2006 – *Soltystik Qazaqstan oblysy.* Ensiklopedia [North Kazakhstan region. Encyclopedia]. Almaty: Arys, 2006. 248 b. (in Kaz)  
 Qoigeldiev, 2009 – *Qoigeldiev M. Q.* Esil boıyndagy azattyq qozgalys tarıhynan [From the history of the liberation movement along the Esil]. / Ongtustik Qazaqstan. 2009. 14 qazan. (in Kaz)  
 Qoigeldiev, 2021 – *Qoigeldiev M.* Alash qozgalysy [Alash movement]. Almaty: Mektep. 2021, b. 129. (in Kaz)  
 Taishybai, 2013 – *Taishybai Z.S.* Syr sandygyım Qyzylyar [My cheese chest is Kyzylzhar]. Astana: Dayir, 2013. 212 b. (in Kaz)





ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Kazakhstan  
Отан тарихы  
Has been issued as a journal since 1998  
ISSN: 1814-6961 (Print)  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
Vol. 26. Is. 2, pp. 242-257, 2023  
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРПТИ / IRSTI 03.20.  
[https://doi.org/10.51943/1814-6961\\_2023\\_26\\_2\\_242-257](https://doi.org/10.51943/1814-6961_2023_26_2_242-257)

**BAZARBAI MAMETOV - ACTIVIST OF ZETYSU OF THE ALASH MOVEMENT**

*Orazgul Khasenovna Mukhatova<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Valikhanov Institute of History and Ethnology (28, Shevchenko St., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan  
Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Research Associate  
<https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: [Orazgul7@rambler.ru](mailto:Orazgul7@rambler.ru)

**Annotation.** *Introduction.* Among the figures of the Alash movement in Semirechye there is a person who became the leader of the region. One of them is Bazarbai Mametov, a member of the council of the Semirechensk regional Kazakh committee, Chairman of the Kazakh committee of the Lepsinsky district. On the formation of personality B. Mametov's education, environment and political situation at the beginning of the 20th century contributed to his education as a professional specialist, an activist who served for the good of the people. As a lawyer, he was represented as a deputy in the All-Russian Constituent Assembly and nominated to the All-Russian Muslim Council, a member of the government of the Alash Horde, which formed the Alash army, and the organizer of the Committee for the Relief of the Starving in Semirechye. *Goals.* Study on the basis of historical sources the life and activities of Alash Bazarbay Mametov, who fought for the independence and the faithful son of his country; to analyze the education of Bazarbay in the Vernensky male gymnasium; to determine learning and difficulties at the Faculty of Law of the Imperial Kazan University; reveal the tendencies of the formation of the ego as a person; show activity as a member of the Alash movement. *Results.* Childhood, student life, activity studied in the article based on archival sources B. Mametov. His life was full of struggle and struggle for the future of his country and difficulties. However, thanks to his hard work, professional skills, high qualifications and experience, he got out of any situation with dignity and served as an authoritative citizen, a faithful test of his people. *Conclusions.* Bazarbay Mametov's studies at the Vernensky Male Gymnasium of the Imperial Kazan University contributed to his formation as an educated and qualified specialist. Thanks to the acquired knowledge, he became a professional lawyer, an active participant in the national liberation movement of the beginning of the 20th century. Alash left a mark in history as a figure.

**Keywords:** Bazarbai Mametov, Vernenskaya male gymnasium, Imperial Kazan University, lawyer, Semirechye, Lepsinsk, Kazakh committee, Alash, Alashorda, activist.

**Acknowledgements.** The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «Zhetysu figures of the Alash movement: destinies and heritage» (Registration number AP 14872226).

**For citation:** Mukhatova O.Kh. Bazarbai Mametov - activist of Jetysu of the *Alash* movement // Otan tarihy. 2023. Vol. 26. No. 2. Pp. 242-257. (In Kaz.) DOI: 10.51943/1814-6961\_2023\_26\_2\_242-257



## ЖЕТІСУ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ - БАЗАРБАЙ МӘМЕТОВ

Оразгул Хасенқызы Мұхатова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, 050010, 28 үй, Шевченко көшесі, Алматы, Қазақстан)

тарих ғылымдарының докторы, профессор, бас ғылыми қызметкер  
<https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: Orazgul7@rambler.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2023

© Мұхатова О.Х., 2023

**Андатпа.** *Kipicne.* Жетісулық Алаш қайраткерлерінің арасында өлкенің көшбасшылары атанған тұлғалар бар. Солардың бірі - Жетісу облыстық қазақ комитеті кеңесінің мүшесі, Лепсі уезінің қазақ комитетінің төрағасы Базарбай Мәметов. Б. Мәметовтің кәсіби маман, ел мүддесіне қызмет еткен қайраткер болып қалыптасуына алған білімі, ортасы, XX ғасырдың бас кезіндегі саяси жағдайлар ықпал етті. Заңгер ретінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына және Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне өкіл, Алашорда үкіметінің мүшесі, Алаш әскерін жасақтаушы, Жетісуда аштыққа ұшыраған жұртшылыққа көмек комитетін ұйымдастырушы болды. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* – халқының тәуелсіздігі жолында күрескен Алаш қайраткері, елінің адал перзенті Базарбай Мәметовтің ғұмыры мен қызметін тарихи деректер негізінде зерделеу; Базарбайдың Верный ерлер гимназиясында білім алуын талдау; Қазан императорлық университетінің заң факультетіндегі оқуын және ондағы қиындықтарын айқындау; оның тұлға ретінде қалыптасу үрдістерін анықтау; Алаш қозғалысының мүшесі ретіндегі қызметін көрсету. *Нәтижелер.* Мақалада архив деректері бойынша Б.Мәметовтің балалық шағы, студенттік кезі, қызметі зерттелді. Оның өмірі елінің болашағы үшін күрес пен тартысқа, қиындықтарға толы болды. Алайда ол кез-келген жағдайдан қажырлы еңбегінің, кәсіби білігінің, тәжірибесінің арқасында абыроймен шығып, елінің беделді азаматы, халқының адал перзенті болып еңбек етті. *Қорытынды.* Базарбай Мәметовтің Верный ерлер гимназиясының, Қазан императорлық университеті қабырғасындағы оқуы оның білімді әрі білікті маман болып қалыптасуына ықпал етті. Алған білімдерінің арқасында ол кәсіби заңгер, XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалыстың белді мүшесіне айналды. Алаш қайраткері ретінде тарихта із қалдырды.

**Түйін сөздер:** Базарбай Мәметов, Верный ерлер гимназиясы, Қазан императорлық университеті, заңгер, Жетісу, Лепсі, қазақ комитеттері, Алаш, Алашорда, қайраткер.

**Алғыс айту.** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Алаш қозғалысының жетісулық қайраткерлері: тағдырлары және мұрасы» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: АР 14872226).

**Дәйексөз үшін:** Мұхатова О.Х. Жетісу Алаш қайраткері – Базарбай Мәметов // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 2. 4-16 б. (Қаз.) DOI: 10.51943/1814-6961\_2023\_26\_2\_242-257

## БАЗАРБАЙ МАМЕТОВ – ЖЕТЫСУСКИЙ ДЕЯТЕЛЬ ДВИЖЕНИЯ АЛАШ

Оразгуль Хасеновна Мухатова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, дом 28, ул. Шевченко, 050010, г. Алматы, Казахстан)

доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник  
<https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: Orazgul7@rambler.ru

**Аннотация.** *Введение.* Среди деятелей движения Алаш в Семиречье есть личности, ставшие лидерами края. Один из них – Базарбай Маметов, член совета Семиреченского областного казахского комитета, председатель казахского комитета Лепсинского уезда. На формирование личности Б. Маметова как профессионального специалиста, деятеля служившего во благо народа способствовали его образование, среда и политическая ситуация начала XX века. Как



юрист он был представлен депутатом во Всероссийское Учредительное собрание и был выдвинут в Всероссийский Совет мусульман, членом правительства Алаш-Орды, формировавший войска Алаш, организатором Комитета помощи голодающим в Семиречье. *Цель и задачи исследования* – изучить на основе исторических источников жизнь и деятельность Алаша Базарбая Маметова, боровшегося за независимость своего народа, верного сына своей страны; анализировать обучения Базарбая в Верненской мужской гимназии; определить учебу и трудности на юридическом факультете Императорского Казанского университета; раскрыть тенденции формирования его как личности; показать деятельность как члена движения Алаш. *Результаты*. В статье на основе архивных источников изучены детство, студенческая жизнь, деятельность Б. Маметова. Его жизнь была полна борьбы и противостояния за будущее своей страны и трудностям. Однако благодаря своему трудолюбию, профессиональным навыкам, высокой квалификации и опыту он достойно выходил из любой ситуации и служил авторитетным гражданином, верным сыном своего народа. *Выводы*. Учеба Базарбая Маметова в Верненской мужской гимназии Императорского Казанского университета способствовала становлению его как образованного и квалифицированного специалиста. Благодаря полученным знаниям он стал профессиональным юристом, активным участником национально-освободительного движения начала XX века. Оставил след в истории как деятель Алаш.

**Ключевые слова:** Базарбай Маметов, Верненская мужская гимназия, Императорский Казанский университет, юрист, Семиречье, Лепсинск, казахские комитеты, Алаш, Алашорда, деятель.

**Благодарность.** Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Жетысуские деятели движения Алаш: судьбы и наследие» (регистрационный номер: АР 14872226).

**Для цитирования:** Мухатова О.Х. Базарбай Маметов – жетысуский деятель движения Алаш// Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 2. С.242-257. (Каз.) DOI: 10.51943/1814-6961\_2023\_26\_2\_242-257

**Кіріспе.** Алаш қайраткерлері жөнінде зерттеулер жүргізіліп, еңбектер жарияланған сайын оның ашылмаған қырларының көп екендігіне көз жеткізіліп келеді. Алаш қозғалысы тарихын алғаш рет зерделеуде тек есімдері белгілі болған тұлғалардың өмірі мен қызметін зерттеу қолға алынуда. Соңғы жылдары алаштықтардың еңбектерін жариялау дәстүрге айналып келеді. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» (Тоқаев, 2021) атты мақаласында ХХ ғасырдың бас кезіндегі «Алаш арыстарының асыл мұрасын игеру жалғаса беруге тиістілігін» де атап өткен болатын. Шындығында да Алаш қайраткерлерінің өздері де, еңбектері де толық зерделенбей келеді. Әсіресе Жетісу Алаш қайраткерлерінің өмірі, қызметі, тағдыры турасында зерттеулер өте аз. Осыған орай олар туралы тарихи деректерді ғылыми айналымға енгізіп, талдаудың өзектілігі дау тудырмайды.

Жетісулық алаштықтардың арасында өзгесінен ерекше, дара тұлғалар да кездеседі. Солардың бірі - Алашорданың, Жетісу облыстық қазақ комитеті кеңесінің мүшесі Базарбай Маметов. Базарбайды халқының тәуелсіздігі жолында күрескен Алаш қайраткері, елінің адал перзенті ретінде ғұмырын тарихи деректер негізінде зерделеген еңбектер ғылымнан орын алмады. Оның өзіндік себептері бар. Біріншіден, Алаш қозғалысы тарихы сонау 1930 жылдардан тәуелсіздік алғанға дейінгі уақыттарда жабық тақырыптардың бірінен саналды. Екіншіден, «халық жаулары» атанған Алашордашыларды зерттеу былай тұрсын, ауызға алу қауіпті еді. Үшіншіден, Базарбай Маметовтен гөрі ұлт көшбасшысы - Әлихан Бөкейхановты, ұлтжанды азамат - Міржақып Дулатовты, ұлт ұстазы - Ахмет Байтұрсынов сынды тіртуар тұлғаларды зерделеуге басымдылық берілді. Төртіншіден, зерттеушілер үшін тарихи деректердің көпшілігі қолжетімсіз, өйткені Алаш қайраткерлеріне қатысты құжаттардың барлығы дерлік күштік құрылымдардың архивтерінде сақтаулы. Бесіншіден, тарихи тұлғаның іздеушісі, мұрасын жаңғыртатын ұрпағы - некен-саяқ. Дегенмен тарихи жадта сақталған Базарбай Маметов тәрізді тұлғаларды қазіргі ұрпаққа таныту, сол арқылы тәрбиелеу, насихаттау - қоғам дамуының басты көрінісі. Осы орайда да тарихи деректерге сүйеніп, Алаш арысының өмірі мен қызметін зерттеудің маңызы зор.

**Материалдар мен әдіс-тәсілдері.** Верный ерлер гимназиясында білім алған Б.Маметов туралы деректер Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің 94-қорына тіркелген. Алаш арысының Қазан императорлық университеінің заң факультетінде оқыған кездегі жеке



құжаттары Татарстан Республикасы ұлттық архивінің 977-қорында сақтаулы. Алматы облысы мемлекеттік архивінде оның 1918 жылғы қызметіне қатысты деректер кездеседі. Сол архив құжаттары деректанулық талдаудан өткізуді талап етеді.

Тақырыпты зерделеуде бұдан өзге феноменологиялық бағытты (Гуссерль, 2008) ұстану ұтымды, өйткені ол Б.Мәметовтің тарихи тұлға ретінде қалыптасуы мен даму үрдістерін анықтауға мол мүмкіндік тудырады. Бұл бағыт тұлғаны сипаттауда, оның өмірлік ұстанымдарын, ғұмыр жолындағы қиындықтары мен жетістіктерін зерделеуде тиімді. Жетісулық қайраткердің ұлт-азаттық қозғалысқа тартылуын, қазақ съездеріне қатысуын, Алаш әскерін жасақтаудағы қызметін өркениеттілік (Сорокин, 1992) бағытта зерделеу маңызды. Себебі бұл бағыт тұлғаның қызметін ұлттық мүдде тұрғысынан, өскелең ұрпаққа үлгі ретінде көрсетуге жол ашады. Аталған ғылыми бағыттар тарихилық қағидасымен тығыз байланыста Базарбай Мәметовтің білім алуын, Алаш қозғалысының мүшесі болуын хронологиялық ретте, өзара сабақтастықта қарастыруға мүмкіндік береді. Объективтілік қағидасы тұлғаның Верный ерлер гимназиясында, Қазан императорлық университетінде білім алу барысындағы орын алған кедергілердің себептерін шынайы түрде анықтауға септеседі. Әлеуметтік қағида Базарбайдың өзі, шығу тегі, ортасы, серіктері, дәріс берген оқытушылары туралы тарихи фактілерді талдауда аса маңызды.

Б. Мәметовтің тарихи тұлға болып қалыптасуын және ел болашағы жолындағы қызметін зерттеуде талдау, ретроспективтілік, моделдеу, баяндау, сипаттау, қорыту әдістері қолданылды.

**Талқылау.** Тәуелсіздік жылдары отандық тарих ғылымында Алаш қайраткерінің қызметіне сипаттама берілген зерттеулер жарық көрген. Солардың бірі - Ж.М. Ескендірұлының (Әбдешев) «Алашорда министрлері» атты еңбегі (Ескендірұлы, 2008). Еңбекте Алашорда мүшесі - Б. Мәметов туралы қысқаша мәлімет беріледі. К. Нұрпейістің монографиясында (Нұрпейіс, 1995) туралы Б. Мәметовтің II жалпықазақ съезіне қатысуы үстірт жазылды. М. Қойгелдиевтің (Қойгелдиев, 2008) іргелі зерттеулерінде жетісулық Алаш арыстарымен қатар Базарбай Мәметовтің қызметі біршама кеңірек айтылады. Б.Әбдіғалиұлы (Әбдіғалиұлы, 2018) Алаш әскері тарихы зерделеген еңбегінде 1918-1920 жылдарда Базарбай Мәметовтің және т.б. қайраткерлердің жасақ құруға атсалысқандарына тоқталады. Е.Тілешев және Д.Қамзабекұлы құрастырған энциклопедиялық анықтамалықта (Тілешев, Қамзабекұлы, 2014) жекелеген және Жетісу «Жетісу» атты энциклопедияда (Жетісу, 2004) Алаш қайраткерлері, соның ішінде Б. Мәметов жөнінде жөнінде ақпарт беріледі.

Жетісулық Алаш қайраткерлерінің қызметін зерделеуге арналған зерттеулер көбінесе ғылыми мақалалар түрінде жарияланғанымен Б.Мәметовті Алаш қайраткері ретінде арнайы зерттегендері жарық көрмеді. Дегенмен тұлғаның өмір жолын жалпылама сипаттаған З.Төлеуовтің мақаласын атауға болады. Сонымен қатар Жетісу Алаш қайраткерлерінің қызметі бойынша тарихи дерек болып табылатын «Алаш қозғалысы және оның жетісулық қайраткерлері» (Алаш қозғалысы және оның жетісулық қайраткерлері, 2017) және «Алаш қозғалысы» (Алаш қозғалысы, 2007), «Қазақ съездері» (Қазақ съездері, 2007) атты жинақтар жарияланды. Олар Б. Мәметовтің өмірі мен қызметін тереңірек зерделеуге септеседі.

**Зерттеу нәтижелері.** Базарбай Мәметов 1888 жылы тамыз айында Жетісу губерниясы, Лепсі уезі, Балқаш-Лепсі болысында (қазіргі Көктерек ауылы) кедей шаруа - Мәмет Әсіпұлының отбасында дүниеге келген. Оны дәйектейтін архив қорына тіркелген - 1898 жылы тамыз айында Жетісу (Семиречье) облысы Лепсі уезінің басшысына уезд дәрігері Закатальский мен учаскелік дәрігері Галинов берген куәлік. Куәлікте (XIX ғасырдың соңы-XX ғасырдың басында мұндай құжат куәлік деп аталған) «Лепсі уезі бастығының 1898 жылғы 24 тамыздағы № 2825 қатынасының нәтижесінде, сараптамаға ұсынылған қазақ Махит-Асанов Базарбайдың дене бітімі дұрыс, денсаулығы жақсы, сырт көзге 8 жаста және оған шешек ауруына қарсы екпе сәтті жасаған» (ТР ҰА. 977-қ. Ж.і.т. 39903-іс. 22-п.), - деп жазылған. Бұдан Базарбайдың тегі Мақыт-Асанов болғаны анық көрінеді.

1899 жылы тамыз айында Верный ерлер гимназияның төменгі дайындық сыныбына және пансионға оқуға қабылданды. Сол кезде оның бастапқы тегі өзгертіліп, аты-жөні Базарбай Мәметов және 1891 жылы 20 мамырда Жетісу облысының Лепсі уезінде туылған деп көрсетілді. Әкесі Мәмет Базарбайды гимназияға оқуға беруде жасын кішірейтіп жаздыруы да мүмкін (гимназиядағы айып парағында (кондуитный лист) туған жылы 1891 деп жазылған), өйткені оқу орының дайындық бөліміне ереже бойынша 8 жастан кіші емес, он жастан үлкен



емес балалар қабылданған (АқМА. 390-қ. 9 «С»-т. 125-іс.1-п.). 1909 жылғы қараша айында Лепсі уезі басшысының Балқаш-Лепсі болысының басшысының мәліметіне сүйеніп берген куәлігінде Базарбайдың Мамет Асановтың ұлы екендігі және оның 1888 жылы 20 мамырда туылғандығы жайлы жазылған (ТРҰА. 977-қ. Ж.і.т. 39903-іс. 22-п.). Архив құжаттарынан көрінетіндей, Базарбайдың туылған жылы нақты емес, екі түрлі. Бірі - 1888, екіншісі – 1891 жыл. Қазақ балалары сияқты Базарбайдың туған жылының нақты көрсетілмеуінің бір ғана себебі бар, ол - тууы туралы куәліктің жоқтығы. Қазақтар балаларының туған жылын да, айын мен күнін біле бермеген. Қай жылы туылды деген сауалға «ел жайлаудан түскенде», «наурыз айы туғанда», «қарлы боранда», «пәленшекенің асын берін жатқанда» деген жауап қайтарылған. Егер ас берілген адам тарихи тұлға болса, есептеп шығаруға болады. Жергілікті жерге ғана танымал адам болса, онда нақты айту мүмкін емес.

Верный қаласында 1876 жылы төрт сыныптық, 1879 жылы алты сыныптық прогимназия, ал 1881 жылы толық классикалық гимназия түріндегі оқу орны жергілікті көшпелі халықтың балаларының орта білім алуына және одан әрі оқуларын Ресей империясының университеттерінде жалғастыруға мүмкіндік беру мақсатында ашылды (ҚР ОМА.94-қ.1-т. 129-іс.24-п.). Осы мүмкіндікті пайдаланғандардың бірі Базарбай Мәметов еді.

Тарихтан белгілі Жетісу Алаш қайраткерлері білім алуға бірін-бірі тартып отырған. Барлыбек Сыртанов Мұхамеджан Тынышпаевтың оқуға түсуіне ықпал еткендей, Жетісу облыстық қазақ комитетінің төрағасы болған Ыбырайым Жайнақов Базарбай Мәметовты Верный гимназиясында білім алуға ынталандырған. Базарбай пансионнан шығып қалған жағдайда Ыбырайым өзінің қамқорлығына алатындығын мәлімдеп, 1909 жылы Жетісу облыстық басқармасында аудармашы болып қызмет етіп жүрген кезінде гимназия директорының атына өтініш жазып, өзінің ниетін білдірген. Өтініштің мазмұнын Жетісу вице-губернаторы растап, 1909 жылы 2 желтоқсанда 2370-ші нөмірлі арнайы хат жіберген (ҚРОМА.94-қ.1-т.2205-іс.1-п.). Осы орайда айта кетерлік жайт, Верный ерлер гимназиясына бірін-бірі жетелеген және әкелерінің қамқорлығы арқасында ағайынды Барлыбек, Болатхан, Қанатхан, Дәрібек Сыртановтар және өзін шенеуніктің баласымын деп көрсеткен Абдулқадыр Сыртанов, Мұхамедқасым, Мұхамедсафа Құрманбаев білім алған.

Дайындық сыныбында Базарбай жақсы оқып, үлгілі тәртібімен ерекшеленді. 1901 жылы Базарбайдың тәртібіне «өте жақсы» деген баға қойылып, дайындық сыныбының аға бөліміне көшірілді. 1901-1902 оқу жылының қараша айында рұқсатсыз көшеге шығып кеткен, сол үшін жексенбі күні 2 сағатқа пансионда қалдырылып, жазаланған. Дегенмен гимназия мен пансионның ережелерін бұзбағаны үшін тәртібіне «өте жақсы» деген баға қойылған. Осылардың бәрі оқушының айып журналында жазылған. Айып парақшалары - оқушының теріс қылықтары жазылатын журнал. Мұндай әдіс XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей империясының гимназияларында, діни оқу орындарында, кадет корпустарында қолданылған. Осындай журналда оқушының гимназияға қабылданған уақытынан оны тәмамдағанға немесе шығып кеткенге дейінгі тәртібі, тәртіп бұзушылыққа байланысты алған жазалары және келесі сыныпқа көшірілуі туралы жазбалар жазылатын болған.

1903 жылы 2-сыныпқа II-дәрежелі марапатпен көшірілген (ҚРОМА.94-қ.1-т.2205-іс.5-п.). Базарбай Мәметов 1903 оқу жылының I-жартысында гимназияда Қанатхан Сыртанов, Нүсіпбек Жақыпбаев (дайындық сыныбына түскен), Болатхан Сыртанов, Қайсерке Тоқсанбаев, Салық Аманжоловпен қатар оқыды (ҚРОМА.94-қ.1-т. 383-іс.1,4-пп.). Осы жылдың II-жартысында оларға Жәнеке Солтанаев қосылды. 1904 жылдың I-жартысында аталған оқушылардың қатарына Нұрғали Нұрмұхамедов пен Әбділкерім Садықов толықтырды. Нұрғали дайындық сыныбына, Әбділкерім I-сыныпқа Пішпек қалалық училищесінен кейін келді (ҚРОМА.94-қ.1-т.2560-іс.1-п.). Олардың бәрі бір-бірімен араласты, білмегендерін сұрады, қиналғандарына көмектесті. Бір үйдің балалары тәртізді пансионда тұрып, білім алды.

1903-1904 оқу жылының қыркүйегінде Базарбай гимнастика сабағынан кетіп қалған. Сәуір айында француз тілі сабағында тентектік жасаған. Осындай «нашар тәртібі» үшін гимназияда бір сағатқа қалдырылған. Дегенмен гимназияның педагогикалық кеңесінің қаулысымен үшінші сыныпқа көшіріліп, тәртібіне бес балл қойылған (ҚРОМА.94-қ.1-т.2205-іс.6-п.). 1903 жылы 2-сыныпқа, 1907 жылы 6-сыныпқа II-дәрежелі марапатпен көшірілді (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 2205-іс. 5-п.). Базарбай Мәметов сыныптан сыныпқа тәртібіне үнемі «өте жақсы» деген бағамен көшірілсе де 1909-1910 оқу жылының мамыр айындағы педагогикалық кеңестің қаулысына



сәйкес жазбаша емтихандарды тапсыра аламағандығы үшін 8-сыныпты қайта оқыды. Келесі 1910-1911 оқу жылында наурыз айында Базарбай Мәметов емтихандарын сәтті тапсырып, гимназияның 8-сыныбын тәмамдап, 1911 жылы 2 маусымда орта білім туралы Халық ағарту министрлігі берген №1807 аттестатты иеленді.




Фото 1. Б. Мәметовке берілген орта білім туралы куәлік.

Дерек: ТР ҰА. 977-қ. Ж.і -т. 39903-іс. 16-п.

[Foto 1. Certificate of secondary education issued to B. Mametov (National archive of the Republic of Tatarstan. F.977. Description of personal affairs. D.39903. L.16.).]

Бір топ қазақ балалары, соның ішінде Базарбай гимназия кемелденіп, әлеуеті күшейіп, оқытушылары мен тәрбиешілерінің тәжірибесі молайған тұста 358 баланың бірі болып білім алды. Осы кезде оқушылардың толық орта білім алуына, өздерін жан-жақты жетілдіруге барлық жағдай жасалды. Гимназияның оқу-әдістемелік жұмысы жақсартылды. Оның іргелі кітапханасында 11186, оқушылар кітапханасында 2797 кітап болды. Оқушыларға білім беруде 94 атлас, глобус, географиялық карталар, 203 оқу құралдары қолданылды (ҚРОМА.94-қ.1-т.526-іс.1-п.). Оқушылардың саны да артты, оқу ақысы XIX ғасырдың 90-жылдарымен салыстырғанда 10 рубльге көбейіп, 50 рубльге жетті (ҚРОМА.94-қ.1-т.526-іс.42-п.). Қазақ өрендері «Бұратаналардың» балаларына 1897 жылдың 6 қаңтарындағы Мемлекеттік Кеңес бекіткен ережеге сәйкес 20 орын бөлінген гимназияның жанындағы пансионда тұрды. Пансион Жетісу облысының земство алымдарынан құралған қаржы арқылы қамтамасыз етілді (ҚРОМА.94-қ.1-т.20509-іс.1-п.).

Верный ерлер гимназиясында оқыған қазақ балаларының арасында Базарбай үздік тәртібімен және орташа үлгерімімен, сегіз сыныпты бітіруімен ерекшеленді. Гимназияны орыс, француз, неміс тілдері, философиялық пропедевтика, латын тілі, математика, математикалық география, физика, тарих пәндерінен «қанағаттанарлық», заңтанудан «жақсы», географиядан «өте жақсы» деген бағамен аяқтады (ТР ҰА. 977-қ. Ж.і-т. 39903-іс. 16-п.).

**Базарбайдың студенттік кезі.** Гимназияны тәмамдағаннан кейін көп ұзамай Базарбай әскери маман болуды көздеп, Мәскеу қаласындағы Алексеев әскери училищесіне оқуға түсу үшін сынақ тапсыруға бел буды. Сол заманның өзіндік талаптарына сәйкес талапкерге Верный ерлер гимназиясының директоры арнайы куәлік беруге тиіс болған. Сондай куәлік гимназия директоры В.Дейнеконың атынан Базарбай Мәметовке 1911 жылы 2 маусымда табысталды. Куәлікте Базарбайдың 1910-1911 оқу жылында Верный ерлер гимназиясын бітіргені, білім алуды жалғастыру мақсатында Мәскеудің Алексеев әскери училищесіне оқуға түсуге ниет білдергені туралы жазылды (ТР ҰА. 977-қ. Ж.і-т. 39903-іс. 14-п.).




Фото 2. Б. Мәметовке Алексеев әскери училищесіне түсу үшін берілген куәлік.

ТР ҰА. 977-қ. Ж.і-т. 39903-іс. 14-п.

[Foto 2. Certificate issued by B. Mametov for admission to the Alekseev Military School

(National archive of the Republic of Tatarstan. F.977.

Description of personal affairs. D.39903. L.14.)]

Алайда Базарбайдың бұл талпынысы сәтсіздікке ұшырады, өйткені Ресей империясының Әскери бағыныштылық туралы Жарғысында бұратана халық өкілдерінің әскери қызметке шақырылмайтындығы анық айтылған еді. Жетісу облысының әскери губернаторының 1911 жылы берген куәлігінде Верный ерлер гимназиясын бітірген, жергілікті тұрғын Базарбай Мәметовтің 1897 жылы жарық көрген Ресей заңдарының 4-томында көрсетілген әскери міндетті өтеу туралы 42-ші бабына сәйкес бұл міндеткерлікті атқара алмайтындығы ашық жазылды (ТР ҰА. 977-қ. Ж.і-т. 39903-іс. 24-п.). Сол себепті Базарбай әскери училищеге қабылданбады. Бұдан өзге Жетісу облысы 1804-1917 жылдар аралығында Қазан қаласы орта және төменгі Еділ өңірі (Поволжье) губернияларының оқу округі саналғандықтан осы өңірдің тұрғындары Орынбор, Омбы, Қазан тәрізді қалаларда білім алуға тиісті болатын.

Осылайша Базарбай Қазан императорлық университетінің заң факультетіне оқуға түскен. Осыған орай Жетісу облысының әскери губернаторына жоғары оқу орнына түсу үшін шәкіртақы тағайындауын сұрап, өтініш жазған. Өтінішіне 1912 жылдың 5 наурызында генерал-майор М.А.Фольбаум Б. Мәметовке шәкіртақы тағайындай алмайтыны, ол Қазан университетін бітірген Аманжоловқа беріліп отырғандығы, ендігі жерде басқа бір студентке төленетіні жөнінде жауап алған (ТР ҰА.977-қ.Ж.і-т. 39903-іс.18-п.). Шындығында да 1907-1912 жылдар аралығында Салық Аманжолов Қазан императорлық университетінде заңтану мамандығы бойынша білім алған.



Фото 3. Бозбала Базарбай. 1911 ж. 4 шілде.

Дерек: ТР ҰА. 977-қ. ж.і -т. 39903-іс. 12-п.

[Foto 3. Young Bazarbay. 1911 July 4 (National archive of the Republic of Tatarstan. F.977. Description of personal affairs. D.39903. L.12.)]

Облыс губернаторы тарапынан қолдау таппаған ол 1911 жылдың маусым айында Ташкент қаласына арнайы барып, Түркістан генерал-губернаторына өтінішпен кірген. Алайда өтініші қанағаттандырылмаған. Өмірінің осындай қиын кездері туралы Базарбай былай деп жазған: «Білімді ары қарай жалғастыра алмай және туған ел-жұрттан жырақта, ешбір таныссыз күн көрістің өзі қиындыққа соқты. Енді амалдап нан тауып жеудің қамын ғана ойлап бір қызметке орналасуды ойластырдым. Осы мақсатпен жүргенде кездейсоқ Ташкент қаласына келе қалған танысым азамат Тынышпаевқа жолықтым. Ол өз тарапынан Ұлы князь Константин Константиновтың канцелярия меңгерушісі - сол тұста Ташкенде айдауда жүрген полковник Беловпен таныстырып, одан көмек өтініп, егер мүмкіндік болса жұмыс тауып беруін сұрады.

Менің жағдайыммен танысқан соң ол Ұлы князға материалдық көмек сұрап жолыққанымды жөн көріп, өзі де қолғабыс көрсететінін айтты. Ұлы княздің жеке қабылдауында болып, өтінішім өтіп, маған бір жыл көлемінде айына 20 рубль стипендия тағайындады. Бұл тығырықтан шығуға Түркістан студенттер жерлестігі мен азамат Тынышпаев қол ұштарын берген еді» (Төлеуов, 2020). Мұхамеджан Тынышпаев Базарбайдың жерлесі әрі туысы болған еді. Екеуі де - Лепсі уезінің тумалары. Мұхамеджан Мақаншы-Садыр, Базарбай Балқаш-Лепсі болысында дүниеге келген. Осылайша Базарбай Мәметовты Верный гимназиясында білім алуға Ыбырайым Жайнақов жетелесе, Қазан университетінде қысқа уақыт болса шәкіртақы алуға Мұхамеджан Тынышпаев қол ұшын созған. Зиялылардың осындай тәлім алуға лайық әрекеттері тарихта аз болмаған.

Бұдан кейінгі уақыттарда Базарбай университетте өз күшімен оқыды. Талай қиындықтарды бастан кешірді. Алайда ол мойымады, тығырықтан адал еңбегінің арқасында шықты. Осындай сәттері турасында Базарбай «Бірақ, бір жыл өткен соң баяғы таршылыққа қайта тап болдым. Жаз күндері қызмет жасап ақша таптым, сонымен қатар қыс айларында жалданып сабақ беріп, соның арқасында университет төлемақысы мен күн көрісімді де айырдым» (Төлеуов, 2020), - деп еске алған.





Фото 4. Базарбай Мәметовтың университетке кіру билеті<sup>1</sup>.  
Дерек: ТР ҰА. 977-қ. Ж.і -т. 39903-іс. 10а - п.

[Foto 4. Entrance ticket of Bazarbay Mametov to the university (National archive of the Republic of Tatarstan. F.977. Description of personal affairs. D.39903. L.10a).]

Дегенмен Базарбай қиналған кездерінде жергілікті биліктегілерден, соның ішінде өзінің туған жері Лепсі уезінің бастығынан да көмек сұрап, хат жазған. Мұндай өтініштері жауапсыз әрі қолдаусыз қалмаған. 1914 жылдың 16 желтоқсанында Лепсі уезінің басшысы полковник Авдиев Базарбайдың оқуы үшін қаржы аударған. Мұны оның кеңсе іс жүргізушісі Н.Шебалин арқылы Қазан университетінің ректорының атына «Маметов мырзаға қаңтар-наурыз айлары үшін 120 рубль ақша аударғаны жайлы №5263 түбіртеккі» жолдаған 1915 жылғы 19 наурыздағы хабарлама (ТР ҰА. 977-қ. Ж.і-т. 39903-іс. 18-п.) дәйектейді. Университет ректоры міндетін атқарушы П.Д. Шестаков сол күні Лепсі уезінің басшысына хат жолдап, Б. Мәметов 8-жартыжылдықтың сынақтарын талаптарға сәйкес тапсырса курсты бітіргені туралы куәлік берілетіндігін жеткізді (ТР ҰА. 977-қ. Ж.і-т. 39903-іс. 19-п.). Жетісу облысының вице-губернаторы 1913 жылы 18 қыркүйекте университетке хат жазып, Базарбайдың нешінші курста оқып жатқандағын сұраған (ТР ҰА. 977-қ. Ж.і-т. 39903-іс. 23-п.). Мұның өзі Жетісу губернаторының Ресей жоғары оқу орындарында білім алған қазақ жастарын бақылап, қадағалап отырғандығынан хабар береді. Хатқа жауап берген ректор Б. Мәметовтің заң факультетінің 3-курсында оқып жатқандығын хабарлаған.

Татарстан Республикасының ұлттық архивінің «Қазан императорлық университеті» деп аталатын 977-ші қорында 1911 жылдың 31 тамызы 1916 жылдың 22 сәуірі аралығындағы құжаттарды қамтитын «Қазан университеті студенттерінің қатарына Мәметов Базарбай Мәметұлын қабылдау туралы іс» деп аталатын 28 беттен тұратын № 39903 сақтау бірлігі тіркелген. Мұндағы тарихи деректер Базарбайдың университеттің заң факультетіне студент болып қабылдануы, оқыған пәндері, тапсырған сынақтары турасында ақпарат береді. Университетте оқытушы-профессорлар, доцент А.В. Завадскийден «Азаматтық сот ісі», Н.И. Миролубовтан «Қылмыстық сот ісі», В.П. Доманжодан «Сауда құқығы», В.А.Ульяницкийден «Халықаралық құқық», А.А. Пионтковскийден «Қылмыстық құқық», А.А.Симолиннан «Азаматтық құқық», О.П. Соколовтан «Шіркеу құқығы», В.Ф. Зальскийден «Құқық философиясының тарихы» мен «Құқық энциклопедиясы», В.И.Ивановскийден «Орыс құқығының тарихы» және «Мемлекеттік құқық», Н.Д. Колотинскийден «Рум құқығының тарихы», Г.Б. Никольскийден «Саяси экономия» мен «Қаржылық құқық», В.Ф. Матвеевтен «Полиция құқығы», Г.Ф. Дормидонтовтан «Рум құқығы жүйесі», А.А. Овчинниковтан «Статистика», О.П. Загоскиннен «Орыс құқығының тарихы» пәндерінен дәрістер тыңдаған.

<sup>1</sup>Қазан императорлық университетіне қабылданған кезде әрбір студент студенттік істер бойынша кеңседен үнемі өзімен бірге алып жүретін, университетке кірерде және жеке басын куәландыратын құжатты талап ететін жағдайларда көрсетіп отыра тиіс кіру билетін алған. Билетін жоғалтқан жағдайда студент полицияға және университет проректорына дереу хабарлауға міндеттелген. Полициядан өтініштің көшірмесін алып келген кезде студентке жоғалған билеттің орнына телнұсқасы (дуликат) берілген.



Верный ерлер гимназиясында алған білімі, табандылығы мен еңбекқорлығы, ізденімпаздығы және білімге деген ынта-жігері Базарбайға сынақтарды жақсы тапсырып, заңдарды жетік меңгеруге ықпал етті.

Оқу, білімге ден қойған Базарбай Қазан университетінде іргелі білім алып, маман ретінде қалыптасты. Базарбайдың білікті заңгер, саясаткер, елі мен жерін сүйген азамат болуына Қазан университетінің ұстаздары зор үлес қосты. Университет профессорларының арасында өз заманынан озық тұрған білімді де білікті, салиқалы ойлы, көзі қарақты данагөй ұстаз аз болмады. Қоғамның алдыңғы қатарлы зиялылары санатындағы ғалымдардың дәрістері терең мазмұнымен, «құлақтан кіріп, бойды алар» тартымдылығымен ерекшеленетін. Тыңдаушысын дәрістерімен қоса жазған еңбектерімен де таныстырып, баулыды. Ұстаздары шәкірттерінің зердесін ашып қана қоймай, оларға түрлі ой тастап, санасын сергітіп, өзіндік көзқарас қалыптастыруға жетелейтін.

Базарбай Қазанда оқып жүрген кезінде I дүниежүзілік соғыс басталды. Соғыс майданының қара жұмыстарына империя құрамындағы бұратана халық өкілдері тартылды. Қара жұмысшылардың қатарында патшалық Ресейдің бурят, башқұрт, саха және т.б. ұлт өкілдерімен бірге қазақтар да болды. Туған елінен алыста, соғыс жағдайында еңбек еткен қара жұмысшылардың жағдайын ойлаған Әлихан Бөкейханов Земскі одағы Бас комитетінің төрағасы князь Львовпен оларға көмек көрсету туралы келіссөздер жүргізді. Солардың «нәтижесінде майданға алынған бұратана жұмысшылардың бөлімін ашу жөнінде келісімге келді» (Қойгелдиев, 2008: 197). Бұл бөлімге бұратаналар алынған жерлерде тамақ беретін, ауру-сырқауларын қарайтын орындар ашу; түрлі қажеттерін өтейтін жұмыстарды ұйымдастыру; қазақ даласында, Түркістанда, Бурят жерінде көмекшілер сайлап, жұмысшыларға тамақ, киім, жылқы һәм қой еті, ірімшік, құрт, шекпен, тері шалбар, тон, тымақ, киіз сатып алу, артында қалған туған-туыстарынан хат-хабар жеткізіп тұру» тәрізді міндеттер жүктелді. Ә.Бөкейханов осындай маңызды іспен айналысып жатқан кезде Ресейдің ірі қалаларында оқып жатқан қазақ жастары Земство Одағына көмек қолын созуға даяр екендіктерін білдірді. Мәселен, Ә. Бөкейханов Қазандағы қазақ студенттерінің ниет еткендігін айтып, олардың аты-жөнін атады. Сондай студенттердің арасында төртінші болып Базарбай Мәметовтің есімі аталды.

Тарихтан белгілі XIX ғасырдың соңында Ресей астанасы Санкт-Петербургте, Мәскеуде, Қазанда, Омбыда және т.б. қалаларда «Жерлестер» («Землячество») аталған студент жастардың астыртын ұйымдары көптеп құрылды. Мұндай ұйымдардың құрылуының себептері туған жерінен жырақта жүрген жерлестердің басын қосу, бір-бірімен жақын араласу, өзара қолдау көрсету, пікір алмасу еді. «Жерлестердің» жиындарында жастар өздері өмір сүріп жатқан кездегі аса өзекті мәселелермен қатар қазақ даласының отаршылдық езгіге түсуі, қоныс аударушылардың көбеюі, жер, оқу-ағарту мәселелерін талқыға салды. Болашақ заңгер Базарбай Мәметов те Қазан қаласындағы «Жерлестердің» белсенді мүшесі ретінде жиыналыстарына қатысып, өз ойын білдіріп отырды.

XX ғасырдың басы Ресейде мұсылмандық қозғалыстың айтарлықтай дамыған кезі болатын. Студент жастар дін бостандығын көтеріп, рухани отарлауды даттады. Православие миссионерлерінің бұратаналарды шоқындыруына сыни көзқарас танытты. Жастар осы мәселелер бойынша пікірлерін ортаға салып, Ресей империясы құрамындағы мұсылмандардың құқықтарын танытатын жиын шақыруды көздеді. Ресейдегі мұсылман студенттері съезд өткізу идеясын ұсынды. Осы бастаманы Базарбай да қызу қолдады.

Б.Мәметовтің Қазанда білім алған уақыты Ресейдің күрделі саяси, әлеуметтік-экономикалық кезеңіне дөп келді. Бұл патшалық Ресейдің саяси билігі әлсіреген, экономикасын нарықтық қатынастар, қымбатшылық жайлаған, тұрғындарының әлеуметтік жағдайы нашарлаған кезі еді. Сондай аласапыран уақыттарда билік үшін өзара тартысқа түскен түрлі саяси партиялар құрылып, қоғамдық қозғалыстар өрістеді. Осылардың барлығы Базарбайдың көз алдында өтіп жатты. Өз заманындағы оқиғалар Базарбайдың саяси көзқарастарының қалыптасуына, қоғамдық, саяси тәжірибе жинақтауына игі ықпал етті. Осы орайда Базарбай тәрізді қазақ зиялыларының қалыптасу үдерісіне Қазан оқу орындарының ықпалы зор болды. XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың бас кезінде Қазан қаласындағы императорлық университетінен өзге мал дәрігерлік институтында ат төбеліндей қазақ жастары Әбубәкір Алдияров, Уәли Танашев, Салық Аманжолов, Түбек Есенғұлов, Махмұд Шолтыров,



Мұхамеджан Қарабаев, Мұхаммед-Қазы Шотаев, Шафкат Бекмұхамедов оқыды. Көргенінен көкірегіне түйгендері көп, ұстаздардан тәлім-тәрбие алған, Ресейдің қайнаған саяси-қоғамдық өміріне етене араласқан бозбалалардың, соның ішінде Базарбайдың саяси санасы ерте оянды. Бодандықтың қамытын киген елінің басына түскен ауыр жағдай Базарбайды есейтті, азаттық жолындағы күреске ұмтылдырды. Осындай рухани, саяси толысқан шағында университеттегі оқуын аяқтады.

Архив қорында Қазан императорлық университетінің проректорының 1916 жылы 5 сәуірдегі куәлігі сақталған. Онда Б.Мәметовтің заң факультеті бойынша барлық пәндерден дәрістер тыңдап, әрбір жарты жылдықта сынақтарды талаптарға сай тапсырғаны, университетте оқыған кезде тәртібінің өте жақсы болғандығы, сондықтан да үкіметтік сынақ комиссиясына жіберілетіндігі туралы жазылған (ТР ҰА. 977-қ. Ж.і-т. 39903-іс. 10-п.). Үкіметтік сынақтарды немесе қазіргі тілмен айтқанда, мемлекеттік емтихандарын тапсырып, 1917 жылы мамыр айында Қазан императорлық университетінің заң факультетін бітіріп шықты.

**Б. Мәметов және Алаш қозғалысы.** Оқуын тәмамдаған Базарбайдың қызмет жолы Ақпан революциясынан кейінгі кезеңге дөп келді. Революцияның жеңісін ұлт зиялылары қуана қарсы алды. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы және оның серіктері ұлттық мемлекеттік дербестік алуға, жер, дін, әйел және т.б. мәселелерді шешуге ұмтылды. Қазақ зиялылары бұл мақсатқа алғашқы кезде жалпыресейлік демократиялық күштермен біріге отырып қол жеткізуге болады деп түсініп, Уақытша үкіметті, Құрылтай жиналысын шақыруды қолдады. Құрылтай жиналысы қазақ ұлтына өзін-өзі басқару құқын береді деп сенді.

Наурыз айынан бастап барлық облыстарда ұлт-азаттық қозғалыстың жаршылары - қазақ комитеттері құрылды. Халық өмірінің өзекті мәселелерін талқыға салған съездер уездер мен және болыстарда да өтті. Базарбай олардың жұмыстарына белсене араласып, қызмет жолын бастады.

1917 жылдың 1 сәуірінен 7 мамыры аралығында облыстық қазақ съездері Орынборда, Алматыда, Оралда, Семейде, Омбыда өткізілді (Қойгелдиев, 2008:221). Базарбай 1917 жылы 12 сәуірде ашылған Жетісу облыстық съезіне қатысты. 81 делегат қатысқан, Ыбырайым Жайнақов төрағалық еткен съезд алты күнге созылды. Съезд Уақытша үкіметке, соғысқа қатынас жайын, демократиялық республика, дін, сот, жергілікті басқару, халықтар қарым-қатынасы секілді күн тәртібіндегі шұғыл мәселелерді қарап, қазақ комитетінің Құрылтай жиыналысына дейінгі міндеттерін белгілеп берді (Қазақ мемлекеттілігі және Алашорда, 2018:64). Алматыда ашылған Жетісу облысы қазақтарының съезі «ескі» тәртіп кезінде ұмытылған, сығылған, құл болған қазақ халқы жаңа қалыпты нығайтуға мүдделілігін, тыныштық, бүтіндік һәм реттілікті сақтауға сенімді екенін білдіріп, осы мақсатта облыстық, уездік және болыстық комитеттер ашу жолдарын қарастырып, бұл мәселе бойынша қаулы қабылдады (Қойгелдиев, 2008: 226). Осы қаулыға сәйкес Жетісу облысының уездерінде де қазақ съездері өткізіліп, төрағалары сайланды. 1917 жылдың қыркүйек айында Лепсіде ашылған қазақ съездінің шешімі бойынша Базарбай Мәметов Лепсі уезінің қазақ комитетінің төрағасы болып сайланды. Бұл туралы Базарбайдың өзі «Осы жылдың қыркүйек айында съезд шешіміне сәйкес Лепсі уезінің Қырғыз Комитетінің төрағасы болып сайландым» (Төлеуов, 2020), - деп жазды.

Жалпықазақ кеңесін шақырып, онда ұлт өміріне қатысты өзекті саяси мәселелерді қарау, соған сай саяси партия құру ісін қолға алуға қажетті алғышарттар тек Ақпан революциясынан кейін ғана қалыптасты. Тұңғыш жалпықазақ съезі 1917 жылдың 21–26 шілде аралығында Орынбор қаласында өтті. Съезд жұмысына Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарынан және Бөкей ордасынан барлығы 20–дан астам өкіл қатынасты. Оның күн тәртібіне барлығы он төрт мәселе қойылып, олардың арасында мемлекет билеу түрі, қазақ автономиясы, қазақ облыстарындағы жер жағдайы, әскер құру, земство, әйел теңдігі және басқа мәселелер де бар еді (Қазақ. 1917, № 238) Солардың барлығы ұлттық мүддеде қаралып, сәйкесінше шешімдер шығарылды.

Съезге Жетісу облысынан қатысқан 11 өкілдің қатарында Б. Мәметов те болды. Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау съездегі аса маңызды мәселелердің бірі болды. «Алаш» партиясы ұсынған кандидаттардың басым көпшілігі бұл уақытта өзінің ұлт мүддесі үшін қоғамдық күресімен танымал болған қайраткерлер еді (Қойгелдиев, 2008: 231). Съездің Жетісу облысынан бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылғандардың



нөмірі 3-нші список деп аталған тізімінде 1) Ибраһим Жайнақов – аудармашы; 2) Шендриков – орыс тұрғындары атынан; 3) Садық Аманжолов – заңгер; 4) Дүр Сауранбаев – қырғыз тұрғындары атынан; 5) Базарбай Маметов – заңгер (Қазақ. 1917, № 243) тұрды. Құқық негіздерін жетік меңгерген жас заңгерге үлкен жауапкершілік артылды. Базарбай қазақ комитеттерінің қолдауымен ел арасында үгіт жұмысын жүргізді, себебі қазақ комитеттері Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына өз атынан депутаттыққа лайық кандидаттарды іріктеп, оларды сайлау арқылы өткізуге басылымдылық берді. «Қазақ» газетінің 19 және 28 қазан күндері жарық көрген нөмірлерінде Құрылтай жиналысына ұсынылғандардың тізімі және олар туралы қысқаша сипаттама жарияланды.

Мұнымен қоса Б. Маметов бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне (Шора-и-Исламға) өкіл етіп сайланды. Жалпықазақ съезі «Шора-и-Исламда» қазақ өкілдері болсын, бірақ оның ағзалары әр халықтың санына қарай анықталсын, соған байланысты қазақ өкілдерінің санын көбейту жағы тез арада шешілсін деп көрсетіп, «Шора-и-исламға» мүшелікке 8 адамды сайлады (Қазақ. 1917, №256). Осылайша Базарбай бүкілресейлік Құрылтай жиналысына және мұсылмандар кеңесіне ұсынылып, қазақ халқының азаттығы мен болашағы үшін күреске тартылды.

1917 жылдың қазан айында (жаңаша - қараша) Ресейде Уақытша үкімет қарулы күшпен құлатылып, билік кеңестердің қолына көшті. Қазақстанда кеңес өкіметі 1917 жылдың қараша айынан бастап орнатыла бастады. А. Байтұрсынов жазғандай, қазақ халқы үшін түсініксіз әрі үреймен қарсы алған кеңес өкіметі елдің тыныштығын бұзды. Өлкедегі осындай жағдай туралы «Қазақ» газеті бетінде мынадай мағынадағы жеделхатты жарияланды: «Октябрь басынан бері Пішпектегі қазақ, қырғыз, сарт халықтарының тынышы кетіп тұр. Солдаттар, солдат қатындары, тағы да кім екені белгісіздер күндіз-түні демей ұрлап, талап, ұрып-соғып қатты жәбір беріп тұр. Теңдік заман туды десек те, біздің Жетісу ескі зорлықтан құтыла алмай тұр» (Қазақ. 1917, № 249). Отарлық езгіден, зорлықтан құтылудың бір ғана жолы бар еді, ол – тәуелсіздік ұлттық мемлекет құру. Осыған орай қазақ облыстарында саяси билікті өз қолына ала алатын мемлекеттік құрылым туралы мәселені күн тәртібіне шығарудың көкейкестілігі артты. 1917 жылдың қарашасында «Алаш» басшыларының ұлттық мемлекет құру ісіне біржола бет бұрды. Ол үшін алдымен «Ұлт Кеңесі» аталатын үкімет пен ұлттық әскер құру қажет деп санады.

Тарихтан белгілі қазақ мемлекеттігі туралы мәселе қаралған II жалпықазақ съезі 1917 жылы желтоқсанның 5-13 күндері Орынборда өткізілді. Оған барлық қазақ облыстарынан, сондай-ақ одан тыс жерде тұратын Алтай губерниясы мен Самарқанд облысы қазақтарынан және Жетісу облысы қазақтарынан – барлығы 82 өкіл қатысты (Қойгелдиев, 2008: 234). Съездің күн тәртібіндегі мәселелердің ішіндегі ең негізгі ұлттық автономия мәселесі еді. Съезде Алаш автономиясының Алашорда аталған (Алаштың ордасы немесе үкіметі) Ұлт кеңесі құрылып, оның құрамына 15 адам сайланды. Солардың ішінде Жетісу облысынан Салық Аманжолов, облыстардан тыс Алашорда құрамына Базарбай Маметов (Нұрпейісов, 1995:154) (ғалым-тарихшы К. Нұрпейістің монографиясында Базарбай Мамытов деп жазылған) Отыншы Әлжанов сайланды. Бұл аталған Ұлт кеңесі мүшелеріне орынбасарлыққа Жетісу облысы қазақтарынан Нүсіпбек Жақыпбайұлы, Сатылған Сабатайұлы, Жәнеке Солтанайұлы сайланды.

Базарбайдың Алашорда үкіметіне мүше болуы оның ұлт мүддесіндегі қызметіне тың серпіліс берді. Алаш арысы Қазақстандағы 1918 жылғы оқиғалардың ортасынан табылды.

Өлкенің барлық облыстарында II жалпықазақ съезінде қаралған мәселелерді талқылауға арналған қазақ съездері шақырылды. Мәселен, Верный қаласында 1918 жылдың қаңтарында бірінші Жетісу облыстық қазақ съезі өткізілді. Съезде милиция отрядтарын құру мәселесі қаралды. Алаш милициясын ұйымдастыру Ы. Жайнақовқа, О. Әлжановқа және С. Сабатаевқа тапсырылды. Милиция отрядтары Верныйда және Лепсіде құрылды. Лепсі уезінде О. Әлжановтың жетекшілігімен құрылған милиция отрядының құрамында 300-ге әскер болды (ҚР ПА. 811-қ. 24-т. 103-іс. 16-п.). Осы орайда айта кетерлік жайт, Алаш ұлт-азаттық қозғалысы көшбасшылары тұңғыш тұрақты ұлттық әскерді 1905-1907 жылдардағы I орыс революциясы кезінде құруға ұмтылды. Дегенмен бұл әрекет кейінге қалдырылды. Ақпан революциясының жеңісі әскер құруға оңтайлы жағдай жасады. Әскер құруға алаштықтар 1917 жылы большевиктер билікті басып алғанға дейінгі уақыттарда кірісті. II жалпықазақ



съезінен кейін халықтық милиция құрудың қажеттілігі ұлттық автономия жариялауға байланысты еместігі айқын байқалды (Бүркітбаев, 2020:42).

Билік большевиктер қолына көшсе де Алаш қайраткерлері өздерінің басты мақсаты ұлттық автономия жариялаудан бас тартпады. II жалпықазақ съезінде көтерілген мәселелерді жүзеге асыру үшін облыстық съездер шақырылды. 1918 жылы 10-31 қаңтарында Верный қаласында Жетісу облысы қазақтарының екінші съезі өткізілді. Съезде құрылған, төрағасы Ыбырайым Жайнақов болған облыстық Алашорда қазақ кеңесінің құрамына Сатылған Сабатаев, Иса Тргеусізов, Нүсіпбек Жақыпбаев, Салық Аманжолов, Төлембай Дүйсебаев, Біләл Сүлеевпен бірге Базарбай Мәметов сайланды. Съезд облыстық қазақ-қырғыз комитеті бұдан былай Жетісу облысы қазақ-қырғыздардың «Алаш кеңесі» аталсын деп қаулы қабылдады (Бүркітбаев, 2020:43). Съезде милиция жасақтарын құру және қорғаныс мәселесі қарастырылды.

Қазақстанда большевиктер билігі толық орнығып болмай жатып, кеңес өкіметі тұтандырған қантөгісті азамат соғысы басталып кетті. Соғыс майданы Қазақстан аумағын толығымен қамтыды. Жетісу кеңес өкіметіне қарсылық ошағына айналды. Мұнда 1917 жылдың қараша айының басында казак әскери кеңесі алаштықтардың, эсерлер мен меньшевиктердің қолдауына сүйене отырып, большевизмнен бас тарту режимін орнатып, кеңестерді қуып таратты. Ары қарай қарама-қайшылық ауыспалы түрде дамыды. Верныйда Кеңес өкіметі орнағаннан кейін 1918 жылдың наурыз-сәуір айларында Жетісу облысының орталығын қоршап тұрған оңтүстік ауылдарда, Қапал, Лепсі уездерінің солтүстік станицаларында контрреволюциялық бүлік басталды. Маусымда оны қызыл гвардия отрядтары басып-жаншыды. Жетісу казак әскері, оның басқару органдары жойылды. Бұл казактардың едәуір бөлігінің наразылығын тудырып, оларды бүліктердің жаңа толқынына итермеледі (Покровский, 1961:67).

Қазақ ауылдары қорғансыз күйде қалып, ақ гвардияшылдар мен Қызыл әскердің тонауы мен зорлығына жиі ұшырады. Большевиктер халықтың тонап, малын тартып алып, мүлкін талан-таражға салды. Тұрғындар малының жартысынан айрылды. Әскери қимылдарға байланысты алым-салықтар көбейді. 1918 жылдың жазында бір ғана Лепсі уезінде 10 000 сәйгүлікті тартып алды. Осындай қиын жағдайда Алашорда Кеңесімен бейбіт тұрғындарды қарулы отрядтардан қорғайтын, казактардан құралған әскердің қажеттілігі анық байқалды.

Осындай ел басына күн туған ауыр кезде Жетісу қазақтарына көмек комитеті құрылды. Оған Алашорда үкіметінің мүшелері Салық Аманжолов және Базарбай Мәметов жетекшілік етті. Алайда большевиктер жетісулық зиялылардың пайдалы қызметін революцияға қарсы әрекет ретінде таныды. Себебі уезде орын алған ауыр жағдайға кеңес өкіметінің қарсыластары кінәлі деп есептеді. Сондықтан да оларға қарсы түбегейлі, төтенше шаралар қолданды (ҚРПА. 666-қ. 1-т. 209-іс.3-п.). Зиялылар ашық түрде қуғынға ұшырады. 27 ақпанда үнемі қазақ жасақтарын құру үшін жұмыс жасаған және аштыққа ұшырағандарға, малынан айрылғандарға көмек комитетін ұйымдастырған Алашорданың Қапал уездік кеңесінің төрағасы М.Төлебаев большевизмге қатысы бар деген айыппен қамауға алынды. Алашорданың мүшесі және Лепсі көмек комитетінің төрағасы Б.Мәметовтің, сол комитеттің мүшелері мен Алашорданың Лепсі уездік кеңесінің мүшелері Ниязовтың, Күдербековтің үйлерінде тінту жүргізілді. Алашорданың Қапал уездік кеңесінің мүшелері Сыртановты, Сүлеевті және т.б. тұтқынға алу қаупі төнді. Аштық пен кедейленген қазақтарға көмек беру қиынға соқты, қазақ зиялыларына қарсы басталған жүйелі қуғын-сүргін тұрғындарға қатты әсер етті, олар николай заманы мен тәртібі келе жатыр деп ойлай бастады (Алаш қозғалысы, 2005:320). Қуғынға түскен Базарбайға Мұхамеджан Тынышпаев ара түсіп, адмирал Колчакқа «Жетісу облысы қазақтарының ауыр жағдайы туралы» баян хат жазып, көмек сұрады. Осы оқиғалар туралы Б. Мәметовтің өзі кейінірек былай деп жазды: «Керенский өкіметі құлаған соң, сол сәуір айының алғашқы күндері жалпы уездік съезде уез Совнаркомының мүшесі және Лепсі уезінің Әділет Халық Комиссары болып сайландым. Мамыр айының басында Мамонтовтың жазалаушы отряды келуіне байланысты Лепсі уездік Совнаркомының барлық Кеңесі Мамонтовтың бұйрығымен таратылды. Менің бас сауғалап ел ішіне кетуіме тура келді, тіпті одан әрі Шәуешек асып, бір айдай сонда бой тасалаған соң, Семей қаласына бардым. Семейде Сырдария және Семиреченск облыстарындағы ашыққандарға көмек ұйымдастырған облыстық комитетке қызметке тұрдым» (Төлеуов, 2020).



Верный қаласында большевиктер тобының белсенді мүшелері шоғырланды, ал солтүстік қалаларда бұрынғы адамдардың барлығы дерлік қалды, соңғыларының көпшілігі большевиктердің істерінен хабардар болу, мүмкіндігінше тұрғындардың мүддесін қорғау және большевиктерге қарсы ірі көтерілістер болған жағдайда соңғыларын дайындау үшін үшін кеңестік депутаттыққа (совдеп) кірді. Жетісу облысында қазақ халқы, казак және байырғы шаруалар (оңтүстік казактары мен байырғы шаруалардың шағын тобын қоспағанда) большевиктерге қарсы» (Алаш қозғалысы, 2005:317).

«Контрреволюциялық» Кеңестер депутаттарында жұмыс істеген қазақ қайраткерлері орыс зиялы еңбекшілері тәрізді Кеңес өкіметі алдында өздерінің кінәсін сезініп, Қытайға қашып, далада жасырынды. 1918 жылы маусымда Сібірдегі төңкеріс туралы хабар Лепсі және Қапал уездерінің қазақтарында жеткенде (Семейден Алашорда арнайы жансыз жіберді) дала дүрлігіп, қазақ қайраткерлері бірнеше жасақ ұйымдастырып, Семейден келген отрядтарға қосылды (Алаш қозғалысы, 2005: 318). 1918 жылы 25 маусымда II жалпықазақ съезінің шешіміне сәйкес Алашорда үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейханов халық милициясын құру туралы қаулыға қол қойды.

Осы қаулыны жүзеге асыру мақсатында Семей қаласында капитан Х.Тоқтамышев басқарған I-Алаш полкін ұйымдастыру қолға алынды. Нәтижесінде құрамында отыз адамы бар атты әскер құрылды. 1918 жылдың екінші жартысында барлық облыстарда Алаш әскерлері мен полктері жасақталды. Жетісуда қазақ жастарынан сарбаздар ұйымдастыруға Х. Ғаббасов, М. Тынышпаев, А. Тұрлыбаевпен бірге Б. Мәметов те белсене араласты (Бүркітбаев, 2020:119). Алаш-Орданың басқа да мүшелері Алаш әскери жүздіктерін қалыптастырумен айналысты. Алашорда көшбасшыларының пәрменімен жасақталған жүздіктердің командирлері болып Жетісудағы қазақ сардарлары тағайындалды. Кейін тұтқынға алынған кезде Алматы өлкелік ОГПУның әлеуметтік қауіпті элементтерді тіркеу меморандумында Б. Мәметов «Алаш-Орданың» екі отрядын жасақтап, ату-шабумен айналысып, біраз уақыт гарнизон бастығы болған», - деп жазылды.

Азамат соғысы жылдарында большевиктердің озбырлығына жұт қосылып, мал жаппай қырылды (Алаш қозғалысы, 2005:318). Осылардың салдарынан өлке тұрғындарының арасында аштық жайлады, босқыншылық етек жайды. Лепсі уезінгі осындай қасіретті жағдайды биліктегі большевиктердің өздері де жасырмады, себебі орын алған ахуал оларды қатты алаңдатты. Жетісу облыстық партия комитеті өкілетті үштігінің, ревкомның, төтенше комиссияның баяндамасында уезде 200 мың жергілікті тұрғындардың аштықтан қырылғандығы, 60 мың адамның босқындарға айналғандығы, азық-түлік қорының мардымсыздығы ашық жазылды (ҚРПА. 666-қ. 1-т. 209-іс.2-п.). Осы кезде Лепсіде ашыққандарға көмек көрсететін уездік комитет құрылды. Оған Б. Мәметов жетекшілік етті, алайда оның жұмысы көп ұзамай 1919 жылы тоқтап қалды.

Б. Мәметов Халық комиссарлары кеңесінің мүшесі ретінде де қызмет етті. 1918 жылы сәуір айында Халық комиссарлары кеңесінің Лепсі қаласында өткізілген мәжілістердің хаттамаларында оларға қатысқан Т. Погорельский, Довбия, Токарев және т.б. бірге Б. Мәметовтың тегі жазылған (АОМА. 340-қ. 1-т. 20-іс 43, 50, 51-п.). Мәжілістерде азық-түлік, босқындарды орналастыру және т.б. мәселелерді қарады.

Жетісудың солтүстігінде орын алған күрделі жағдайға байланысты 1918 жылдың тамызында И.Жайнақовтың басшылығымен Жетісу облыстық Алашорда кеңесінің мүшелері Лепсі уезіне аттанады. Ондағы мақсат уездегі ахуалға байланысты шұғыл әрекет ету және съезд шақыру еді. Жетісу облысы қазақтарының съезі 1918 жылдың 10-31 тамыз күндері Лепсі қаласында өткізілді. Онда облысты басқару органдарын құру, ұлттық әскердің бөлімдерін жасақтау, оқыту, қажетті заттармен (қару-жарақ, киім-кешек, азық-түлік) қамтамасыз ету және оларды соғыста пайдалану мәселелері талқыланды. Оның жұмысына Б. Мәметов белсене қатысты. Съезд Алаштың облыстық комитетін қайта сайлап, оның құрамына белгілі саяси қайраткер Мұхамеджан Тынышпаевты енгізді. Алаштың облыстық комитетінің жаңадан сайланған құрамында мына адамдар болды: Ыбырайым Жайнақов (Верный гимназиясының 6 класын бітірген) төраға, мүшелері Сатылған Сабатаев (ғалым-агроном), Төлебай Дүйсебаев (гимназияның 4 класын бітірген), Нүсіпбек Жақыпбаев (дәрігер), Базарбай Мәметов (заңгер, Қазан университеті), Біләл Сүлеев (семинарист, мұғалім), Иса Тергеусізов (Верный



гимназиясының 3 класын бітірген), Мұхамеджан Тынышпаев (жол қатынасы инженері) және Садық Аманжолов (заңгер, бітістіруші сот) (Нұрпейісов, 1995: 256).

Ұлт зиялылары сенген ақ гвардияшылар Алаш автономиясын мойындамады, алып империя ішінде ұлттық мемлекет құруға түбегейлі қарсы болды. Автономияны мойындау былай тұрсын азамат соғысы жылдарында Жетісу өлкесінің қазақ ауылдарына казак-орыстар адам айтқысыз айуандық жасады. Азамат соғысы ошақтарының бірі болған Жетісудың солтүстігінде, әсіресе Черкасск елді мекенінде кескілескен шайқастар орын алды. Осы кездегі казак-орыстардың әрекетін, Отыншы Әлжановтың ерлік өлімін Семейге алғаш жеткізген және «Абай» журналына жазған Б.Мәметов пен Ы. Жайнақов болды.

**Қорытынды.** Базарбай Мәметов кеңес үкіметіне де адал қызмет етті. Білікті заңгер өзінің туған өлкесінде халық соты, тергеушісі қызметтерін атқарды. Алайда большевиктік билік еткен адал еңбегін елемеді. Керісінше, оны қуғын-сүргінге түсірді. 1928 жылы мыңғырған мал, байылығы жоқ болса да «жартылай бай-феодал» ретінде мал-мүлкі тәркіленді. РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-ші бабына сәйкес айыпталып, «қыруар малы бар қанаушы тап өкілі және «Алашордаға сіңірген еңбегі үшін» ОГПУ қарамағындағы Алматы түзету үйіне қамалды. Алаш қайраткеріне «1917 жылы «Алаш» партиясы құрылған Орынбордағы Жалпықазақ съезіне делегат, одан Шора-Ислам съезінің делегаты, «Алаш-Орда» жасырын ұйымының мүшесі, «Алаш-Орда құрылтайшылар жиынының мүшесі, «Алаш-Орда» Кеңесінің мүшесі және іс басқарушысы болды. «Алаш-Орданың» екі отрядын жасақтап, ату-шабумен айналысып, біраз уақыт гарнизон бастығы болған, «нағыз қанды қол қарақшы» деген жала жабылды. «Бірталай лауазымды қызметтер атқарды, соның ішінде: губерния прокуроры, осы тұста қазына мүлкін талан-таражға салып, көптеген басқа да қылмыстар жасады. Қастандық пиғылмен жалған деректер таратып, Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізіп, ұлт-аралық наразылықты тудырған» деген мінездеме берілді. Алаш қозғалысы мүшесінің қазақ елінің болашағы үшін атқарған ісі басқаша бағалануы мүмкін емес-ті. Тоталитарлық жүйенің ұзын құрығына ілінген Алаш арысы ақыры 1931 жылы отбасымен Саратовқа жер аударылды.

#### Дереккөздер

- АҚМА - Алматы қаласы мемлекеттік архиві.
- АОМА - Алматы облысы мемлекеттік архиві
- ҚР ОМА - Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві.
- ҚР ПА - Қазақстан Республикасы Президенті архиві
- ТР ҰА – Татарстан Республикасы ұлттық архиві.

#### Sources

- ASA - Almaty State Archive.
- CSA RK - Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.
- SAAR- State archive of Almaty region
- PA RK- Presidential Archive of the Republic of Kazakhstan
- NA RT - National Archives of the Republic of Tatarstan

#### Әдебиеттер тізімі

- Әбдіғалиұлы - *Әбдіғалиұлы Б.* Алаш әскері.1918-1920 жж. Астана: КИСИ при Президенте РК, 2018. 392 б.
- Алаш қозғалысы 2017 — *Алаш қозғалысы* және оның жетісулық қайраткерлері. Құжаттар мен материалдар жинағы / жауапты құрастырушы А.М. Каипжанова. Алматы: Алматы облыстық мемлекеттік архиві, 2017. 145 б.
- Алаш қозғалысы 2007 — *Алаш қозғалысы.* Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы. Үш томдық. 3-том. 2-кітап / редактор М.К. Койгелдиев. Алматы: Ел-шежіре, 2007. 344 б.
- Бүркітбаев - *Бүркітбаев Ү, Қарабасов Ж.* Ыбырайым Жайнақов және «Алаштың» жетісулық қайраткерлері. Алматы: «Тауғұл-Принт», 2020. 192 б.
- Гуссерль - *Гуссерль Э.* Идея феноменологии. М, ИЦ Гуманитарная академия, 2008. 224 с.
- Жетісу - *Жетісу.* Энциклопедия. Алматы: «Арыс», 2004. 712б.
- Ескендірұлы 2008 - *Ескендірұлы (Әбдешев) М.* Алашорда министрлері / Министры Алашорды. Алматы, 2008. 114 б/с.
- Қазақ - *Қазақ.* 1917.№238, 243, 249, 256.



Қазақ мемлекеттілігі - Қазақ мемлекеттілігі және Алашорда. Ұжымдық монография. Алматы: Литер-М, 2018. 720 б.

Қазақ съездері - Қазақ съездері. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1917 ж. – желтоқсан 1919 ж. // Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 30 томдық. Т.4. Құрастырған К. Илиясова. – Алматы: «Ел-шежіре», 2007. 352 б.

Койгелдиев - Койгелдиев М. Алаш қозғалысы. Екітомдық монография. 2-т. Алматы, 2008. 480 б.

Нұрпейіс - Нұрпейіс К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы, 1995. 256 б.

Сорокин - Сорокин П.А.Человек. Цивилизация. Общество / Общ. ред., сост. и предисл. А.Ю. Согомонов; Пер. с англ. М.: Политиздат, 1992. 543 с.

Тілешев - Тілешев Е, Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы.Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы «Сардар» Баспа үйі, 2014. 528 б.

Тоқаев - Тоқаев Қ. Тәуелсіздік бәрінен қымбат//Егемен Қазақстан. 2021. 5 қаңтар [Электронды ресурс]. – URL <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat>. Қаралған күні 13.01 2021.

Төлеуов - Төлеуов З. Сындрлы тағдыр (Қуғын-сүргін азабын шеккен бір арыс туралы)//Мәдениет. 2020. 20 мамыр [Электронды ресурс]. – URL <http://www.madeniportal.kz/article/5103/> Қаралған күні 1 қараша 2022.

Покровский - Покровский С.Н. Победа Советской власти в Семиречьи. Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1961. 374 с.

### References

Abdıgaliyly - Abdıgaliyly B. Alash askeri. 1918-1920 zhzh. [Alash Army. 1918-1920 y.] Astana: KISI pri Prezidente RK, 2018. 392 b. (In Kaz.).

Alash qozgalysy 2017 — Alash qozgalysy zhane onyng zhetisulyq qajratkerleri. Kyzhattar men materialdar zhinagy [Alash movement and its semirechye figures. Collection of documents and materials] / zhaupty kurastyrushy A.M. Kaipzhanova. Almaty: Almaty oblystyq memlekettik arhivi, 2017. 145 b. (In Kaz.).

Alash qozgalysy 2007 – Alash qozgalysy. Dvizhenie Alash. Kuzhattar men materialdar zhinagy. Ysh tomdyq. 3-tom. 2-kitap [Alash movement. Collection of documents and materials. Vol. 3. Book 2] / redaktor M.K. Kojgeldiev. Almaty: El-shezhire, 2007. 344 b. (In Kaz/ In Russia)

Byrkitbaev - Byrkitbaev Y, Karabasov Zh. Ybyrajym Zhajnakov zhane «Alashtyng» zhetisulyk kajratkerleri [Jainaqov and the «Alash» figures of Zhetysu]. Almaty: «Taugyl-Print», 2020. 192 b. (In Kaz.).

Gusserl' - Gusserl' E. Ideya fenomenologii [The idea of phenomenology]. M, IC Gumanitarnaya akademiya, 2008. 224 s. (In Rus).

Zhetisu - Zhetisu. Enciklopediya [Encyclopedia]. Almaty: «Arys», 2004. 712b. (In Kaz.).

Eskendiruly 2008 - Eskendiruly (Abdeshev) M. Alashorda ministrleri [Ministers of Alashorda] / Ministry Alashordy. Almaty, 2008. 114 b/s. (In Kaz)

Qazaq – Qazaq [Qazaq]. 1917. №238, 243, 249, 256 (In Kaz.).

Qazaq memlekettigli - Qazaq memlekettigli zhane Alashorda [Kazakh statehood and Alashorda. Collective monograph]. Uzhyndyq monografiya. Almaty: Liter-M, 2018. 720 b. (In Kaz.).

Қазақ siezderi - Qazaq siezderi. Quzhattar men materialdar zhinagy. Saur 1917 zh. – zheltoqsan 1919 zh. [Kazakh siezes. Collection of documents and materials. April 1917-December 1919] // Qazaq ult-azattyq qozgalysy. 30 tomdyq. Т.4. Kurastyrgan K. Iliyasova. – Almaty: «El-shezhire», 2007. 352 b. (In Kaz.).

Kojgeldiev - Kojgeldiev M. Alash qozgalysy [Alash movement]. Ekitomdyq monografiya. 2-t. Almaty, 2008. 480 b. (In Kaz.).

Nurpejis - Nurpejis K. Alash ham Alashorda [Alash and AlashOrda]. Almaty, 1995. 256 b. (In Kaz.).

Sorokin - Sorokin P.A. Chelovek. Civilizaciya. Obshchestvo [Man. Civilization. Society] / Obshch. red., sost. i predisl. A.YU. Sogomonov; Per. s angl. M.: Politizdat, 1992. 543 s. (In Rus)

Tileshev - Tileshev E, Kamzabekuly D. Alash qozgalysy. Enciklopediyalyq anyqtamalyq [Alash movement.Encyclopedic reference book]. Almaty «Sardar» Baspa үйі, 2014. 528 b. (In Kaz.).

Tokaev - Tokaev Қ. Tauelsizdik barinen qymbat [Independence is more precious than anything] // Egemen Kazakstan. 2021. 5 kangtar [Elektrondy resurs]. – URL <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat>. Қаралған күні 13.01 2021. (In Kaz.).

Toleuov - Toleuov Z. Syndarly tagdyr (Kugyn-syrgin azabyn shekken bir arys turaly) [Critical fate (about one lion suffering from persecution)] // Madeniet. 2020. 20 mamyr [Elektrondy resurs]. – URL <http://www.madeniportal.kz/article/5103/> Karalghan күні 1 karasha 2022. (In Kaz.).

Pokrovskij - Pokrovskij S.N. Pobeda Sovetskoj vlasti v Semirech'I [The victory of Soviet power in Semirechye]. Alma-Ata: Izdatel'stvo AN KazSSR, 1961. 374 s. (In Rus).





## ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Kazakhstan  
Отан тарихы  
Has been issued as a journal since 1998  
ISSN: 1814-6961 (Print)  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
Vol. 26. Is. 2, pp. 258-271, 2023  
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>


FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20.  
[https://doi.org/10.51943/1814-6961\\_2023\\_26\\_2\\_258-271](https://doi.org/10.51943/1814-6961_2023_26_2_258-271)

## ТОБАНИЯЗ ӘЛНИЯЗҰЛЫ – ХАЛЫҚ АЗАТТЫҒЫ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСКЕР

Болат Сағидоллаұлы Жұмағұлов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (13-үй, Достық даңғылы, 050010 Алматы, Қазақстан)

тарих ғылымдарының кандидаты, Әлем тарихы кафедрасының профессоры

 <https://orcid.org/0000-0001-5637-187X>. E-mail: [jumagulov-bolat@mail.ru](mailto:jumagulov-bolat@mail.ru)

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2023

© Жұмағұлов Б.С., 2023

**Андатпа.** *Kіріспе.* Еліміз тәуелсіздігін алып, оң солымызды түгендей бастаған кезден елінің бірлігі мен жерінің тұтастығы үшін жан аямай күрескен сол жолда жанын қиған ерлер есімі құрметтеліп, ортамызға қайта оралып жатыр. Солардың бірі, бірі емес бірегейі - Кезінде саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болған халық батыры, қоғам қайраткері, Адай уездік төңкеріс комитетінің бірінші төрағасы, Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, елінің территориялық тұтастығы үшін күресушілердің бірі, айтулы қазақ азаматы Әланиязұлы Тобанияз еді. *Мақсаты мен міндеттері.* Тәуелсіздік таңы атқанға дейін оның есімі көпшілікке ашық айтылмады, ол туралы деректер құпия сақталды. Халықтан жасырды. *Нәтижелер.* Осы мақалада Тобанияз Әланиязұлының Маңғыстау өңіріндегі халық үшін жасаған қызметі, кеңес үкіметінің қазақтардың дәстүрлі шаруашылығын ойрандап, түбек халқының басына зобалаң туғызғандығы, сондықтан Тобанияз бастаған елдің бас көтерген азаматтырының сұрқия саясатқа қарсы күресі туралы қарастырылады. *Қорытынды.* Әрине, күші басым кеңес үкіметінің саясатын олардың өзгерте алуы мүмкін емес еді, ақырында Тобанияз бастаған белсенді қарсыласушылар ОГПУ Үштігінің үкімімен атылып, ал, ату жазасына кесілмегендері әртүрлі жазалау шараларына ұшырап, қуғын-сүргінге түскен еді. Халықтың мұңын жоқтап, жыртығын бүтіндеу жолында бастарын құрбандыққа тіккен ерлердің есімі ел есінде сақталады.

**Түйін сөздер:** Кеңес үкіметі, Маңғыстау уезі, Адайлар, ревком, аграрлық саясат, алым-салық, ОГПУ.

**Алғыс айту.** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Атырау облысының көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі тарихы» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі АР09259623).

**Дәйексөз үшін:** Жұмағұлов Б.С. Тобанияз Әланиязұлы – халық азаттығы жолындағы күрескер. «Отан тарихы» ғылыми журнал. 2023. № 26 (2). 258-271 б. (Қаз.). DOI: [https://doi.org/10.51943/1814-6961\\_2023\\_26\\_2\\_258-271](https://doi.org/10.51943/1814-6961_2023_26_2_258-271)


## ТОБАНИЯЗ АЛНИЯЗҰЛЫ – БОРЕЦ ЗА СВОБОДУ НАРОДА

Болат Сағидоллаевич Жумагулов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая (д. 13, пр. Достык, 050010 Алматы, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук, профессор кафедры Всемирной истории



 <https://orcid.org/0000-0001-5637-187X>. E-mail: jumagulov-bolat@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2023

© Жумагулов Б.С., 2023

**Аннотация.** *Введение.* С обретением независимости, начался процесс возрождения подлинной истории нашей страны и были с почетом возвращены из небытия имена тех людей, которые вели непримиримую борьбу за единство и целостность своей страны и отдали за нее свои жизни. И одним из них, можно смело сказать уникальным, был один из борцов за территориальную целостность своей страны, народный герой, общественный деятель, первый председатель Адайского уездного революционного комитета, член Центрального Исполнительного комитета Казахстана, выдающийся гражданин Казахстана Тобанияз Алниязулы. *Цель и задачи.* До провозглашения независимости его имя никогда не упоминалось публично, все данные о нем хранились в секрете, то есть он был неизвестен своему народу. *Результаты.* В этой статье рассматривается государственная деятельность Тобанияза Алниязулы в Мангистауском регионе на благо народа, политика советского правительства по разрушению традиционных форм хозяйствования, которое обрекло коренное население на бесчисленные страдания и борьба под его руководством лучших представителей казахского народа против этой губительной политики. *Выводы.* Конечно, они не могли изменить политику господствующей тогда тоталитарной власти и все активные участники сопротивления этой политике во главе с Тобаниязом Алниязулы были расстреляны по приговору Тройки ОГПУ, а те, кто не был приговорен к расстрелу, подверглись различным карательным мерам и преследованиям. В памяти народа будут вечно храниться имена героев-мучеников, которые положили на алтарь свободы и независимости свои головы.

**Ключевые слова:** Советское правительство, Мангистауский уезд, Адай, ревком, аграрная политика, принудительный сбор, ОГПУ.

**Благодарность.** Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «История Атырауской области с древнейших времен до наших дней» (регистрационный номер AP09259623).


**Для цитирования:** Жумагулов Б.С. Тобанияз Алниязулы – борец за свободу народа. «Отан тарихы» научный журнал. 2023. № 26 (2). С. 258-271. (Каз.); DOI: [https://doi.org/10.51943/1814-6961\\_2023\\_26\\_2\\_258-271](https://doi.org/10.51943/1814-6961_2023_26_2_258-271).

## TOBANIYAZ ALNIYAZULY - FIGHTER FOR THE FREEDOM OF THE PEOPLE

*Bolat S. Zhumagulov*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kazakh National Pedagogical University named after Abay (13, Dostyk av. Almaty, 050010 Republic of Kazakhstan).

Candidate of Historical Sciences, Professor of the Department of World History

 <https://orcid.org/0000-0001-5637-187X>. E-mail: jumagulov-bolat@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2023

© Zhumagulov B.S., 2023

**Abstract.** *Introduction.* With gaining independence, the process of reviving the true history of our country began and the names of those people who waged an uncompromising struggle for the unity and integrity of their country and gave their lives for it were honorably returned from oblivion. And one of them, one can safely say unique, was one of the fighters for the territorial integrity of his country, a national hero, a public figure, the first chairman of the Adai District Revolutionary Committee, a member of the Central Executive Committee of Kazakhstan, an outstanding citizen of Kazakhstan, Tobaniyaz Alniyazuly. *Goal and tasks.* Before independence, his name was never mentioned publicly, all data about him was kept secret, that is, he was unknown to his people. *Results.* This article discusses the state activities of Tobaniyaz Alniyazuly in the Mangistau region for the benefit of the people, the policy of the Soviet government to destroy traditional forms of management, which doomed the indigenous population to countless suffering, and the struggle under his leadership



of the best representatives of the Kazakh people against this destructive policy. *Conclusions.* Of course, they could not change the policy of the then ruling totalitarian government, and all the active participants in the resistance to this policy, led by Tobaniyaz Alniyazuly, were shot by the verdict of the “troika” of the United State Political Administration (OGPU), and those who were not sentenced to death were subjected to various punitive measures and persecution. The memory of the people will forever keep the names of martyr heroes who laid their heads on the altar of freedom and independence.

**Key words:** Soviet government, Mangystau district, Adai, revolutionary committee, agrarian policy, forced collection, USPA

**Acknowledgements.** The article was prepared within the framework of the grant funding project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan “History of the Atyrau region from ancient times to the present day” (registration number: AP09259623).

**For citation:** Zhumagulov B.S. Tobaniyaz Alniyazuly - fighter for the freedom of the people. *Otan tarihy.* 2023. № 26 (2). Pp. 258-271. (Kaz.). DOI: [https://doi.org/10.51943/1814-6961\\_2023\\_26\\_2\\_258-271](https://doi.org/10.51943/1814-6961_2023_26_2_258-271).

**Кіріспе.** Қазақ халқының кеңестік кездегі көрген қасіреті қашанда ұрпақтан ұрпаққа айтылып келгені мәлім. Сонау өткен ғасырымыздың 20-30 жылдарындағы ашаршылық нәубеті, тәркілеу науқаны, зорлықпен ұжымдастырып отырықшылдандыру, қолдағы мал-мүлкінен айыру халқымыздың тарихындағы қасіретті кезең ретінде ел есінде сақталып қалды. Осы саясаттың нәтижесінде қазақ халқы бұрын болмаған қатал зұлымдық пен қуғын-сүргінге ұшырады. Төңкеріс нәтижесінде билікті қолына алған кеңес үкіметі Қазақстанды жер байлығы мол, тек шикізат көзін беретін аймақ ретінде бағалады.

Бұл өңірдің табиғат жағдай ежелден-ақ көшпелі мал шаруашылығымен айналысуға қолайлы болатын. Ал, аздаған өзен бойларындағы ыңғайлы жерлер болмаса, негізгі аумақта ауа райының жазда ыстық, жауын-шашынның аз, топырақтың құнарсыз, сортаң және ащы болуына қарай мұнда егіншілік қанат жаймаған еді. Күнкөрістің негізгі көзі мал болды.

Кеңес үкіметі бұл өңірде бұрыннан қалыптасып, ғасырдан ғасырға ұласып келе жатқан дәстүрлі шаруашылық жүйесін аяусыз қиратып, халықты босқынға айналдырып, ата жұртынан айырған еді. Ал, қарсылық көрсеткендерін аяусыз жазалады. Ашығын айтсақ, шын мәнінде сол кездегі қоғамдағы өзгеріс, қайта құрулар халықтың біраз бөлігін құрбан ету арқылы жүзеге асырылған болатын.

Әрине, мұндай халыққа жат солақай саясатқа ел ішінде наразылықтың күшеюі заңды еді. Осындай жағдайда елдің бас көтерген азаматтары халықты соңынан ертіп, қарсылықтарын білдірді. Осындай істің басында болған, сол кезде ел ішінде ерекше беделге ие Тобанияз Әлниязұлы еді. Ол өмірінің соңына дейін халық жағында болып, олардың басына бостандық әперу үшін ерік-жігерін аямады.

Тобанияз Әлниязұлы сияқты қазақтың біртуар азаматарының елі мен жерінің біртұтастығы үшін жан аямай күресуі, Кеңес үкіметінің бас бұзар шолақ белсенділерінің, жалпы зорлық зомбылығына, аяусыз қысымшылығына қарсы халықты соңынан ертіп күреске шығуы сол кез үшін өте маңызды оқиға болды. Бұл қозғалыс кейін қазақ халқының кеңес үкіметінің қолдан жасаған зобалаңына қарсы қарулы күресіне ұласып, ел арасында «Адай көтерілісі» деген атпен таралып, Қазақстандағы 372 көтерілістің ішіндегі ұзаққа созылған және көлемді көтеріліске бастау болған еді. Мұндай тақырыпта зерттеу жүргізу Кеңес үкіметінің Қазақ өлкесіндегі аграрлық саясатының қыр-сырын, халық басына түскен нәубеттің, халықтың қарсылық қозғалыстарының маңызын терең түсінуге өз септігін тигізері сөзсіз.

**Материалдар мен әдіс-тәсілдері.** Тобанияз Әлниязұлының өмірі мен күрескерлік қызметін зерттеуде ҚР ҰҚКА-нің № 011377 архиві «По делу контрреволюционной организации баев, торговцев, бывших служащих царского правительства и совработников Адаевского округа» атты қылмыстық істің 12-томындағы тергеу құжаттары материалдар ретінде пайдаланылды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы президент архивіндегі (ҚР ПА) және Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві (ҚР ОМА), Атырау облыстық мемлекеттік архиві (Атырау ОМА), Маңғыстау облыстық мемлекеттік архиві (Маңғыстау ОМА) қорларында сақтаулы деректік құжаттар ғылыми айналымға енгізілді. Ғылыми-



публицистикалық шығармалардағы Тобанияз туралы жазылған жайлар да назардан тыс қалған жоқ.

Ғылыми мақаланы даярлауда басты назарға объектілік пен тарихилық қағидалары негізгі басшылыққа алынды. Зерттеуді жүзеге асыру кезінде белгіленген мәселені зерделеуде салыстырмалы-тарихи, тарихи-ретроспективті, тарихи-типологиялық, тарихи-жүйелілік әдістері пайдаланылды. Мақалада берілген материалдар хронологиялық жүйеде топтастырылып, деректерге талдау жасалынды.

**Талқылау.** Қазақстандағы шаруалар көтерілістері, оның басшылары туралы Т.Омарбеков «Зобалаң» (Омарбеков, 1994:272), «20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» (Омарбеков, 1997:320) атты монографияларында жазды. Онда Адай көтерілісі, оның басшылары туралы тың мәліметтер бар.

Қ.С. Алдажұманов кеңес үкіметінің аграрлық саясатына қарсы халық қарсылығы мен оларға қарсы жүргізілген саяси қуғын-сүргін науқаны туралы алғашқылардың бірі болып жазды (Алдажұманов, 1996:158). Оның еңбектерінде Адай көтерілісі, Тобанияздың күрескерлік қызметі туралы тың мәліметтер бар.

Сонымен қатар, Қазақстандағы шаруалар көтерілістері туралы Т.К. Алланиязовтың «Последний рубеж защитников номадизма. История вооруженных выступлений и повстанческой движений в Казахстане (1929-1931 гг.)» (Алланиязов, 2009:424) атты еңбегінде де біраз мәселелер қамтылып, талданған.

Адай округіндегі көтеріліс М.Омаров «Расстрелянная степь. История Адаевского восстания 1931 года. По материалам ОГПУ» (Омаров, 1994:104) деген кітапшасын жариялады. Кейін І.Сариевпен бірге «Ойрандалған Адай даласы» атты кітап шығарып, онда көтерілістің себептері, негізгі оқиғалары мен кейіпкерлері туралы тың мағлұматтар береді (Сариев, Омаров, 1995:160). Б.С. Жұмағұлов «Кеңес өкіметінің аграрлық саясаты және Адай көтерілісі /1922-1933 жж./ атты диссертациясында (Жұмағұлов, 1999:30) және «Сұрқия саясат сойқаны» атты монографиялық зерттеуінде (Жұмағұлов, 2021:312) ҚР ҰҚК архивінен алынған құжаттар бойынша Тобанияз Әланиязұлының бейнесін ашып көрсетеді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президент архивінің бұрынғы мұрағатшы-аудармашысы Зияда Ижановтың «Тобанияз» атты еңбегінде ҚР ОМА және Президент архивінен алынған құжаттар енген (Ижанов, 2016:279).

Тобанияз Әланиязұлының өмірі мен қызметі туралы Ақтау қаласындағы журналист Әбілқайыр Спанов «Тобанияз» атты кітапша шығарды және қосымша деректерді жариялады (Спанов, 1995:120). Ал, жазушы Тәжібай Жаңаев «Тобанияз қыстауы» (Жаңаев, 1998:144) атты шығармасында Тобанияз Әланиязұлы өмірінің соңғы жылдары туралы халық жадында сақталып қалған естеліктерді халық назарына ұсынды. Жазушы Саламат Хайдарұлы «Қанды асу» атты публицистикалық кітабын (Хайдарұлы, 1997:164) жарыққа шығарып, онда Тобанияз Әланиязұлы және басқа да Маңғыстау түбегінің бас көтерген азаматтары туралы жазды. Белгілі жазушы Ғалым Ахметовтың «Алаш Алаш болғанда» атты кітабында Т.Әланиязұлы туралы естеліктері жарияланған (Ахметов, 1996:224).

**Зерттеу нәтижелері.** Кеңес үкіметінің халық басына зор ауыртпашылық әкелген саясатына қарсы қасқайып қарсы тұрған халық батыры ретінде Тобанияз Әланиязұлының есемі тек Маңғыстау өңірінде ғана емес Қазақстанның басқа жерлерінде кеңінен танымал.

Маңғыстау түбегінде, Қаратаудың бойындағы Ақшымырау деген жерде болашақ халық батыры Тобанияз 1875 жылы кедей отбасында жарық дүниеге есігін ашқан екен. Он үш жасында әкесінен ерте айырылған оның мойнына отбасының тауқыметі ерте түседі. Сондықтан ол өзінен кейінгі іні-қарындастарына қамқор болып, жастайынан шаруаға араласады. Есейе бастаған шағынан халыққа қамқоршы болып, оның жоғын жоқтап, мұнына ортақтасып, қабырғасы қайысқан. Тобанияз ат жалын тартып азамат бола бастаған кезде Маңғыстау уезіндегі елдің жағдайы ауыр еді. Себебі, өткен ғасырымыздың басында Маңғыстаулықтар табиғаттың қолайсыз жағдайына байланысты бірнеше рет жұт пен ашаршылықтың тақсіретін тартып отырған еді. Әсіресе, 1910-1911 жылдары өткен жұт Маңғыстау өңіріне адам айтқысыз апат, орасан зор қиындықтар әкелген еді.

Бұл жөнінде 1912 жылғы 22 наурызда Закаспий облысының бастығына Маңғыстау уезінің бастығы, подполковник Бялонович былай деп мәлімдепті: «...Уезде 12-15 мың жаны бар 3000 үй ешқандай қаржысыз, қаракетсіз қалды. Малдың қырылғаны соншалықты, бұл өлке жақын



шамада ешқандай табыс бере алмайды. Аш-жалаңаш қалғандардың бірсыпырасын егін шаруашылығымен айналысуға мүмкіндік жасауға болар еді, бірақ оған бұлақтарды, жерасты су көздерін іздестіруге, суды көтеруге шара жасау қажет. Оған айналып келгенде көптеген қаржы мен уақыт керек», - деп уездегі жағдайды нақты көрсеткенімен, елді әлеуметтік қиындықтан, аштықтан, жалаңаштықтан құтқарудың жолдары жөнінде жағын аспаған (Ижанов, 2016:4).

Осындай жағдайда Тобанияз бастаған елдің бас көтерген азаматтары халықты бұл ауыртпашылықтан алып шығудың жолын іздестіреді. Олар, Маңғыстау уезінің бастығына елдегі жағдайды толық талдап, бұл күйзелістен шығу жолдарын көрсетіп өтініш жазады. Онда «...Маңғыстау уезі кедейлерінің ешбір кепілдікке алынбаған, күйзелген, мұқтаждықтан туған жоғарыдағы ой-пікірлерін хабарлай отырып, басшы орындарға өтініш, ұсыныс жасауға және көмек көрсетуге ыңғай бола қалған жағдайда оған Сіздің келісім беруіңізді сұраймыз.

Жұтаған, ашыққан ел атынан сенімді өкілдері.

- |  |               |
|--|---------------|
| 1. Бозашы болысынан құрметті Тобанияз Әлниязов   | (мөрін басты) |
| 2. Бозашы болысынан Мұхамедин Мәтжанов           | (қолын қойды) |
| Түпқараған болысының старшинасы Тілеген Мәмбетов | (мөрін басты) |
| 1. Маңғыстау болысынан Шапшақбай Сафарбаев       | (қолын қойды) |
| 2. Маңғыстау болысынан Абжі Күлишев              | (қолын қойды) |
| Жеменей болысынан Тілеген Қабақов                | (қолын қойды) |

(ҚР ОМА. 40-қ. 1-т, 5-байлам. 60-іс, 11-12-п.).

Міне біз бұдан оның жастайынан елінің мұңын жоқтап, қолынан келгенінше олардың тұрмыс жағдайын, бастарына түскен ауыртпашылықтардан шығару жолдарын іздегенін көреміз. Сол кездің өзінде-ақ оның халық ішінде беделі өсіп, барған сайын атағы елге жайылып, оған халықтың үміті арта түседі.

Алайда, уез, облыс басшылары тарапынан ел тағдырына күйзелген жоғарыда аттары аталған азаматтардың ұсыныс-пікіріне, өтінішіне жөнді құлақ аспағандықтан Тобанияз бастаған болыстар мен билер бұл мәселені қайта көтеріп, ақыры олардың талап етуімен және барлық болыстар мен билердің, старшындардың, ел басшыларының қатысуымен уез бастығы 18 дәлу (қазіргіше қаңтар) 1914 жылы қарауға мәжбүр болады.

Онда: 1910-1911 жылдың қысында елдің 80-90 процент малының қырылып, Өлкелік азық-түлік капиталынан берілген 80 мың сомның, империялық азық-түлік капиталынан берілген 230 мың сомның өтеу мерзімінің аяқталғаны, енді оны өтеуге күйзелушіліктің салдарынан мүмкіндіктің жоқтығы, соның салдарынан жоғарыдағы қарыздарды айып өсімімен есептегенде 800 мың сом құрайтындығы тілге тиек етілген. Егер де оны өндіретін болса елдің аштан қырылудан басқа шарасы қалмай тұрғандығы қаулыда ашына жазылған (Ижанов, 2016:6).

Қолдағы деректерге қарағанда Тобанияз Әлниязұлы өзінің ел ішіндегі беделіне орай 1908 жылдан бастап болыстық басқару, ұйымдастыру жұмыстарына тікелей араласа бастаған. 1915 жылдан бастап 1-Бозашы болысы Қарағұл Қарамырзаевтың көмекшісі болды. Сол уақытта бүкіл уез көлемінде майдандағы армияның тылдағы жұмысына адам алу жөніндегі 25 маусым 1916 жылғы жарлықты ел арасында түсіндіру және болыстарға тізім жасауды үйрету, ұйымдастыру үшін елге беделді құрметті азамат Нұрмұхамбет Мырзабеков және уез басқармасының тілмашы Асқар Үсембаевпен бірге Әлниязовқа да 25 қараша 1916 жылы №11723 куәлік берілді (Ижанов. 2016:13).

«Куәлік. Осы куәлік 1-Бозашы болысының жәрдемшісі Тобанияз Әлниязовқа берілді. Себебі ол майдан тылындағы жұмысқа өз болысынан және уезге қарайтын басқа да болыстардан Фортқа жұмысқа алынатын жұмысшыларды жеткізу үшін өз шабармандарымен жіберілді. Сол үшін уез көлеміндегі барлық жауапты қызметкерлерге Әлниязовқа барынша көмек көрсете отырып, жалпы күшті біріктіріп жұмысқа алынатындарды Фортқа жеткізуді бұйырамын. Уез бастығы Быков (ҚР ОМА. 40-қ. 1-т. 5-байлам. 1081-іс. 329-п.).

Осы қызметінде жүргенде Тобанияз патша үкіметінің 1916 жылғы 25 маусым жарлығына орай, уез бастығының бұйрықтарын орындауы оның жастайынан өзіне тапсырылған міндеттерге үлкен жауапкершілікпен қарауды бойына сіңіргендігінен еді. Бірақ бұл жарлықты бұлжытпай орындаудың өзінің жерлестері, қазақ жастарына қандай қиын тағдыр бұйыратынына көзі жетіп, ол енді қолынан келгенінше көмектесуді ұйғарады. Тобанияздың



бұл ойын сезген уез бастығына да, Закаспий облыстық бастығына да ұнамады. Егер жергілікті халық тарапынан қарсылық, немесе бүлік туа қалған жағдайда оның халықты бастай алатын қабілетінен қорқып, енді олар оған сенімсіздікпен қарай бастады. Себебі, бұл кезде қазақ даласында, Жетісу, Торғай, Сырдария т.б. жерлерінде патша жарлығына қарсы қозғалыстар, көтерілістер болып жатқан еді.

Ақырында олар тылдағы қара жұмысқа қазақ жастарын алуға кедергі келтірді дегенді желеу етіп оны қамауға алады. Оны 1917 жылғы 7 ақпандағы Закаспий облысының бастығы генерал-майор Калмаковтың №3507 қаулысынан көруге болады. «Қаулы. Мен, Закаспий облысы, генерал-майор Калмаков Түркістан генерал-губернаторының міндетті қаулысы негізінде 31 тамыз 1916 жылғы Закаспий облысы бойынша жарияланған №374 бұйрыққа сәйкес қаулы етемін: 1-Бозашы болысының кандидаты Тобанияз Әлниязов тылдағы жұмысқа бұратана халықтардан адам алуға тосқауыл болып, оған жол бермеуге әрекет жасап, әкімгершіліктің ісіне араласқандығы үшін 3 ай мерзімге қамауға алынсын. Генерал-майор Калмаков.» (ҚР ОМА. 40-қ. 1104-іс. 47-п.). Ақырында, Тобаниязды тұтқыннан босату туралы болыстардың қайта-қайта шағымдануынан, жергілікті халықтың оны бірауыздан қолдауынан кейін барып оны бостандыққа шығарады. Осы жағдайдан кейін, патша үкіметінің зорлық зомбылығынан азап тартып отырған ел тағдыры Тобаниязды алаңдатпай қоймады. Ол енді саналы өмірін халықтың мұң мұқтажына көмектесуге, жергілікті биліктің әділетсіздігіне қарсы күреске арнады.

Ресейдегі болып жатқан дүмпүлердің қазақ даласына да хабары жетіп жатуы, ел ішіндегі халық наразылығының күшейе түсуі, оған Тобанияз сияқты елдің бас көтерген азаматтары басшылық жасауы мүмкін, сондықтан Тобанияздың бостандықта жүруі қауіпті деп, оны қамауға алуға шешім қабылданады. Ақырында 1917 жылы 8 мамырда екінші рет тұтқындалады.

Осы кездегі Тобанияздың атқарған ісі туралы Маңғыстау уезі атқару комитетінің мына қаулысынан үзінді толығырақ мәлімет береді ғой деп ойлаймын: «...7. Бұрынғы болыс Тобанияз Әлниязовтың тәртібі және оны тоқтатудың шаралары туралы.

Атқару комитетінің мүшелері, куәгерлер: Оңғалбаевтың, Досановтың және Иманғазиевтің түсініктерін тыңдап, мынаны атап көрсетеді. Әлниязов Тобанияз Уақытша үкіметке қарсы қастандық үгіт жүргізеді. Уақытша үкіметке және оның халық қалап сайлаған жауапты қызметкерлерінің және үкіметтің сот мекемелерін «бұл ескі режимнің мекемесі» деп олардың қасақана беделін кетіруге, халық алдында сенімін жоюға, сөйтіп, оларға қарсы ылаң салып, оны өршітіп, қоздыруға тырысуда.

5 мамырда атқару комитетінің бюросында жауапқа шақыртылып, онан жауап алу кезінде мәжіліс өткізуге мүмкіндік бермегендіктен, оның кабинеттен шығып тұруын ұсынған кезде өзінің шектен шыққан іс-әрекетімен комиссардың жәрдемшісін қорлады.

Атқару комитетінің бюросы қаулы етті:

Әлниязов Тобанияз тез арада Форт Александровск жанындағы тұтқындар үйіне қамауға алынсын және осы қаулының көшірмесі Әлниязовқа қарсы шұғыл қылмыстық іс қозғау үшін Маңғыстау уездік бітістіруші (*мировой судья*) сотқа тапсырылсын.

Бұған қосымша бітістіру сотының тексеру жұмыстарынан, сотқа жауап беруден Әлниязовтың жалтарып кету жолдарына тосқауыл қою үшін оны тұтқында ұстау сұралсын. Өйткені, Әлниязов уез басқармасынан өзі көзден таса болып жасырынып, басқа жаққа кету үшін паспорт алуға барлық әрекеті мен аяласын жасайды.

Ал, Әлниязовты жасырып, құтқару, бой тасалату үшін және оның ел ішінде Уақытша үкіметке қарсы қоғамдық, зиянкестік үгіт жүргізуіне мүмкіндік беріп, қолайлы жағдай туғызу үшін қызмет орнынан босатылған бұрынғы басшылар – ескі режимді жақтаушылар барлық күш-жігерін жұмсайды. Әлниязовты тұтқындау жөніндегі осы қаулыны орындау уездік комиссарға тапсырылсын.

Атқару комитетінің төрағасы прапорщик Краснодембский» (ҚР ОМА. 40-қ. 1104-іс. 122-п.). (*Жоғарыда аталған қордың материалдары З.Ижановтың аудармасы бойынша беріліп отыр – Б.Ж.*)

Ақырында ол түрмеге жабылады да, тек Ақпан төңкерісі кезінде ғана бостандыққа шығады. Сөйтіп, саналы қызметінің басынан-ақ халық жағында болып, еліне адал қызмет етуді алдына мақсат етіп қойды.



Ұлы Қазан төңкерісі басталған кезде Закаспий аймағына кірген Маңғышлақ түбегінде сонау 1917 жылғы қараша айында Кеңес өкіметі орнаған болатын. 22 қарашада Форт Александровскіде жұмысшы, солдат, шаруа және мұсылман депутаттарының уездік кеңесі ұйымдастырылды. Бұл кезде Қазақстанның кең байтақ жерінде Кеңес өкіметін орнату процесі жүріп жатты.

Тобанияз әскери жасақтарды ұйымдастырып, оны басқарушылардың бірі ретінде бүкіл Адай уезіне белгілі болаған еді. Өзі халықтың мұң-мұқтажын, патша үкіметінің жергілікті тұрғындарға жасап отырған зорлық-зомбылығын көріп өскендіктен Қазан төңкерісінен үлкен үміт күтіп, елдегі кеңес өкіметінің ісін жүзеге асыруға белсене араласады.

Жаңа үкімет белсенділері тарапынан жарияланған үндеулер мен үгіт-насихаттардың сол кездегі халықтың көңілін тапқаны рас. Осы үгіт-насихаттарға сенген, патша үкіметінен ешқандай жақсылық көре алмай отырған жергілікті халық кеңес өкіметін шын көңілімен қолдап, қарсы алған еді. Елдің сенім артқан азаматтары сол кезде жаңа үкіметтің іс-шараларына қолдау көрсеткен болатын.

1918 жылы 23 тамызда Маңғыстау жеріндегі Қараған түбегіне Астрахань қаласынан теңіз арқылы шыққан Әліби Жангелдин бастаған интернационалдық отрядтың келіп түскені бізге мәлім (Қазақ ССР тарихы, 1981:676).

Жаңа үкіметті, Кеңес өкіметін қолдаудың бір айғағы бұларды Тобанияз Әланияұлы бастаған ел азаматтары қарсылап алып, Бозашы түбегіне, елдің қалың орналасқан жеріне апарды.

Олардың бұл келісінен сезіктене бастаған қазақтарға Тобанияз және басқа да ел азаматтары дұрыс түсіндіріп, жұртқа мән-жайды ашып айтты. Сондықтан адайлар интернационалдық отрядты қарсы алып, Әліби Жангелдинге қолдарынан келгенше көмектесті. 1918 жыдың күзінде ол өз тарапынан халыққа жаңа өкіметтің саясатын, оның мақсаты жөнінде түсінік жұмыстарын жүргізіп, Қаратөбе, Мәстек деген елді мекендерінде Адайлардың съезін өткізіп, Маңғыстау төңкеріс комитетін құрды.

Тобанияз Әланияұлына Маңғыстау төңкеріс комитетінің төрағасы қызметімен қатар, Қырғыз (*Қазақ – Б.Ж.*) дала өлкесінің төтенше комиссары Әліби Жангелдиннің Маңғыстау уезі бойынша орынбасары міндеті де жүктелді. Мұндай мемлекеттік тұрғыдағы жауапты міндеттің Тобаниязға жүктелуін төмендегі құжаттан көреміз:

«Дала өлкесінің төтенше комиссарының Маңғыстау уезі бойынша орынбасарына нұсқаулық.

Маңғыстау уезі. Қазан айы, 1918 жыл.

Торғай облысына кетуіме тура келгендіктен, бұл жердегі тұрғындарды Кеңес өкіметі мен Қырғыз (*Қазақ – Б.Ж.*) өлкесінің автономиясын ұйымдастыруға дайындық жұмыстарын жүргізу үшін, Сізді өзімнің Маңғыстау уезіндегі орынбасарым етіп қалдырамын.

Сіз тікелей маған бағынатын, уездегі жоғарғы өкімет болып табыласыз, сондықтан Сізге жүктелген тапсырмаларды орындау барысында менің көмегіме сүйенуіңізге болады, - дей келіп, ... әр түрлі шекаралық дауларды шешуге және көршілік қатынастарды орнықтыру үшін көршілеріңізбен келіссөз жүргізуге құқыңыз бар. ...

Қырғыз (*Қазақ – Б.Ж.*) өлкесінің далалық төтенше комиссары Ә. Жангелдин.» (Алиби Джангильдин. Документы и материалы, 1961:105-106).

Жангелдин отряды Тобанияздың ұйымдастыруымен қажетті адам күшімен, көлікпен, жеткілікті азық-түлікпен қамтамасыз етілді. Жергілікті тұрғындардың көмегінің арқасында Әліби Жангелдин отряды 700 ат және 600 түйемен жолға шыққан екен. Адайдың жүздеген жас жігіттері отряд қатарына қосылады. Олар жолды жақсы білудің арқасында, қауіп-қатерге, су тапшылығына жолықтырмай, екі жарым ай ішінде, отрядтың аман-сау, Ақтөбе майданына, Шалқарға жетуіне көмектесті (Жаңаев, 1998:47).

Бүкілқазақстандық I-съезд 1920 жылы 4 қазанда Маңғыстау уезінің атын өзгертіп Адай уезі деп жариялайды. Бірақ, 1917-1920 жылдары бірде ақтардың, бірде қызылдардың қолына көшкен үкіметтің өз билігін Форт Александровск қаласынан басқа жерлерде жүргізуге шамалары онша келмеді.

1920 жылдары Адайларды басқару, Адайлар ісі жөнінде арнаулы өкіл сайлау, Адайлар съезін шақыру, Адай атты полкін құру, Красноводск уезінен екі болыс елді Маңғыстау уезінің құрамына қосу т.б. туралы Қазақ өлкесін басқару туралы төңкеріс комитеті қаулылар



қабылдаған екен. З.Ижановтың тұжырымдауы бойынша бұл шешімдердің қабылдануына сөзсіз Тобанияз Әлниязов тікелей қатысқан екен. Себебі, 1920 жылы 24 сәуірде Қырғыз (Қазақ-Б.Ж.) өлкелік комитеті Ғұбайдулла Әлібековті Адай ісі жөніндегі арнаулы өкіл етіп тағайындап, мандат беріп, маусым айында Маңғыстаудан өз алдына уез ұйымдастыруға жібереді.

1920 жылы 11-14 маусымда Боркөл шатқалында Закаспий облысы Маңғыстау уезіндегі көшпелі Адайлар мен Табын, тағы басқа рулардан және Темір, Краснодарск уезінің бірсыпыра болыстарынан сайланған делегаттардың I съезі өткен. Адай уезі бұрынғы Маңғыстау уезінен 13 болыс, Темір уезінен 11 болыс, Краснодарскіден IV-ші және V -ші Адай болыстары, Гурьевтен екі болыс ел, яғни 28 әкімшіліктен ұйымдастырылды. Уез тікелей Орынборға бағынатын болды.

Съезде төңкеріс комитетінің басшылары сайланды. Төңкеріс комитетінің төрағалығына Тобанияз Әлниязов, орынбасарына Сыдиық Жұбаев, мүшесі болып Хұсайын Жаналиев бекітілді.

Съезд Маңғыстау уезінің көшпелі жағдайына байланысты шаруашылық, мәдени және т.б. мәселелерді шешу жөнінде кең көлемді қаулы қабылдады.

Уездің алғашқы ұйымдастыру жұмысы көшпелі өмір тұрмысында өте ауыр кезеңде өтті. Уездік төңкеріс комитетінің тұрақты орны болмады. Ойылда онан кейін Қопада, ақырында Форт-Александровскіде орналасты (Ижанов, 2016:21).

Маңғыстау түбегінен бастап, Ойылға дейін, бір жағы Сам құмдарының оңтүстігінен басталып, әрі қарай Арал теңізіне дейін созылған кең байтақ далада көшіп-қонып жүрген ел арасында сол кезде оларды басқару құқығы тек қана төңкеріс комитетінің төрағасы, «Адайдың ханы» атанған Тобанияз Әлниязұлының халық арасындағы аса жоғары абыройы мен беделінің арқасында жүрді деуге болады. Тобанияздың басшылығымен төңкеріс комитеттері елдің жағдайын түзеу жолында бұқара арасында саяси, мәдени-тәрбиелік, әлеуметтік шаруашылық жұмыстарын жүргізді. Сол кездегі елдің ауыр жағдайына көмектесу үшін қолынан келген жағдайды жасауға тырысқанын мына құжаттан көруге болады.

«24 желтоқсан 1920 жыл.

Ойылдан. ҚОАК Президумына.

Көшірмесі Қырғыз (Қазақ) Еңбек Халық Комиссариатына Уезд халқы азық-түліктің жоқтығынан қатты аштыққа ұшырауда, Адайлық көшпенділер астық екпейді. Халықты тез арада (азық-түлікпен – Б.Ж.) қамтамасыз ету үшін Жұбаевтың көрсеткен №10321 тармағы бойынша тапсырыс беруіңізді сұраймын. Адай төңкеріс комитетінің төрағасы Әлниязов.» (ҚР ОМА. 5-қ. 1-т. 45-іс. 22-п.).

Маңғыстау уезінде Кеңес өкіметі орнаған кезден-ақ милиция, прокуратура, сот тағы да басқа органдар болғанымен, олардың жұмыстары Тобанияз төңкеріс комитетінің басшысы болған кезде, негізінен билер алқасымен, ескіден келе жатқан тәртіпті ескере отырып жүргізілді. Аралары алшақ жатқан, көшіп-қонып жүрген елде қылмыс жасау аз еді, тіпті қылмысқа қарсы жүйелі заңдар да жоқтың қасы еді. Сондықтан да ел арасындағы жер дауы, жесір дауы, барымта, құн төлеу және тағы да басқа ұсақ-түйек қайшылықтар артында реніш, кек дегенді қалдырмайтын халықтың дәстүрлі билер соты арқылы шешімін табатын.

Бірақ, қызметінің бас кезінен-ақ Тобаниязға орталық қырын қарап, сырттай қауіптеніп, оған сенбей үнемі бақылауда ұстаған сияқты. Сол кездің өзінде-ақ, 1921 жылы 13 қаңтарда РКП(б) Кирпартбюроның отырысында КирЦИК-тің мүшелігіне үміткер Әлниязов пен Жұбаевты бекіту туралы мәселе қаралып, онда Ішкі Істер Халық Комиссариатындағы материалдар анықталғанша Әлниязовты бекітуді уақытша тоқтата тұру туралы қаулы қабылданған екен (ҚР ҰҚКА. № 011377-іс.12-т. 37-п.).

1921 жылғы 3 наурызда өткен Кирпартбюро президумының отырысының №13 хаттамасынан көшірмеде былай деп көрсетілген екен: «24. *Тыңдалды:* Киркрайвоенкомат іссапарға жіберген Өтегеновтың Адай уезі бойынша саяси жұмыс жөніндегі баяндамасы.

24. *Шешті:* Әлниязовты абайлап шақыртып алуды Қазақстан Орталық Атқару Комитетіне ұсынып, бірінші кезекте Адай уездік комитетнің қызметкерлерін қалдыруды міндеттеу. Кирпартбюроның хатшысы Анохин.» (ҚР ОМА. 140-қ. 1-т. 83-іс. 27-п.).

Ұлт істері жөніндегі халық комиссарының орынбасары болып, содан кейін көп кешікпей Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару бойынша әскери төңкеріс комитетінің төрағасы болған С.С. Пестковскийдің ұсынысымен Қырғыз (Қазақ) әскери комиссариаты арқылы Адай уезі





төңкеріс комитетінің құрамына енгізілген Холодков пен Данилов және Форт-Александровскідегі Кеңес өкіметінің өкілдері енді Тобаниязға сенімсіздікпен қарай бастайды. Оның бір себебі бұлардың барлығы Тобанияздың болыстық және ауылдық төңкеріс комитеттерін құрған кезде Адай ішіндегі беделді адамдарға арқа сүйегенін қолдамады. Өйткені оларды Кеңес өкіметіне жат элементтер деп есептеді (ҚР ҰҚКА. № 011377-іс.12-т. 41-п.).

Оны Адай төңкеріс комитетінің төрағасы етіп бекіткенін мына құжаттан көреміз: «14 сәуір 1921 ж. №20 хаттамадан көшірме. Кирпартбюро отырысы.

*Тыңдалды:* Әлниязов жолдас туралы.

*Шешті:* Адай төңкеріс комитетінің төрағасы болып тағайындалуы туралы КирЦИК шешімі бекітілсін (ҚР ПА. 140-қ. 1-т. 83-іс. 48-п.).

Сол кездегі Тобанияз Әлниязовтың ел үшін істеген қызметіне және жергілікті белсенділердің оның бұл әрекетіне қарсы болғандығына мына архив құжаты толық дәлел бола алады. Сондықтан одан үзінді беруді жөн көрдік.

«10 мамыр 1921 ж. Хаттама.

Арнайы теңіз посты, орталық өкімет өкілдері, уез жауапты партия қызметкерлерінің қатысуымен Уездік төңкеріс комитеті және кәсіподақ кеңесінің біріккен отырысы.

Жұбаев жолдасының төрағалығымен

Хатшы жолдас Умаров

Қатысқандар: уездік төңкеріс комитеті мүшелері Холодков және Алибаев, КирЦИК және уездік төңкеріс комитетінің мүшесі жолдас Данилов, уездік комитет президумы мүшелері ж. Комиссаренко, Матчанов, Кудашев, кәсіподақ төрағасы Мацкевич, уездік әскери комиссар ж. Куликов, арнайы теңіз посты орынбасары жолдас Архипов, ВЦИК мүшелері жолдас Юзимский, қорғаныс кеңесінің уәкілетті өкілі жолдас Горшков, уездік милиция бастығы жолдас Данчуваков, балық басқармасының меңгерушісі жолдас Халаявко.

Отырыс сағат 17-де ашылады.

*Күн тәртібі:*

1. Уездік төңкеріс комитетінің төрағасы жолдас Жұбаевтың «Аймақтағы жағдай туралы» баяндамасы.

*Тыңдалды:*

Жұбаев жолдас өз баяндамасында уездік төңкеріс комитетінің төрағасы азамат Әлниязовтың келуіне байланысты уезде қос биліктің пайда болғанын атап өтті. Өзін «хан» деп жариялаған Әлниязов аймақта үгіт-насихат жұмыстарын мынадай сипатта жүргізеді: орталықтың алдында оның талап етуімен аудан халқы толық тоғыз жылға барлық мемлекеттік міндеттемеден босатылған, сондықтан заттай салық есебінен шикізат, жүн және қой өткізу уез тұрғындары үшін міндетті емес сияқты етіп көрсетеді. Сондай-ақ еңбекке жұмылдыруды бір өзі жойып, жауапты саяси қызметкерлер ұйымдастырған Қызылтас уездік комитеті мен бірқатар еріктілер комитеттерін таратып жіберді. Сол сияқты уездік комитет ұйымдастырған байланыс таратылып және жойылды, жалпы алғанда ф. Александровскіде орналасқан Кеңес өкіметі органдарының барлық тапсырмаларына орталықтан берілген нұсқау жоқ, ол жекелеген адамдардың ойдан шығарғаны деп оған қарсы антисоветтік үгіт жүргізілді. Сонымен қатар, азамат Әлниязов жалпы алғанда уездік төңкеріс комитетінің келісімінсіз және және уезкомның санкциясынсыз 350 миль қашықтықтағы «Сисем» деген жерде ақсақалдар съезін шақырады.

Данилов жолдас Жұбаев жолдасының баяндамасын растайтын, ел ішінен оралған облыстық азық-түлік комитеттерін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаушылар мен агенттердің, сондай-ақ еңбекке жұмылдыру жұмыстарын жүргізуге уәкілетті адамдардың есептерінен үзінді жариялады. Оның үстіне, Данилов жолдас уезде екі әкімшілік билік органының болуының нормадан тыс екенін көрсетеді, сондықтан жалпы уездік төңкеріс комитетінің келісімінсіз және аудандық комитеттің санкциясынсына қарамастан Әлниязов шақырған съезде қалың бұқараға жақындап, қос билікті жою үшін пайдалану керек, өйткені мұндай жағдай қос билік шаруашылық және әкімшілік органдардың бүкіл ұйымдасқан жұмысын бұзуы мүмкін.

Қудашев жолдас Орынборда іссапармен жүргенімде КирЦИК-тің обкомы мен президиумында азамат Әлниязовты Адай-Маңғышлақ уезіне жұмыс істеуге жібермеу қажеттігін көрсеттім, ол өз әрекетімен саяси да, кеңестік жұмысты да, бәрін жойып жіберуі мүмкін екенін айттым, бірақ менің есебіме назар аударылмады, уездік халыққа білім беру



бөлімінің меңгерушісі және уездік төңкеріс комитеті президиумының мүшесі болғанымна қарамастан мені уезд өкілі ретінде танымады.

Мацкевич жолдас бұл құбылыстың жаңалық еместігін, азамат Әлниязовтың уез төңкеріс комитетінің төрағасы болып тағайындалған күннен бастап-ақ коммунистік партияға қарсы үгіт-насихат жүргізіп келе жатқанын, сондықтан халық арасындағы антисоветтік көңіл-күйді жою үшін түбегейлі шаралар қолдану қажеттігін атап өтіп, азамат Әлниязовты уезден оқшаулау керек деді.

Холодков жолдас бізде аз.Әлниязовтың Кеңес өкіметіне қарсы үгіттеу фактілері бар екенін, ол Форт қаласында орналасқан өкімет органдарының жұмысын бұзатынын көрсетті...

... *Шешті:*

... азамат Әлниязовты Адай-Маңғышлақ уезіне уревком қылып қайтару БКП(б)-ның жергілікті ұйымын, жалпы уревкомды, кәсіподақ кеңесін елемей әктісі болады, бірлескен отырыс ескере отырып, азамат Әлниязов қайтадан уезд тұрғындарының арасында коммунистік партияға және өкімет органдарына қарсы ашық үгіт-насихат (*жүргізеді-Б.Ж.*), еңбекке жұмылдыру, шикізатты, жүнді және басқа да азық-түлікті заттай салық түрінде тапсыруды тоқтату, жергілікті жерде құрылған аудандық төңкеріс комитеті, аудандық азық-түлік комитеті және болыстық төңкеріс комитеттерін тарату уездегі кеңес және партия жұмысын бүлдіретін контрреволюциялық акт болып табылады.

Сондықтан бірлескен мәжіліс Кирбюро президиумының азамат Әлниязовты уездік төңкеріс комитетінің төрағасы ретінде Адай-Маңғышлақ даласына жұмысқа қайтару туралы қаулысының күшін жоюды және оны уезден толығымен оқшаулауды талап етеді. КирЦИК пен Кирком тарапынан дер кезінде шаралар қабылданбаған жағдайда Адай-Маңғышлақ Уревкомы, өлкелік комитеттер мен кәсіподақ кеңесі РКП(б) Орталық Комитетіне, Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетіне шағымдануға мәжбүр болады және бір мезгілде Әлниязов жолдасты оқшаулау шараларын сол жерде қолға алсын. Кетіп бара жатқан КирЦИК-тің мүшесі Данилов жолдас пен партия комитетінің мүшесі Әлібаев жолдасқа уревкомның, райкомның және кәсіподақ кеңесінің атынан бұл мәселені өлкелік конференцияда көтеріп және одан әрі Бүкілодақтық атқару комитеті мен ЦК РКП(б) инстанцияларына жолдау тапсырылсын (ҚР ОМА. 266-қ. 3-т. 19-іс. 2-4-б.).

Енді 9 маусым 1921 жылғы Кирпартбюро пленумының жабық отырысының №37а хаттамасынан үзінді берейік: «1. Тыңдалды:

Адайдағы жағдай туралы Данилов пен Оңғалбаев жолдастардың баяндамасы.

1. Шешті:

а). Мүмкіндік туған бойда Әлниязовты төңкеріс комитеті төрағасы қызметінен алып тастау.

б). Сонымен бірге Әлниязовқа оның жұмысын Адай төңкеріс комитетінің жалпы жұмысымен үйлестіру қажеттігі тағы да расталсын.

в). Адай уезіне сол жақта жүре беруді ұсына отырып, тұрақты жұмыс жасау үшін бір топ қызметкерлер жіберілсін.

г). Облыстық комитеттің президиумына топ құрамын белгілеп, обкомның бекітуіне ұсыну тапсырылсын.

д). Төңкеріс комитетінің құрамына Навотный жолдас уақытша енгізілсін.

Кирпартбюро хатшысы Мурзагалиев» (ҚР ПА. 140-қ. 1-т. 82а-іс. 91-п.).

Міне біз бұдан Тобанияздың халық арасында беделінің жоғары екендігін, оның бастамаларын олардың қолдайтындығын көруге болады. Әрине, жергілікті белсенділер оның ел ішіндегі абыройынан, беделінен секенген сияқты, бірақ бәрі бірігіп оның басқан ізін аңдумен болады.

Қазан төңкерісіне дейін Маңғыстау түбегінде сол кездегі мәліметке сенсек бір тәрбиеші, жалғыз фельдшер болған екен. Тәжібай Жаңаев «Тобанияз қыстауы» атты деректі хикаятында мынадай мәлімет береді – «Тобекең төңкеріс комитетінің төрағасы болып тұрған кезінде, үш жылдың ішінде 14 мектеп ашылып, оларда 27 мұғалім қызмет істеген. Қарашекпенде (қазіргі форт – Шевченко) жетім балалар үшін арнайы интернат ұйымдастырылып, оған төңкеріс комитетінің жолдамасымен панасыз, үй-күйі жоқ, жетім қалған балалар жіберіліп отырған. Кейін олардың көбі елімізге белгілі азаматтар болып өседі. Тобекең Кеңестердің Бүкілқазақстандық Құрылтай съезіне делегат болып барғанында башқұрт Құсайын



Мұхамедиев, татар Хасан Уәлиев деген мұғалімдерді алып келіп, Маңғыстаудың Тиген, Жыңғылды ауылдарында мектептер ашады. Бұлардан жүзге жуық балалар сауатын шаып, білім алады. Сондай-ақ қазіргі Атырау облысының Ақшелек, Қопа сияқты елді мекендерінен де мектеп ашқызады. Бұларда Ахмет Байтұрсынов әліппесі бойынша сабақ жүргізілген. Осының бәрі өркениетті ел болуға талпынған алғашқы қадамдар еді.» (Жаңаев, 1998:13).

Міне, Тобанияз Әлниязұлы сол кездің өзінде-ақ елінің болашағы үшін жан аямай еңбек еткен еді. Бірақ оның бұл бастамалары толық жүзеге асып үлгермеді. Енді оны көре алмаушылар шабуылын бұрынғыдан да үдете түседі.

Ақырында, 1922 жылы Тобаниязға «Ақсақалдар билігін сақтайды, ескіден келе жатқан бұрынғы ата-баба салтын, дәстүрін дәріптейді, дін ерекше мән беріп, оны қолдайды, Адай еліне «хан» болуды көксейді. Ықпалы үлкен, беделді адам. Алаш партиясымен сыбайлас, оның батыс бөлімінің басшыларының бірі», - деп (ҚР ҰҚКА. № 011377-іс. 12-т. 37-б.) енді оны соңына түсуге Мемлекеттік біріккен саяси басқарманың өкілдері белсенді түрде кіріседі. Алаш партиясымен сыбайлас дегенде, Алашорда үкіметінің батыс бөлімшесінің жетекшілері – Халел Досмұхамедов және Жаһанша Досмұхамедовпен оның тығыз байланыста болғандығынан қауіптенген болулары керек. Келесі бір құжатта «1922 жылы байлар және сол сияқты кеңес үкіметіне қарсылар бұрынғы Уездік төңкеріс комитетінің төрағасы басты идеолог Әлниязов Тобанияз бастап Адай ауылдарын «Шариғатқа» сүйене отырып кеңестендірудің жобасын жасады», - деп көрсетеді (ҚР ҰҚКА. № 011377-іс. 12-т. 38-б.).

Ауыл халқының кеңес әкім-қараларының жарлықтарына құлақ аспай, Тобанияздың айтқандарын мүлтіксіз орындауы, жас баладан еңкейген қарияға дейін, тіпті елдің барымташы ұры-қарыларының да Тобанияздың ырықна көнетіндігі жергілікті кеңес қызметкерлерінің ашу-ызасын туғызды. Олар енді оны контрреволюциялық топтың басшысы, қол астында Қосжанов Құрмаш бастаған қарулы тобы бар - деп кінәлауға көшеді. «Қосжанов Құрмаш бастаған бандылар қозғалысының басты дем берушісі, әрі идеологиялық жетекшісі, «Адайдың ханы» Тобанияз Әлниязов. Ол өзі де бандыларға қосылып, олардың қимылына еріп жүр...» - деп көрсетеді «Адайлар ісінде» (ҚР ҰҚКА. № 011377-іс.12-т. 35-б.). Кейбір деректерге қарағанда Құрмаштың Тобаниязбен байланысын өтірікке шығаруға болмайды. Бірақ Тобанияз Құрмашты жөнге салып, оның қарулы тобын Түрікмен, Хорезм жақтан жасалатын тонаушылық шабуылдарға тойтарыс беріп, халық тыныштығын қорғау үшін пайдаланған сияқты (Сариев, Омаров, 1995:45).

Кейін осы сияқты бұзыққа қолдау жасап, әлденеше рет Құрмашты құтқарып жіберген дегенді Тобаниязға айып қылып таққан. Кейбір деректерге және естеліктерге қарағанда, Құрмаш қуғыншылыққа ұшырап жүрген уақытта Тобаниязбен кездескенін жоққа шығаруға болмайды. Мысалы, 1929 жылы Тобанияздың ұсынысымен Құрмаш байлар мәжілісіне қатынасқан, ал 1930 жылы қыс ортасында Тобанияздың өзі Құрмаш тобында аз уақыт болғанға ұқсайды. Бірақ оның Құрмашты ұстап беруге әрекеттенбегені анық. Соған қарағанда, арандатушылықпен қылмысқа барған Құрмаштың жағдайын Тобанияз түсінген болуы керек.

Хорезм жерінен Адай уезінің шекаралас ауылдарына 1921 жылы бірнеше рет шабуылдар болған екен. Адай уезі орналасқан территорияға бұрынғы кезде де Түрікмен қарақшылары шабуыл жасап, жергілікті адамдарды өлтіріп, малдарын айдап алып кетіп отырған. Жалпы Түрікмен-Адай жаугершілігінің түбі әріге, ғасырлар қойнауына кетеді.

Бұған Хорезм үкіметінің, Қазақ өлкелік партия-кеңес басшыларының тарапынан ешқандай әрекет болмай, жергілікті уездің өзі қорғансын деді. Ақыры шыдамы таусылған жергілікті халық Тобанияздан көмек сұрайды. Осыдан кейін Тобанияз бірнеше жүз қаруланған адамдарымен 1921 жылы қыркүйекте Қоңырат қаласына барып, ешқандай қақтығыссыз ел басшыларымен келіссөз жүргізеді. Бұл шара кейін өзінің жемісін берді. Тобанияз Әлниязұлының халық қамын жеп, Қоңыратқа барып, елге тыныштық орнатуын, халық арасындағы оның абыройын, беделін арттыра түседі де, керісінше бұл жергілікті әкімшілікке, партия-кеңес қызметкерлеріне ұнамады. Хорезмге сапарынан кейін, республиканың жоғарғы органдары төңкеріс комитетінің жұмысын, Тобанияздың ел арасындағы жүргізген саясатын қатты тексеріп, олардың басшыларын қысымға ала бастады.

Бұл жағдай және басқа да мәселелерге байланысты Тобанияз Әлниязұлының істеген іс-әрекеттері үшін оны қызметінен алу керек деген жергілікті коммунистердің арыз-шағымдарын орталық басқару органдары негізге алып, оны қызметінен босатады.



Уездік төңкеріс комитетінің төрағасы қызметінен босатылуының бірінші себебі, оның Хорезмге жасаған жорығы болса, екінші себебі, партия, кеңес қызметкерлері мен төңкеріс комитетіндегі қызметкерлермен арасындағы келіспеушіліктер болды.

Уез халқының сол кезде үкімет саясатына қарсы белең ала бастаған наразылығын төңкерістік комитеттің басқа да беделді азаматтарынан көрді. Барлық келеңсіз жағдайларды ұйымдастырушылардың басшысы ретінде Тобаниязды айыптап, енді оның соңына шырақ алып түседі. Оған дәлел, Бүкілодақтық Төтенше комиссияның №1353-ші құжатында оған мынадай мінездеме беріледі: «Тобанияз Әланиязұлы әулетті, құрметті тұқымнан, Қазақстанда өте беделді, белгілі адам, патша үкіметі тұсында бірнеше жыл болыс болған, бұрын да, қазір де үлкен бай... Барлық Адай жерінде үлкен беделді, ықпалды адам. Ол 1920-1923 жылдары округ төңкеріс комитетінің төрағасы болды, ол жұмыстан түскеннен кейін де адайды басқаруын қойған жоқ, хан атанды. Өзіне «Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед оның елшісі» - деген жазуы бар дін уағызына сәйкес мөр жасатты. Кеңес үкіметінің заңына бағынбай, ел арасында билік жүргізеді. Ел ішіндегі жағдайды тұрмыстық, дін жолымен шешеді», - делінген. Осы сияқты мінездемелерді бұдан басқа бірнеше құжаттардан кездестіруге болады.

1922 жылы ол тұтқындалып, Орынборға жөнелтіледі.

Тобанияз Әланиязұлына қарсы қозғалған айыптауларының мәні Адай уезі бойынша РКП (б) облыстық партия комитеті мен КирЦИК-тің төтенше өкілі Қазыбековке 1922 жылы қыркүйектің 6-да ОГПУ-дің Адай уезі бойынша өкілі Рыбоследовтың жолдаған мәліметінде баяндалған. Тобанияз Әланиязұлы мен оның серіктеріне төмендегідей: қырдағы тұрғындардан қару-жарақ жинау жөніндегі ОГПУ органдарының іс-қызметіне көрсеткен қарсылық әрекеті, жеке дара «хандық» билік орнатқаны, соның ішінде 1921 жылдың азық-түлік жөніндегі салықтың орындалмай қалуы төңкеріс комитетінің төрағасының кесірінен деген айыптар тағылды (ҚР ОМА. 256-қ. 3-т. 19-іс. 150-п.).

Ақырында, 1922 жылы 6 желтоқсандағы РКП(б) Киробком президиумының мәжілісінде (№47 хаттама) Тобанияз Әланиязұлы туралы баяндама тыңдалып (баяндамашы Пилявский) халықтың талап етуімен елдегі беделді адамдардың кепілдігімен Тобанияз Әланиязұлын босату туралы шешім қабылданады (ҚР ПА. 139-қ. 1-т. 266-іс. 182-п.). Бірақ, РКП(б) Киробком президиумының 1923 жылғы 23 қаңтардағы отырысында Тобанияз Әланиязұлы туралы тағы да мәселе қаралып, талқылау нәтижесінде Әланиязұлының үстінен жасалынатын прокурорлық қадағалау (надзор-Б.Ж.) мен сот органдарының шараларына кедергі жасамау керектігі туралы қаулы қабылданыпты (ҚР ПА. 139-қ. 1-т. 545-іс. 9-п.).

Мемлекеттік саяси басқарманың №2560 мәлімдемесінде тобанияз Әланиязұлы 1925 жылдан кейін үкімет жұмысында болмаған, өзінің қонысы – Буракөлде үй салып, жеке шаруашылықпен айналысып, көшіп-қонып жүрген.

Тобанияздың қазақ халқы, соның ішінде Адай елінің ішінде ықпалы аса зор болғанын, партия-кеңес органдарының қызметкерлері де, мемлекеттік біріккен саяси басқарманың өкілдері де мойындауға мәжбүр болған. Уездік төңкеріс комитетінің төрағасы қызметінде жүргенде Адай округінің 1919 жылға дейін Түрікменстанға бағынуына наразы болып, Орынбордағы Қырғыз (*Қазақ-Б.Ж.*) Республикасының басшыларымен 4 айдай сөйлесіп, соның нәтижесінде дұрыс шешімін тауып, Адай округі 200 жылдан кейін Қазақстанның құрамына енген болатын.

Төңкерістік комитеттер, ауылдық кеңестер, Тобанияздың ұсынысымен ауылдық төңкерістік комитеттер болып қайта құрылып, халықтың жағдайын түзеу жолында бұқара арасында саяси, мәдени-тәрбиелік, әлеуметтік-шаруашылық жұмыстарын белсене жүргізген болатын.

Ұжымдастыру кезіндегі солақай саясаттың қысымымен ел басқа жерлерге үдіре көше бастаған болатын. Осындай ауыр жағдайлардың орын алу себебін заң бұрмалаушылардың тарапынан болып жатқанына жоғарғы үкімет басшылары мән бермеді.

Біріккен саяси басқарманың контрреволюциялық «Адайды құтқару» тобы туралы тергеу құжаттарында: «Әланиязұлы Тобанияздың бастамасымен құпия жиналыс өткізіліп, онда елді Түрікменстанға, Ауғанстан мен Персияға көшуге үгіттеу жүргізілді», - деп көрсетілген (ҚР ПА. 139-қ. 1-т. 545а-іс. 17-п.).

1929 жылдың желтоқсанында Әланиязұлы Тобанияз бастаған бірнеше адам тұтқынға алынады. «Байлардың, саудагерлердің, патша үкіметінің бұрынғы Адай округі кеңес



қызметкерлерінің контрреволюциялық ұйымы» - деген қылмыстық іс бойынша 70 адам қылмыстық кодекстің 58-2 бабымен айыпталып тұтқындалған.

1930 жылдың наурыз айының басында оның үстінен жүргізілген тергеу ісі аяқталады да, 12 қыркүйекте Біріккен Мемлекеттік саяси басқарманың Гурьев округтік бөлімі Тобанияз Әланиязұлын Алматыға толық құқықтық уәкілдігінің қарауына жіберуге қаулы қабылдайды (ҚР ҰҚКА. № 011377-іс. 6-т. 27-п.).

Ақырында, Алматы қаласында, 1931 жылдың, 9-наурызында, түнгі сағат 23-те Қазақстандағы ПП ОГПУ жанындағы үштіктің 1930 жылғы 9 қазандағы №2434 іс бойынша Әланиязов Тобаниязға қатысты жазаның ең жоғары түрі туралы үкім орындалған екен (ҚР ҰҚКА. № 011377-іс. 3-т. 47-п.). Елі үшін жан аямай күрескен есіл ер осылай қаза тапқан еді.

Адай даласынан шыққан, елінің бостандығы, жерінің тұтастығы үшін күрескен, ел ынтымағын қорғаушы, ата-дәстүрін берік сақтаушы Тобанияз Әланиязұлы сияқты ерлердің көзін осылай жою сол кез үшін қалыпты жағдай еді.

Бұл Голощекиннің Қазақстанда «Кіші Қазанды жүзеге асыру керек», - деп ұрандатып, оны теорияға айналдырып, республика басшыларына мақұлдатып, оны жүзеге асыру үшін қазақ ауылдарында жедел кеңестендіруге бағыттаған саяси әдісі болатын.

Голощекиннің Адай округі туралы нақты саясаты округті екіге бөліп, басқа округтерге бағындырып, ел бірлігін бұзу, сөйтіп елді титығына жеткізген саясатқа қарсы бас көтере бастаған халықтың қимылын көтеріліске жеткізбей басу еді (Сариев, Омаров, 1995:55).

**Қорытынды.** Бұл іс тек қана араға ұзақ уақыт салып қана қайта қаралып, 1962 жылдың 8 ақпандағы және 1990 жылдың 26 сәуіріндегі Қазақстан Республикасы жоғарғы сотының қылмысты істер жөніндегі алқасының шешімімен айыпкерлердің әрекетінде қылмыстық құрамның болмауына орай іс қысқартылды.

Сөйтіп, Адай елінің арыстары еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана халқымен қайтадан табысып, ел тарихынан әділ орнын алған еді. Қазір Ақтау қаласында Тобанияз Әланиязұлына ескерткіш орнатылып, ол туралы баспасөзде материалдар жарияланып, оның есімін болашаққа қалдыру жөнінде жерлестері біраз жұмыстар жүргізілуде.

#### Дереккөздер

- ҚР ОМА - Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві.  
 ҚР ПА - Қазақстан Республикасы Президентінің архиві  
 ҚР ҰҚКА - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті архиві

#### Sources

- CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.  
 AP RK - Archive of the president of the Republic of Kazakhstan  
 NSC RK - National Security Committee of the Republic of Kazakhstan - archive

#### Әдебиеттер

- Алдажуманов, 1996 - *Алдажуманов К.* Крестьянское движение сопротивления в Казахстане в 1929-1932гг. // Адилет. Материалы «круглых столов» и семинаров. Алматы: XXI век, 1996. 158 с.  
 Алланиязов, 2009 - *Алланиязов Т.К.* «Последний рубеж защитников номадизма. История вооруженных выступлений и повстанческой движений в Казахстане (1929-1931 гг.)» Алматы: Фонд XXI век, 2009. 424 с.  
 Ахметов, 1996 - *Ахметов Ф.* Алаш Алаш болғанда. Алматы: Жалын, 1996. 224 б.  
 Алиби Джангильдин, 1961 - *Алиби Джангильдин.* Документы и материалы. Под ред. Т.Е. Елеуова, П.М. Пахмурного. Алматы: Наука, 1961. 235 с.  
 Жаңаев, 1998 - *Жаңаев Т.* Тобанияз қыстауы. Алматы: Жазушы, 1998. 144 б.  
 Жұмағұлов, 1999 – *Жұмағұлов Б.С.* Кеңес өкіметінің аграрлық саясаты және Адай көтерілісі (1922-1933 жж.). тарих ғылымдарының кандидаты... диссертацияның авторефераты. Алматы, 1999. 30 б.  
 Жұмағұлов, 2021 – *Жұмағұлов Б.С.* Сұрқия саясат сойқаны. Алматы: Үш қиян. 2021. 312 б.  
 Ижанов, 2016 - *Ижанов З.* Тобанияз. Алматы: Өлке, 2016. 279 б.  
 Қазақ ССР тарихы, 1981 - *Қазақ ССР тарихы.* 4 – том, Алматы: Ғылым, 1981. 676 б.  
 Омарбеков, 1994 - *Омарбеков Т.* Зобалаң (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық. 1929-31 жылдары болған халық наразылығы). Алматы: Санат, 1994. 272 б.  
 Омарбеков, 1997 - *Омарбеков Т.* 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы: Санат, 1997. 320 б.



- Омаров, 1994 - *Омаров М.* Расстрелянная степь. Алматы: Ғылым, 1994. 104 с.  
 Сариев, Омаров, 1995 - *Сариев І., Омаров М.* Ойрандалған Адай даласы. Алматы: Атамұра, 1995. 160 б.  
 Спанов, 1995 - *Спанов Ә.* Тобанияз. Ақтау: Облыстық баспахана 1995. 120 б.  
 Хайдарұлы, 1997 - *Хайдарұлы С.* Қанды асу. Алматы: Өлке, 1997. 164 б.

#### References

- Akhmetov, 1996 - *Akhmetov G.* Alash Alash Bulganda [When Alash is Alash]. Almaty "Zhalyn", 1996. 224 p. [in Kaz.]  
 Aldajumanov, 1996 - *Aldajumanov K.* Peasant resistance movement in Kazakhstan in 1929-1932 [Peasant resistance movement in Kazakhstan in 1929-1932.]. //Adilet. Materials of "round tables" and seminars. Almaty: XXI Century. 1996. 158 p. [in Russ.]  
 Allaniyazov, 2009 - *Allaniyazov T.K.* "The last frontier of the defenders of nomadism. The history of armed uprisings and rebel movements in Kazakhstan (1929-1931)" [The last frontier of the defenders of nomadism. The history of armed uprisings and rebel movements in Kazakhstan (1929-1931)]. Almaty: Fund XXI century, 2009. 424p. [in Russ.]  
 Alibi Dzhangildin, 1961 - *Alibi Dzhangildin.* Documents and materials [Documents and materials]. Almaty "Nauka", 1961. 217 p. [in Russ.].  
 Izhanov, 2016 - *Izhanov Z.* Tobaniyaz [Tobaniyaz]. Almaty: Olke, 2016. 279 p. [in Kazakh].  
 Kazakh SSR tarihy, 1981 - *Kazakh SSR Tarihy* [History of the Kazakh SSR]. Vol. 4. Almaty: Gylym, 1981. 676 p. [in Kaz.]  
 Khaidaruli, 1997 - *Khaidaruli S.* Kandy asu [Bloody pass]. Almaty: Olke, 1997. 164 p. [in Kaz.]  
 Omarbekov, 1994 - *Omarbekov T.* Zobalan (Kushtep yzhymdastyrua karsylyq. 1929-31 zhyldary bolgan halyk narazylygy) [Hardships (Resistance to forced collectivization. Popular protest of 1929-31)]. Almaty: Sanat, 1994. 272 p. [in Kaz.]  
 Omarbekov, 1997 - *Omarbekov T.* 20-30 zhyldardagy Kazakhstan kasireti [The tragedy of Kazakhstan in the 20s and 30s.]. Almaty: Sanat, 1997. 320 p. [in Kaz.]  
 Omarov, 1994 - *Omarov M.* The shot steppe [The shot steppe]. Almaty: Gylym, 1994. 104 p. [in Russ.]  
 Sariev, Omarov, 1995 - *Sariev I., Omarov M.* Oirandalgan Aday dalasy [Devastated Adai steppe]. Almaty: Atamura, 1995. 160 p. [in Kaz.]  
 Spanov, 1995 - *Spanov A.* Tobaniyaz [Tobaniyaz]. Aktau: Regional printing house, 1995. 120 p. [in Kaz.]  
 Zhanaev, 1998 - *Zhanaev T.* Tobaniyaz qystauy [Tobaniyaz wintering]. Almaty: Zhazushy, 1998. 144 p. [in Kaz.]  
 Zhumagulov, 1999 - *Zhumagulov B.S.* Kenes okimetinin agrarlyk sayasaty zhane Aday koterilisi (1922-1933) [Agrarian policy of the Soviet government and the Adayev uprising (1922-1933)] ...dissertation abstract. Almaty, 1999. 30 p. [in Kaz.]  
 Zhumagulov, 2021 - *Zhumagulov B.S.* Surqiya sayasat soykany. [Results of scandalous politics]. Almaty: Ysh qiyani, 2021. 312 p. [in Kaz.]



Published in the Kazakhstan  
Отан тарихы  
Has been issued as a journal since 1998  
ISSN: 1814-6961 (Print)  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
Vol. 26. Is. 2, pp. 272-286, 2023  
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>


FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20.  
[https://doi.org/10.51943/1814-6961\\_2023\\_26\\_2\\_272-286](https://doi.org/10.51943/1814-6961_2023_26_2_272-286)

## «КАЗАХСКИЙ КАЛЕНДАРЬ НА 1923 ГОД» В КОНТЕКСТЕ ИДЕНТИЧНОСТИ

Гюльнар Кайроллиновна Муканова<sup>1</sup>, Самат Жуматай<sup>2</sup>, Ахмет Ташагыл<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Институт Истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (28 дом, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Казахстан)

Кандидат исторических наук, профессор, ведущий научный сотрудник

 <https://orcid.org/0000-0002-9222-5893>. E-mail: [Gulnar\\_mukanova@mail.ru](mailto:Gulnar_mukanova@mail.ru)


<sup>2</sup>Евразийский Государственный Университет имени Л.Н. Гумилева (дом 2, ул. Сатпаева, 010000, Астана, Казахстан)

докторант

<https://orcid.org/0000-0001-9667-6205> E-mail: [koreev95@mail.ru](mailto:koreev95@mail.ru)

<sup>3</sup>Едителе Университет (26-дом, ул. Кайышлагы, Аташехир, Стамбул, Турция)

доктор PhD, профессор

 <https://orcid.org/0000-0002-1435-8877> E-mail: [atasagil\[at\]hotmail.com](mailto:atasagil[at]hotmail.com)

© ИИЭ им. Ш.Ш. Валиханова, 2023

© Муканова Г.К., Жуматай С., Ташагыл А., 2023

**Аннотация.** *Введение.* Актуализация археографических экспедиций в рамках работы Государственной Комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий раскрывает малоизвестные пласты социально-массовой работы Алаш интеллигенции в 1920 – 1927 гг. *Цели и задачи.* Данное исследование преследует цель актуализировать изучение оригинальных источников, авторами которых идентифицируется актив Алаш, в момент борьбы за национальную идентичность. В задачи исследования входило изучение оригинального источника и ввод его в научный оборот. *Результаты.* Проведены верификация и комплексный анализ содержания Казахского календаря на 1923 год. В научный оборот вводятся впервые сведения о Календаре на 1923 год, изданном в Оренбурге. Установлен факт неизвестной ранее статьи 1922 года, верифицировано авторство Смагула Садвокасова. Установлены конкретные персоналии казахских государственных деятелей и Алаш интеллигенции, формально не входившей в номенклатуру КирЦИКа, активно и творчески участвовавших в массовом распространении новой метрической системы и театра как профессиональной формы организации культурного досуга. *Заключение.* Вновь обнаруженные письменные источники, отражающие роль передовой национальной интеллигенции в продвижении и упрочении казахской идентичности в исторических рамках автономии, стимулируют поиски новых фактов. Алаш интеллигенция проявляла гибкость и последовательность в сохранении и пропаганде языка и культурного наследия казахского народа.

**Ключевые слова:** идентичность, казахский, календарь, Садвокасов, Косшыгулов, Алаш, исторический источник, архивы, идентичность

**Благодарность.** Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства высшего образования и науки Республики Казахстан «Государственная, общественная и научно-педагогическая деятельность Смагула Садуакасулы» (на основе новых архивных и письменных источников)» (регистрационный номер AP09261139 AP09261139).



**Для цитирования:** Муканова Г.К., Жұматай С., Ташағыл А. «Қазақский календарь на 1923 год» в контексте идентичности // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 2. С. 272-286. (На рус.) DOI: 10.51943/1814-6961\_2023\_26\_2\_272-286

## «1923 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ КҮНТІЗБЕСІ» БІРЕГЕЙЛІК БАҒЫТЫНДА

Гүлнар Қайроллақызы Мұқанова<sup>1</sup>, Жұматай С.<sup>2</sup>, Ахмет Ташағыл<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан)

Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, бас ғылыми қызметкер

<https://orcid.org/0000-0002-9222-5893>. E-mail: Gulnar\_mukanova@mail.ru

<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (2 үй, Сәтбаев к. 010000, Астана, Қазақстан) докторант

<https://orcid.org/0000-0001-9667-6205> E-mail: kopeev95@mail.ru

<sup>3</sup>Едитепе Университеті (26-үй, Қайышшағы к-сі, Ыстамбұл, Түрік Республикасы)

PhD докторы, профессор

<https://orcid.org/0000-0002-1435-8877> E-mail: atasagil[at]hotmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2023

© Муканова Г.К., Жұматай С., Ташағыл А., 2023

**Андатпа.** *Kіріспе.* Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық оңалту жөніндегі Мемлекеттік комиссияның жұмысы шеңберінде археографиялық экспедициялар өзекті. *Мақсаттар.* Бұл зерттеу ұлттық бірегейлік үшін күрес кезінде түпнұсқа дереккөздерді, Алаш зиялыларының авторлығын зерттеуді өзектендіру мақсатын көздейді. Зерттеудің міндеттері: түпнұсқа көзді зерттеу және оны ғылыми айналымға енгізу. *Нәтижелер.* «1923 жылға арналған Қазақ күнтізбесінің» мазмұнына кешенді талдау жүргізілді. Ғылыми айналымға алғаш рет Орынборда жарияланған «1923 жылға арналған Күнтізбе» туралы мәліметтер енгізіледі. Бұрын белгісіз болған 1922 жылғы мақаланың авторы Смағұл Сәдуақасов екені анықталды. ҚазОАК-тың номенклатурасына ресми түрде кірмеген, мәдени мәдени демалысты ұйымдастырудың кәсіби нысаны ретінде жаңа метрикалық жүйе мен театрды жаппай таратуға белсенді қатысқан қазақ мемлекет қайраткерлері мен Алаш зиялыларының нақты персоналдары белгіленді. *Қорытынды.* Жаңадан ашылған жазбаша дереккөздер автономияның шеңберінде қазақтың бірегейлігін ілгерілету мен нығайтудағы озық ұлттық зиялы қауымның рөлін көрсетеді, жаңа фактілерді іздеуді ынталандырады. Алаш зиялы қауым қазақ халқының тілі мен мәдени мұрасын сақтау мен насихаттауда икемділік пен дәйектілік танытты.

**Түйінді сөздер:** қазақтар, күнтізбе, Сәдуақасов Смағұл, Қосшығұлов, Алаш, тарихи дереккөз, мұрағаттар, сәйкестік

**Алғыс айту.** Мақала Қазақстан Республикасы Жоғары білім және ғылым министрлігінің "Смағұл Сәдуақасұлының мемлекеттік, қоғамдық және ғылыми-педагогикалық қызметі" (жаңа мұрағаттық және жазбаша дереккөздер негізінде)" гранттық қаржыландыру жобасын іске асыру шеңберінде орындалған (тіркеу нөмірі AP09261139).

**Дәйексөз үшін:** Мұқанова Г.К., Жұматай С., Ташағыл А. «1923 жылға арналған Қазақ күнтізбесі» бірегейлік бағытында // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 2. 272-286 б. (Орыс.) DOI: 10.51943/1814-6961\_2023\_26\_2\_272-286

## “KAZAKH CALENDAR FOR 1923” IN THE CONTEXT OF IDENTITY

Gulnar K. Mukanova<sup>1</sup>, Samat Zhumatay<sup>2</sup>, Akhmet Tashagyl<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (28, Shevchenko Str., Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan)

Candidate of Historical Sciences, Professor, Leading researcher

<https://orcid.org/0000-0002-9222-5893>. E-mail: Gulnar\_mukanova@mail.ru

<sup>2</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University (2, Satpaev street, 010000 Astana, Kazakhstan)

PhD student






<https://orcid.org/0000-0001-9667-6205> E-mail: kopeev95@mail.ru

<sup>3</sup>Yeditepe University (26-house, Kayyshdagi str., Atashehir, Istanbul, Republic of Turkey)

Dr. Sciences (History)

 <https://orcid.org/0000-0002-1435-8877> E-mail: atasagil[at]hotmail.com

**Abstract.** *Introduction.* The actualization of archaeological expeditions within the framework of the work of the State Commission for the Complete Rehabilitation of Victims of Political Repression reveals little-known layers of the socio-mass work of the Alash intelligentsia in 1920-1927. Goals and objectives. *This study aims* to update the study of the original sources, the authors of which identify the Alash asset, at the time of the struggle for national identity. The objectives of the study included the study of the original source and its introduction into scientific circulation. *Results.* Verification and comprehensive analysis of the content of the Kazakh calendar for 1923 were carried out. For the first time, information about the Calendar for 1923, published in Orenburg, is introduced into scientific circulation. The fact of a previously unknown article of 1922 has been established, the authorship of Smagul Sadvokasov has been verified. The specific personalities of the Kazakh statesmen and the Alash intelligentsia, who were not formally included in the nomenclature of the KyrCEC, who actively and creatively participated in the mass dissemination of the new metric system and theater as a professional form of cultural leisure organization, were identified. *Conclusion.* Newly discovered written sources reflecting the role of the advanced national intelligentsia in the promotion and consolidation of the Kazakh identity within the historical framework of autonomy stimulate the search for new facts. The Alash intelligentsia showed flexibility and consistency in preserving and promoting the language and cultural heritage of the Kazakh people.

**Keywords:** identity, Kazakh, calendar, Sadvokasov, Kosshygulov, Alash, historical source, archives, identity

**Acknowledgements.** The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Higher Education and Science of the Republic of Kazakhstan "State, public and scientific-pedagogical activity of Smagul Saduakasuly" (based on new archival and written sources)" (registration number AR09261139 AR09261139).

**For citation:** Mukanova G.K., Zhumatay S., Tashagyl A. "Kazakh calendar for 1923" in the context of identity. *Otan tarihy*. 2023. Vol. 26. No. 2. Pp. 272-286. (in Russ.). DOI: 10.51943/1814-6961\_2023\_26\_2\_272-286

- Mukanova, Baizhumanova, 2022 – Mukanova G.K., Baizhumanova Z.B. Akhmet Baitursynov i Smagul Sadvakasov: konsensus v poiskakh natsional'no-gosudarstvennoi identichnosti [Akhmet Baitursynov and Smagul Sadvakasov: consensus in search of national-State identity]. *Otan tarihy*. 2021. Nr 3 (95). Pp. 84-92. [In Rus.]
- Saduakasuly, 1922a - Saduakasuly Ismagul. Taptar kuresi degen ne narse? [What is a class struggle?]. *Kyrgyz calendar for 1923*. Orenburg, 1922. Pp. 35-38. [In Kaz.]
- Saduakasuly, 1922b - Saduakasuly Ismagul. Kynbatys hэм Kynshyгystyn bostandyк zholyndary kyresteriniң tarikhy [History of the struggle of the Sun-West and The Sun-East for freedom]. *Kyrgyz calendar for 1923*. Orenburg, 1922. Pp. 38-41. [In Kaz.]
- Sovetskaya istoricheskaya, 1963 - Sovetskaya istoricheskaya entsiklopediya [Soviet Historical Encyclopedia]. Vol 3. Moscow: Soviet Encyclopedia, 1963. 516 p. [In Rus.]
- Sovetskaya istoricheskaya, 1965 - Sovetskaya istoricheskaya entsiklopediya [Soviet Historical Encyclopedia]. Vol 6. Moscow: Soviet Encyclopedia, 1965. 521 p. [In Rus.]
- Sovetskii, 1918 - Sovetskii kalendar' na 1919 god [The Soviet calendar for 1919]. M.: Sytin's Partnership, 1918. [In Rus.]
- Theatrical and musical calendar-reference book for 1923, 1923 - Teatral'no-muzykal'nyi kalendar'-spravochnik na 1923 god [Theatrical and musical calendar-reference book for 1923]. Petrograd: Weekly of Academic Theaters, 1923. [In Rus.]
- Yskakov, 2009 - Yskakov M. Khalıy kalendary [People's Calendar]. Almaty: Zhazushy, 2009. 328 p. [In Kaz.]
- Furtado, 2013 - Furtado Peter. Histories of Nations: How Their Identities Were Forged. Thames & Hudson; Illustrated edition, 2013. 264 p.
- Hammer, 2011 – Hammer Joshua. The Great Japan Earthquake of 1923. Smithsonian, 2011. URL: <https://www.smithsonianmag.com/history/the-great-japan-earthquake-of-1923-1764539/> Дата обращения: 10.03.2023.
- Hung, 2021 - Hung Chang-tai. Politics of Control: Creating Red Culture in the Early People's Republic of China. University of Hawaii Press, 2021. 288 p.



ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Kazakhstan  
Otan tarihy  
Has been issued as a journal since 1998  
ISSN: 1814-6961 (Print)  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
Vol. 26. Is. 2, pp. 287-297, 2023  
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРПТИ / IRSTI 03.20.  
[https://doi.org/10.51943/1814-6961\\_2023\\_26\\_2\\_287-297](https://doi.org/10.51943/1814-6961_2023_26_2_287-297)

**FORMATION AND ACTIVITIES OF THE ACADEMIC CENTER  
IN KAZAKHSTAN IN THE 1920s**

*Auezkhan K. Shashaev<sup>1</sup>, Shamek B. Tleubaev<sup>2</sup>, Nurgul N. Kurmanalina<sup>3\*</sup>*

<sup>1,2,3</sup>Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (28, Shevchenko Str., Almaty, 050010. Republic of Kazakhstan)

<sup>1</sup>Candidate of Sciences (History), Leading Researcher

• <https://orcid.org/0000-0002-4902-0120>. E-mail: [shashaevaezhan@mail.ru](mailto:shashaevaezhan@mail.ru)

<sup>2</sup>Candidate of Sciences (History), Deputy Director for Science

• <https://orcid.org/0000-0002-9659-1006>. E-mail: [shamek\\_09@mail.ru](mailto:shamek_09@mail.ru)

<sup>1\*</sup>PhD, Academic Secretary

• <https://orcid.org/0000-0002-9659-1006>. E-mail: [nurgulca@mail.ru](mailto:nurgulca@mail.ru)

**Annotation.** *Introduction.* The article is devoted to the analysis of the activities of the Academic Center (1921-1926) on the basis of data from archival collections. *Goals.* The paper examines the main aspects of the creation and activity of the Academic Center at the People's Commissariat of Education, which became the basis of the origins of the emerging Kazakh science in the difficult period of the Soviet era, 20-30 years. XX century. *Results.* To achieve the goal, the work of the academic center is presented from the point of view of historical knowledge, based on the requirements arising from the public demand of the modern history of independent Kazakhstan. *Conclusions.* The Academic Center was one of the main institutions where the Kazakh intelligentsia was most united. The Academic Center relied on a number of scientific organizations, such as the Society for the Study of Kazakhstan, the Orenburg branch of the Russian Geographical Society. Documentary data obtained from the funds of the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, the United State Orenburg Regional Archive of the Russian Federation, reveal the educational activities of the Academic Center. The materials presented in the research paper and the conclusions obtained are also of applied importance for researchers in this field.

**Keywords:** Academic Center, Council of People's Commissars, science, education, public organizations, museum, archive.

**Acknowledgements.** The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «Educational activities of public organizations of Kazakhstan in the first quarter of the XX century» (Registration number AP 09260737).

**For citation:** Shashaev K.A., Tleubaev B.Sh., Kurmanalina N.N. Academic center: some aspects of creation and activity // Otan tarihy. 2023. Vol. 26. No. 2. Pp. 287-297. (In Kaz.) DOI: 10.51943/1814-6961\_2023\_26\_2\_287-297

**XX ғ. 20-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚТЫҢ  
ҚҰРЫЛУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ**

*Шашаев Әуезхан Қадіржанұлы<sup>1</sup>, Тілеубаев Шәмек Баянұлы<sup>2</sup>, Құрманалина Нұргүл Нұрсұлтанқызы<sup>3\*</sup>*



<sup>1,2,3</sup>Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты (28-үй, Шевченко к-сі, 050010. Алматы қ., Қазақстан)

<sup>1</sup>Тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер

• <https://orcid.org/0000-0002-4902-0120>. E-mail: shashaevaezhan@mail.ru

<sup>2</sup>Тарих ғылымдарының кандидаты, директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары

• <https://orcid.org/0000-0002-9659-1006>. E-mail: shamek\_09@mail.ru

<sup>1</sup>\*PhD, ғалым хатшы

• <https://orcid.org/0000-0002-9659-1006>. E-mail: nurgulca@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2023

© Шашаев Ә.Қ., Тілеубаев Ш.Б., Құрманалина Н.Н., 2023

**Андатпа.** *Kіріспе.* Мақала Академиялық орталықтың (1921-1926 жж.) қызметінің бағыттарын архив қорлары мәліметтеріне сүйене отырып, талдап көрсетуге арналған. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Жұмыста кеңестік кезеңнің ең бір күрделі және ауыртпалыққа толы ХХ ғ. 20-30 жж. енді қалыптасып жатқан қазақ ғылымының бастауларының негізі болған Ағарту халық комиссариатына қарасты Академиялық орталықтың аса өзекті болып табылатын құрылуы мен қызметінің негізгі қырлары зерделенді. *Нәтижелер.* Мақсатқа жету үшін Академиялық орталықтың жұмысы салыстырмалы түрде, тарихи таным тұрғысынан, қазіргі тәуелсіз Қазақстан тарихының қоғамдық сұранысынан туындайтын талаптар негізінде баяндалады. *Қорытындылар.* Академиялық орталық қазақ зиялылары ең көп топтасқан басты мекеменің бірі болатын. Бұл орталық Қазақстанды зерттеу қоғамы, Орыс географиялық қоғамының Орынбордағы бөлімшесі сияқты бірқатар ғылыми бірлестіктерге арқа сүйеді. Академиялық орталықтың атқарған ағартушылық қызметін ашуда Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві, Ресей Федерациясы Орынбор қаласындағы облыстық архиві қорларынан алынған құжаттық деректер біршама мағлұматтар береді. Зерттеу жұмысында берілген материалдардың, алынған тұжырымдардың осы саладағы зерттеушілер үшін қолданбалық жағынан да маңызы бар.

**Түйін сөздер:** Академиялық орталық, ғылым, Ағарту халкомы, қоғамдық ұйымдар, музей, архив.

**Алғыс айту.** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «ХХ ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстандағы қоғамдық ұйымдардың ағартушылық қызметі» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (тіркеу нөмірі АР 09260737).

**Дәйексөз үшін:** Шашаев Ә.Қ., Тілеубаев Ш.Б., Құрманалина Н.Н. Академиялық орталық: құрылуы мен қызметінің кейбір аспектілері // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 1. С. 287-297. (Қаз.) DOI: 10.51943/1814-6961\_2023\_26\_1\_287-297

## ФОРМИРОВАНИЕ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ АКАДЕМИЧЕСКОГО ЦЕНТРА В КАЗАХСТАНЕ В 20-Е ГОДЫ ХХ В.

Шашаев Аuezхан Кадиржанович<sup>1</sup>, Тлеубаев Шамек Баянович<sup>2</sup>,  
Қурманалина Нургуль Нурсултановна<sup>3\*</sup>

<sup>1,2,3</sup>Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (дом 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Казахстан)

<sup>1</sup>Кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник

• <https://orcid.org/0000-0002-4902-0120>. E-mail: shashaevaezhan@mail.ru

<sup>2</sup>Кандидат исторических наук, заместитель директора по науке

• <https://orcid.org/0000-0002-9659-1006>. E-mail: shamek\_09@mail.ru

<sup>1</sup>\*PhD, ученый секретарь

• <https://orcid.org/0000-0002-9659-1006>. E-mail: nurgulca@mail.ru

**Аннотация.** *Введение.* Статья посвящена анализу направлений деятельности Академического центра (1921-1926 гг.) на основе данных архивных фондов. *Цель и задачи исследования.* В работе изучены основные аспекты создания и деятельности Академического центра при



Наркомате просвещения, ставшего у истоков формирования казахской науки в сложном периоде советской эпохи, 20-30 гг. XX в. *Результаты.* Для достижения цели деятельность академического центра представлена с точки зрения исторического познания, на основе требований, вытекающих из общественного спроса современной исторической науки Казахстана. *Выводы.* Академический центр был одним из главных учреждений, где была наиболее сплочена казахская интеллигенция. Академический центр опирался на ряд научных организаций, таких как Общество изучения Казахстана, оренбургское отделение Русского географического общества и др. Исторические источники, полученные из фондов Центрального Государственного архива Республики Казахстан, объединенного государственного архива Оренбургской области Российской Федерации, раскрывают просветительскую деятельность Академического центра. Материалы, представленные в исследовательской работе, полученные выводы имеют также прикладное значение для исследователей в данной области.

**Ключевые слова:** Академический центр, Совнарком, наука, просвещение, общественные организации, музей, архив.

**Благодарность.** Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Просветительская деятельность общественных организаций Казахстана в первой четверти XX века» (регистрационный номер: АР 09260737).

**Для цитирования:** Шашаев А.К., Тлеубаев Ш.Б., Курманалина Н.Н. Академический центр: некоторые аспекты создания и деятельности // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 1. С. 287-297. (Каз.) DOI: 10.51943/1814-6961\_2023\_26\_1\_287-297

**Кіріспе.** Біз зерттеу негізіне алған кезең, нақтырақ айтсақ 1920 жылы Қазақстан Автономиялық Кеңестік Социалистік республика болып құрылып, РКФСР-дың құрамына енген еді. Соның нәтижесінде, қазақ елі тұтастай большевиктік, тоталитарлық жүйенің қадағалауына толықтай алынды. Жаңа саяси жағдайда қалыптасқан қазақ зиялылары компартиялық бағыттағы қоғамға бейімделуге мәжбүр болып, қоғамның рухани өміріне өз үлестерін қосуға кірісе бастады.

Қазақстандағы ғылыми-зерттеу мекемесін қалыптастыру туралы алғашқы шараны қолға алған Орынбордағы Қырғыз әскери комитетінің (Кирвоенкоматтың) штабы жанындағы тарихи-статистикалық бөлім болды. Бұл бөлім, өлкедегі азамат соғысының оты өршіп тұрғанына қарамастан 1919 ж. желтоқсанда штаб бастығы А.Н. Турскийдің ұсынысымен құрылды. Тарихшы А.П. Чулошниковтың жетекшілігіндегі бөлім қазақ өлкесін географиялық, тарихи және этнографиялық тұрғыда зерттеуге тиісті еді. Алты айға жуық қызмет еткен құрылым аса маңызды жұмыстарды жүзеге асыра алды. 1920 ж. наурыз айында өлкенің тұрғындарына қазақ халқының тарихы туралы материалдарды айқындап, тарихи-статистикалық бөлімге жіберу жайында үндеу жасалды. Негізгі материалдар тарих, этнография және табиғи-географиялық секциялар жұмыстары арқылы жинақталды. 1920 ж. сәуірде аталған тарихи-статистикалық бөлім Қырревкомның халық ағарту бөліміне беріліп, Ғылыми комиссия болып құрылды. 1920 ж. қазан айынан бастап Қазақ АКСР-і құрылғаннан кейін халық ағарту комиссариатының Ғылыми бөліміне айналды. Ғылым, әдебиет, өнер, музей және архив мәселелерімен айналысты. Ғылыми бөлім 1921 ж. тамызда Ағарту халкомы Академиялық орталығы болып ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырушы алғашқы мемлекеттік мекеме ретінде құрылды (Ахметова, 1982). Оның қызметінің негізгі бағыты жалпы теориялық және бағдарламалық жетекшілікпен байланысты еді.

**Материалдар мен әдістер.** Мақалада зерттеудің әдістемелік талдауы мен тәсілдері негізіне тарих ғылымының қолданылып жүрген қағидаттар, сол заман аясындағы Академиялық орталықтың тарихын салыстырмалы талдау арқылы шындығына көз жеткізу үшін объективтілік, тарихилық, жүйелілік және өркениеттілік даму қағидаттары негізге алынды. Зерттеу жұмысында Академиялық орталыққа қатысты Кеңес үкіметі кезінде жарық көрген еңбектер мен қазіргі заман тұрғысында жазылған зерттеулер салыстырмалы-сыни тұрғыда жүйеленіп, сараланды.

Материалдар Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивінің, Ресей Федерациясы Орынбор қаласындағы облыстық архиві қорларынан алынған деректер арқылы Қазақстанның Халық ағарту Комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың





1921-1926 жж. қызметі және оның нәтижелері туралы біраз мағұлматтар береді. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивінің 81 қорында (Қырғыз (қазақ) АКСР Халық ағарту комиссариаты деп аталатын) Академиялық орталықтың құрылуы, Қыроку ағархалкомы (Кирнаркомпрос) жанындағы Ғылыми комиссия қызметі, осы қоғамның кітапханасы, музейі және т.б. туралы деректер сақталған. Келесі бір мәліметтер көзін 921 қор - (Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі әскери революциялық комитетінің халыққа білім беру бөлімі деп аталатын) береді. Архивтің 693-ші қорының 1-ші тізбесінде ҚазАССР-ның Халық ағарту комиссариаты жанындағы Қазақстанды зерттеу қоғамының 1920-1936 жж. арасындағы жинақталған мәліметтері, ал екінші тізбедегі 1921-1941 жж. мағұлматтар жинақталған.

**Талқылаулар.** Академиялық орталық туралы жекелеген мәліметтер Қазақстандағы мәдени құрылыс туралы құжаттар мен материалдар жинағында кездеседі. Мәселен, ол еңбекте Академиялық орталықтың негізгі міндеттері туралы жазылған: Ағарту халкомының орталығы мен бас бөлімдері ұсынған жобалар бойынша ортақ жоспар жасау; Ағарту халкомы алқасының арнайы тапсырысы бойынша жеке жоспар құру; Ғылыми мекемелер қызметінің жоспары мен бағдарламаларын, республикадағы барлық типтегі оқу орындарында білім беру жоспары мен бағдарламаларын құруда жетекшілік жасау; Осы мекемелер мен оқу орындарының жобаларын құруда жетекшілік етіп, ұйымдастыру; Осы мекемелер мен оқу орындарын кадрмен қамтамасыздандыру жоспарын жасау; Ғылыми, теориялық және академиялық бағытта қызмет ететін мекемелерді тікелей меңгеру (Культурное строительство, 1965: 307).

С.Н. Покровский, А.Н. Нүсіпбеков, Г.Ф. Дахшлейгер Қазақстандағы тарих ғылымының дамуы туралы еңбегінде негізінен кеңестік кезеңнен бастап тарихшылардың жұмыстарына, қоғамдық ұйымдардың қызметіне шолу жасаған. Олардың көрсетуінше, Республикадағы ағарту халкомы және оған қарасты Академиялық орталық, Қазақстанды зерттеу қоғамы, Орыс географиялық қоғамының Семейдегі бөлімшесі, губерниялық және республикалық кітапханалар, музейлер, 20-жж. өзінде-ақ үлкен эмпирикалық жұмыстар жүргізіп, ғылыми жазбаларын жариялап, тарихи ескерткіштерді қорғауға атсалысып, қазақтардың қолданбалы өнері бойынша этнографиялық топтамалар қорын жинақтай бастаған (Покровский, Нусупбеков, 1967: 472).

С.Ш. Ахметованың еңбегі Қазақстандағы тарихи өлкетануға арналған. Еңбек төрт тараудан құралған. Оның бірі Қазақстандағы өлкетану ісінің бастауларына арналса, келесі бір тарау Қазақстанды зерттеу қоғамының қызметі туралы. Музейлік өлкетану мен ескерткіштерді қорғау мәселелері де қамтылған. Бұл жерде автордың негізгі зерттеу тақырыбына орай, басты назар өлкетану мәселелеріне аударылған. Ал Академиялық орталықтың құрылу тарихы тек қысқаша ғана баяндалған (Ахметова, 1982).

Жекелеген еңбектерде 1925 ж. Академиялық орталықтың өзгертіліп, ал оның базасында Қазақстанды зерттеу қоғамы құрылғаны айтылады (Наука советского Казахстана, 1981: 226) (Историческая наука, 1990:22). Алайда академиялық орталық жеке мекеме, ал Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамы (кейін Қазақстанды зерттеу қоғамы) бөлек ұйым болғаны белгілі.

Ш.Ж. Таукибаевтың зерттеуі Қазақстандағы білім беру, мәдениет және ғылым бойынша мемлекеттік мекемелердің қалыптасуына арналған. Автор Академиялық орталық туралы жалпы мәліметтер келтіріп өткен. Онда 1921 ж. қазанда Академиялық орталық туралы ереже бекітілгені, ал бұрын ғылыми сектор ұйымдастырып жүрген міндеттер кеңейтілгені және тереңдетілгені көрсетілді. Академиялық орталықтағы негізгі екі ұйым – Мемлекеттік ғылыми кеңес және Мемлекеттік көркемдік кеңес және өзге де комитеттердің құрылуы жеке функционалды сипаттағы бөлімшелерді жасау қадамы ретінде қабылданғаны, ал КСРО құрылғаннан кейін Ағарту халкомы республикалық халықкомиссариатына жатқызылғаны түйінделді (Таукибаева, 1999: 15-16).

Г.М. Ибраевтың мақаласында Қазақстанды зерттеу қоғамының 1922 ж. бастап есептік қызметін жандандырып, құжаттамаларын Өлкетану орталық бюросына, Ресей бас ғылыми мекемелер бөліміне, сонымен қатар Қазақ ағарту халкомына де жіберіп отырғанына назар салынды (Ибраев, 2015).

Жалпы, көпшілік еңбектерде Академиялық орталықтың құрылу тарихы қысқаша түрде баяндалып өтеді (Наука советского Казахстана, 1981: 29) (Ермекбай, 2016: 103).

Жуырда ғана оқу-ағарту жүйесінің тарихына қатысты жарық көрген ұжымдық монографияда Академиялық орталықтың атқарған жекелеген қызметі туралы айтылады. Ол



бойынша Академиялық орталықпен оған қарасты бөлімдер қызмет және ғылыми атақтар беру ережелерін дайындаған. Мәселен, Академиялық орталық политехникалық институт және ҚАССР-да профессор ғылыми атағын беру жөнінде ереженің жобасын жасаған. Халыққа білім беру бөлімдері комиссиясы мемлекеттік баспаға ұсынылған ғылыми еңбектер мен оқулықтар, оқу құралдарына жазылған сын пікірлерді қараған. Мәселен, В.А. Еловиқовтың жергілікті жердегі мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізуге арналған нұсқаулығына, В.Я. Струминскийдің ағарту жұмысшылары үшін анықтамалығына, В.А. Еловиқовтың мемлекеттік шығармашылық кеңесінің қызметі және оның дамуы туралы еңбегіне дайындалған пікірлердің ғылыми, әдістемелік маңызы айтарлықтай. Бұдан өзге бас саяси-ағарту комитетінің шығармашылық шеберханаларының шаруашылық қаражатына өту туралы ережесі қаралып, толықтырылды т.с.с. (Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесі, 2022:41).

Сонымен қатар бұл еңбекте Ахмет Байтұрсынұлы Ағарту халық комиссариатын басқарған жылдары Академиялық орталық қазақ халқының дәстүрі мен тарихын, қазақ даласының ерекшеліктерін жан-жақты және түрлі бағытта зерттеу ісін қолға алғаны түйінделді. Жалпы, академиялық орталық айналысқан негізгі қызмет бағыттары көрсетілді. (Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесі, 2022:107).

Жоғарыдағы еңбектерді саралай келе, Академиялық орталықтың ғылыми тұрғыда зерттеу объектісіне айналып, толыққанды зерттеле қоймағандығы туралы қорытынды жасауға болады. Әрине, қоғамдық ұйымдардың, олардың мүшелерінің қызметін, өлкені зерттеуге қосқан үлестерін, басып шығарған еңбектерінің тарихи маңыздылығы мен құндылығы бойынша бөлек жарияланымдарда, зерттеу жұмыстарында көрсетілгенін ескерген жөн. Сондықтан бұл зерттеуде негізінен архив деректеріне сүйене отырып, Академиялық орталық қызметінің аспектілерін толығырақ ашуға көзделіп отыр.

**Нәтижелер.** Академиялық орталық басшылығымен 1921 жылдың 24 қазанына дейін ғылыми, музей, бас архив басқармасы, бас көркемөнер комитеті – бөлімдері бар Ғылыми сектор жұмыс жасады. Ғылыми бөлім екі бағытта жұмысын жүргізді: таза ғылыми және практикалық.

Орталықтың қадағалауымен ғылыми жұмыстар ғылыми қоғамдарда шоғырланды: *Өлкені зерттеу қоғамы*. Оның міндеттері: а) елдің жергілікті табиғи-өндірістік күштерін зерттеу, б) республиканы этнографиялық тұрғыдан зерттеу. *Ғылыми-педагогикалық және Физика-математикалық қоғамдар*. Міндеті: физика-медицина ғылымдарының қазіргі заманғы мәселелерін зерделеу, оларды жергілікті мәдени күштерге баяндамалар мен дәрістер арқылы таныстыру. Бұл ұйымдар Орынбор қаласының жекелеген ғылыми қызметкерлерінің бастамасымен пайда болды және ғылыми бөлім оларды ақшалай сыйақы бере отырып, қызметке тартты. Бұлардың ішінде екі қоғамның жұмысы ерекшеленді: Өлкені зерттеу қоғамы мен ғылыми-педагогикалық қоғам. Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамының жұмысы нәтижесінде «Ежелгі және орта ғасырлардағы қазақ-қырғыз халқының тарихы» (400 беттен астам) баспаға дайындалып, ғылыми-көпшілік еңбек ретінде ұсынылды.

Ғылыми-педагогикалық қоғам «еңбек мектебінің теориясы мен практикасы» бойынша бірқатар тақырыптарда баяндамалар берді, 1-ші және 2-ші деңгейлі қазіргі мектептердің жағдайын зерттеу үшін шаралар қабылдады, бірақ қаражаттың жоқтығынан бұл жұмыс тоқтатылды.

Академиялық орталыққа қарасты Ғылыми бөлім кітапхана ісін жолға қойды. Орынбор архив комиссиясы мен Орынбор географиялық қоғамының бұрынғы кітапханалары ретке келтірілді.

Аталған жұмыстардан басқа, ғылыми бөлім «Минеральные богатства Киркряя и его геологическое прошлое» (Киркрайдың минералды байлығы және оның геологиялық өткені) тақырыбында көрме ұйымдастыруға және Мәскеу археологиялық институтының Орынбор бөлімшесін ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарға атсалысты, өлкенің ғылыми жұмысын біріктіруге шаралар қабылданды және елді мекендермен байланыс орнатылды.

Орал мен Қостанайда «Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамының» бөлімшелері ашылды (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 61 іс. 38-п.).

Бірте бірте Академиялық орталықтың қызмет ауқымы кеңейе түсті. Жалпы, Академиялық орталықта он шақты қызметкер жұмыс жасады.

1922 ж. 1 қаңтарындағы Академиялық орталық қызметкерлері құрамы:

1. А.Байтұрсынов – Кеңес төрағасы, Академиялық орталық төрағасы



2. Лошкарев Александр Прокофьевич – МФК ғалым хатшысы
3. Кусков Иван Васильевич – Мемлекеттік көркемдік кеңес төрағасы, халым хатшысы
4. Затаевич Александр Викторович – Музей секциясының төрағасы
5. Михайлов Алексей Петрович – Бас архивтің ғылыми қызметкері
6. Мелков Александр Лаврентьевич – Бас музейдің ғылыми қызметкері
7. Ильинский Василий Павлович – секретариат меңгерушісі / Академиялық орталық алқасының хатшысы

8. Овчинникова Раиса Васильевна – кеңсе басшысы

9. Антипов Иосиф Игнатьевич – іс жүргізуші

10. Павлова Елизавета Исаевна – тіркеуші

Ал Лито секциясының төрағасы және машинист қызметтері орны бос болды (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 97а іс. 62-п.).

1922-1923 жж. Академиялық орталық «Ғылым және еңбек (а. ж. мамырдан бастап) қоғамы», «Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімі» және «Орталық өлкелік музеймен» толығы түсті. Бұндағы Семей қаласын қоспағанда, барлық қоғамдық ұйымдар Орынбор қаласында орналасқан. Орынбор қоғамдарының филиалдары болып саналатын республиканың басқа қалаларындағы ұйымдардың бөлімшелері тікелей орталықтың қарамағында болмады (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 617 іс. 16-п.).

Ал 1924 ж. Академиялық орталықта Қырғыз ғылыми-әдеби Кеңесі құрылды. Оның мақсаты: а) 1 және 2-ші сатыдағы қазақ мектептеріне арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жасау және қазақ тіліне аудару, б) қазақ тілі мен ғылыми терминдерін әзірлеу, в) саяси және саяси-ағартушылық әдебиеттерді қырғыз тіліне аудару, г) ғылыми және әдеби жұмыс. Сонымен қатар ғылыми-әдістемелік секция жұмыс жасады (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 823 іс. 54-п.).

Қырғыз ғылыми-әдеби кеңес жұмысы: а) Кеңес қырғыз тіліндегі кітаптардың 30-ға жуық атауын, негізінен 1 және 2 сатыдағы мектептерге арналған оқулықтарды, сондай-ақ жалпы саяси-ағартушылық және педагогикалық мәселелер бойынша бірнешеуін басып шығарды және басылымға дайындады; б) 1924 ж. маусым айында Қырғыз ғылыми қызметкерлерінің құрылтайын шақыру маңызды жұмыс болды. Құрылтайға Бұхара, Хива, Түркістан, Мәскеу және т.б. өкілдері қатысты. Құрылтайдағы негізгі мәселелер: қырғыз (қазақ) транскрипциясы туралы, Қырғыз емлесі туралы, қырғыз мектептері мен Мемлекеттік ғылыми кеңес бағдарламалары туралы, қырғыз өнері мен көне ескерткіштерін сақтау туралы болды (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 617 іс. 16-п.).

Академиялық орталықтағы музей ісінің дамуы. Музей бөлімі өлкелік музей ұйымдастырып, дәрістердің оқылуын, көрмелердің ұйымдастырылуын қамтамасыз етті. Музейге үш бөлім кірді: тарих, этнографиялық және қоғамдық-тұрмыстық. Екі көрме ұйымдастырылды: Орынбор өлкесінің геологиялық өткені және Қырғыз өлкесінің минералды байлығы. Сол тақырыптарда дәрістер оқылды. «Зағиптар үйінен» қолдан жасалған өнімдердің көрмесі ұйымдастырылды. Сонымен қатар көпшілікке арналған экскурсиялар жоспары әзірленіп, зоология және ботаника бойынша көрмелер ұйымдастыру бойынша дайындық жұмыстары жүргізілді.

Көрнекі құралдар институты ұйымдастырылды, бірақ үй-жайлардың болмауына байланысты оны орналастыру мүмкін болмады, қазіргі уақытта оның жанында тек диапозитивтер жасау шеберханасы жұмыс істейді. 1921 ж. 7000 диапозитив дайындаған (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 61 іс. 38 а.п.).

Көрнекі құралдар институты Ермоловка мен Преторияда екі құрама пункт ұйымдастырды, олар табиғи-тарихи құралдарды, гербарийлер коллекцияларын жасау бойынша жұмыс жүргізуде. Бірақ белгіленген тармақтардың жұмысы әлсіз және өте ауыр материалдық жағдайларда жүргізілді. 24 қазаннан бастап бірінші ұйымдастырушылық отырыста Қырғыз халық ағарту комиссариат алқасы 1921 жылы 23 тамызда бекіткен «Академиялық орталық туралы ереже» тыңдалды, ол бұрын Ғылыми секторға жүктелген міндеттерді едәуір кеңейтеді және тереңдетеді. Қайта ұйымдастырумен бұрын ғылыми сектордың міндеттеріне кірмеген ағарту жоспарын әзірлеу, мектептерді ұйымдастыру, көркемдік қызметке идеялық басшылық жасау ісінде Академиялық орталыққа жетекші рөл берілді. (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 61 іс. 38 а.п.).



1922-1923 жж. музей жаңа ғимаратқа көшірілді, 2 ай жаңа ғимаратты жөндеуге кетті. Музейдегі негізгі топтамалар: бұрынғы кәсіптік училищеден; архив комиссиясынан; географиялық қоғамнан; реквизициялық комиссиядан және шіркеуден алынды.

Музейде: археологиялық, нумизматикалық, палеонтологиялық, әскери-тұрмыстық, жергілікті-тұрмыстық, бейнелеу өнері және ежелгі орыс көнелері, табиғи-тарихи, мектепке дейінгі тәрбие - барлығы 9 бөлім болды. Жалпы, барлық бөлімдер екіге топтастырылды: Табиғат және Тарихи-этнографиялық бөлімдер. Бұл кездегі қысқартулар толқыны музейге де әсер етті, 16 адам орнына, нақты тек 9 ғана қалды. (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 617 іс. 17-п.).

Орталық Комитет музейінің жұмысында экспонаттарды талдау, оларды сипаттау, жүйелеу, таңбалау, каталогтау және нұсқаулық жасау басты рөл атқарады. Музей жаңа бөлмеге асығыс көшкеннен кейін экспонаттарды талдау каталогтардың болмауымен күрделене түсті. Музейге арналған нұсқаулықтың болмауы, әсіресе экспонаттарға түсініктеме бере алатын қызметкерлер жеткіліксіз болған жағдайда өте өткір сезілді.

Шектеулі қаражатқа байланысты кездейсоқ сатып алулардан басқа, соңғы 2 жылда музейді экспонаттармен толықтыру мүлдем жүргізілмегенін айтуға болады. Сол себепті музейде ауылшаруашылық және қолөнер өнеркәсібі бөлімдерін құру туралы ой соңғы уақытқа дейін жүзеге асырылмай қалды, тек ауылшаруашылық көрмелерінен экспонаттарының келуімен оларды реттестіру басталды, осылайша музей жанындағы осы бөлімдердің негізі қаланды.

Музейдің маңыздылығының сипаттамасы оған келушілердің санымен байланысты деуге болады. Бір тоқсан ішінде, қазан-желтоқсан айларында 3436 адам, оның ішінде 76 экскурсия, негізінен әртүрлі мектептердің оқушылары келетін. Бөлім меңгерушілері музейге топ болып келушілерге түсініктеме беріп отырды. Айта кету керек, келушілер экспонаттарды тамашалап қана қоймай, белгілі бір экспонаттардың суретін де салып отырған жағдайлары жиі болып отырды.

Музейде көпшілікке арналған және ғылыми сипаттағы дәрістер ұйымдастырылып, үнемі өткізіліп тұрады. Өлкетану сипатындағы баяндамаларды негізінен Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамының мүшелері негізінен аймақтың, атап айтқанда, Орынбор маңы биологиясына қатысты жасады.

Губерниялық музейлердің ішінен Семей қаласындағы музей Батыс-Сібір географиялық қоғамының басқаруында және губерниялық халыққа білім беру бөлімі бөліп отырған барлығы 3 бірлікпен ғана қызмет етеді. Экспонаттар саны 4000-ға жуық. Келушілер саны орташа есеппен 25-30 адам. Қолда бар кітапханада 13000 кітап. Ал Орал губерниялық музейінде тек бір адам қызмет көрсетеді. Оның екі бөлімі бар – географиялық. - 636 экспонат, тарихи-этнографиялық-183 экспонат. Келушілер саны Семей қаласымен бірдей – күніне 25-30 адам (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 823 іс. 17-п.).

Республикадағы архив ісінің қалыптасу тарихы да Академиялық орталық қызметінің кезеңімен байланысты деуге болады. 1921 ж. 15 сәуірде Михайлов бас архивтің меңгерушісі қызметіне тағайындалады. Азамат соғысының соңғы жылдарында архив ісінің жағдайы өте күрделі еді. Көптеген, әсіресе әскери архивтер толығымен жойылды, олардың жойылуын сарбаздар мен халықтың бейсаналы бөлігі жүргізді. Орталық өлкелік архив ұйымдастыру Орынбор қаласында бұрыннан бар (1919 ж. аяғынан бастап) губерния негізінде мүмкін болды. Архив материалдары жинақталып тұрған еді және үй-жайы болды. Ол 1921 ж. 1 қыркүйегінен бастап Орталық өлкелік архивке айналды (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 81. 40-п.).

1921 ж. екінші жартысында 30-ға жуық архив, олардың кейбіреулері өте үлкен, мысалы, бұрынғы ғылыми архив комиссиясының архиві (150 жуық арба) және бұрынғы Торғай басқармасының (34 арба) тасымалданды. Ірі архивтер бөлімдер мен қоймалар бойынша бөлінген, ал 5 архив түпкілікті бөлшектеліп, жылдар, айлар, сандар және №№ т.б. бойынша толық жүйелі тәртіпке келтірілген, тек істер тізімдемесін жасау ғана қалады: бұрынғы Торғай басқармасының архиві, Орынбор губерниялық жандарм басқармасының, Ташкент темір жолы Орынбор полиция басқармасының, дворяндық қамқоршылық, Орынбор таулы округі және Орынбор Кеңесінің бұрынғы бөлігі.

Қазақстандағы архив ісінің қалыптасуы мен дамуында көрші аймақтардағы (Омбы губерниясы) ғылыми-тарихи мекемелер септігін тигізді. Томбы университетінің студенттері 1921 ж. Омбы, Петропавл, Семей архивтерінде материалдарды құруға көмектесті. Түркістан испарты (партия тарихы) мүшелері - Н. Төрөқұлов, С. Асфендияров, А. Рахимбаев т.б. РКП(б)



өлкекомның, Жетісу қорғау бөлімінің біраз архивін, 1916 ж. көтеліс бойынша бірқатар материалдарды анықтап, сақтауға сеп болды (Историческая наука, 1990: 24) .

Академиялық орталықтағы идеялық жетекшілік рөлі ғылыми тұрғыдан Мемлекеттік ғылыми кеңеске, ал көркемдік жағынан Мемлекеттік көркемдік кеңеске беріледі. Бұл екі орган Академиялық орталықтың жұмысында маңызды болып табылады және оларды ұйымдастыруға аса назар аударылды (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 61с. 38 а.п.).

Академиялық орталық алқасы Мемлекеттік ғылыми кеңес, Мемлекеттік көркемдік кеңес, Бас музей, Бас архив туралы ережеге қатысты нұсқаулықтарды қарады және қабылдады (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 61 с. 39-п.).

Мемлекеттік ғылыми кеңес жұмысы екі бағытта жүргізілді: ғылыми және ғылыми-әдістемелік.

Ғылыми жұмыс барысында Қырғыз Республикасы үшін аса маңызды ғылыми және көркем шығармаларды шығару, Қырғыз өлкесінде шығарылатын барлық еңбектерді сыни қарастыру мен бағалау жұмыстары ұйымдастырылып отырды. Мәселен, Анненкова Бернадтың «Бекет», Затаевичтің «Собрание киргизских песен», Четыркинаның «Собрание киргизских орнаментов» еңбектері баспаға даярланды.

Ғылыми жұмысты жергілікті орындарында дамыту мақсатында Академиялық орталықтан 40-қа жуық әлеуеті бар әртүрлі губернияларға және жеке тұлғаларға арнайы хаттар жіберілді. Бұл хаттарға жауап ретінде жергілікті жерлерден ғылыми жұмысты ұйымдастыруға кірісіп кеткендігі туралы жауап хаттар алынды. Бұл жұмыстың мәні, Академиялық орталық нұсқауларына сәйкес, Қырғыз мәдениетінің әртүрлі ескерткіштерін жинау, архив материалдарын әзірлеу, халықтың өмірі мен тұрмысын бейнелейтін ғылыми шығармалар жазу да түйінделген. Мысалы, Қостанайдан «Қырғыз ертегілері» Академиялық орталыққа жіберілді

Ал ғылыми-әдістемелік іс бойынша мынадай: а) халықтық білім берудің бірыңғай схемасы туралы, б) кәсіптік білім беру мектептеріне арналған үлгілік бағдарламалар туралы, в) әлеуметтік тәрбие мектептеріне арналған бағдарламалар туралы, г) 1-2 дәрежелі мектептерге арналған үлгілік оқулықтар туралы, д) клубтық, кітапханалық қаржы-салық секциялары туралы сабақтар мәселелері шешілді деп санауға болады. Жергілікті жерлерде ғылыми-әдістемелік жұмысты дамыту үшін Қырғыз Ағарту халкомы орталығы «Әр губерниядағы халықтық білім беру бөлімі жанындағы Кеңестің ғылыми-әдістемелік жұмысын дамыту туралы Нұсқаулық» әзірлеп, бүкіл губерниялардың білім беру бөлімдеріне жіберді (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 617 с. 14-15.).

Ағарту халкомына бекітуге ұсынылған жергілікті мектептердің, оқу және білім беру мекемелерінің барлық оқу жоспарлары мен бағдарламаларын мұқият қарап, пысықтауға баса назар аударылды. Бұл жұмыстың мәні орталықта белгіленген еңбек мектебінің негізгі қағидаттарын өзгертпестен, орталық оқу жоспарлары мен бағдарламаларына қырғыздың ұлттық ерекшеліктерінен және жергілікті өлкенің нақты жағдайларынан туындайтын өзгерістер мен толықтырулар енгізуден көрінді. Осы негізде бағдарламаның барлық дерлік пәндері жергілікті материалдан алынған мәліметтермен толықтырылды: мысалы, география курсына жергілікті өлкенің географиясы туралы есеп енгізілді, саяси сауаттылық курсына жергілікті өзін-өзі басқару органдары туралы ақпарат және т.б. Қырғыз мектептері үшін бағдарламалар қайтадан жасалды.

Ғылыми-әдістемелік органдардың тағы бір маңызды жұмысы: КСРО мектеп қызметкерлерінің ұжымдарындағы жұмыстарды әзірлеу және тексеру болды. Үшінші, өте маңызды жұмыс тәжірибелік-көрнекі мекемелер мен мектептерде оқытудың ғылыми-әдістемелік жағын қоюды қадағалау және басшылық ету болды. Ғылыми-әдістемелік салада жергілікті өлке мектептеріне арналған оқулықтар мен оқу ғылыми-әдістемелік нұсқаулықтарды басып шығару ісіне баса назар аударды (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 823 с. 15-16-п.).

1924 ж. алғашқы айларында РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің өкімі негізінде Академиялық орталық жанындағы ғылыми-әдістемелік бюроның қызметін ұйымдастыру туралы жоба мен Ереже әзірленді. КСРО-ның тәжірибелік-көрсеткіштік мектептері мен мекемелерінде оқытудың ғылыми-әдістемелік жағын жолға қою туралы тексеру және есептілік жоспары әзірленді. Жергілікті жерлердегі ғылыми-әдістемелік жұмыстар туралы есептер бойынша қорытындылар берілді. Саяси экономика, қырғыз тілінің сөздері теориясы, заң кодексі бойынша терминдер қабылданды. Ғылыми қызметкерлер құрылтайын шақыру



бойынша ұйымдастыру жұмыстары жүргізіліп, Құрылтай бағдарламасы әзірленді (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 823 іс. 23-п.).

Академиялық орталық М. Дулатов, М. Жолдыбаев, Қ. Жұбанов, Б. Майлин, Е. Омаров, Ш. Сарыбаев, С. Сейфуллин, Т. Шонанов сияқты өз заманының алдыңғы қатарлы зиялы қауым өкілдерін топтастырған ұйым болғаны белгілі. Мекеме басшылығы жекелеген қазақ халқының тарихы мен этнографиясын т.с.с. зерттеуге елеулі үлес қосқан жеке тұлғаларға көмек, қолдау көрсету бойынша өз ұстанымын жеткізіп отырған. А. Затаевич Қырғыз Орталық атқару комитетінің төрағасы Меңдешевке 1922 ж. 6-тамызда өтінішін жолдаған. Онда зерттеуші күзге дейін отбасымен Мәскеуге көшуге және осы мақсатта Мәскеудегі Қырғыз өкілдігіне ауысуға мүмкіндік беруді сұраған. Мәскеуде Қазақстанға арналған музыкалық зертхананы ұйымдастыру жұмысын жүргізуді ойластырған. Ол қазақ халқының музыка өнерін зерттеудегі, жинастырудағы еңбегінің маңыздылығын айта келіп, басқа қалаға көшу барысында бір реттік материалдық көмек көрсетуді өтінген (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 97а іс. 495-496-п.).

Затаевичтің бұл хатына орай Академиялық орталықтан төраға А. Байтұрсынов Ағарту халкомына өзіндік көзқарасын жеткізіп, ақпарат жолдаған. Академиялық орталық Затаевичке отбасына жол жүру ақысынан өзге Мәскеуде орналасып алуына жеткілікті жәрдемақы беріп қана қоймай, оны ең болмаса алғашқы айларда арнайы жалақы және пәтермен қамтамасыз ету қажеттігін ескерткен. Ақпаратта егде жасында бірнеше жұмысты қатар жасап қиналуына жол бермей, қазақ халқы атынан қолдау көрсетіп, шығармашылық еркіндігіне мүмкіндік туғызу керектігі түйінделді (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 97а іс. 501-п.).

Академиялық орталық ғылыми қызметкерлерге академиялық паян (ай сайын берілетін жәрдемақы) беруді ұйымдастыру жұмыстарына қатысты. Қызметкерлерге сауалнамаларды толтыртқызып, тізімін даярлап жіберіп отырды.

Жұмысшыларды қамтамасыз ету істері жөніндегі комиссия басқармасына жолдаған ақпаратында Академиялық орталық төрағасы А. Байтұрсынов келесі жағдайды ескеруді сұрайды. КСРО аумағының кеңдігі мен байланыс жолдарының нашар дамуына байланысты көптеген губерниялардан ғылыми қызметкерлердің саны туралы ақпарат алынбағанын, сонымен қатар, Орал, Қостанай, Семей, Бөкей губернияларында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатқаны туралы хабардар етеді. Осы айтылғандардың салдарынан академиялық жәрдемақы алуға құқығы бар адамдардың санын екі есе көбейту қажеттігін түйіндеп, ең қарапайым есеп бойынша республикада кем дегенде 250 академиялық жәрдемақыға тапсырыс беру керек деген қорытындысын жеткізеді (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 140 іс. 18-п.).

Мәселен, Ағарту халкомы жанындағы Жұмысшыларды қамтамасыз ету істері жөніндегі комиссия басқармасына 23.12.1921 ж. №221, №222 істерге қосымша 20.06.1922 ж. №3101 қатынас қағазы жіберілген. Онда академиялық жәрдемақы алуға тиісті адамдардың тізімі көрсетілген.

1. Кенжин А. – Халық ағарту комиссары
2. Байтұрсынов А. – Академиялық орталық төрағасы
3. Мартынов М. – Ұйым. орталығының меңгерушісі.
4. Лазов А. – Әлеуметтік тәрбие бас басқармасының меңгерушісі, жұмысшы факультетінің оқытушысы
5. Лебедев Н. – ЖОО меңгерушісі
6. Лошкарев А. – Мемлекеттік ғылыми кеңестің ғалым хатшысы, Индустриалды техникум және Мәскеу археологиялық институтының Орынбордағы бөлімшесінің оқытушысы
7. Кусков И. – Қырғыз ағарту халкомы Мемлекеттік көркемдік кеңес төрағасы
8. Мелков А. – Қырғыз Бас музейінің төрағасы
9. Филиппович Г. – Бас архив меңгерушісі
10. Гра А. – КСРО ОК меңгерушісі
11. Бутовский Н. – ғылыми қызметкер және кәсіби білім беру бас басқармасының нұрсаушысы
12. Бродская А. – Қырғыз Ағарту халкомы мектепке дейінгі бөлім меңгерушісі
13. Орлов И. – сауатсыздықты жою жөніндегі Қырғыз орталық төтенше комиссиясының төрағасы
14. Струм В. – Қырғыз Ағарту халкомы Әлеуметтік тәрбие бас басқармасының әдіскері



15. Затаевич А. – Қырғыз Ағарту халкомы Мемлекеттік көркемдік кеңес музыкалық-этнографиялық бөлім меңгерушісі
16. Воронцовский П. – КСРО Орталық Комитеті музейі табиғат бөлімінің меңгерушісі
17. Курашкевич Л. – КСРО Орталық Комитеті музейінің сақтаушысы
18. Чеглокова Е. – КСРО ОК архивінің архившісі

Педагогикалық техникум, халықтық білім беру институты, жұмысшы факультетінің, губерниялық советтік-партиялық мектептердің, Мәскеу археологиялық институтының Орынбордағы бөлімшесінің, Индустриалды техникумның оқытушылар бар. Тізімде барлығы – 63 адам көрсетілген (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 140 іс. 24-25-п.).

Академиялық орталықтың жұмыс кезеңі ашаршылық жылдарымен де сай келді. Осыған байланысты ұйым 1921 ж. 21-желтоқсанда өз жоспарын жасады. Академиялық орталық таза теоретикалық сипаттағы ұйым болғандықтан, ешқандай практикалық функциясы бар аппараты қолында болмағандықтан, өз жағдайына қарай: өз қызметкерлерінің күшімен концерттер беруге, ғылыми-танымдық дәрістер ұйымдастыруға, олардан алынған таза табыс аштықпен күресуге берілуге тиіс; өлкелік музейге келушілерден түскен барлық жинақты аштықтан зардап шеккендердің пайдасына беру; қырғыздар көктем мен жаз мезгілінде аштық кезінде жейтін кейбір өсімдіктерді, мысалы, сүйіріс, борық, буылдық және қарға-тұяқты зерттеу үшін шаралар қабылдау; «Аштық қасіреті» көрмесін ұйымдастыру үшін позитивті шеберхананы пайдалану – жұмыстарын жүргізуді жоспарларына енгізілді (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 136 іс. 6-п.). Осылайша Академиялық орталық қоғам өміріне араласып, белсенді еңбек етті.

Жалпы, Академиялық орталық 1921 ж. қазаннан бұрынғы ғылыми сектор жұмысын жалғастырып, кейін 1926 ж. Ғылыми және ғылыми-әдістемелік кеңес болып қайта құрылғандықтан, ресми түрде бес жылға жуық қызмет атқарғанын қорытындылауға болады.

Ағарту халкомы алқасының 1926 ж. 28-наурыздағы отырысының №42 хаттамасында көрсетілгендей, Академиялық орталықты қайта құру мәселесі қарастырылған. Жолдыбаев сөз сөйлеп баяндама жасаған. Соңынан қаулы қабылданып, Академиялық орталыққа «Ғылыми және ғылыми-әдістемелік кеңес» атауы берілген (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 1134 іс. 62-п.).

**Қорытынды.** Академиялық Орталық ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру үшін Қырғыз халкомы жанынан 1921 ж. тамыз айында құрылған алғашқы мемлекеттік мекеме болды. Қызметінің негізгі бағыттары: ағарту саласындағы жұмыстарды үйлестіру; сауатсыздықты жою, бастауыш, орта білім беру бағдарламаларын, жоғары оқу орындарына арналған бағдарламалар жүйесін әзірлеу; әдебиет пен өнерсаласындағы басшылық; оқу орындарына, саяси-ағартушылық мекемелерге, баспа ісіне, мұрағаттарға, мұражайларға және ғылыми-зерттеу мекемелеріне теориялық және әдістемелік көмек көрсету еді. Академиялық орталықтың қызмет ауқымы жыл сайын өзгеріп, толысып, кеңейіп отырды. Атап айтар болсақ, оның құрамында әр кездері Мемлекеттік ғылыми кеңес, Мемлекеттік көркемдік кеңес, Қырғыз (қазақ) ғылыми-әдеби кеңесі, Орталық өлкелік музей (Бас музей), Бас архив т.с.с. және бірнеше қоғамдық ұйымдар: Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамы, Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімі, Физика-медициналық қоғам, Ғылым және еңбек қоғамы біріктірілді. Бұның ішінде қоғамдық ұйымдар жеке бастамамен құрылып, қызмет атқарғанымен, олардың жұмысының жүруі үшін әр мерзімде үкіметтен арнайы қаржы бөлініп отырды. Академиялық орталықтың өз штаты он шақты адамнан құралды. Оның алғашқы төрағасы А. Байтұрсынов болды, кейін К. Тоқтабаев, М. Жолдыбаев басқарды.

Академиялық орталық қызмет атқарған жылдары Ағарту халкомы бойынша білім беру, ғылым, ағартушылық жұмыстарды жүргізіп отырды. Қоғамдық ұйымдардың басын қосты, олардың жұмысын сүйемелдеп отырды. Академиялық орталықтың мектептерге арналған оқу бағдарламалары, оқулықтарды даярлау, қазақ тіліне аудару, пікірлер беру, қазақ терминологиясы, ғылыми және көркем әдебиеттерді басып шығару т.с.с. жұмыстарды ұйымдастырды. Музейлер мен архивтерді қалыптастыру, жұмыстарын жолға қоюға атсалысты. Сауатсыздықты жоюға өз үлесін қосты. Академиялық орталықтың негізгі қызметі жалпы теориялық және бағдарламалық жетекшілікпен байланысты болды. Ұйым қызметіне қарай айналасына сол заманның зиялы қауым өкілдерін топтастырып, ел игілігі үшін тер төгуіне мүмкіндік туғызды.

Қазақстандағы Академиялық орталық сонымен қатар, мәдениеттің таралу ошағының бірі болды. Қазақ халқының салт-дәстүрін және этнографиясын, мәдениеті мен тарихын зерттелді,



көпшілікке насихатталды. Жергілікті жерлерде бұқаралық мәдени шаралар өткізді, дәрістер оқылды, баяндамалар жасады, кітапханалар толықтырылып, жәдігерлер жинастырылып, көне ескерткіштер мен өнер туындылары қалпына келтіру, сақтау жолға қойылды.

Осылайша, Академиялық орталық XX ғ. 20-жж елдегі білім, ғылым, мәдениет және ағарту салаларының қызметін жолға қоюда өзіндік миссиясын атқарып шықты.

#### Дереккөздер

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві  
ООБМА – Орынбор облысының біріккен мемлекеттік архиві

#### Әдебиеттер

Ахметова, 1982 – *Ахметова С.Ш.* Историческое краеведение в Казахстане. Алма-Ата: Казахстан, 1982. 168 с.

Ермекбай, 2016 – *Ермекбай Ж.А.* Формирование и развитие науки Советского Казахстана // Вестник Томского государственного университета. 2016. № 413. С. 103-110.

Ибраев, 2015 – *Ибраев Г.М.* История развития краеведения Казахстана // Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің хабаршысы. № 1 (44) 2015. Б. 69-76.

Культурное строительство, 1965 – *Культурное строительство* в Казахстане (1918-1932 гг.) Сборник документов и материалов. / Сост.: М. А. Абдулкадырова, С. С. Голубятников, А. Г. Кукушкина и др. Алма-Ата: Казахстан, 1965. 300 с.

Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесі, 2022 – *Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесі: тарихы мен тағылымы (1920-1930 жылдар) Ұжымдық монография.* [Авт.: А.Т. Қайпбаева, О.Х. Мұхатова, А.М. Әбікей т.б.]. /Алматы: «Мадияр» ЖК, 2022. 320 б.

Наука советского Казахстана, 1981 – *Наука советского Казахстана.* – Алма-Ата: Издательство «Наука» Казахской ССР, 1981. 300 с.

Нусупбеков А.Н., Покровский С.Н., Шахматов В.Ф. Развитие исторической науки в Казахстане. В кн.: Наука Советского Казахстана за 1920-1960 гг. Алма-Ата. Издательство Академии наук Казахской ССР, 1960. С. 559-590.

Октябрь и наука, 1967 – *Октябрь и наука* Казахстана. Алма-Ата: Издательство «Наука» Казахской ССР, 1967. 575 с.

Таукибаева, 1999 – *Таукибаева Ш.Ж.* Становление государственных учреждений Казахстана по образованию, культуре и науке (1917-1936 гг.). Автореф. дисс...к.и.н. Алматы, 1999. 32 с.

#### Sources

Central state archive of the Republic of Kazakhstan  
United State Archive of the Orenburg region

#### References

Akhmetova S.Sh. Istoricheskoe kraevedenie v Kazahstane [Historical local lore in Kazakhstan]. Alma-Ata: Kazakhstan, 1982. 168 p. (in Rus.)

Ermekbai Zh.A. Formirovanie i razvitie nauki Sovetskogo Kazahstana [Formation and development of science in Soviet Kazakhstan] // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. 2016. № 413. P. 103-110. (in Rus.)

Ibraev G.M. Istoriya razvitiya kraevedeniya Kazahstana [History of the development of local history of Kazakhstan] // Korkyt Ata atyndagy Kyzylorda memlekettik universitetinin habarshysy. № 1 (44) 2015. P. 69-76. (in Rus.)

Kazakstandagy oku-agartu zhujesi: tarihy men tagylymy (1920-1930 zhyldar) [Educational system in Kazakhstan: history and lessons (1920-1930)] Uzhymydyk monografiya. [Aft.: A.T. Kaipbaeva, O.Kh. Mukhatova, A.M. Abikei and others]. /Almaty: «Madiyar» ZhK, 2022. 320 p. (in Kaz.)

Kul'turnoe stroitel'stvo v Kazahstane (1918-1932 gg.) [Cultural construction in Kazakhstan (1918-1932)] Sbornik dokumentov i materialov. / Sost.: M.A. Abdulkadyrova, S. S. Golubyatnikov, A.G. Kukushkina i dr. Alma-Ata: Kazakhstan, 1965. 300 p. (in Rus.)

Nauka sovetskogo Kazahstana [Science of Soviet Kazakhstan]. – Alma-Ata: Izdatel'stvo «Nauka» Kazaskoj SSR, 1981. 300 p. (in Rus.)

Nusupbekov A.N., Pokrovskii S.N. Shakhmatov V.F. Razvitie istoricheskoy nauki v Kazahstane [Development of historical science in Kazakhstan]. V kn.: Nauka Sovetskogo Kazahstana za 1920-1960 gg. Alma-Ata. Izdatel'stvo Akademii nauk Kazahskoj SSR, 1960. P. 559-590. (in Rus.)

Oktyabr' i nauka Kazahstana [October and Science of Kazakhstan]. Alma-Ata: Izdatel'stvo «Nauka» Kazaskoj SSR, 1967. 575 p. (in Rus.)

Taukibaeva Sh.Zh. Stanovlenie gosudarstvennyh uchrezhdenij Kazahstana po obrazovaniyu, kul'ture i nauke (1917-1936 gg.) [Formation of state institutions of Kazakhstan for education, culture and science (1917-1936)]. Avtoref. diss...k.i.n. Almaty, 1999. 32 p. (in Rus.)





## ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Kazakhstan  
Otan tarihy  
Has been issued as a journal since 1998  
ISSN: 1814-6961 (Print)  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
Vol. 26. Is. 2, pp. 298-309, 2023  
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20.  
[https://doi.org/10.51943/1814-6961\\_2023\\_26\\_2\\_298-309](https://doi.org/10.51943/1814-6961_2023_26_2_298-309)

**1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ ОРАЛ ЖӘНЕ БӨКЕЙ ГУБЕРНИЯЛАРЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ**

Саялбек Махамбетұлы Гиззатов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі (54-үй, Тәуелсіздік даңғ., 010000, Астана, Қазақстан)  
Тарих ғылымдарының кандидаты, ғылыми хатшы



<https://orcid.org/orcid-search/search?searchQuery=0000-0002-9784-1812>. E-mail: Sayalbek@mail.ru

© © Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2023

© Гиззатов С.М., 2023

**Андатпа.** *Kіріспе.* Қазақстанда 1921-1922 жылдары орын алған ашаршылық отандық тарих ғылымындағы өзекті тақырыптардың бірі болып саналады. Кеңестік заманда көптеген фактілер жасырылып, ашаршылықтың шынайы себептері мен зардаптары ашық айтылмады. Сондықтан бүгінде қазақ даласын шарпыған осынау нәубетті толыққанды зерттеу үшін еліміздің әр аймағында болып өткен ашаршылықты жан-жақты зерделеу өте маңызды. *Зерттеудің мақсаты* жаңа мұрағаттық құжаттар мен материалдарды тарту негізінде 1921-1922 жылдардағы Орал және Бөкей губернияларындағы жаппай ашаршылықты кешенді зерттеу болып табылады. Бұл мақсатқа жету жолында ХХ ғасырдың басындағы елдегі және өлкедегі саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайларды сараптау, ашаршылықтың себептері мен ауқымын анықтау, оған қарсы күрестегі мемлекеттік органдардың, қоғамдық және шетелдік ұйымдардың рөлін зерттеу сияқты *міндеттер* қойылды. *Нәтижелер.* Орал және Бөкей губернияларында орын алған саяси, экономикалық, әлеуметтік жағдайлар сипатталып, аштықтың себептері анықталды. Зерттеу жұмысында ашаршылықтың зардаптары губерния, уезд, ауылдардағы демографиялық өзгерістерді бейнелейтін статистикалық мәліметтер арқылы көрсетілді. Сонымен қатар ашаршылықпен күрестің жүру барысы, оның нәтижелері зерттелді. Мақалада ашаршылықпен күресу мақсатында ашылған асханалардың жұмысына, халықты тамақтандыру барысында орын алған заң бұзушылықтарды көрсетуге көңіл бөлінді. Әсіресе Ашаршылық салдарын жою бойынша құрылған губерниялық, уездік комиссиялардың қызметі жан-жақты зерделенді. Орал және Бөкей губернияларындағы ашаршылықпен күрестегі халықаралық ұйымдардың көмегіне қатысты тың мәліметтер келтірілді. *Қорытынды.* Тарихи деректер Орал және Бөкей губернияларының Қазақстанның ашаршылықтан ең ауыр зардап шеккен аймақтары болғандығын көрсетеді. ХХ ғасырдың басындағы саяси оқиғалар, азаматтық соғыс қарастырылып отырған өлкедегі ашаршылықтың пайда болуына тікелей әсер етті. Кеңес өкіметінің тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен мүдделеріне қайшы келетін салық саясатын жүргізуі де жағдайды қиындатты. Орал және Бөкей губернияларындағы ашаршылық салдарынан аймақта адам өлімі көбейіп, түрлі эпидемиялық аурулар тарап, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмендеді.

**Кілт сөздер:** ашаршылық, Орал және Бөкей губерниялары, Ашыққандарға көмек беру бойынша губерниялық комиссия (Губкомпомгол), Ашаршылық салдарын жою бойынша губерниялық комитет (Губкомпоследгол), Америкалық көмек ұйымы (ARA), Нансен комитеті, демографиялық өзгерістер.



**Дәйексөз үшін:** Гиззатов С.М. 1921-1922 жылдардағы Орал және Бөкей губернияларындағы ашаршылық және оның зардаптары // Отан тарихы. 2023. Т. 26. №2. 298-309 бб. (Қаз.) DOI: 10.51943/1814-6961\_2023\_26\_2\_298-309

## ГОЛОД В УРАЛЬСКОЙ И БУКЕЕВСКОЙ ГУБЕРНИЯХ В 1921-1922 ГОДАХ И ЕГО ПОСЛЕДСТВИЯ.

Саялбек Махамбетович Гиззатов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Национальный музей Республики Казахстан (д. 54, пр. Тауелсиздик, 010000, Астана, Казахстан)  
Кандидат исторических наук, ученый секретарь



<https://orcid.org/orcid-search/search?searchQuery=0000-0002-9784-1812>. E-mail: Sayalbek@mail.ru

**Аннотация:** *Введение.* Голод в Казахстане в 1921-1922 годах является одной из актуальных тем отечественной исторической науки. В советское время многие факты были скрыты, а истинные причины и последствия голода не разглашались открыто. Поэтому для полноценного изучения этой проблемы, охватившей сегодня казахские степи, очень важно всестороннее изучение голода, произошедшего в каждом регионе страны. *Целью исследования* является комплексное исследование массового голода в Уральской и Букеевской губерниях 1921-1922 годов на основе привлечения новых архивных документов и материалов. Для достижения этой цели были поставлены такие *задачи*, как анализ политических, социально-экономических условий в стране и крае начала XX века, выявление причин и масштабов голода, изучение роли государственных органов, общественных и зарубежных организаций в борьбе с ним. *Результаты.* Описаны политические, экономические, социальные проблемы, определены причины голода в Уральской и Букеевской губерниях. В исследовательской работе последствия голода подробно проиллюстрированы статистическими данными, отражающими демографические изменения в губерниях, уездах, селах. Показан ход борьбы с голодом, его последствиями. Основное внимание уделено работе пунктов питания, открытых в целях борьбы с голодом, а также выявлены нарушения в работе столовых того времени. Всесторонне изучена деятельность губернских, уездных комиссий по ликвидации последствий голода. Приведены новые данные о помощи международных организаций в борьбе с голодом в Уральской и Букеевской губерниях. *Выводы.* Исторические данные свидетельствуют о том, что Уральская и Букеевская губернии были наиболее сильно пострадавшими от голода регионами Казахстана. Политические события начала XX века, гражданская война напрямую повлияли на возникновение голода в рассматриваемом крае. Осложняло положение и проведение советской властью налоговой политики, противоречащей социально-экономическому положению и интересам населения. В результате голода в Уральской и Букеевской губерниях в регионе возросла смертность, распространились различные эпидемические заболевания, снизилось социально-экономическое положение населения.

**Ключевые слова:** голод, Уральская и Букеевская губернии, Губернская комиссия по оказанию помощи голодающим (Губкомпомгол), Губернский комитет по ликвидации последствий голода (Губкомпоследгол), Американская администрация помощи (АРА), Комитет Нансена, демографические изменения.

**Для цитирования:** Гиззатов С.М. Голод в Уральской и Букеевской губерниях в 1921-1922 годах и его последствия // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 2. С. 298-309. (На каз.) DOI: 10.51943/1814-6961\_2023\_26\_2\_298-309

## FAMINE IN THE URAL AND BUKEY PROVINCES IN 1921-1922 AND ITS CONSEQUENCES.

Sayalbek Makhambetovich Gizzatov<sup>1</sup>

<sup>1</sup>National Museum of the Republic of Kazakhstan (54, Tauelsizdik Ave., 010000 Astana, Kazakhstan)  
Candidate of Historical Sciences, Academic Secretary



<https://orcid.org/orcid-search/search?searchQuery=0000-0002-9784-1812>. E-mail: Sayalbek@mail.ru

**Abstract: Introduction.** Famine in Kazakhstan in 1921-1922 is one of the topical topics of the national historical science. In Soviet times, many facts were hidden, and the true causes and consequences of the famine were not openly disclosed. Therefore, for a full-fledged study of this problem, which has engulfed the Kazakh steppes today, it is very important to comprehensively study the famine that occurred in each region of the country. **Goals.** The aim of the study is a comprehensive study of mass famine in the Ural and Bukey provinces of 1921-1922 based on the involvement of new archival documents and materials. To achieve this goal, tasks such as analyzing the political, socio-economic conditions in the country and the region of the early twentieth century, identifying the causes and extent of hunger, studying the role of state bodies, public and foreign organizations in combating it were set. **Results.** Political, economic, and social problems are described, and the causes of famine in the Ural and Bukey provinces are determined. In the research paper, the consequences of famine are illustrated in detail by statistical data reflecting demographic changes in provinces, counties, villages. The course of the fight against hunger and its consequences is shown. The main attention is paid to the work of food outlets opened in order to combat hunger, as well as violations in the work of canteens of that time. The activities of provincial and county commissions for the elimination of the consequences of famine have been comprehensively studied. New data on the assistance of international organizations in the fight against hunger in the Ural and Bukey provinces are presented. **Conclusions.** Historical data indicate that the Ural and Bukey provinces were the regions of Kazakhstan most severely affected by famine. The political events of the early twentieth century, the civil war directly affected the occurrence of famine in the region under consideration. The situation was also complicated by the Soviet government's tax policy, which contradicted the socio-economic situation and interests of the population. As a result of the famine in the Ural and Bukey provinces, mortality increased in the region, various epidemic diseases spread, and the socio-economic situation of the population decreased.

**Keywords:** famine, Ural and Bukey provinces, the Provincial Commission for Famine Relief (Gubkompomgol), the Provincial Committee for the Elimination of the Consequences of Famine (Gubkomposledgol), the American Relief Administration (ARA), the Nansen Committee, demographic changes.

**For citation:** Gizzatov S.M. Famine in the Ural and Bukey Provinces in 1921-1922 and its consequences // *Otan tarihy* . 2023. Vol. 26. No. 2. Pp. 298-309. (In kaz.) DOI: 10.51943/1814-6961\_2023\_26\_2\_298-309

**Кіріспе.** XX ғасырдың I жартысы қазақ халқы үшін аласапыранға толы ауыр кезең болды. Әсіресе Ресейдегі патша үкіметінің құлап, кеңестік биліктің орнауы кезеңі Ұлы далаға ашаршылық атты нәубетті алып келді. Бірнеше рет орын алған ашаршылықтың демографиялық салдары одан кейінгі кезеңдерде айқын сезілді.

Бүгінде мұрағаттарда жинақталған деректерді саралау арқылы әр кезеңде орын алған ашаршылықты жіті зерттеуге мүмкіндік туып отыр. Соның ішінде елімізде орын алған 1921-1922 жылдардағы ашаршылық толыққанды зерделеуді талап етеді. Мысалы, 1921 жылы қарашада Қазақстандағы ашыққандар санын Статистика басқармалары 1 508 900 адам деп көрсетсе, әр түрлі көздерден алынған деректер бойынша олардың қарасы 1 558 927 адамға жеткен екен (Қазақстан тарихы, 2010:186). Сондықтан бұрын-соңды ғылыми айналымға енген түрлі деректерді пайдаланып ашаршылық тарихын толыққанды зерттеу, әсіресе аймақтардағы осы нәубет әкелген зобалаңның зардаптарын ашып көрсету бүгінгі күн тұрғысынан алғанда өте маңызды болып саналады.

**Материалдар мен әдістер.** Ғылыми мақаланы дайындау барысында әр түрлі сипаттағы материалдар пайдаланылды. Дереккөздердің негізін Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА), Қазақстан Республикасы Президентінің архиві (ҚР ПА), Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінен (БҚО МА) алынған материалдар құрайды. Зерттеу жұмысы барысында архив қорларынан 1921-1922 жылдардағы Орал және Бөкей губерниялары бойынша атқару комитеттерінің ашаршылыққа ұшыраған адамдар туралы есептері, Ашаршылық салдарын жою бойынша губерниялық комитеттердің (Губпоследкомгол)



баяндамалары және тағы басқа құнды деректер табылды. Сонымен қатар қарастырылып отырған кезеңде жарыққа шығып отырған «Красный Урал» мерзімді басылымындағы мақалалар, ауыл шаруашылығы санағының қорытындылары да ғылыми айналымға енгізілді.

Орал және Бөкей губернияларындағы 1921-1922 жылдары ашаршылықтың шынайы бейнесін ашуда Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері Хамит Чурииннің (1901-1979) «Дауылды жылдарда» атты еңбегі пайдаланылды. 1919-1932 жылдары Бөкей және Орал губернияларында түрлі лауазымдарда қызмет еткен ол ашаршылықтың ауыртпалығын көзімен көріп, онымен күресте елеулі еңбек сіңірген болатын.

Батыс Қазақстан өңіріндегі ашаршылықты зерттеу барысында талдау, жинақтау және қорыту сияқты жалпы ғылыми әдістер, сондай-ақ тарихи-типологиялық, проблемалық-хронологиялық, тарихи-жүйелілік секілді арнайы тарихи әдістер қолданылды.

**Талқылау.** Ашаршылық мәселесі Кеңес Одағы кезінде жабық тақырыптардың біріне айналған еді. Өйткені ол алып мемлекеттің саяси идеологиясына қайшы келді. Бай-қулақтарды қудалау, күштеп ұжымдастыру сияқты солақай саясаттың салдарынан пайда болған ашаршылық коммунистік қоғам құруға ұмтылған державаның абыройына нұқсан келтіретін мәселе саналды.

Дегенмен кеңестік кезеңде ашаршылық тақырыбына қатысты бірқатар еңбектердің жарық көргендігі ақиқат. Мысалы, Н.И. Мардаровский (Мардаровский, 1922), С.А. Нейштадт (Нейштадт, 1960), Г.Ф. Дахшлейгер (Дахшлейгер, 1965) және өзгелердің еңбектерінде елдегі әлеуметтік-экономикалық өмірдегі өзгерістер қарастырылғанымен сол кездегі мемлекеттік идеологияға байланысты ашаршылық ақиқатына лайықты баға берілмеді.

Еліміздің Тәуелсіздікке қол жеткізуі төл тарихымызды ұлттық мүдде тұрғысынан зерттеуге кең мүмкіндік ашып берді. Тарихымыздың ақтаңдақ беттерін ашуға ұмтылған М.К. Қозыбаев, Ж.Б. Абылхожин, К.С. Алдажұманов (Қозыбаев және т.б., 1992), Т.Омарбеков (Омарбеков, 1997) және тағы басқа ғалымдар Қазақстандағы ашаршылық мәселесіне қатысты іргелі еңбектерін жарыққа шығарды. Қазақ даласын шарпыған нәубеттің әлеуметтік-демографиялық зардаптары М.Х. Асылбеков, А.Б. Галиевтің (Асылбеков, Галиев, 1991) еңбектерінде көрініс тапты.

Ашаршылық тарихнамасы 2000 жылдан бастап жаңа зерттеулермен толыға түсті. Б.А. Мусаев (Мусаев, 2006) Қазақстандағы 1921-1922 жылдардағы ашаршылықтың себептері, жүру барысы, зардаптары мен оған қарсы күрес туралы жазса, белгілі тарихшы М. Қойгелдиев (Қойгелдиев, 2009) еліміздегі 1920-1940 жылдардағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайларға қатысты іргелі еңбегін жариялады. Өз кезегінде зерттеуші С.Смағұлова (Смағұлова, 2019) ашаршылық қасіретін жан-жақты сипаттай келе қазақ зиялыларының, сондай-ақ шетелдік ұйымдардың ұлы нәубетпен күрестегі рөлін ашып көрсете білді.

XX ғасырдың нәубеті саналатын ашаршылық мәселесі шетелдік ғалымдардың да назарынан тыс қалмады. Орталық Азия аймағын зерттеуге қызығушылық танытқан М.Б. Олкот (Олкот, 1981), Р. Конквест (Conquest, 1986), С.Камерон (Cameron, 2018) сияқты тарихшылар өз еңбектерінде Қазақстандағы ашаршылықтың себептерін жан-жақты көрсете білді.

Дегенмен еліміздегі ашаршылық мәселесі әлі де толыққанды зерттеуді талап етеді. Бүгінде архив қорлары мен сол кезеңде жарық көрген мерзімді басылымдардағы материалдарды ғылыми айналымға енгізу қажеттілігі туындап отыр.

**Нәтижелері.** Тарихи деректер алапат аштықтың Батыс Қазақстан өңірінде де кең көлемде жүріп, бірнеше кезеңдерді қамтығандығын көрсетіп отыр. Атап айтқанда, бірінші кезең 1918-1919 жылдарды, екінші кезең 1921-1922 жылдарды, үшінші кезең 1924-1925 жылдарды қамтыса, төртінші кезең 1931-1932 жылдармен жалғасты. Батыс Қазақстан аймағында ашаршылықтың бірнеше толқынының орын алуы өлкенің геосаяси орналасуы, климаттық жағдайы және тағы да басқа көптеген факторлармен байланысты еді.

Қазақ жерінің батыс қақпасы саналатын Орал және Бөкей губернияларындағы 1921-1922 жылдардағы ашаршылықтың бірнеше себептері болды. Біріншіден, 1918-1920 жылдары Батыс Қазақстан облысындағы Орал казак әскері мен Кеңес Армиясы әскерлерінің арасындағы қақтығыстар азамат соғысына ұласып, ел дағдарысқа ұшырады. Тараптардың соғыс барысында алма-кезек қазақ ауылдарын шауып, жиған малдарын тартып әкетуі аштыққа әкеліп соқты. 1920 жылы ауыл шаруашылығы санағын жүргізген статистикалық органдардың мәліметіне



сәйкес 1917-1920 жылдары Орал губерниясындағы мал санының 3,3 миллионнан 0,8 миллионға дейін, Бөкей губерниясында 1,1 миллионнан 0,4 миллионға дейін азайғандығын көрсетті. (Сдыков, 2004:178).

Тарихи деректерден азаматтық соғыстың 1921-1922 жылдарға дейін созылғандығын көреміз. Кеңестер билігін орнатуға ат салысқан Хамит Чурин: «1919-1921 жылдарда әсіресе Бөкей облысы мен оған шектес облыстарда бандалық күшейіп кетті. Әсіресе Насаев, Еркин, Копейкин, Тоғызбаев бастаған бай-кулактардың бандылары жергілікті халыққа қатал тиді. Насаев өзін «Заволжье әскери округінің көтерілісшілері мен Заволжье халқының командашысы деп жариялады. Атамандар Еркин мен Просов бастаған бандылар біздің ауылды үш рет тонады, өзімізді өлтірмек болды», - деп еске алған болатын. Одан әрі автор қызылдардың осы Еркин бастаған бүлікшілерді 1922 жылы жазда жойғандығы туралы дерек келтіреді (Чурин, 1971: 100-101).

Екіншіден, кеңестер билігі жүргізген «Әскери коммунизм» саясаты елде ашаршылықтың күшеюіне өз әсерін тигізді. Соғыс жағдайына байланысты енгізілген азық-түлік салғырты қара халықты әбден қажытты. Алғашында мемлекет шаруалардың өнімін сатып алатындығын айтқанымен іс жүзінде билік күш көрсету арқылы тартып алуға көшті. Мысалы, дәл осындай әдіс-тәсілдер арқылы 1920 жылы Орал губерниясынан 1,5 миллион пұт астық жиналды. Ал негізінен мал шаруашылығымен айналысатын Бөкей губерниясының тұрғындары малдарын сатып, одан түскен қаржыға бидай алып, үкіметке өткізуге мәжбүр болды.

Үшіншіден, 1921 жылы жауын-шашын болмай, құрғақшылық орын алды. Соның салдарынан егін шықпай, малға шөп жетпей халық қатты қиналды. Халықтың бір бөлігі тіршілік көзін іздеп басқа ауылдарға көше бастады. Осы кезеңде адамдар тышқан, күзен аулап, құмаршық, арамсою сияқты жабайы өсімдіктерді жей бастады. Бөкей губерниясы Тарғын уездік Кеңесі атқару комитетінің төрағасы болған Х.Чурин: «1921 жыл өте ауыр болды. Волга бойында және Бөкей губерниясында болған қуаңшылықтың салдарынан халық ашаршылыққа ұшырады. Бөкей губерниясының тек оңтүстік шағыл құмды бөлігінің жағдайы өзгелерден біршама тәуір болды. Олар құмға өскен құмаршықпен күнелтіс жасады. Бұл аймақта мал жайылымы да жақсы болды. Ал облыстың құрғақ далалы Тарғын, Таловка, Жаңақала уездерінің халқы ашаршылықтан мықтап жапа шекті. Бұл елдер қолындағы бар малын сойып алды, бірақ астықсыз бір ғана ет адамға жөнді азық бола алмады. 1921 жылдың аяқ кезінде көптеген семьялар әбден ашығып, өле бастады», - деп жазды (Чурин, 1971: 104).

Архив деректерінен 1921 жылғы 2 қаңтарда құрамында Гурьев, Калмыков аудандары, Орал, Жымпиты, Елек уездері бар Орал губерниясы мен Қалмақ, Торғын, Нарын, I-II Теңіз округтері кіретін Бөкей губерниясының ашаршылыққа ұрынған губерниялар тізіміне енгізілгендігін көреміз (ҚР ОМА, Р-320 қоры, 1 тізбе, 29 іс, 9 п.).

Жоғарыда көрсетілген себептерге байланысты орын алған ашаршылық Батыс Қазақстан облысының халқы үшін адам айтқысыз зардаптарға ұрындырды. Жағдайдың ушыққаны соншалық Орал губерниясы атқару комитеті 1921 жылы 19 ақпан күні «Красный Урал» газеті арқылы «Шаруаларға, казактар мен қырғыздарға!» деген үндеуін жолдады. Онда: «Шаруалар мен жұмысшылар үш жылға созылған азаматтық, революциялық соғыстың зардабын тартуда. Егіннің шықпауына байланысты Оралда нан жоқ. Балалар, мүгедектер, кедейлер, қызыләскер отбасылары ашаршылыққа тап болды. Барлық болыстар мен ауылдардағы азық-түлігі бар шаруалар артық астығын шығарып, аш отырған ауылдарға тамақ беруі қажет. Барлық көмбені ашуымыз керек», - деп ашық жазылды (Рабочим, казакам и киргизам, 1921:2).

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың мәселеге дер кезінде көңіл бөліп, ұйымдастырушылық шараларды жүзеге асыра алмауы аштықты күшейтті. Адамдар жаппай бас сауғалап көршілес өңірлерге көше бастады. Жергілікті билік нақты іс-шараларды жүзеге асыруға қауқарсыз болды. Өйткені жоғары деңгейдегі шешім 1921 жылы 8 шілдеде қабылданды. Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің (БОАК) декреті бойынша ашыққан адамдарға жәрдем беру бойынша арнайы комиссия құрылды. Кейін іле-шала 18 шілдеде Қазақ Орталық Атқару комитеті дәл осындай комиссияны жасақтады.

Қазақстан аймақтарындағы Ашыққандарға көмек беру бойынша арнайы комиссиялар (Губкомпомгол) әр түрлі уақытта құрылды. Ақтөбе губерниясында 1921 жылғы 20 шілдеде, Бөкей губерниясында 4 тамызда, Орал губерниясында 8 тамызда, Орынбор және Семей губернияларында 10 тамызда, Қостанай губерниясында 30 тамызда, Ақмола губерниясында



15 қыркүйекте, Адай уезінде 23 қазанда ашылды (ҚР ОМА, Р-320-қ., 1-т., 33-іс, 42-п.). Мұның себебі пошталық және телеграфтық байланыстың нашар болуына, ұйымдастыру-түсіндіру жұмыстарының тиісті деңгейде жүргізілмеуіне байланысты болды. Сәйкесінше уездік, болыстық, ауылдық деңгейде құрылған комиссиялар жұмыстарын кеш бастады. 1921 жылғы тамыз айында Орал губерниялық Ашыққандарға көмек беру комиссиясы төрағасының орынбасары Ширавцев өз баяндамасында: «Орталықтан тапсырма түскен бойда шұғыл арада Ашыққандарға көмек беру комиссиясы құрылды. Нақты нұсқаулықтың болмауына байланысты алғашқы күндері жергілікті жерлерде уездік және болыстық Ашыққандарға көмек беру комиссияларын құру жөнінде өкім шығарумен ғана шектелдік», - деп жазды (ҚР ОМА, Р-320-қ., 1-т., 40-іс, 157-158-пп.). Одан кейін ашыққан адамдардың санын анықтау мақсатында Губстатбюроға есеп карточкасының формасын жасау жөнінде тапсырма беріп, халық санағына кіріседі. Сонымен қатар «Ашыққандарға көмек апталығын» ұйымдастыру үшін арнайы үштік ұйымдары құрылды (БҚО МА. 312-қ., 1-т., 62-іс, 82-п.).

Уақыт өткен сайын ашаршылық та күшейе берді. Орал губерниясының өзінде 1921 жылы тек Орал, Жымпиты, Елек, Калмыков уездері бойынша 47 289 адам аштықтан қырылған. Атап айтқанда, Орал уезінде 19 085, Жымпиты уезінде 7 699 адам, Елек уезінде 17 544 адам, Калмыков уезінде 2 961 адам ашаршылықтың құрбаны болды. Сонымен қатар 20 851 адам Орал губерниясынан тыс жерге көшіп кеткен. Осылайша бір жылдың ішінде аталған төрт уезд халқы 67 870 адамға азайды. Бұл ауыл тұрғындарының 19,6%-ын құрайтын еді (БҚО МА, 24-қ., 1-т., 6-іс, 58-п.).

Ең қиын жағдай 1921-1922 жылдары қыста орнады. Бұл кезеңде адам етін жеу фактілері тіркелді. Мысалы, 1921 жылы желтоқсан айында Калмыков уезі Бударин ауылында бір отбасы қызы мен немересін өлтіріп, олардың етін жеген. Құзырлы органдардың мәліметінше тек 1922 жылғы 1 сәуірден бастап адам жеу үрдісі азая бастаған (Отчет Уральского губернского экономического совещания, 1922:205).

1921 жылы қарашада Орал губерниясында ресми түрде 239 037 адам ашыққандар ретінде тіркелсе, 1922 жылы 1 қаңтарда олардың саны 378 816 адамға жетті. 1920 жылғы халық санағына сәйкес губернияда барлығы 524 824 тұрғынның болғандығын ескерсек бұл үлкен көрсеткіш болып саналады. Дәл осындай ахуал Бөкей губерниясында да қалыптасты. 1922 жылы 21 ақпандағы РКП-ның II Жалпықазақ облыстық конференциясында С. Меңдешев «ҚазКСР-дегі ашаршылық және онымен күрес» тақырыбында жасаған баяндамасында Бөкей губерниясында 100 000 адамның ашығып отырғандығын атап өтті (ҚР ПА, 139-қор, 1-т., 252-іс, 130-п.). Байқап отырғанымыздай, 1922 жылы ашаршылыққа ұрынған адамдардың қарасы өте қалың болған. Тіпті аштықтан қаза тапқан адамдар санының көп болғандығы сондай өлкелік комиссия әр жерде шашылып жатқан мүрделерді жинау үшін арнайы бұйрық шығарды. Мұрағат құжаттарында адам мүрделерін жинауға салғырт қарағаны үшін уездік милиция бастығы Зотов пен жерлеу бюросының меңгерушісі Чурилиннің жауапқа тартылғандығы туралы деректер кездеседі (БҚО МА, 24-қ., 1-т., 430-іс, 58-п.).

Біртіндеп өлкедегі ашаршылықпен күресу мақсатында азық-түлік бөлініп, қоғамдық тамақтандыру шаралары ұйымдастырыла бастады. Мысалы, Бөкей губерниясында 1921 жылы 4 тамызда ашыққандарға көмек көрсету жөніндегі комиссия құрылып, ол жедел түрде ұйымдастыру жұмыстарын қолға алған. Союға мал таппаған ауылдарда балық аулау топтары құрылып, аш адамдарға балық үлестірілген. Аталмыш губернияға қарасты Жаңақала ауылында жетімдер үшін 50 кісілік асхана ашылып, аш және ауру адамдар үшін 50 пұт астық берілген (Боранбаева, 2017:25). Осы уақытта Орал қаласының өзінде 6 000 адамды тамақтандыруға қауқарлы 5 асхана жұмыс жасап тұрды (ҚР ОМА, Р-320-қ., 1-т., 40-іс, 157-158-пп.).

Алғашында ашыққан адамдарды тамақтандыру үрдісі баяу жүрді. Кейін арнайы қаражат бөлініп, ашаршылықпен күрес науқаны күшейе түсті. Мысалы, 1922 жылы наурыз айында Орал қаласында 52 жабық, 8 ашық асхана жұмыс жасап, онда 12 мың ашқұрсақ бала тамақтанған. Сондай-ақ, бір ғана Орал уезіндегі 92 асханада 12 441 бала тамақ ішу мүмкіндігіне ие болды. Жергілікті билік бір балаға күндік норма ретінде  $\frac{3}{4}$  фунт нан бөлді (Борьба с голодом, 1922:2).

Орал және Бөкей губернияларындағы аштықтың күшеюіне түрлі эпидемияның таралуы да әсер етті. Адамдардың жарытып тамақ ішпеуіне және жеуге жарамсыз заттарды талғажау



қылуына байланысты жаппай эпидемия басталды. Бөкей губерниясында оба, Орал губерниясының Орал және Калмыков уездерінде іш сүзегі, Жымпиты уезінде тырысқақ аурулары белең алды. Мысалы, 1922 жылдың қаңтар-маусым айларында Бөкей губерниясында іш сүзегімен 118 адам ауырып, 8-і қаза тапқан, бөртпе сүзегімен 232 адам науқастанып, 35-і өлген, тырысқақпен 423 адам ауырып, 227-сі ажал құшқан. Ал ашығу салдарынан 1271 адам ауруға шалдығып, 255-і қайтыс болған (БҚО МА, 312-қ., 1-т., 2-іс. 133-п.). Осылайша ашаршылық салдарынан эпидемиялық жағдай нашарлады және өз кезегінде бұл індеттер аштықтың одан әрі күшеюіне әкеліп соқты.

Орал және Бөкей губернияларындағы ашаршылықпен күресте бірқатар халықаралық ұйымдар көмек көрсетті. Мұндай халықаралық қауымдастықтардың көмегінің арқасында аштыққа душар болған адамдарға берілетін азық-түліктің көлемі де артты. Тек 1922 жылғы тамыздың өзінде шетелдік қайырымдылық мекемелері Орал губерниясындағы 314 307 адамға әр түрлі көмек көрсеткен.

Халықаралық ұйымдардың ішінде АҚШ Президенті Вудро Вильсонның тапсырмасымен құрылған Америкалық көмек ұйымы (ARA) асқан белсенділігімен көзге түсті. Аталмыш ұйым мен Орал губерниялық атқару комитеті арасында келісім жасалып, тараптар 1921 жылғы 22 қарашада нақты іске кірісті. Әйгілі мекеме балаларды аштықтан құтқару мақсатында 214 асхана ашты. Сондай-ақ, 1922 жылдың сәуір-мамыр айларында ересектерге арналған 180 000 дана азық бөлді. Бөкей губерниясының шалғайда орналасуына байланысты АРА ұйымы бұл өлкеде көмекті бірден ұйымдастырып кете алмады. Мысалы, 1922 жылы маусымда аталмыш губерния тұрғындарына 45 000 дана азық бөлінгендігі туралы дерек кездеседі (БҚО МА, 623-қ., 1-т., 15-іс, 4-п.). АРА ұйымы тек асхана ашып, тамақ таратумен ғана шектелмей тұрғындарды киім-кешек, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге үлесін қосқан.

Өлкедегі ашаршылықпен күресте халықаралық «Нансен миссиясы» ұйымы да көмек көрсетті. Белгілі норвег ғалымы Фриуф Нансен негізін қалаған қайырымдылық мекемесі халық арасында «Нансен комитеті» деген атаумен де кеңінен танылды. Комитет Орал губерниясына 1922 жылғы наурыз айында 4, 565 жәшік азық-түлік пен 14 пұт 13 фунт дәрі-дәрмек, мамырда 21 пұт 38 фунт дәрі-дәрмек, 1922 жылғы қараша – 1923 жылғы қаңтар аралығында 1 500 дана қосымша тамақ түріндегі азық-түлік, 1923 жылғы ақпан-тамыз аралығында 500 дана балаларға арналған азық-түлік берді (ҚР ОМА, Р-1215 қ., 1-т., 21-іс, 58-п.). Осылайша Нансен комитеті өлкедегі ашаршылықпен күресте белсенділік танытты.

Қазақстанның батыс аймағындағы ашыққан адамдарға қол ұшын созған халықаралық ұйымдардың бірі Қызыл Крест болды. РСФКР Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы В.И. Ленин 1918 жылы 7 тамызда халықаралық Қызыл Кресттің Ресейлік қоғамы туралы декретке қол қойған еді. Кейін бұл мекеме елдегі саяси өзгерістерге байланысты Кеңестік Қызыл Крест ұйымы деп аталды. Кеңестік билік бұл ұйымды да ашаршылықпен күреске тартуға тырысты. Мәселен, 1922 жылы осы Қызыл Крест қоғамы арқылы Орынбор, Ақмола, Қостанай және Бөкей губернияларындағы 13 703 адамды тамақтандырылып отырды (Бюллетень, 1922: 33).

Орал және Бөкей губернияларында орын алған ашаршылықпен күреске өзге кеңестік республикалар да жұмылдырылды. 1921 жылы 31 тамызда Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің Ашыққандарға көмек беру бойынша Орталық комиссиясы (ЦК Помгол ВЦИК) арнайы ашаршылыққа душар болған аймақтарға жәрдемдесу мақсатында өзара көмек беру жоспарын бекітті. Бұл жоспарға сәйкес Орал губерниясына көмектесетін аймақ ретінде Украина мен Қырым, Бөкей губерниясы мен Адай уезіне Солтүстік Кавказ бекітілді. Мысалы, Орал губерниясына Украина мен Қырымнан 1921 жылғы 1 желтоқсанға дейін 55 592 пұт 17 фут азық-түлік, 408 дана заттар мен 2 108 сом қаржылай көмек келді. Сонымен қатар осы өңірлерден келген дәрігерлік-тамақтандыру топтары ашқан 7 асханада ашаршылыққа ұшыраған 7 000 адам тамақтану мүмкіндігіне ие болған (ҚР ОМА, Р-320-қ., 1-т., 33-іс, 74-п.).

1922 жылы 1 қарашадан бастап Ашаршылық салдарын жою бойынша губерниялық комитеттер (Губпоследкомгол) өз жұмыстарын бастады. Олардың міндеттеріне халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету, төрт түлік малға жем-шөп дайындау сияқты жұмыстарды ұйымдастыру кірді (БҚО МА, 312-қ., 1-т., 78-іс, 18 п.) Губернияға қарасты уездерде ашаршылық салдарын жою бойынша уездік комитеттер (Упоследкомгол) құрылса, болыс, ауылдарда өзара көмек жөніндегі комитеттер жасақталды. Бір қызығы, уездердегі



ашаршылықпен күрес жұмыстарын үйлестіру Уездік үштік деп аталатын құрылымға тапсырылды. Мысалы, 1922 жылы қараша айында Орал губерниясына қарасты Калмыков уездік үштігінің құрамына Бисенов, Тінәлиев, Пальгов есімді жергілікті билік өкілдері кірген (БҚО МА, 1704-к., 1-т., 1-іс. 1-п.).

Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінде ізденіс жұмыстарын жүргізу барысында Орал губерниясындағы Ашаршылық салдарын жою бойынша комитеттің есебін кездестірдік. Мұнда 1922 жылғы қарашада губерниядағы ашыққан адамдардың саны 125 165 адам, яғни халықтың 32%-ы деп көрсетілген (БҚО МА, 623-к., 1-т., 25-іс, 20-п.).

№	Елді-мекен атауы	Тұрғындардың жалпы саны	Ашыққан адамдар		Барлығы
			Балалар	Ересектер	
1	Орал қаласы	34 171	8 000	5 000	13 000
2	Орал уезі	68 866	11 011	14 211	25 222
3	Калмыков уезі	39 597	5 118	8 395	13 513
4	Елек уезі	75 842	11 520	13 176	24 696
5	Жымпиты уезі	68 360	14 777	23 957	38 734
6	Гурьев уезі	104 000	4 000	6 000	10 000
	Барлығы	390 811	54 426	70 739	125 165

Кесте-1 – Орал губерниясындағы ашыққан адамдар туралы мәлімет (1922 жыл, қараша)  
[Кесте-1 – Орал губерниясындағы ашыққан адамдар туралы мәлімет (1922 жыл, қараша)]

Өлкеде қалыптасқан ахуалды 1922 жылғы төмендегі мәліметтерден де анық байқаймыз. Мысалы, 1922 жылғы 12 қарашадағы жағдай бойынша Жымпиты уезінде барлығы 38 734 адам, оның ішінде 14 777 бала, 23 957 ересек адам ашаршылыққа тап болған. Әсіресе Ащысай (5306), Қурайлы (3 077), Тамды (2 568) болыстарында жағдайдың өте қиын болғандығы анық көрінеді (БҚО МА, 623-к., 1-т., 25-іс, 12-п.).

№	Болыс атауы	Жұмысқа жарамдылар		Балалар (14 жасқа дейін)	Қарт адамдар		Барлығы
		Ерлер	Әйелдер		Ерлер (55 жастан жоғары)	Әйелдер (45 жастан жоғары)	
1	Ащысай	1 130	1 010	2 196	642	328	5 306
2	Бұлдырты	520	469	897	152	102	2 140
3	Тұздықөл	232	187	711	202	217	1 549
4	Шалқар	503	405	473	23	21	1 425
5	Қалдығайты	588	384	732	141	141	1 986
6	Мәтеш	430	415	780	245	192	2 062
7	Тайпақ	296	168	629	69	127	1 289
8	Тамды	849	481	896	156	186	2 568
9	Өлеңті	630	343	659	300	200	2 132
10	I Жымпиты	413	292	274	374	252	1 605
11	Өзен	282	268	315	63	64	992
12	Қарасу	554	360	797	66	112	1 889
13	Дуана	676	336	1 052	170	220	2 454
14	Қурайлы	928	886	1 199	36	28	3 077
15	II Жымпиты	517	507	1 310	243	216	2 793
16	Сабынкөл	527	242	409	87	74	1 339
17	Көк Өзен	328	204	225	46	65	868
18	Жақсыбай	670	491	716	137	90	2 104
19	Соналы	291	178	507	84	93	1 153
	Барлығы	10 364	7 626	14 777	3 239	2 728	38 734

Кесте-2 – Орал губерниясы Жымпиты уезіндегі ашыққан адамдар туралы мәлімет (1922 жыл, қараша).





Азамат соғысының орталық майданына айналған Калмыков уезінде 1922 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша ашыққан адамдар санының едәуір азайғандығын байқауға болады. Аталмыш уезде барлығы 11 403 адам, оның ішінде 4 303 бала, 7 100 ересек адам ашыққандар тізіміне іліккен. Алайда бұл тізімге Қаракөл, Қарасамар, Индер болыстарындағы ашыққан адамдар туралы мәліметтер енгізілмеген (БҚО МА, 623-қ., 1-т., 25-іс, 15-п.). Сондықтан Калмыков уезіндегі ашаршылыққа ұрынғандар санын 11 403 адамнан көп деп санауға мүмкіндік бар. Қолда бар статистикалық мәліметтерден Мерген (1716), Каленов (1435), Қатыншағыл (1300) болыстарының ашыққандар саны бойынша көш бастап тұрғандығы байқалады.

№	Болыс атауы	Балалар (14 жасқа дейін)	Жұмысқа жарамды жастағылар		Қарт адамдар (ерлер мен әйелдер)	Барлығы
			Ерлер (50 жасқа дейін)	Әйелдер (40 жасқа дейін)		
1	Байқұтты	140	154	98	82	474
2	Каленов	550	350	420	115	1 435
3	Круглов	136	73	153	29	391
4	Байбарақ	392	298	178	165	1 033
5	Карманов	219	149	110	56	534
6	Бүйрек	294	215	134	94	737
7	Сломихин	179	129	157	72	537
8	Қатыншағыл	530	312	219	239	1 300
9	Мерген	504	252	397	563	1 716
10	Горский	201	63	54	66	384
11	Балықты	330	255	163	185	933
12	Калмыков қаласы	550	275	315	124	1 264
	Барлығы	4 303	2 655	2 561	1 911	11 403

Кесте-3 – Орал губерниясы Калмыков уезіндегі ашыққан адамдар саны (1922 жыл, 1 желтоқсан)  
[Кесте-3 – Орал губерниясы Калмыков уезіндегі ашыққан адамдар саны (1922 жыл, 1 желтоқсан)]

Елек уезі Орал губерниясындағы халық көп қоныстанған әкімшілік құрылым болып саналды. 1922 жылдың аяғында аталмыш уездің 19 869 тұрғыны ашыққандардың тізіміне енгізілген. Нәубеттен Шілік (5016), Торыатбас (3170), Ташлинск (2085) болыстарының қатты зардап шеккендігі анық көрінеді. Сонымен қатар мұрағат қорларында қарастырылып отырған кезеңде Елек уезінің Кенділі болысында адам етін жеу фактілерінің орын алғандығы жөнінде деректер кездеседі.

№	Болыс атауы	Ашыққан отбасылар саны	Балалар (14 жасқа дейін)	Жұмысқа жарамды жастағылар		Қарт адамдар		Барлығы
				Ерлер (50 жасқа дейін)	Әйелдер (40 жасқа дейін)	Ерлер	Әйелдер	
1	Приурал	96	117	43	87	13	20	280
2	Қарашығанақ	643	460	585	410	196	201	1 852
3	Шыңғырлау	388	417	281	249	178	188	1 313
4	Сухореченск	387	508	244	469	30	61	1 312
5	Жаманқала	320	234	80	235	24	102	675
6	Березов	215	377	178	214	32	75	876
7	Святодухов	121	159	118	126	23	22	448
8	Ташлинск	528	786	469	554	72	204	2 085
9	Мустаев	427	673	256	389	59	151	1 528
10	Кенділі	142	275	54	207	72	74	682
11	Александров	70	103	61	92	2	5	263



12	Шілік	1370	2052	1074	815	462	613	5 016
13	Полтавская	96	194	53	68	28	26	369
14	Торыятбас	821	1 079	1 152	939	-	-	3 170
	Барлығы	5 630	7 434	4 648	4 854	1 191	1 742	19 869

Кесте-4 – Орал губерниясы Елек уезіндегі ашыққан адамдар саны (1922 жыл, 1 желтоқсан)  
[Кесте-4 – Орал губерниясы Елек уезіндегі ашыққан адамдар саны (1922 жыл, 1 желтоқсан)]

Батыс Қазақстан облысындағы ашыққан адамдардың саны күн санап арта берген. Өйткені дәл осы архив құжатынан 1922 жылдың желтоқсан айындағы ашаршылыққа ұшыраған адамдардың санының 144 655-ке жеткендігін, яғни Орал губерниясының 37%-ын құрағандығын көреміз. Атап айтқанда, Орал қаласында 14 705, Орал уезінде 28 662, Елек уезінде 43 646, Жымпиты уезінде 42 149, Калмыков уезінде 15 493, Гурьев уезінде 10 000 адам ашаршылыққа душар болған (БҚО МА, 623-қ., 1-т., 25-іс, 20-п.).

1921-1922 жылдардағы ашаршылық Орал және Бөкей губернияларындағы халық санының едәуір азаюына әкеліп соқты. Өңірдегі демографиялық өзгерістерді төмендегі кестеден көруімізге болады (К итогам переписи, 1923:78 ).

Губерниялар	1917 жыл	1920 жыл	1923 жыл
Орал	655 097	513 840	360 058
Бөкей	251 180	230 240	216 133
Барлығы	906 277	744 080	576 191

Кесте-5 – 1917-1923 жылдардағы Орал және Бөкей губерниясындағы халық санының динамикасы  
[Кесте-5 – 1917-1923 жылдардағы Орал және Бөкей губерниясындағы халық санының динамикасы]

Байқап отырғанымыздай Орал және Бөкей губернияларындағы халық саны 6 жыл ішінде 330 086 адамға немесе 36,4%-ға азайып кеткен. Деректерден Орал губерниясындағы халықтың 1917 жылғы 655 097 адамнан 1923 жылы 360 058 адамға, яғни 45%-ға қысқарған. Бұл үлкен көрсеткіш болып табылады.

Өлкедегі ашаршылық ауыл шаруашылығын дағдарысқа ұшыратқан болатын. Адамдардың аштықтан қаза табуы, бас сауғалап өзге аймақтарға көшуі салдарынан егін егілмей қалды. 1922 жылы қараша айында жергілікті билік тарапынан Орал губерниялық жер бөлімі (Губ30) мен Азық-түлік комитетіне (Губпродком) егін шаруашылығы науқанын жоғары деңгейде ұйымдастыру мақсатында қар тоқтату, егістік тұқымдарын дайындау жөнінде тапсырма берілді (БҚО МА, 623-қ., 1-т., 12-іс, 2-п.).

Ашаршылық салдарын жою бойынша Орал губерниялық комитеті ауыл шаруашылығын көтеруден басқа да кешенді шараларды қолға алды. Олардың қатарында қаржылай көмек жинау, тұрғындарды жұмыспен қамту, қираған шаруашылықты қалпына келтіру мәселелері бар еді. Әсіресе аштыққа ұшыраған адамдарды тамақтандыру ісі өзекті болып қала берді. 1922 жылы желтоқсан айында Ашаршылық салдарын жою бойынша Орал губерниялық комитеті 1 айға арналған азық-түлік нормасын бекітті. Бұл құжат бойынша ересек адамға 11 ¼ фунт астық, балаларға 16 7/8 фунт, май ¼ фунт, жарма 3 3/4 фунт, балық еті 3 3/4 фунт, көкөніс 15 фунт, тұз 1 фунт бөлу қарастырылды (БҚО МА, 1704-қ., 1-т., 2-іс. 45-п.).

Архив деректерінен ашқұрсақ балаларды тамақтандыруда бірқатар заң бұзушылықтардың орын алғандығын байқаймыз. Мысалы, 1923 жылы мамыр айында АРА комитетінің Калмыков уезіндегі инспекторы М.А. Висков Мерген ауылындағы №61 тамақтандыру пунктінде балаларға берілуі тиіс сүттің нормадан төмен берілгендігін, ал Каленов ауылындағы №62 пунктте тамақтардың шикі күйінде таратылғандығын баяндаған (БҚО МА, 1704-қ., 1-т., 2-іс. 69-п.).

**Қорыта айтқанда,** 1921-1922 жылдардағы ашаршылық Орал және Бөкей губернияларының тұрғындары үшін орны толмас зардаптар әкелді. Азамат соғысы, салғырт саясаты, қуаңшылық салдарынан туындаған ашаршылық бейбіт халықтың өмірін жалмап, атамекендерін тастауға мәжбүрледі. Ашыққандардың қолға түскен дүниелерді талғажау қылуы



адамдардың ағзасының әлсіреуіне, сөйтіп түрлі эпидемиялық аурулардың күшеюіне әкеліп соқты. Бұл үрдіс өз кезегінде ашаршылықтың одан әрі өршуіне алып келді.

Қарастырылып отырған кезеңде өлкедегі ашаршылықпен күресу мақсатында тұрғындарға азық-түлік бөлініп, қоғамдық тамақтандыру шаралары ұйымдастырылып, әлеуметтік-экономикалық өмірді қалпына келтіру бойынша батыл қадамдар жасалды. Осы орайда, Орал және Бөкей губернияларының халқын нәубеттен құтқаруда Америкалық көмек ұйымы (ARA), Нансен комитеті, Қызыл Крест сияқты халықаралық қайырымдылық мекемелерінің лайықты үлестерін қосқандығын атап өткен жөн.

Қолға алынған іс-шаралардың нәтижесінде 1923 жылы өлкедегі жағдай тұрақтағанымен аймақ тұрғындарын 1924-1925 жылдары орын алған ашаршылықтың келесі толқыны күтіп тұрған еді.

#### Дереккөздер

БҚО МА – Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві.  
ҚР ОМА – Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві.  
ҚР ПА - Қазақстан Республикасы Президентінің архиві.

#### Sources

AP RK – Archive of the President of the Republic of Kazakhstan.  
CSA RK – Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.  
WKRSA – West Kazakhstan Regional State Archive.

#### Әдебиеттер тізімі

Асылбеков, Галиев, 1991 – *Асылбеков М.Х., Галиев А.Б.* Социально-демографические процессы в Казахстане (1917–1980 гг.). Алма-Ата: Ғылым, 1991. 192 с.

Боранбаева, 2017 – *Боранбаева Б.С.* Бөкей губерниясындағы ашаршылық (1920-1922 жж.) // Отан тарихы. 2017. №3(79). 22-28 бб.

Борьба с голодом, 1922 – Борьба с голодом. // Красный Урал. 1922. 15 марта (№49). С. 2.

Бюллетень, 1922 – Бюллетень 3-го Всекиргизского съезда советов. 1922. №5. 33 с.

Дахшлейгер, 1965 – *Дахшлейгер Г.Ф.* Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921-1929 гг.). Алма-Ата: Наука, 1965. 345 с.

К итогам переписи, 1923 – К итогам сельскохозяйственной переписи 1923 г. в КССР. Оренбург, 1925. 181 с.

Қазақстан тарихы, 2010 – Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 4-том. Алматы: «Атамұра», 2010. 752 б.

Козыбаев және т.б., 1992 – *Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С.* Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. Алма-Ата: Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, 1992. 35 с.

Койгелдиев, 2009 – *Койгелдиев М.К.* Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920-1940 гг. Алматы: Искандер, 2009. 448 с.

Мардаровский, 1922 – *Мардаровский Н.И.* Голод в Киргизии и борьба недородами. Оренбург: Кирглавополитпросвет, 1922. 28 с.

Мусаев, 2006 – *Мусаев Б.А.* Голод в 1921-1922 гг. в Казахстане и ликвидация его последствий. Актюбе: Актюб. гос. педагог. ин-т., 2006. 173 с.

Нейштадт, 1960 – *Нейштадт С.А.* Экономическое развитие Казахской ССР (период социализма и развернутого строительства коммунизма). Алма-Ата: Казгосиздат, 1960. 683 с.

Олкот, 1981 – *Олкот М.Б.* Процесс коллективизации в Казахстане. // Русское ревю. 1981. № 40. С 122-142.

Отчет Уральского губернского экономического совещания, 1923 – Отчет Уральского губернского экономического совещания за период с 1 октября 1921 года по 1 октября 1922 года. Уральск, 1923. 308 с.

Омарбеков, 1997 – *Омарбеков Т.* 20-30-шы жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы: Санат, 1997. 284 б.

Рабочим, казакам и киргизам, 1921 – Рабочим, казакам и киргизам // Красный Урал. 1921. 19 февраля. С. 2.

Сдыков, 2004 – *Сдыков М.Н.* История населения Западного Казахстана. Алматы: Ғылым, 2004. 408 с.

Смағұлова, 2019 – *Смағұлова С.* Ашаршылық қасіреті. 1-кітап. Алматы: Елтаным, 2019. 272 с.

Чурин, 1971 – *Чурин Х.* Дауылды жылдарда. Алматы: «Қазақстан», 1971. 154 б.



Cameron, 2018 – *Cameron S.* The Hungry Steppe: Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan. Ithaca and London: Cornell University Press. 2018. 277 p.

Conquest, 1986 – *Conquest R.* The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror Famine. Edmonton: The University of Alberta Press in Association with the Canadian Institute of Ukrainian Studies, 1986. 412 p.

### References

Asylbekov M.H., Galiev A.B. Social'no-demograficheskie processy v Kazahstane (1917–1980 gg.) [Socio-demographic processes in Kazakhstan (1917-1980)]. Alma-Ata: Gylym, 1991. 192 p. [in Rus.].

Boranbaeva B.S. Bokey gubernyiasindagi ashharshilik (1920-1922) [The Famine in the Bukey Province (1920-1922)] // *Otan taryhy*. 2017. №3(79). P. 22-28 [In Kaz.].

Bor`ba s golodom [Fighting hunger] // *Krasnuy Ural*. 1922. 15 march (№49) [in Russian].

Bjulleten' 3-go Vsekirgizskogo siezda sovetov [Bulletin of the 3rd All-Kyrgyz Congress of Soviets]. 1922. №5. 33 p. [in Rus.].

Cameron S. The Hungry Steppe: Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan. Ithaca and London: Cornell University Press. 2018. 277 p.

Churin H. Dauildi zhildarda [In the turbulent years]. Almaty: «Kazakhstan», 1971. 154 p. [In Kaz.].

Conquest R. The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror Famine. Edmonton: The University of Alberta Press in Association with the Canadian Institute of Ukrainian Studies, 1986. 412 p.

Dakhshleyger G.F. Sotsial`no-ekonomycheskiye preobrazovaniya v aule I derevne Kazakhstana (1921-1929 gg.) [Socio-economic transformations in the aul and the village of Kazakhstan (1921-1929)]. Alma-Ata: Nauka, 1965. 345 p. [in Rus.].

K itogam sel'skohozjajstvennoj perepisi 1923 g. v KSSR [To the results of the agricultural census of 1923 in KSSR]. Orenburg, 1925. 181 p. [in Rus.].

Kazakhstan taryhy. Kone zamannan buginge deyin [History of Kazakhstan. From ancient times to the present day]. Five volumes. V. 4. Almaty: «Atamura», 2010. 752 p. [In Kaz.].

Kozybayev M.K., Abylkhozhin Zh.B., Aldazhumanov K.S. Kollektivizatsiya v Kazahstane: tragediya krest`yanstva [Collectivization in Kazakhstan: the tragedy of the peasantry]. Alma-Ata: Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov, 1992. 35 p. [in Rus.].

Koygeldiyev M.K. Stalinizm I represii v Kazahstane 1920-1940 gg. [Stalinism and repression in Kazakhstan 1920-1940]. Almaty: Iskander, 2009. 448 p. [in Rus.].

Mardorovskij N.I. Golod v Kirgizii i bor'ba s nedorodami [Famine in Kyrgyzya and the struggle with non-breeds]. Orenburg: KirGlavpolitprosvet, 1922. 28 p. [in Rus.].

Neishtadt S.A. Ekonomycheskoe razvitiye Kazakhskoi SSR (period socializma i razvernutogo stroitelstva kommunizma) [Economic development of the Kazakh SSR (the period of socialism and the extensive construction of communism)]. Alma-Ata: Kazgosizdat, 1960. 683 p. [in Rus.].

Olkott M.B. Protsess kollektivizatsii v Kazahstane [The process of collectivization in Kazakhstan] // *Russkoye revyu*. 1981. №40. P. 122-142 [in Rus.].

Otchet Uralskogo gubernskogo ekonomicheskogo soveshaniya za period s 1 oktyabrya 1921 goda po 1 oktyabrya 1922 goda [Report of the Ural Provincial Economic Meeting for the period from October 1, 1921 to October 1, 1922]. Uralsk, 1923. 308 p. [in Rus.].

Omarbekov T. 20-30 zhyldardagy Kazakhstan qasireti [The tragedy of Kazakhstan in 20-30 years]. Almaty: Sanat, 1997. 284 p. [In Kaz.].

Rabochym, kazakam i kirgizam [Workers, Kazaks and Kyrgyz] // *Krasnuy Ural*. 1921. February 19. P. 2 [in Rus.].

Sdykov M.N. Istoriya naseleniya Zapadnogo Kazakhstana [Western Kazakhstan population history]. Almaty, 2004. 408 p. [in Rus.].



## ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Kazakhstan  
Отан тарихы  
Has been issued as a journal since 1998  
ISSN: 1814-6961 (Print)  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
Vol. 26. Is. 2, pp. 310-326, 2023  
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>


FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20.  
[https://doi.org/10.51943/1814-6961\\_2023\\_26\\_2\\_310-326](https://doi.org/10.51943/1814-6961_2023_26_2_310-326)

**ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО ГОСУДАРСТВА В ОТНОШЕНИИ  
РЕЛИГИОЗНЫХ ДЕЯТЕЛЕЙ (КАЗАХСТАН. АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ)**

Гүлдана Абайқызы Мамбетова<sup>1</sup>, Аширбек Курбанович Муминов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, (д. 34, пр. Молдагуловой, 030000 Актюбе, Республика Казахстан)

PhD докторант 3-курса исторического факультета

 <https://orcid.org/0000-0002-2075-4331>. E-mail: [guldanamambetova@gmail.com](mailto:guldanamambetova@gmail.com)

<sup>2</sup>Исследовательский центр по исламской истории, искусству и культуре (ИРСИКА), Организация исламского сотрудничества (ОИС), (Носараға Маһ. Alemдар Caddesi No. 15, Bâbiâli Girişi, Cağaloğlu-Fatih, 34110, İstanbul, Türkiye)

доктор исторических наук, ассоциированный профессор,

консультант по деятельности в Центральной Азии

<https://orcid.org/0000-0002-3430-928X> E-mail: [muminov9703@yahoo.com](mailto:muminov9703@yahoo.com)

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2023

© Мамбетова Г.А., Муминов А.К., 2023

**Аннотация.** *Введение.* Данная статья посвящается некоторым проблемам политики Советского государства в отношении религиозных деятелей в Казахстане. Также проводится краткий анализ истории взаимоотношений между партийно-государственными органами, духовенством и верующими мусульманами в годы репрессий. Это был один из самых трагических периодов в истории различных религиозных конфессий как на территории Казахстана, так и в советском государстве. *Цель и задачи исследования* является описание хода, причин осуществления политики советской власти в отношении религиозных деятелей в Казахстане на примере Актюбинской области на основе фактического материала. Данная работа является попыткой подробного освещения проблемы угнетения и гонения мусульманского духовенства, а также представителей других конфессий на территории Актюбинской области, начиная с укрепления советской власти и заканчивая пиком репрессий (1917–1938 гг.). *Результаты.* Источниковую базу исследования составляют документы и материалы архивов Казахстана, а также сборники научных трудов. Некоторые из них впервые вводятся в научный оборот. *Выводы.* Советская тоталитарная система сформировала свою модель государственно-религиозных отношений. Деятельность религиозных организаций в значительной степени предопределялось принципами, сформулированными государственной властью, стремившейся к построению коммунизма для всего человечества. Однако тоталитарная политика советской власти была направлена не только к нашей религии и священнослужителям но и всему казахскому народу. **Ключевые слова:** гонения, тройка ОГПУ, исправительно-трудовые лагеря, конфискация, «лишенцы».

**Благодарность:** Статья подготовлена в рамках грантового проекта AP09259029 «Исторические личности Великой степи XVIII – 30-гг. XX вв. (на материалах Западного Казахстана)» Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.




**Для цитирования:** Мамбетова Г.А., Муминов А.К. Политика советского государства в отношении религиозных деятелей (Казахстан. Актыбинская область) // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 2. С. 310-326. (Рус.) DOI: 10.51943/1814-6961\_2023\_26\_2\_310-326

## КЕҢЕС МЕМЛЕКЕТІНІҢ ДІН ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ (АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ, ҚАЗАҚСТАН).

Гүлдана Абайқызы Мамбетова<sup>1</sup>, Әшірбек Құрбанұлы Мүминов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, (34-үй, Молдағұлова даңғ., 030000 Ақтөбе, Қазақстан)

Тарих факультетінің 3-курс PhD докторанты

 <https://orcid.org/0000-0002-2075-4331> E-mail: [guldanamambetova@gmail.com](mailto:guldanamambetova@gmail.com)

<sup>2</sup>Ислам тарихы, өнері мен мәдениетін зерттеу орталығы (ИРСИКА), Ислам ынтымақтастығы ұйымы (ОИС), (Носараша Маһ. Alemdar Caddesi No. 15, Bâbiâli Girişi, Cağaloğlu-Fatih, 34110, İstanbul, Türkiye)

Тарих ғылымдарының докторы, доцент, Орталық Азиядағы қызмет бойынша кеңесші

<https://orcid.org/0000-0002-3430-928X> E-mail: [muminov9703@yahoo.com](mailto:muminov9703@yahoo.com)

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2023

© Мамбетова Г.А., Мүминов Ә.Қ., 2023

- Ковальченко, 1987 – *Ковальченко И.Д.* Методы исторического исследования. Москва: Наука, 1987. 402 с.
- Козыбаев и др, 1994 – *Козыбаев М.К., Козыбаев И.* История Казахстана. Алма-Ата: Атамұра, 1994. 254 с.
- Мартыненко, 1992 – *Мартыненко Н.* (сост.) Алаш-Орда: Сборник документов. Алма-Ата: Айқап, 1992. 192 с.
- Муминов, 2017 – *Муминов А.К.* Сакральные семьи в Центральной Азии: между этничностью и религиозностью. Семья в Центральной Азии: новые перспективы изучения. Сборник. Берлин: KLAUS SCHWARZ VERLAG, 2017. 350 с.
- Нурпейсов, 1987 - *Нурпейсов К.Н.* Становление советов в Казахстане. Алма-Ата: Наука, 1987. 240 с.
- Тулепбаев, 1990 - *Тулепбаев Б.А.* /отв.редактор. Преодолевая религиозное влияние ислама. Алма-Ата, 1990. 254 с.
- Таиров, 1994 - *Таиров А.Т.* Религиозные организации в общественной жизни Казахстана (1985-1993). Дисс.на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Санкт-Петербург. 1994. 210 с.
- Тасмагамбетов, 1998 - *Тасмагамбетов А.С.* Политика советской власти в Казахстане в отношении ислама в 1917-1940 гг. Уральск, 1998. 220 с.
- Филимонов, 1982 - *Филимонов Э.Г.* /отв. ред. Ислам в СССР: Особенности процесса секуляризации в республиках Советского Востока. Москва:Мысль, 1983. 173 с.

#### References

- Baishev, 1977 - *Baishev S.B.* Istoriya Kazakhskoy SSR. V 5 t. [ History of the Kazakh SSR. In 5 volumes]. Alma-Ata: Gylym, 1977. T.4. 427 s. [in Russ].
- Baziev i dr., 1973 - *Baziev A.T., Isaev M.I.* Yazyk i naciya [Language and nation]. Moskva: Nauka, 1973. 248 s. [in Russ].
- Dilmanov, 2002 - *Dilmanov S.D.* Ispravitel'no-trudovyye lagerya na territorii Kazakhstana (1930-1956 gg.) [Correctional labor camps on the territory of Kazakhstan (1930-1956)]. Almaty, 2002.350 s. [in Russ].
- Dzhunusbaeva, 2007 - *Dzhunusbaeva A.M.* Deyatel'nost' konfessional'nykh organizatsii Kazakhstana (1941-1991gg): istoricheskiy analiz. Diss. na soiskaniye uchenoy stepeni kandidata istoricheskikh nauk. [Activities of confessional organizations in Kazakhstan (1941-1991): historical analysis. Diss. for the degree of candidate of historical sciences]. Almaty, 2007. 184 s. [in Russ].
- Filimonov, 1982 - *Filimonov E.G.* / ed. Islam v SSSR: Osobennosti protsessa sekulyarizatsii v respublikakh sovetskogo Vostoka. [Islam in the USSR: Features of the process of secularization in the republics of the Soviet East]. Moskva: Mysl', 1983. 173 s. [in Russ].
- Gazeta «Krasnyy Ural». [Red Ural], Uralsk, February 17, 1921. [in Russ].
- Gorbachev, 1989 - *Gorbachev M.S.* Izvestiya KPSS TSK [// News of the CPPS Central Committee]. N. 10 (297) October 1989. 227 s. [in Russ].
- Grinev i dr., 2006 - *Grinev V.M., Senyutina E.G., Grineva T.V.* / ed. count and comp.: Ekho massovykh politicheskikh repressiy. Tragicheskkiye sud'by svyashchennikov Kazakhstana. [Echo of mass political repressions. The tragic fate of the priests of Kazakhstan]. Astana, 2006. 211 s. [in Russ].
- Klochkov, 1982 - *Klochkov V.V.* Zakon i religiya.[Law and religion]. Moskva: Politizdat, 1982. 160 s. [in Russ].
- Kovalchenko, 1987 - *Kovalchenko I.D.* Metody istoricheskogo issledovaniya [Methods of historical research]. Moskva: Nauka, 1987. 402 s. [in Russ].
- Kozybaev i dr., 1994 - *Kozybaev M.K., Kozybav I.* Istoriya Kazakhstana. [History of Kazakhstan]. Alma-Ata: Atamura, 1994. 254 s. [in Russ].



Martynenko, 1992 - *Martynenko N.* Alash-Orda: Sbornik dokumentov. (comp.) Alash-Orda: [Collection of documents]. Alma-Ata: Aikap, 1992. 192 s. [in Russ].

Muminov, 2017 - *Muminov. A.K.* Sakral'nyye sem'i v Tsentral'noy Azii: mezhdru etnichnost'yu i religioznost'yu. Sem'ya v Tsentral'noy Azii: novyye perspektivy izucheniya. [Sacred families in Central Asia: between ethnicity and religiosity. Family in Central Asia: New Perspectives of Study. Collection]. Berlin: KLAUS SCHWARZ VERLAG, 2017. 350 s. [in Russ].

Nurpeysov, 1987 - *Nurpeysov K.N.* Stanovleniye sovetov v Kazakhstane. [Formation of Soviets in Kazakhstan]. Alma-Ata: Nauka, 1987. 240 s. [in Russ].

Tairov, 1994 - *Tairov A.T.* Religioznyye organizatsii v obshchestvennoy zhizni Kazakhstana (1985-1993 gg.). [Religious organizations in the public life of Kazakhstan (1985-1993). Diss. for the degree of candidate of historical sciences]. Saint Petersburg. 1994. 210 s. [in Russ].

Tasmagambetov, 1998 - *Tasmagambetov A.S.* Politika sovetskoy vlasti v Kazakhstane po otnosheniyu k islamu v 1917-1940 gg. [The policy of the Soviet government in Kazakhstan towards Islam in 1917-1940]. Uralsk, 1998. 220 s. [in Russ].

Tulepbaev, 1990 - *Tulepbaev B.A.* /responsible editor. Preodolevaya religioznoye vliyaniye islama. [Overcoming the religious influence of Islam]. Alma-Ata, 1990. 254 s. [in Russ].

Valk, 1957 - *Valk.S.N.* Dekrety sovetskoy vlasti 25 oktyabrya 1917 g. – 16 marta 1918 g. [Decrees of the Soviet power October 25, 1917 - March 16, 1918]. Moskva: Politizdat, 1957. V.1. 626. s. [in Russ].

Zaitsev, 1993 - *Zaitsev E.A.* / ed. and comp. Sbornik zakonodatel'nykh i normativnykh aktov o repressiyakh i reabilitatsii zhertv politicheskikh repressiy [Collection of legislative and normative acts on repressions and rehabilitation of victims of political repressions]. Moskva: Respublika, 1993. 173 s. [in Russ].

Zhanbosinova, 2010 - *Zhanbosinova A.S.* Repressivnaya politika Sovetskogo gosudarstva v 20-50-ye gody XX veka (na primere Vostochnogo Kazakhstana). [The repressive policy of the Soviet state in the 20-50s of the XX century (on the example of East Kazakhstan)]. Ust-Kamenogorsk, 2010. 247 s. [in Russ].

## ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Kazakhstan

Otan tarihy

Has been issued as a journal since 1998

ISSN: 1814-6961 (Print)

ISSN: 2788-9718 (Online)

Vol. 26. Is. 2, pp. 326-335, 2023

Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20.

[https://doi.org/10.51943/1814-6961\\_2023\\_26\\_2\\_326-335](https://doi.org/10.51943/1814-6961_2023_26_2_326-335)

## ТҮРКІСТАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ ЭНВЕР ПАШАНЫҢ САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

*Канат Базарбаев*<sup>1\*</sup>, *Насух Гумуш*<sup>2</sup>, *Эрен Акдениз*<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Б.Саттарханов көшесі 29, 161200 Түркістан қ, Қазақстан.) PhD, қауымдастырылған профессор.

<https://orcid.org/00000003-0058-2322>. E-mail: [kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz](mailto:kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz)

<sup>2</sup>Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Б.Саттарханов көшесі 29, 161200 Түркістан қ, Қазақстан.) PhD докторант.

<https://orcid.org/0000-0001-7490-4801>. E-mail: [nasuh.gumus@ayu.edu.kz](mailto:nasuh.gumus@ayu.edu.kz)

<sup>3</sup>Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Б.Саттарханов көшесі 29, 161200 Түркістан қ, Қазақстан.) PhD докторант.

<https://orcid.org/0000-0002-3261-3384>. E-mail: [eren.akdeniz@ayu.edu.kz](mailto:eren.akdeniz@ayu.edu.kz).

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2023

© Канат Базарбаев, Насух Гумуш, Эрен Акдениз, 2023



**Түйіндеме.** *Kіріспе.* Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысы мен жастүріктер қозғалысының саяси, идеялық ықпалындағы олардың бағдарламалық құжаттары, саяси күрестегі ұстанған қағидалары, жүргізген үгіт-насихат жұмыстарының сабақтастығынан аңғарылады. *Зерттеудің мақсаты.* Ал идеядан нақты іс-әрекетке ұласқан өзара ықпалдастықты мынадай мәселелерге талдау жасау барысында көз жеткізуге болады. *Нәтижелер.* Біріншіден Түркістан ұлт-азаттық қозғалыстың қарулы кезеңі болып саналатын басмашылық қозғалысқа Энвер паша бастаған жастүріктер өкілдерінің тікелей қатысуы; екіншіден түркістандық қайраткерлердің басмашылық қозғалысқа саяси басшылық жасау әрекеттері. Осы факторлар арқылы екі қозғалыстың ықпалдастығы зерттеу жұмысымызда айқындалады. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы Энвер пашаның орны мен рөлі ерекше еді. Ұлт-азаттық қозғалыстың бағытын өзгерткен тағы бір маңызды оқиға, ол Энвер Пашаның Түркістанға келуі болды. Жалпы, шетелдік, Түркиялық, Орта Азиялық тарихнамаға жүргізілген талдаулар нәтижесінде Энвер пашаның тарихта алар орны мен атқарған рөліне берілген бағалар біріне-бірі кереғар, қайшылықты сипатта болды. Ал оның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы атқарған қызметі туралы көзқарастар да осы сарында айтылады. *Қорытынды.* Біздің зерттеуіміздің нәтижесі бойынша Энвер Паша Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы қарулы кезеңінің дем берушісі деген тұжырым жасауға болады.


**Кілт сөздер:** Түркия, Орта Азия, Түркістан, Бұхара, Энвер паша, Кеңестік билік, ұлт-азаттық қозғалыс.

**Дәйексөз үшін:** Базарбаев Қ., Насух Гумуш, Эрен Акдениз Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы Энвер пашаның Саяси қызметі // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 2. С. 310-326. (Орыс.) DOI: 10.51943/1814-6961\_2023\_26\_2\_326-335


## POLITICAL ACTIVITY OF ENVER PASHA IN THE TURKESTAN NATIONAL LIBERATION MOVEMENT

Kanat Bazarbayev<sup>1\*</sup>, Nasuh Gumus<sup>2</sup>, Eren Akdeniz<sup>3</sup>


<sup>1</sup>Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (29, B. Sattarkhanov Str., Turkestan, 161200, Republic of Kazakhstan). PhD, associate professor.

 <https://orcid.org/00000003-0058-2322>. E-mail: kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz

<sup>2</sup>Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (29, B. Sattarkhanov Str., Turkestan, 161200, Republic of Kazakhstan). PhD doctoral student.

 <https://orcid.org/0000-0001-7490-4801>. E-mail: nasuh.gumus@ayu.edu.kz

<sup>3</sup>Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (29, B. Sattarkhanov Str., Turkestan, 161200, Republic of Kazakhstan). PhD doctoral student.

 <https://orcid.org/0000-0002-3261-3384>. E-mail: eren.akdeniz@ayu.edu.kz.

© IHE after Ch.Ch. Valichanov, 2023

© Kanat Bazarbayev, Nasuh Gumus, Eren Akdeniz, 2023

**Abstract.** *Introduction* The political and ideological influence of the National Liberation Movement and the young turks movement in Turkestan is reflected in the continuity of their program documents, principles of political struggle, and propaganda work. *Goals.* And the interaction from idea to concrete action can be seen in the analysis of the following issues. *Results.* First, the direct participation of representatives of the young turks led by Enver Pasha in the basmachi movement, which is considered the armed stage of the Turkestan national liberation movement; secondly, the attempts of Turkestan figures to provide political leadership to the basmachi movement. The interaction of the two movements through these factors is determined in our research work. Enver Pasha had a special place and role in the Turkestan national liberation movement. Another important event that changed the course of the national liberation movement was the arrival of Enver Pasha in Turkestan. In general, the analysis of Foreign, including Turkish, Central Asian historiography shows that the assessments of Enver Pasha's place and role in history are contradictory and contradictory. In this regard, the views on his work in the Turkestan national liberation movement are expressed. *Conclusion.* Based on the results of our research, we can conclude that Enver Pasha is the instigator of the armed period of the Turkestan national liberation movement.




**Keywords:** Turkey, Central Asia, Turkestan, Bukhara, Enver Pasha, Soviet power, national liberation movement

**For citation:** Kanat Bazarbayev, Nasuh Gumus, Eren Akdeniz, The policy of the soviet authorities concerning to religious figures (Kazakhstan. Aktobe region). // Otan tarihy. 2023. Vol. 26. No. 2. Pp. 326-335 (Russ). DOI: 10.51943/1814-6961\_2023\_26\_2\_326-335


## ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЭНВЕР-ПАШИ В ТУРКЕСТАНСКОМ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНОМ ДВИЖЕНИИ

Канат Базарбаев<sup>1\*</sup>, Насух Гумуш<sup>2</sup>, Эрен Акдениз<sup>3</sup>


<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави (29, ул. Б.Саттарханова, 161200 Туркестан, Республика Казахстан)

PhD, ассоциированный профессор.  <https://orcid.org/00000003-0058-2322>. E-mail: kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz

<sup>2</sup>Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави (29, ул. Б.Саттарханова, 61200 Туркестан, Республика Казахстан)

PhD докторант.  <https://orcid.org/0000-0001-7490-4801>. E-mail: nasuh.gumus@ayu.edu.kz

<sup>3</sup>Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави (29, ул. Б.Саттарханова, 161200 Туркестан, Республика Казахстан)

PhD докторант.  <https://orcid.org/0000-0002-3261-3384>. E-mail: eren.akdeniz@ayu.edu.kz.

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2023

© Канат Базарбаев, Насух Гумуш, Эрен Акдениз, 2023

**Аннотация.** *Введение.* Политическое и идеологическое влияние национально-освободительного движения Туркестана и движения младотурков нашло отражение в их программных документах, принципах, которых они придерживались в политической борьбе, преемственности их пропагандистской работы. *Цели и задачи.* А взаимодействие от идеи к конкретному действию можно увидеть при анализе следующих вопросов. Во-первых, непосредственное участие младотурков во главе с Энвер-пашой в басмаческом движении, являющимся вооруженным этапом туркестанского национально-освободительного движения; во-вторых, попытки туркестанских лидеров обеспечить политическое руководство басмаческим движением. *Результаты.* Через эти факторы и определяется взаимодействие двух движений в нашем исследовании. Влияние и деятельность Энвер-паши занимает особое место в туркестанском национально-освободительном движении. Еще одним важным событием, изменившим направление национально-освободительного движения, стал приезд Энвер-паши в Туркестан. *Заключение.* В целом анализ зарубежной, в том числе турецкой, среднеазиатской историографии показывает, что оценка места и роли Энвер-паши в истории того периода довольно противоречивы. В статье также высказывается мнение о его значении в туркестанском национально-освободительном движении. По результатам нашего исследования можно сделать вывод, что Энвер-паша стал вдохновителем туркестанского национально-освободительного движения, инициировав генезис его вооруженного периода.

**Ключевые слова:** Турция, Средняя Азия, Туркестан, Бухара, Энвер-паша, советская власть, национально-освободительное движение.

**Для цитирования:** Базарбаев К., Насух Гумуш, Эрен Акдениз Политическая деятельность Энвер-паши в Туркестанском национально-освободительном движении // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 2. С. 326-335. (Рус.) DOI: 10.51943/1814-6961\_2023\_26\_2\_326-335

**Кіріспе.** Энвер паша 1921 ж. 8 қараша күні Бұхараға келді. Оның Түркістанға келетіндігін естіген халықтың қуанышында шек болмады. Бұхарада өткізген 23 күн ішінде алдынан халық үзілмеген Энвер паша бұқара халықтың үмітін оятты. Себебі, Түркістан бұл саяси шырғалаңнан тек Энвер пашаның келуімен ғана құтылуы мүмкін еді. Энвер паша Бұхараға 1921 ж. 20 қазанда келген. Оның қасында 2 түрік офицері Хажы Сами бей және Абдул Қадыр Мухиддин бей болған. Бұхарада аз ғана аялдаған Энвер паша 9 қарашада Шығыс Бұхараға барып, Қаршы қаласының төңірегінде Молла Нафис құрбашының қосынына қосылып, оның басшылығын



қолына алады. Осылайша 1921 ж. 9 қарашада Энвер паша өзінің ұлт-азаттық қозғалысқа қосылғандығын мәлімдейді (Тоған, 1994:54).

Энвер паша Түркістанға келгенде, ұлт-азаттық күрес Шығыс Бұхарада кең өріс алған болатын. Шығыс Бұхарадағы басмашылық күштерінің басым бөлігін Бұхара әмірінің сенімді адамы Ибрахим Лақайлы басқарды. Бір жағынан Түркістанға отарлық биліктен бостандық алып беруге қауыштыруға келген Энвер паша Түркістанды жеткілікті деңгейде білмейтін еді. Оның жанындағы Хажы Сами сияқты түрік офицерлері де оған дұрыс мәлімет бере алмады (Тоған, 1999:48). Мысалы, оған қол қойылмай берілген анықтамада Түркістандағы жәдидшілердің көшбасшыларының бірі Абдурауф Фитрат айлакер, Махмуд Хожа Бехбуди азаматтық батылдықтан жұрдай, Садуллах Хожа қызғаншақ, ал Абиджан Махмуд болса өтірікші сияқты сипаттарымен көрсетілген (Yamauchi, 1995) еді.

Дегенмен, Энвер пашаның бойынан Түркістанда жеңіске жететін барлық қасиет-ерекшеліктер табатындай болып көрінеді. Қалай болғанда да Энвер паша отарлық биліктен азат етуші тұлға ретінде түркістандықтардың ерекше сый-құрметіне бөленді. Ол, сұлтандар мен халифалардың күйеу баласы әрі азаттық күрестің қаһарманы еді. Оның үстіне Энвер Паша білікті де тәжірибелі әскери қызметкер және осман әскерінің бас қолбасшысы болатын. Зерттеу жұмысымызда пайдаланған бұл деректер Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысына қуатты серпін берген Энвер пашаның қызметін жаңа қырынан қарастыруға мүмкіндік береді.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеу жұмысымыздың өзектілігі Қазақстан мен Түркия арасындағы бүгінгі таңдағы ынтымақтастықтың тарихи тәжірибелерін жалпылау арқылы ұдайы дамыту мәселелерімен анықталады. Айта кету керек, Түркия мен Қазақстан мемлекеттері арасындағы тарихи байланыстар ежелгі дәуірден бастау алып, XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында бұл қарым-қатынас жаңа сапаға көтерілді. Осман империясының ыдырап, жаңа Түркия Республикасының қалыптасуына негіз қалаған жастүріктер қозғалысының көтерген ұлттық-демократиялық идеясы аймақтық шеңберден шығып, өзге елдерге соның ішінде Орта Азияның тұрғындары қазақтар, өзбектер мен түркімендердің арасына кеңінен таралды. Осы жағдай Түркістандағы зиялы қауымның Түркиядағы саяси, рухани үдерістерімен таныстығын, олардың араларында саяси-идеологиялық байланыстың бар екендігін айғақтайды (Başbakanlık Devlet Arşivi 2005 ж.). Сонымен қатар, 1917 жылдан кейінгі Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының қарулы кезеңінде Энвер паша, Қожа Сами бей және Субхи бастаған біршама түрік қайраткерлері – аймақтағы тарихи мәні үлкен оқиғаларға қатысуы да осы байланыстарының бірі Түркістандық қайраткерлердің кеңестік биліктен бой тасалап Түркияда ұзақ жылдар саяси эмиграцияда болуы еді. Ұлттық элита арасындағы бір ғасыр бұрынғы осы тарихи байланыстардың тәжірибесі бүгінгі күнгі байланыстардың негізін құрайды.

Түркиялық зерттеушілер Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихының шетелдік тарихнамасына алғашқылардың бірі болып назар аударды. Шетелдік тарихнаманың бұл бағыттарының қалыптасып дамуына Кеңес өкіметінің қуғын-сүргініне ұшырап, Орта Азиядан кетуге мәжбүр болған саяси қайраткерлер М.Шоқай, Б.Хайит, В.Тоған үлкен үлес қосты. Сол кездегі ұлт-азаттық қозғалыстың тікелей қатысушылары болған бұл тұлғалардың еңбектері саяси байланыстар туралы құнды естеліктерге негізделгендіктен, олар әлі күнге дейін орыс және еуропалық тарихшылардың зерттеулерінде құнды дереккөз ретінде пайдаланылуда.

Осы зерттеулерде Түркістан өлкесін кеңестендіру үдерісі мен осы жағдайға Бұқар халқының қарсылығын ғылыми талдаулардың құнды тәжірибелері жинақталған. Бұл біршама тарихшылардың зерттеу еңбектерінде кеңестік тарих ғылымының біржақтылығы, конъюктурасы және идеологияның тарихи шындықтан маңыздырақ екендігі туралы сыни тұжырымдар қалыптасты. XX ғ. 50-60 жылдары АҚШ және Ұлыбританияда ағылшын тілінде 1917 жылы Қазан төңкерісі мен Түркістан халықтарының оған деген қарым-қатынасы туралы көптеген зерттеу еңбектер жарық көрді. Бұл зерттеулердің негізгі көзі 1920-1930 жж. П.Галузо (Галузо, 1931), Ф.Божко (Божко, 1930), Т.И. Бройдо (Бройдо, 1924), Дервиш (Дервиш, 1921) «Жизнь национальностей» журналында және басқа да басылымдарда жарияланған еңбектері кеңінен қолданылады. Сонымен қатар Кеңес өкіметін қолдаған осы авторлармен қатар Кеңес өкіметіне қарсы күрескен М.Шоқай (Chokaev, 1988), Зәки Валиди (Тоған, 1999: 346) еңбектері және 20-30 жж. еуропалық баспасөзде жарық көрген Түркістаннан өзге кеңестік аймақтардан шыққан басқа да мұғажырлардың еңбектері кеңінен пайдаланылды.





Британдық-американдық тарихнаманың маңызды дереккөздерінің бірі ретінде Ж.Кастаньенің (Түркістанда жұмыс істеген француз археологы) (Castagne, 1925) еңбегі кеңінен пайдаланылған. Сол сияқты 20 ж. Орта Азияда ағылшын үкіметінің Түркістандағы әсери дипломатиялық миссиясын басқарған майор В.Бейлидің (Bailey, 1946) еңбегінде тақырыпқа қатысты көптеген құпия деректер айналымға ұсынылғандықтан құнды дереккөз ретінде қолданылды.

Зерттеу барысында индукция мен дедукция, тарихи оқиғалар мен құбылыстар туралы тарихи-салыстырмалы, жүйелі-құрылымдық, теориялық білімдер, азаттық қозғалысының жекелеген тұлғаларының қоғамдық-саяси қызметі сияқты зерттеудің жалпы ғылыми әдістері тұжырымдалған. Саяси тарих саяси және идеологиялық құбылыстардың сан алуан және қайшылықты жағдайын ескере отырып, өткеннің тарихи, саяси-әлеуметтік дәлелдерін жалпылауда барынша шынайылықты талап етеді. Сондықтан, зерттеу нысанының бірегейлігі, олардың өзара байланыстары мен ішкі тәуелділігінің ерекшеліктері ескерілді. Біз зерттеу жұмысымызда дәстүрлі тарихи танымдағы білімді толықтыратын, белгілі бір тұжырымдарды жоққа шығаратын немесе растайтын тарихнамалық талдау арқылы тарихи шындықты қалпына келтіру әдісін қолдандық.

**Талқылау.** Энвер паша Түркістанның жағдайын толық білмегендіктен стратегиялық қателіктер жасап, Бұхараның бұрынғы әмірі Әлімхан және оның қарамағындағы Ибрахим Лақайлымен байланыс орнатады. Ферғана және Самарқан басмашылары өздері жек көретін Бұхара Әмірі бас уәзірінің көшбасшылығын мойындаудан бас тартады. Бір жағынан Әмір де жастүріктердің бұрынғы көшбасшысына күмәнмен қарайтын (Chokaev, 1988: 16). Осыған байланысты, Әмірдің сенімді адамы Ибрахим Лақайлы өзімен кездесуге келген Энвер пашаны тұтқынға алып, оның іс-әрекеттеріне бөгет болады.

Энвер пашаның тұтқынға түскендігін естіген Осман Хожа жанындағылармен ақылдаса келе Энверді құтқару үшін әскери қимыл жасау оның өміріне қауіп төнеді деп, бұл әрекетінен бас тартады. Сөйтіп Осман Хожа, Али Рыза және Даниал Бейлерді Ибрахим Лақайлыға жіберіп, оның ойын білгісі келеді. Лақайлымен кездескен Али Рыза бей, дұшпандарына қарсы ортақтаса отырып күрес жүргізуге келіседі. Осман Хожаның осындай әрекеттеріне қарамастан, Бұхара Үкіметінің мүшелері бұл жағдайға ешқандай мән берместен үнсіз қалады. Үкімет мүшелерінің көпшілігі Кеңес әскерлерін және Бұхара Коммунистік партиясын жақтады (Науіт, 1997:56).

Кеңестік гегемониядан құтылып тәуелсіз мемлекет құруды армандаған Осман Хожа, Абдулхамид Ариф және Кари Абдуллахан басқа жасбұхаралықтар Энвер пашаның бұл әрекетін құптамады. Сол кезде Үкіметте Премьер-министр міндетін атқарған Файзуллах Хожаев және оның жолдастары орыстарды үрейлендіріп алмай, олармен келісім жасаудың жолын қарастырады. Бірақ, дәулетті әулеттен шыққан Үкімет мүшелері ұлт-азаттық күрестің аңысын аңдып, қай жақ жеңсе солай қарай ойысатындықтарын білдіреді. Акчурин сияқты бұхаралық коммунистер орыстармен бірге Энвер пашаға қарсы шығуды ойлады. Заки Валиди Тоғанның сөзіне қарағанда, Энвер паша ортақ конгреске шақырған кезде Түркістанның түкпір-түкпірінен өкілдер келгенімен Бұхара зиялылары бұл үндеуге жауап бермейді. Тоған мұның себебін, жасбұхаралықтардың көпшілігінің діндарлар мен саудагерлердің баласы болып, олардың қарулы күрестен гөрі саяси күресті қалауымен байланыстырады (Тоған, 1981:152).

Тоған бұл күреске қатыспайды, ол Энвер пашаға Түркістаннан Ауғанстанға кетуге ұсыныс жасайды. Заки Валиди Тоған Энвер пашаға жазған хатында большевиктердің оппозициялық орыс төңкерісшіл ағымдарымен, әсерлермен ынтымақтастық құруға дайын екендігі, мәжбүр болған жағдайда ұсыныс-талаптарын қабылдайтындығы айтылады. Сондай-ақ ұлттық Қызыл әскерге арқа сүйеген Түркістан Кеңес Үкіметі ынтымақтастық орнатуды жөн тапса, большевиктермен де тіл табыса алатындықтары сөз етіледі. Бұл күреске Энвер паша араласатын болса, Түркістан қозғалысы панисламистік қозғалысқа айналып, Түркістандағы орыстардың ұлттық мақсаттарына жетуі үшін большевиктердің төңірегіне топтасуына себеп болуы мүмкін делінген (Есмағамбетов, 2008). Осман Хожа 1921 ж. 10 желтоқсан күні Душанбеде Қызыл әскер қолбасшыларын коктейль ішуге шақырған кезде, оларға орыс әскерлерінің қару-жарақтары мен оқ-дәрі сақталған қоймаларын тапсыру туралы құжаттарға қой қойғызады. Душанбедегі ескі оқу ғимараты қоршауға алынып, ол жердегі әскерлерге



қолбасшылары қол қойған құжат көрсетіліп, олар оқ-дәрі сақталған қоймаларды тапсырады (Красный архив, 1931). Бірақ, ескі аурухана ғимаратына орналасқан 1000-ға жуық орыс әскерлері мұны естіген кезде қалада қарулы қақтығыстар басталады. Қиын жағдайға тап болған Осман Хожа Ибрахим Лақайдан көмек сұрайды. Көмекке келген Лақайдың адамдары қаланы тонағаннан кейін қайта оралады. Бір жағынан Қызыл әскер, екінші жағынан Лақайдың адамдары ізіне түскен Осман Хожа Энвер пашаны құтқару үшін Көктасқа қарай бет алып, бауырларының қанын төгуге жол бермеу үшін өзінің штаб-пәтерін құрып, осында тұрақтайды.

Оған жаңа әскерлер келіп қосылады. Осы кезде Ауғанстан патшасы Аманулла ханның қысым көрсетуіне байланысты Бұхара әміршісі Алим хан Ибрахим Лақайға хат жазып Энвер Пашаны тұтқыннан әзер құтқарады. Сөйтіп, Энвер паша қарамағындағы барлық әскерлерімен 1922 ж. 22 қаңтар күні таңға жақын Душанбеге шабуыл жасайды. Орыс әскерлері қаланы тастап шығуға сыңай танытқанымен паша олардың берілуін талап етеді. Орыстар қаланы тастап қаша бастайды. Осы кезде Энвер пашаның әскеріне 450-500 адамнан құралған тағы бір топ келіп қосылады. Минтепеді қашып бара жатқан орыстардың жолын кескен паша, қызылдарды осылайша ойсырата жеңеді. Осы соғыста Энвер пашаның әскерлеріне келіп қосылғандардың арасында Бұхара Үкіметінің Қорғаныс министрі, жәдидші Абдулхамит Ариф те бар еді.

Қызыл әскер бөлімшелері Энвер пашаға қарсы шабуылдарын маусым айында күшейтіп, 20 шілде күні Белживанды басып алады. Энвер пашаның әскерлері Белживан маңындағы қорғаныс шебінде қалып, ал өзі 30 адаммен Белживанға жақын жердегі Обдора ауылына қарай шегінеді. Энвер паша 1922 ж. 4 тамыз күні Құрбан айт мерекесін өткізуге келген Обдора ауылында болған шайқаста қаза табады (İmzasız, 1933: 39). Энвер пашаның қайтыс болғандығын естіген жәдидшілер қатты қайғырып, қара жамылып оны аза тұтады. Жәдидші ақын Чолпан осы оқиғаға байланысты жазған «Белживан» атты өлеңінде өзінің көңіл күйін «Тарихты қып-қызыл қанға бояған, халықтың соңғы үмітін қанға бояған Белживан» деп жеткізеді.

Жасбұхаралықтардың арасынан шыққан коммунистерден құралған Бұхара Халық Республикалық Үкіметі Энвер пашаның өлімін орыстармен бірге тойлайды. Сонымен қатар осы шайқасқа қатысқан 49 кеңес жауынгерлері Бұхара Үкіметінің Қызыл жұлдыз орденімен марапатталады.

Түркістандағы кеңеске қарсы жасырын саяси қозғалыстың басында болған Уалиди Тоған Энвер пашаның өлімінен соң ұлттық күштердің дағдарып қалғанын айтады. 1922 ж. 18–20 қыркүйегінде Түркістан ұлттық қозғалысының съезін өткізуді жоспарлайды. Осы жағдайға байланысты Заки Валиди Тоған Түркістаннан Әлихан Бөкейхан, Тұрар Рысқұлов, Ахмет Байтұрсынов, Мұхамеджан Тынышбаев, өзбектерден Мүннавар қары және Бұхаралық Хакимзаде мен Мырза Абдулқадыр Мухиддин, Түркіменстандық Какажан Бердиев сияқты белгілі саяси қайраткерлердің Кеңестің үнемі қадағалауында болған соң, бұл съезге келе алмайтындықтарын жазады (Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы, 2008). Осындай себептермен де съезге қатысушылардың саны 10–15 адаммен ғана шектелген.

Ендігі мәселе Энвер пашаның кеңестік билікпен қатынасы жөнінде І дүниежүзілік соғыста Осман империясының жеңілуі себебінен Энвер паша мемлекеттік биліктен кетуге шешім қабылдап, Бірлік және даму партиясының жетекшілері Энвер, Талат және Жемал бейлер неміс су асты кемесімен 1919 ж. қаңтарында Берлинге келеді. Энвер паша Берлинде кеңестік Ресейдің саяси қайраткерлерінің бірі Карл Радекпен танысып, сол арқылы Мәскеумен байланысқа шығады (Красный архив, 1929). Радек жастүріктер қозғалысының осы жетекшілерімен ағылшындарға қарсы бірлесе күрес жүргізу туралы келіссөз жүргізеді. Талат паша большевиктердің мұсылмандарға берген уәделерін орындамай, патшалық биліктің шовинистік саясатын қолдауға көшкендерін алға тартып, ұсынысты қабылдамайды. Ал Энвер және Жемал пашалар 1920 ж. басында Мәскеуге барып, кеңестік биліктің жоғары дәрежелі басшылар тарапынан ықыласпен қабылданған (Kosaoglu, 2001:256).

**Нәтижелер.** Кеңес Одағына келген Энвер паша 1920 ж. жазында большевиктердің қолдауымен «Ислам бірлігі және төңкеріс қоғамымы» атты ұйым құрады. Большевиктер шығыста ағылшындарға қарсы Энвер пашаның мүмкіндіктерін пайдалану және мұсылмандар арасында коммунистік идеяларды тарату үшін осы ұйымның әрекеттерінен үлкен үміт күтті. 1920 ж. тамызында Чичериннің Бакуде өтетін Шығыс халықтарының құрылтайына шақыру



алған Энвердің құрылтайға қатысуын кейбір әзірбайжандық коммунисттер сынға алады. Әзірбайжан Халық Ағарту комиссары Буниатзаде Энвер пашаның неміс үкіметімен бірлесе жұмыс істеп, неміс империализміне жәрдем көрсетіп жүргенін айтады. Осыған байланысты Энвер паша сөз сұрайды. Құрылтай басшысы Зиновьев Энвер пашаға баяндамасын оқуға сөз рұқсат бермейді, оның орнына басқа кісі сөз сөйлейді, онда құрылтайды ұйымдастырушыларға алғысын білдірген соң, Осман мемлекетінің I Дүниежүзілік соғыстағы жағдайы баяндалып, Османлының патшалық Ресей мен Ұлыбританияға қарсы Алмания жағында болуы мәжбүрліктен туындағанын, Алманияның басқаларға қарағанда Османлының тым құрығанда өмір сүру құқын мойындағанын тілге тиек етеді (Науйт, 1997: 128).

Кеңестік биліктің жергілікті халықтарға жасаған озбырлығын Бұқара әмірлігінің тәжірибесінен де көреміз. 1920 ж. қыркүйегінде Түрккомиссияның араласуымен Бұхар әмірлігінің аумағында Бұхар Халықтық Кеңестік Республикасы (БХКР) құрылды. Кеңестік үлгідегі ұлттық мемлекеттік құрудың мысалдарының бірі ретінде бұл әрекет саяси қитұрқылықпен іске асқанына көз жеткіземіз. Түрккомиссияның қаржылық қолдауымен Бұхара коммунистік партиясының ұйымдары Әмір Сейіт Әлімхан үкіметіне қарсы көтеріліс ұйымдастырып, РКФСР үкіметінен әскери көмек сұрады. Бұхара операциясының нәтижесінде Түркістан майданының әскері әмір әскерін талқандалып, әмір үкіметі қазынасының алтын қоры Ташкентке жөнелтілді. Осы оқиға жөнінде Молотов Чичеринге жазған хатында Бұхарада орын алған революция кезінде өздерінің бөлімшелерінің тонаушылықпен айналысқанын, мұнан кейін Бұхараға тиесілі көптеген құнды заттардың Ташкентке әкетілгендігін баяндайды. Осы оқиға бүкіл Шығысқа тарап, Кеңестік биліктің абыройына нұқсан келтірді (Тұрсын, 2006). Төңкеріс барысында 1920 ж. қыркүйегінде Бұхарада бірыңғай коммунистерден тұратын Бүкілбұхарлық Революциялық комитет және коммунистермен бірге ұлттық ұйымдардың өкілдерінен құрылған Халық Комиссарлар Кеңесі түрінде екі үкімет құрылды. Жасбұхаралықтардың беделі коммунистерден әлдеқайда жоғары болғандықтан да большевиктер үкімет құрамын жасақтауда осындай ымырагершілік жасады. Бұндай жағдай БХКР ұлттық басқару элитасының арасындағы өзара алауыздық пен саяси тұрақсыздыққа әкеліп соқты.

Кеңестік билік Бұхар үкіметіне әскери ықпал жасай отырып, оған қомақты қаржылай көмек көрсеткен екен. Бұхар экономикасына 1920 ж. соңынан 1921 ж. ортасына дейін 4 млрд руб. қаржы құйылғанына, 1921 ж. 4 наурызында Ресей және Бұхар үкіметтері арасындағы одақтық және экономикалық келісімге сәйкес қаржылық көмек мөлшері ай сайын 2 млрд. руб. жеткенімен (Большевистское руководство, 1996: 245) елдегі кеңестік қайта құруларды жергілікті үкімет те, халық та қуаттамады. Осындай саяси өлара кезеңде, яғни 1922 ж. көктемінде Энвер пашаның кеңес өкіметіне қарсы лагерьге өтіп, Мәскеуден Орта Азияға келуіне байланысты шиеленісті.

Энвердің Бұхараға келуі саяси алауыздық жағдайындағы үкіметтің жікке бөлінуін тездетті. Жалпыбұхарлықтардан құрылған революциялық комитеттің төрағасы Мырза Мұхитдиновтың Энвер паша жағына өтуі жағдайды одан әрі ушықтырды. Осы уақытта Бұхар мәселесімен тікелей айналысатын Түрккомиссия өкілі В. Цукерман РКФСР-дың Ауғанстандағы елшісі В. Раскольниковке жолдаған жеделхатында Энвердің аумақтағы кеңес әскеріне қарсылық көрсетіп, олардың өз еркімен Орта Азиядан шығуын сондай-ақ түркістандықтар мен бұхарлықтардың өз тағдырын өздері басқаруына мүмкіндік беруді талап еткендігін айтылады (Сборник материалов судебных процессов над алашевцами, 2011: 15-16).

19 наурыз 1922 ж. Ф.Ф. Раскольниковтың Л.М. Караханға жазған хатында Энвер пашаның Кавказдан Каспийге дейінгі аймақта жаппай көтерілістің жоспарын жігерлі түрде іске асырып, Шығыс Бұхара мен Ферғанадағы ұйымдастырушылық жұмыстары аяқталған соң Энвер алғашқы кезде Түркістанның әлдебір пунктінде көтеріліс бастап, оны кеңейтумен бір мезгілде партизандық шабуылдар арқылы темір жолдарды бүлдіру әрекетін хабарланған. 1922 ж. ақпанында ауған жағының қолдауымен Энвер пашаның күштері Душанбе қаласын басып алып, ендігі кезекте Бұхараға шабуылға дайындала бастаған болатын.

Қалыптасқан саяси дағдарысқа байланысты Бұхар үкіметінің төрағасы Ф.Ходжаев Мәскеуге барып, қиын жағдайдан шығудың жолдарын жоғары деңгейдегі кездесулерде талқылауға қатысады. Сталиннің өзі Ф. Ходжаевпен бетпе-бет сөйлеседі. Мәскеу сапарынан оралған оны Бұхарада үкімет құрамындағы асқынған алауыздық күтіп тұрған еді. Оның жоқ



кезінде басмашылар Бұхара түбіне дейін келіп, қала көшелерінде Энвер пашаның адамдары емін-еркін жүрген. Орталық Комитет құрамындағы солшыл коммунистердің тең жартысы Халық Комиссарлар Кеңесінен бас тартқандығын Мәскеудің Бұхарадағы эмиссары Я.Х. Петерс Сталинге шұғыл түрде баяндап, саяси ахуалды ауыздықтап, Мәскеудің саясатын іске асыру үшін бірнеше ұсыныстар жасап жеделхат жолдайды. Жеделхат мазмұнында Бұхар Республикасының дербестігіне қол сұғу арқылы үлкен қателікке жол беріліп жатқаны және осы арқылы тұрғындарды орыстарға қарсы айдап салып, Энвердің басқыншылығына сылтау тауып беріліп жатқандығы баяндалады (Тұрсын, 2006:150). Түркістан мен Бұхара, Хорезмде революциялық қайта құру саясатын барынша сақ жүргізу туралы ұсыныстар аз емес болатын. Керісінше, Бұхара Республикасы үкіметі басшыларының пікірі жоғарыдағы көзқарастан өзгеше болатын. Ф.Ходжаев Бұхарадағы саяси жағдайға талдау жасап, 5 сәуір күні Сыртқы істер халық комиссариятына, Караханның атына хат жолдайды. Ол өз кезегінде бұл хатты Сталинге табыс етеді. Хатта Ходжаев Шығыс Бұхарадағы басмашылыққа шынайы баға беріп, оны Энвердің қозғалысы деп атайды. Өйткені басмашылардың басшылары арасында тұрақты әскері ең көбі әрі ықпалдысы Энвер паша болған. Ол басмашылардың негізгі күші 3-4 мыңдық қарулы адамнан тұратындығы, ал қалған 10-12 мыңы ала-құла тобыр екендігін айтып, басмашылар туралы дақыртты сөйлетуге әрекет жасайды. Екінші мәселе бойынша қалыптасқан жағдайдан шығу үшін саяси және әскери тұрғыда не істеу керек екендігіне тоқталады. Оның ойынша бұл істі қиындықсыз және ешқандай шығынсыз іске асыруға болады деп экономикалық тетіктерді іске қосу жолдарын көрсетеді.

Хаттағы үшінші мәселе ретінде басмашылықты тек әскери шаралармен жоюға болмайды деп үзілді-кесілді тұжырым жасайды және оны бейбіт жолмен реттеудің шараларын ұсынады. Осындай жағдайда Түрккомиссия мен жергілікті элита өкілдерінің мәселеге қатысты көзқарастарының әртүрлілігі және қолындағы мәліметтердің нақты тұжырым жасауға жеткіліксіздігіне байланысты Сталин 21 сәуірде «Бұхара мен Ферғанадағы басмашылық қозғалыстарды шұғыл түрде басу» мәселесін зерттеу үшін Г.Орджоникидзені Ташкентке арнайы іссапарға жібереді. Орджоникидзе Ташкентке кең өкілеттікпен келіп, Сталиннің талап еткен мәселелеріне объективті жауап іздеп, 12 мамырда Сталинге жолдаған хатында «Бұхарадағы жағдайды бүкіл халықтық көтеріліс деп сипаттауға болады. Мәліметтерге қарағанда, Бұхарада Энвер пашаның басшылығымен ұйымдасқан көтеріліс сипат алды.

Көтерілістің кең ауқымда өріс алуына қазіргі үкіметтің дәрменсіздік танытуы осы себептен киіммен, тамақпен жабыдықталмаған біздің адамдарымыздың тонаушылық әрекеттері негіз болды. Жағдайды тұрақтандыру үшін уақыт өткізбей тез арада Энвердің көзін құрту керек, оған дайындық жүргізілуде (Сборник материалов судебных процессов над алашевцами, 2011: 152) деп нақты мәселелерді шешуге байланысты өз ұсыныстарын білдірген. Бұл тұжырымнан Ленин бастаған кәсіби революционерлердің өз саяси қарсыластарын террор арқылы жою тәсіліне баса мән бергенін аңғарамыз. Бұл деректер Белживанда көз жұмған Энвер өлімінің құпиясын ашуға бағыт сілтейтіндей.

**Қорытынды.** Энвер паша туралы қалыптасқан тарихнамалық әдебиеттерден ол саяси көзқарастары мен іс-әрекеттерінде қарама-қайшылығы мол күрделі тұлға болып танылады. Шетелдік, Түркиялық, Орта Азиялық тарихнамаға жасалған талдаулар көрсеткеніндей Энвердің тарихта алар орны мен саяси рөліне берілген бағалар біріне-бірі қайшылықты, кереғар сипатта кездеседі. Ал Энвер пашаның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы атқарған қызметі туралы көзқарастар да осы сарында айтылады.

Егер, Энвер паша кеңестердің оғынан өлмегенде, кеңес әскері Батыс майданда жеңіске жетіп, солдаттарын Түркістанға жібермегенде, тамыз айының соңында Ташкент, Ашхабад темір жолы толығымен жабылған болар еді, ал Хиуа, Бұхара және Бұхарада қызыл әскер қатарында көптеген мұсылмандар басмашылар жағына шыққан болар еді. Уалиди Тоған Энвер пашаның түркі ұлтын құтқару үшін жанын беруге дайын болғандығын алға тартады. Ол шын мәнінде идеалист еді және оның Түркістан жері үшін өлуге дайын екендігі шынайы болатын. Бәрі де оның қалағанындай болып шықты. Оның аты Түркістанның тарихына еніп, мәңгілік есте қалды. Уалиди Тоған Жамал пашаны Энверге мүлдем қарама-қарсы тұлға ретінде сипаттайды. 1921 ж. Жамал паша Уалиди Тоғанға Кабулдан хат жазып, басмашыларды кеңестермен келіссөзге келуге шақырады. Кейін олардың бәрін ағылшындарды Үндістаннан қуу жолында бірігулері үшін Ауғанстанға шақырады. Осылайша ол басмашылар арасында



басқыншылық идеяға берілген арманшыл адам ретінде танылады. Жамал паша да идеалист болатын, бірақ Энвер пашаның идеалистігі кіршіксіз еді.

Біздің зерттеулік жұмысымыздың қорытындысы негізінде Энвер Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы қарулы кезеңінің дем берушісі деген тұжырым жасаймыз. Оның үстіне Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалыспен, бірге қазақ ұлттық элитасының өкілдері М.Шоқай, С.Қожанов, Ғ.Бірімжанов, Д.Әділов және т.б. қайраткерлердің тағдырына тікелей ықпалы болған Энвер пашаның тұлғасын Отан тарихының құрамында қарастыруымыздың қажеттілігі айқын.

#### Әдебиеттер тізімі

- Божко, 1930 - *Божко Ф.* Гражданская война в Средней Азии. Ташкент: УзГиз. 1930.
- Бройдо, 1924 - *Бройдо Г.И.* Материалы к истории восстания киргиз в 1916 году. *Новый Восток.* Книга 6. 1924. 187 с.
- Bailey, 1946 - *Bailey F.M.* Mission to Tashkent. London: Jonathan Cape, 1946. 312 p.
- Başbakanlık Devlet Arşivi, 2005 - Başbakanlık Devlet Arşivi Genel Müdürlüğü. Osmanlı-Türkistan İlişkileri (XVI-XX. Yüzyıllar). 2005. Ankara: Osmanlı Arşivi Daire Başkanlığı Yayın Nu: 70.
- Большевистское руководство, 1996 - Большеви́стское руководство. Переписка. 1912-1927. Сб. док. М.: РОССПЭН. 1996. 783 с.
- Дервиш, 1921 - *Дервиш Т.* Ферганская проблема // Военная мысль. 1921. № 3-4.
- Движение Алаш, 2011 - Движение Алаш. Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. В 3 томах. Алматы: Ел-шежіре. Том. I. 2011. 428 с.
- Есмағамбетов, 2008 - *Есмағамбетов К.Л.* Әлем таныған тұлға (М. Шоқайдың дүниетанымы және қоғамдық болмысы). Алматы: Дайк-Пресс, 2008. 504 б.
- Галузо, 1932 - *Галузо П.* За большевистскую концепцию восстания 1916 года в Средней Азии. (К 15-летию восстания) // Туркменоведение. 1932. № 7- 9.
- İmzasız, Basmaçılıq, 1933 - İmzasız, Basmaçılıq. (1918-20.02-1933) // Yaş Türkistan, Fevral, 1933. 39 p.
- Красный архив, 1929 - *Красный архив*, 1929. Том 34.
- Красный архив, 1931 - *Красный архив*, 1931. Том 1 (44).
- Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы, 2008 - Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Көп томдық. Ред. М.Қ.Қойгелдиев. 10-том. Тұтас Түркістан идеясы. Астана: Астана полиграфия, 2008.130.б.
- Castagne, 1925 - *Castagne J.* Les Basmachis; le mouvement national des indigenes d'Asie Centrale. Paris: Éditions E. Leroux, 1925. 88 p.
- Chokaev, 1988 - *Chokaev M.* Türkistan'da Basmacı Hareketi. *Türkistan.* 1988. p. 16.
- Kocaoglu, 2001 - *Kocaoglu T.* Turkistanda Yenilik hareketleri ve İhtilaller: 1900 - 1924. Haarlem: SOTA, 2001. 256 p.
- Тұрсын, 2006 а - *Тұрсын Х.* Энвер пашаның Кеңестік билікпен арақатынасы // Изденіс - Поиск. 2006. №3. 37 б.
- Тұрсын, 2006 б - *Тұрсын Х.М.* Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Түркістан Мұхтарияты. Алматы: Нұрлы әлем, 2006. 128 б.
- Тоган, 1994 - *Тоган З.* Воспоминания: Борьба народов Туркестана и других восточных мусульман-турков за национальное бытие и сохранение культуры. Книга I. Уфа: Китап. 1994. 400 с.
- Togan, 1981 - *Togan Z.V.* 1942 - 1947. Bugunku Turkili (Turkistan) ve yakin tarihi diger musluman dogu turklerinin milli varlik ve kultur mucadeleleri. Istanbul: Enderum kitabevi, 1981. 969 p.
- Togan, 1999 - *Togan. Z.V.* Hatıralar. Ankara: Türkiye Diyanet Vakfı Yayınları, 1999. 346 б.
- Yamauchi, 1995 - *Yamauchi M.* Hoşnut Olamamış Adam-Enver Paşa. Türkiye'den Türkistan'a, İstanbul: Bağlam yayınevi, 1995. 49 p.
- Найт, 1997 - *Найт В.* Basmacılar: Türkistan Milli Mücadele Tarihi, 1917-1934, Ankara: Türkiye diyanet vakfı yayınları, 1997. 368 p.

#### References

- Bailey F.M. Mission to Tashkent. London: Jonathan Cape, 1946. 228. p. (In Eng).
- Başbakanlık Devlet Arşivi Genel Müdürlüğü. Osmanlı-Türkistan İlişkileri (XVI-XX Yüzyıllar) [Prime Minister's General Directorate of State Archives. Ottoman-Turkist Relations (XVI-XX Centuries)]. 2005. Ankara: Osmanlı Arşivi Daire Başkanlığı Yayın Nu: 70. (in Turk).
- Bolshevistskoye rukovodstvo [Bolshevik leadership]. Perepiska. 1912-1927. Sb. dok. Moskva: Rosspen, 1996. 783 s. (In Rus).
- Bozhko F. Grazhdanskaya voina v Srednei Azii [Civil War in Central Asia]. Tashkent: UzGIZ, 1930. (In Rus).



Broido, G.I. Materialy k istorii vosstaniya kirgiz v 1916 godu [Materials for the history of the uprising of the Kirghiz in 1916]. Moskva:Novy Vostok, Kniga 6. 1924. 187 s. (In Rus).

Castagne, J. Les Basmachis; le mouvement national des indigenes d'Asie Centrale. Paris: Éditions E. Leroux, 1925. 88 p. (in French).

Chokaev M. The basmachi Movement in Turkestan. Asiatic Review. No: XXIV, London 1928. p.16. (In Eng).

Dervish, T. Ferganskaya problema [Fergana problem]. Voyennaya mysl. 1921. № 3-4. (In Rus).

Dvizheniye Alash [Alash movement]. Sbornik materialov sudebnykh protsessov nad alashevtsami. 3 tomakh. Almaty: El-shezhire. Tom. I. 2011. 428 b. (In Kaz.)

Esmagambetov K.L. Alem tanıgan tulga (M. Şokaydın dunyetanımı jane kogamdık bolması) [A person recognized by the world (M. Shokai's worldview and social identity)]. Almaty: Daik-Press, 2008. 504 b. (In Kaz.)

Galuzo, P. Za bolshevistskuyu kontseptsiyu vosstaniya 1916 goda v Srednei Azii. (K 15-letiyu vosstaniya) [For the Bolshevik concept of the 1916 uprising in Central Asia. (To the 15th anniversary of the uprising)]. Turkmenovedenie. 1932. № 7- 9. (In Rus).

Hayit B. Basmacılar: Türkistan Milli Mücadele Tarihi 1917-1934 [History of the Turkestan National Struggle 1917-1934]. Ankara: Türkiye diyanet vakfi yayınları, 1997. 368 s. (in Turk).

İmzasız, Basmaçılık [Unsigned, Publishing] (1918-20.02-1933) // Yaş Türkistan, Fevral, 1933. 39 s. (in Turk).

Kazak ult-azattyk kozgalysy [Kazakh National Liberation Movement] Kop tomдық. Red. M.K. Koigeldiev. 10-tom. Tutas Turkistan ideyasy. Astana: Astana poligrafiya, 2008.130.b. (in Kaz).

Kocaoglu T. Turkistanda Yenilik hareketleri ve İhtilaller: 1900 – 1924 [Innovation Movements and Revolutions in Turkistan: 1900-1924]. Haarlem: SOTA, 2001. 256 s. (in Turk).

Krasnyi arkhiv [Red archive]. Moskva:1929. Tom. 34. s. 54. (In Rus).

Krasnyi arkhiv [Red archive]. Moskva:1931. Tom.1 (44). s.16 (In Rus).

Togan Z. Vospominaniya: Borba narodov Turkestana i drugikh vostochnykh musulman-tyurkov za natsionalnoe bytie i sokhranenie kultury [The struggle of the peoples of Turkestan and other Eastern Muslim Turks for national existence and the preservation of culture] Kniga I. Ufa: Kitap. 1994. 400 s. (In Rus).

Togan Z.V. 1942 - 1947. Bugunku Turkili (Turkistan) ve yakin tarihi diger musulman dogu turklerinin milli varlik ve kultur mucadeleleri [National existence and cultural struggles of today's Turkic (Turkistan) and other Muslim Eastern Turks in recent history]. Istanbul: Enderum kitabevi, 1981. 969 s. (in Turk).

Togan. Z.V. Hatıralar [Memories]. Ankara: Türkiye Diyanet Vakfı Yayınları, 1999. 346 s. (in Turk).

Tursyn Kh. Enver pashanın Kenestik bilikpen arakatynasy [Enver Pasha's relationship with the Soviet authorities]. Izdenis - Poisk. 2006 (3). b.37. (In Kaz.)

Tursyn Kh. Turkistan ult-azattyk kozgalysy zhane Turkistan Mukhtariyaty [Turkestan National Liberation Movement and Turkestan Mukhtariat]. Almaty: Nurly alem, 2006. 128 b. (In Kaz.)

Yamauchi M. Hoşnut Olamamış Adam-Enver Paşa. Türkiye'den Türkistan'a [The Displeased Man-Enver Pasha. From Turkey to Turkestan]. İstanbul: Bağlam yayınevi, 1995. 49 s. (in Turk).

## ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Kazakhstan

Otan tarihy

Has been issued as a journal since 1998

ISSN: 1814-6961 (Print)

ISSN: 2788-9718 (Online)

Vol. 26. Is. 2, pp. 335-349, 2023

Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРПТИ / IRSTI 03.20

[https://doi.org/10.51943/1814-6961\\_2023\\_26\\_2\\_335-349](https://doi.org/10.51943/1814-6961_2023_26_2_335-349)

### THE GREAT HORDE OF KAZAKHS IN THE RUSSIAN-KOKAND CONFRONTATION IN CENTRAL ASIA. SURANSHY-BATYR AND UZYN-AGASH BATTLE IN 1860

Laila S. Akhmetova<sup>1</sup>, Sergey S. Akhmetov<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> al-Farabi Kazakh National University (71 Al-Farabi Ave., 050040, Almaty, Kazakhstan)

<sup>1</sup>Doctor of History, Professor, UNESCO Chair in Journalism and Communication, Leading Researcher



<https://orcid.org/0000-0002-3607-3688>. E-mail: laila\_akhmetova@mail.ru

<sup>2</sup>Master student, UNESCO Chair in Journalism and Communication, Leading Researcher

<https://orcid.org/0000-0001-8506-5417>. E-mail: akhmetov1985@mail.ru

© Ch.Ch. Valichanov IHE, 2023

© Akhmetova L.S., Akhmetov S.S., 2023

**Annotation.** *Introduction.* The activities of the batyr Suranshi during the Kokand invasion of Semirechye (Alatav district) in 1860 were studied. *Goals.* Since there are few descriptions and information about this famous figure in the open space, this work allows us to deliver new informational and analytical material based on archival and scientific sources. *Results.* For the first time, new historical information and documentary sources are introduced into scientific circulation, which allow in-depth analysis of academic materials and reproduce the picture of events, the general situation in the Central Asian region and study the actions of the Russian government, the Kokand authorities and military leaders, Kazakh and Kyrgyz tribal elders who were parties to the conflicts of that period. This allows to interpret the processes and explain the contradictory actions of historical figures in relation to the policy of the Russian Empire and the military enterprises of the Kokand Khanate. *Conclusions.* The complexity of unambiguous interpretations of the positions of the figures of Kazakh history during the difficult period of confrontations, Kokand rule and the beginning of Russian expansion deep into Central Asia is shown.

**Keywords:** Russian Empire, Kokand Khanate, Great Horde, Uzyn-Agash battle, conquest of Central Asia, Turkestan campaigns.

**Acknowledgements.** The authors express their gratitude to the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.

**For citation:** Akhmetova L.S., Akhmetov S.S. The great horde of kazakhs in the russian-kokand confrontation in central asia. Suranshy-batyr and uzyn-agash battle in 1860. // Otan tarihy. 2023. Vol. 26. No. 2. Pp. 335-349 (Russ). DOI: 10.51943/1814-6961\_2023\_26\_2\_335-349

## ОРТА АЗИЯДАҒЫ ОРЫС-ҚОҚАН ҚАРСЫЛАСУДА ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҰЛЫ ОРДАСЫ ҚАТЫСУЫ. СҰРАНШЫ БАТЫР МЕН 1860 ЖЫЛДАҒЫ ҰЗЫНАҒАШ ШАЙҚАСЫ

Ләйлә Сейсембекқызы Ахметова<sup>1</sup>, Сергей Сергейұлы Ахметов<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (71-үй, әл-Фараби даңғ., 050040, Алматы, Қазақстан)

<sup>1</sup>Тарих ғылымдарының докторы, профессор, ЮНЕСКО журналистика және коммуникация кафедрасы, жетекші ғылыми қызметкер

<https://orcid.org/0000-0002-3607-3688>. E-mail: laila\_akhmetova@mail.ru

<sup>2</sup>Магистрант, ЮНЕСКО журналистика және коммуникация кафедрасы, жетекші ғылыми қызметкер

<https://orcid.org/0000-0001-8506-5417>. E-mail: akhmetov1985@mail.ru

- Taylor, 2020-Taylor, W.T.T., Clark, J., Bayarsaikhan, J., Tuvshinjargal, T., Jobe, J.T., Fitzhugh, W., Kortum, R., Early pastoral economies and herding transitions in Eastern Eurasia. *Scientific Reports* 10(1), 2020.pp.1–15.
- Vigne, 2005-Vigne, J.-D., Helmer, D., Peters, J. New archaeozoological approaches to trace the first steps of animal domestication: general presentation, reflections and proposals, in: Vigne, J.-D., Peters, J., Helmer, D., (Eds), *The first steps of animal domestication*, Oxbow, Oxford, 2005. pp. 1–16.
- Webb и др. 2006-Webb, S.D., Hemmings, C.A. Last horses and first humans in North America, in: Olsen, S.L., Grant, S., Choyke, A.M., Bartosiewicz, L. (Eds) *Horses and humans: the evolution of human-equine relationships*. Archaeopress, Oxford, 2006. pp. 11-23.
- Wendrich и др. 2008- Wendrich, W., Barnard, H. The archaeology of mobility: definitions and research approaches, in: Barnard, H., Wendrich, W., (Eds) *The Archaeology of Mobility: Old World and New World Nomadism*. Cotsen Institute, University of California, Los Angeles, 2008.pp. 1-24.
- West, 2006-West, D. Horse hunting in Central Europe at the end of the Pleistocene, in: Olsen, S.L., Grant, S., Choyke, A.M., Bartosiewicz, L. (Eds) *Horses and humans: the evolution of human-equine relationships*. Archaeopress, Oxford, 2006. pp. 25-47.
- Wilkin и др. 2021-Wilkin, S., Ventresca Miller, A., Fernandes, R., Spengler, R., Taylor, W.T.T., Brown, D.R., Reich, D., Kennett, D.J., Culleton, B.J., Kunz, L., Fortes, C., et al., 2021. Dairying enabled Early Bronze Age Yamnaya steppe expansions. *Nature*, 598 (7882), 2021.pp.629-633.
- Зайберг, 2009-Зайберг В.Ф. Ботайская культура. Алматы: «КазАқпарат», 2009. 566 с.
- Zeder, 2012-Zeder, M.A., The domestication of animals. *Journal of anthropological research*, 68(2), 2012a.pp.161-190.
- Zeder, 2015- Zeder, M.A., Core questions in domestication research. *Proceedings of the National Academy of Sciences*, 112(11). 2015.

### References

- Allentoft, M.E., Sikora, M., Sjögren, K.G., Rasmussen, S., Rasmussen, M., Stenderup, J., Damgaard, P.B., Schroeder, H., Ahlström, T., Vinner, L., Malaspina, A.S., et al., 2015. *Population genomics of Bronze Age Eurasia*. *Nature* 522(7555), 167-172.
- Anthony, D.W., 1996 Bridling horse power: the domestication of the horse, in: Olsen, S. (Ed.) *Horses through Time*. Roberts Rinehart, Boulder, pp. 57-82.
- Anthony, D.W., 2007. *The Horse, the Wheel, and Language: How Bronze-Age Riders from the Eurasian Steppes Shaped the Modern World*. Princeton University Press. Princeton.
- Anthony, D.W., 2009 The Sintashta Genesis: the roles of climate change, warfare, and long-distance trade, in: Hanks, B.K., Linduff, K.M. (Eds) *Social Complexity in Prehistoric Eurasia*. Cambridge University Press, Cambridge, pp. 47-73.
- Anthony, D.W., Brown, D.R., 1991. *The origins of horseback riding*. *Antiquity* 65(246), 22-38.
- Anthony, D.W., Brown, D.R., 2000. *Eneolithic horse exploitation in the Eurasian steppes: diet, ritual and riding*. *Antiquity* 74(283), 75-86.



- Anthony, D.W., Brown, D.R., 2011. *The secondary products revolution, horse-riding, and mounted warfare*. *Journal of World Prehistory* 24(2-3), 131-160.
- Anthony, D.W., Brown, D.R., George, C., 2006. Early horseback riding and warfare: the importance of the magpie around the neck, in: Olsen, S.L., Grant, S., Choyke, A.M., Bartosiewicz, L. (Eds) *Horses and humans: the evolution of human-equine relationships*. Archaeopress, Oxford, pp. 137-156.
- Anthony, D.W., Khokhlov, A.A., Agapov, S.A., Agapov, D.S., Schulting, R., Olalde, I., Reich, D., 2022. *The Eneolithic cemetery at Khvalynsk on the Volga River*. *Praehistorische Zeitschrift*. <https://doi.org/10.1515/pz-2022-2034>
- Anthony, D.W., Ringe, D. 2015. *The Indo-European homeland from linguistic and archaeological perspectives*. *Annual Review of Linguistics* 1(1), 199-219.
- Anthony, D., Telegin, D.Y., Brown, D. 1991. *The origin of horseback riding*. *Scientific American* 265, 94-100.
- Bellone, R.R., Holl, H., Setaluri, V., Devi, S., Maddodi, N., Archer, S., Sandmeyer, L., Ludwig, A., Foerster, D., Pruvost, M., Reissmann, M., et al., 2013. *Evidence for a retroviral insertion in TRPM1 as the cause of congenital stationary night blindness and leopard complex spotting in the horse*. *PLoS One*, 8(10), p.e78280.
- Benecke, N., 1994. Zur Domestikation des Pferdes in Mittel- und Osteuropa: Einigen euearchäozoologischen Befunde. In: Hansel B., Zimmer S., (Eds) *Die Indogermanen und das pferd*. *Archaeolingua* Alapítvány, Budapest, pp. 123-44.
- Benecke, N., von den Driesch, A., 2003. Horse exploitation in the Kazakh steppes during the Eneolithic and Bronze Age, in: Levine, M., Renfrew, C., Boyle, K. (Eds) *Prehistoric Steppe Adaptation and the Horse*. McDonald Institute, Cambridge. pp. 69-82.
- Bendrey, R., 2007. *New methods for the identification of evidence for biting on horse remains from archaeological sites*. *Journal of Archaeological Science* 34(7), 1036-1050.
- Bendrey, R., 2011a. *Some like it hot: environmental determinism and the pastoral economies of the later prehistoric Eurasian steppe*. *Pastoralism: Research, Policy and Practice*, 1(1), 1-16.
- Bendrey, R., 2011b. *Identification of metal residues associated with bit-use on prehistoric horse teeth by scanning electron microscopy with energy dispersive X-ray microanalysis*. *Journal of Archaeological Science* 38(11), 2989-2994.
- Bendrey, R., 2012. *From wild horses to domestic horses: a European perspective*. *World Archaeology* 44(1), 135-157.
- Blumler, M.A., Byrne, R., 1991. *The ecological genetics of domestication and the origins of agriculture*. *Current Anthropology* 32, 23-35.
- Bogaard, A., Allaby, R., Arbuckle, B.S., Bendrey, R., Crowley, S., Cucchi, T., Denham, T., Frantz, L., Fuller, D., Gilbert, T., Karlsson, E., et al., 2021. *Reconsidering domestication from a process archaeology perspective*. *World Archaeology*, 53(1), pp.56-77.
- Bouckaert R, Lemey P, Dunn M, Greenhill SJ, Alekseyenko AV, et al. 2012. *Mapping the origins and expansion of the Indo-European language family*. *Science* 337, 957-60.
- Brown, D., Anthony, D., 1998. *Bit wear, horseback riding and the Botai site in Kazakhstan*. *Journal of Archaeological Science* 25(4), 331-347.
- Casanova, E., Knowles, T.D., Outram, A.K., Stear, N.A., Roffet-Salque, M., Zaibert, V., Logvin, A., Shevnina, I. and Evershed, R.P., 2022. *Direct 14C dating of equine products preserved in archaeological pottery vessels from Botai and Bestamak, Kazakhstan*. *Archaeological and Anthropological Sciences*, 14(9), [doi.org/10.1007/s12520-022-01630-2](https://doi.org/10.1007/s12520-022-01630-2)
- Chechushkov, I.V., Kosintsev, P.A., 2020. *The Botai horse practices represent the neolithization process in the central Eurasian steppes: Important findings from a new study on ancient horse DNA*. *Journal of Archaeological Science: Reports*, 32, p.102426.
- Clutton-Brock, J., 1999. *A natural history of domestic mammals (2nd edition)*. Cambridge University Press, Cambridge.
- Damgaard, P.d.B., Martiniano, R., Kamm, J., Moreno-Mayar, J.V., Kroonen, G., Peyrot, M., Barjamovic, G., Rasmussen, S., Zacho, C., Baimukhanov, N., Zaibert, V., et al., 2018a. *The first horse herders and the impact of early Bronze Age steppe expansions into Asia*. *Science*, 360(6396), p. eaar7711.
- Damgaard, P.d.B., Marchi, N., Rasmussen, S., Peyrot, M., Renaud, G., Korneliusson, T., Moreno-Mayar, J.V., Pedersen, M.W., Goldberg, A., Usmanova, E., Baimukhanov, N., et al., 2018b. *137 ancient human genomes from across the Eurasian steppes*. *Nature* 557(7705), 369-374. (in Eng)
- Dudd, S.N., Evershed, R.P. 1998. *Direct demonstration of milk as an element of archaeological economies*. *Science* 282(5393), 1478-1481. (in English)
- Dyson-Hudson, R., Smith, E.A. 1978. *Human territoriality: an ecological reassessment*. *American Anthropologist* 80(1), 21-41.
- Frachetti, M.D. 2008. *Pastoralist Landscapes and Social Interaction in Bronze Age Eurasia*. University of California Press, Berkeley.



- French, C., Kousoulakou, M., 2003. *Geomorphological and micromorphological investigations of palaeosols, valley sediments and a sunken floored dwelling at Botai, Kazakhstan*, in: Levine, M.A., Renfrew, C., Boyle, K.V. (Eds) *Prehistoric Steppe Adaptation and the Horse*. McDonald Institute, Cambridge, pp. 105-114.
- Gamkrelidze, T.V., Ivanov, V., 1995. *Indo-European and the Indo-Europeans: A Reconstruction and Historical Analysis of a Proto-Language and a Proto-Culture, Vol. 1*. Mouton de Gruyter, Berlin.
- Gaunitz, C., Fages, A., Hanghøj, K., Albrechtsen, A., Khan, N., Schubert, M., Seguin-Orlando, A., Owens, I.J., Felkel, S., Bignon-Lau, O., Damgaard, P.d.B., et al., 2018. *Ancient genomes revisit the ancestry of domestic and Przewalski's horses*. *Science*, p.3297.
- Haak, W., Lazaridis, I., Patterson, N., Rohland, N., Mallick, S., Llamas, B., Brandt, G., Nordenfelt, S., Harney, E., Stewardson, K., Fu, Q., et al., 2015. *Massive migration from the steppe was a source for Indo-European languages in Europe*. *Nature* 522, 207-211.
- Haruda, A., 2018. *Regional pastoral practice in central and southeastern Kazakhstan in the Final Bronze Age (1300–900 BCE)*. *Archaeological Research in Asia*, 15, 146-156.
- Higgs, E.S., Jarman, M.R., 1975. Palaeoeconomy, in: Higgs, E.S (Ed.) *Palaeoeconomy: Being the second volume of Papers in Economic Prehistory by members and associates of the British Academy major research project in the early history of agriculture*. Cambridge University Press, Cambridge, pp. 1-8.
- Hollund, H.I., Higham, T., Belinskij, A. Korenevskij, S., et al., 2010. *Investigation of palaeodiet in the North Caucasus (South Russia) Bronze Age using stable isotope analysis and AMS dating of human and animal bones*. *Journal of archaeological Science*, 37(12), pp.2971-2983.
- Ingold, T., 1980. *Hunter, Pastoralists and Ranchers*. Cambridge University Press, Cambridge.
- Jeong, C., Balanovsky, O., Lukianova, E., Kahbatkyzy, N., Flegontov, P., Zaporozhchenko, V., Immel, A., Wang, C.C., Ixan, O., Khussainova, E., Bekmanov, B., et al., 2019. *The genetic history of admixture across inner Eurasia*. *Nature Ecology & Evolution*, 3(6), 966-976.
- Kaiser E. 2010. "Der Übergang zur Rinderzucht im nördlichen Schwarzmeerraum", in: Godišnjak Centar za balkanološka ispitivanja, 39, pp.23–34.
- Kalieve, S.S., Logvin, V.N., 1997. *Skotovody Turgayav Tret'emTysyacheletii do Nashej Ehry (Cattle breeders of Turgay in the third millennium BC)*, Kustanai University, Kustanai. (in Russian)
- Kanne, K. 2022. *Riding, Ruling, and Resistance Equestrianism and Political Authority in the Hungarian Bronze Age*. *Current Anthropology*.
- Kelekna, P. 2009. *The Horse in Human History*. Cambridge University Press, Cambridge.
- Kislenko, A., Tatarintseva, N., 1999. The eastern Ural steppe at the end of the Stone Age, in: Levine, M., Rassamakin, Y., Kislenko, A., Tatarintseva, N., (Eds) *Late Prehistoric Exploitation of the Eurasian Steppe*. McDonald Institute, Cambridge, pp. 183-216.
- Kremenetski, C.V., Tarasov, P.E., Cherkinsky, A.E., 1997. Postglacial development of Kazakhstan pine forests. *Geographie physique et Quaternaire* 51(3), 391-404.
- Kuzmina, I.E., 1997. *Loshadi Severnoy Yevrazii ot plioTsena do sovremennosti (Horses of North Eurasia from the Pliocene till the present time.)* St. Petersburg: Zoological Institute of the Russian Academy of Sciences (In Russian).
- Lavrillier, A., 2001. *The creation and persistence of cultural landscapes among Siberian Evenkis: two concepts of sacred space*, in: Jordan, P., (Ed.) *Landscape and Culture in Northern Eurasia*. Left Coast Press, Walnut Creek, pp. 215-234.
- Leonardi, M., Boschin, F., Giampoudakis, K., Beyer, R.M., Krapp, M., Bendrey, R., Sommer, R., Boscato, P., Manica, A., Nogues-Bravo, D., Orlando, L., 2018. *Late Quaternary horses in Eurasia in the face of climate and vegetation change*. *Science Advances*, 4(7), p.5589.
- Levine, M., 2004. *Exploring the criteria for early horse domestication*, in: Jones, M. (Ed.) *Traces of Ancestry: studies in honour of Colin Renfrew*. McDonald Institute, Cambridge, pp. 115-26.
- Levine, M.A., 2000. *Domestication and early history of the horse*, in: Mills, D., McDonnell, S., (Eds) *The Domestic Horse: The Origins, Development and Management of its Behavior*. Cambridge University Press, Cambridge, pp. 5-22.
- Levine, M.A., Whitwell, K.E., Jeffcott, L.B., 2005. *Abnormal thoracic vertebrae and the evolution of horse husbandry*. *Archaeofauna: International Journal of Archaeozoology* 14, 93-109.
- Librado, P., Khan, N., Fages, A., Kusliy, M.A., Suchan, T., Tonasso-Calvière, L., Schiavinato, S., Alioglu, D., Fromentier, A., Perdereau, A., Aury, J.M., 2021. *The origins and spread of domestic horses from the Western Eurasian steppes*. *Nature*, 598(7882), 634-640.
- Ludwig, A., Reissmann, M., Benecke, N., Bellone, R., Sandoval-Castellanos, E., Cieslak, M., Fortes, G.G., Morales-Muniz, A., Hofreiter, M., Pruvost, M., 2015. *Twenty-five thousand years of fluctuating selection on leopard complex spotting and congenital night blindness in horses*. *Phil. Trans. R. Soc. B*, 370(1660), 20130386.
- MacArthur, R.H., Pianka, E.R., 1966. *On optimal use of a patchy environment*. *American Naturalist* 100, 603-609.



- MacHugh, D.E., Larson, G., Orlando, L., 2017. *Taming the past: ancient DNA and the study of animal domestication*. Annual Review of Animal Biosciences, 5, 329-351.
- Mallory, J.P., 1996. *In Search of the Indo-Europeans: Language, Archaeology and Myth*. Thames and Hudson, London.
- Meadow, R. H., 1984. *Animal domestication in the Middle East: a view from the eastern margin*, in: Clutton-Brock, J., Grigson, C. (Eds), *Animals in archaeology*. Volume 3. Early herders and their flocks, British Archaeological Reports, Oxford, pp. 309–37.
- Mertz I.V., Mertz V.K., 2018. *Eneoliticheskiy kompleks poseleniya Borly 4, (Eneolithic complex of Borly 4 settlement) // Chelovek i Sever: Antropologiya, arkheologiya, ekologiya: materialy vserossiyskoynauchnoy konferentsii, g. Tyumen', 2-6 aprelya, Tyumen': FITS TyumNTS SO RAN, Vyp. 4. S. 160-164. (in Russian)*.
- Mileto, S., Kaiser, E., Rassamakin, Y., Evershed, R.P., 2017. *New insights into the subsistence economy of the Eneolithic Dereivka culture of the Ukrainian North-Pontic region through lipid residues analysis of pottery vessels*. *Journal of Archaeological Science: Reports*, 13, 67-74.
- Motuzaitė Matuzevičiūtė, G., Lightfoot, E., Liu, X., Jacob, J., Outram, A.K., Zaibert, V.F., Zakharov, S., Jones, M.K., 2019. *Archaeobotanical investigations at the earliest horse herder site of Botai in Kazakhstan*. *Archaeological and Anthropological Sciences*, 11(11), 6243-6258.
- Olsen, S.L., 1989. *Solutré: a theoretical approach to the reconstruction of Upper Palaeolithic hunting strategies*. *Journal of Human Evolution*, 18(4), 295-327.
- Olsen, S.L., 1996. *Horse hunters of the Ice Age*, in: Olsen, S. (Ed.) *Horses through Time*. Roberts Rinehart, Boulder, pp. 35–56.
- Olsen, S.L., 2006a. *Early horse domestication: weighing the evidence*, in: Olsen, S.L., Grant S., Choyke, A.M., Bartosiewicz, L. (Eds) *Horses and humans: the evolution of human-equine relationships*. Archaeopress, Oxford, pp. 81-113.
- Olsen, S.L., 2006b. *Early horse domestication on the Eurasian Steppe*, in: Zeder, M.A., Bradley, D.G., Emschwiller, E., Smith, B.D., (Eds) *Documenting Domestication: New Genetic and Archaeological Paradigms*, University of California Press, Berkeley, pp. 245-269.
- Olsen, S.L., Bradley, B., Maki, D., Outram, A., 2006c. *Community organization among Copper Age sedentary horse pastoralists of Kazakhstan*, in: Peterson, D.L., Popova, L.M., Smith, A.T., (Eds) *Beyond the steppe and the sown: Proceedings of the 2002 University of Chicago Conference on Eurasian Archaeology*. Brill, Leiden, pp. 89-111.
- Outram, A.K., 2006. *Juggling with indices: a review of the evidence and interpretations regarding Upper Palaeolithic horse skeletal part abundances*, in: Olsen, S.L., Grant S., Choyke, A.M., Bartosiewicz, L. (Eds) *Horses and humans: the evolution of human-equine relationships*. Archaeopress, Oxford, pp. 49-60.
- Outram, A.K., 2014. *Animal Domestications*, in: Cummings, V., Jordan, P., Zvelebil, M., (Eds) *Oxford Handbook of the Archaeology and Anthropology of Hunter-Gatherers*. Oxford University Press, Oxford, pp. 749-763.
- Outram, A.K., 2015. *Pastoralism*, in: Barker, G., Goucher, C., (Eds) *The Cambridge World History, Volume II: A World with Agriculture, 12,000 BCE - 500 CE*. Cambridge University Press, Cambridge, pp. 161-185.
- Outram, A.K., Bendrey, R., Evershed, R.P., Orlando, L., Zaibert, V., 2021. *Rebuttal of Taylor and Barron-Ortiz 2021 Rethinking the evidence for early horse domestication at Botai*. Zenodo. <https://doi.org/10.5281/zenodo.5142604>
- Outram, A.K., Bogaard, A., 2019. *Subsistence and society in Prehistory: new directions in Economic Archaeology*. Cambridge University Press, Cambridge.
- Outram, A.K., Kasparov, A., Stear, N.A., Varfolomeev, V., Usmanova, E., Evershed, R.P., 2012. *Patterns of pastoralism in later Bronze Age Kazakhstan: new evidence from faunal and lipid residue analyses*. *Journal of Archaeological Science* 39, 2424–2435.
- Outram, A. and Rowley-Conwy, P. 1998. *Meat and marrow utility indices for horse (Equus)*. *Journal of Archaeological Science* 25, 839–849. (in English)
- Outram, A.K., Stear, N.A., Bendrey, R., Olsen, S., Kasparov, A., Zaibert, V., Thorpe, N., Evershed, R.P., 2009. *The earliest horse harnessing and milking*. *Science* 323(5919), 1332-1335.
- Outram, A.K., Stear, N.A., Kasparov, A., Usmanova, E., Varfolomeev, V., Evershed, R.P., 2011. *Horses for the dead: funerary foodways in Bronze Age Kazakhstan*. *Antiquity* 85, 116–128.
- Payne, S., 1973. *Kill off patterns in sheep and goats: the mandibles from Asvan Kale*. *Anatolian Studies* 23, 281–303.
- Piggott, S., 1992. *Wagon, Chariot and Carriage*. Thames and Hudson, London. (in English)
- Redding, R.W. 2005. *Breaking the mold: a consideration of variation in the evolution of animal domestication*, in: Vigne, J.-D., Peters, J., Helmer D., (Eds), *The first steps of animal domestication*, Oxbow, Oxford, pp. 41–8.



- Renfrew, C., 1987. *Archaeology and Language: The Puzzle of Indo-European Origins*. Jonathan Cape, London.
- Scott, A., Reinhold, S., Hermes, T., Kalmykov, A.A., Belinskiy, A., Buzhilova, A., Berezina, N., Kantorovich, A.R., Maslov, V.E., Guliyev, F., Lyonnet, B., 2022. *Emergence and intensification of dairying in the Caucasus and Eurasian steppes*. *Nature Ecology & Evolution*, 1-10.
- Shishlina, N., 2003. Yamnaya culture pastoral exploitation: a local sequence, in: Levine, M., Renfrew, C., Boyle, K., (Eds) *Prehistoric Steppe Adaptation and the Horse*. McDonald Institute, Cambridge, pp.353-65.
- Svyatko, S.V., Mertz, I.V., Reimer, P.J., 2015. *Reservoir Effect on Re-Dating of Eurasian Steppe Cultures: First Results for Eneolithic and Early Bronze Age North-East Kazakhstan*, *Radiocarbon*, 57(4), 625-644.
- Taylor, W.T.T., Barrón-Ortiz, C.I., 2021. *Rethinking the evidence for early horse domestication at Botai*. *Scientific Reports*, 11(1), 1-11.
- Taylor, W.T.T., Clark, J., Bayarsaikhan, J. Tuvshinjargal, T., Jobe, J.T., Fitzhugh, W., Kortum, R., et al., 2020. *Early pastoral economies and herding transitions in Eastern Eurasia*. *Scientific Reports* 10(1), 1–15.
- Vigne, J.-D., Helmer, D., Peters, J., 2005. *New archaeozoological approaches to trace the first steps of animal domestication: general presentation, reflections and proposals*, in: Vigne, J.-D., Peters, J., Helmer, D., (Eds), *The first steps of animal domestication*, Oxbow, Oxford, pp. 1–16.
- Webb, S.D., Hemmings, C.A., 2006 *Last horses and first humans in North America*, in: Olsen, S.L., Grant S., Choyke, A.M., Bartosiewicz, L. (Eds) *Horses and humans: the evolution of human-equine relationships*. Archaeopress, Oxford, pp. 11-23.
- Wendrich, W., Barnard, H., 2008. *The archaeology of mobility: definitions and research approaches*, in: Barnard, H., Wendrich, W. (Eds) *The Archaeology of Mobility: Old World and New World Nomadism*. Cotsen Institute, University of California, Los Angeles, pp. 1-24.
- West, D., 2006. *Horse hunting in Central Europe at the end of the Pleistocene*, in: Olsen, S.L., Grant S., Choyke, A.M., Bartosiewicz, L. (Eds) *Horses and humans: the evolution of human-equine relationships*. Archaeopress, Oxford, pp. 25-47.
- Wilkin, S., Ventresca Miller, A., Fernandes, R., Spengler, R., Taylor, W.T.T., Brown, D.R., Reich, D., Kennett, D.J., Culleton, B.J., Kunz, L., Fortes, C., et al., 2021. *Dairying enabled Early Bronze Age Yamnaya steppe expansions*. *Nature*, 598(7882), 629-633.
- Zaibert V.F. *Botayskaya kul'tura (Botai culture)* 2009. Almaty: "KazAkparat". 566 p. (in Russian).
- Zeder, M.A., 2012. *The domestication of animals*. *Journal of anthropological research*, 68(2), 161-190.
- Zeder, M.A., 2015. *Core questions in domestication research*. *Proceedings of the National Academy of Sciences*, 112(11).

## АРХЕОЛОГИЯ / ARCHAEOLOGY

Published in the Kazakhstan  
 Otan tarihy  
 Has been issued as a journal since 1998  
 ISSN: 1814-6961 (Print)  
 ISSN: 2788-9718 (Online)  
 Vol. 26. Is. 2, pp. 407-421, 2023  
 Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>


FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.41.91  
[https://doi.org/10.51943/1814-6961\\_2023\\_26\\_2\\_407-421](https://doi.org/10.51943/1814-6961_2023_26_2_407-421)

## ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТИЛЕРІ


Мұхтар Бақадырұлы Қожа<sup>1</sup>, Көпжасар Мұстафаұлы Жетібайев<sup>2</sup>, Зульфия Полатовна Муминова<sup>3</sup>

<sup>1, 2, 3</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (№26 Б.Саттарханов даңғылы, 161200 Түркістан, Қазақстан)

тарих ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер


 <https://orcid.org/0000-0003-1042-5697>. E-mail: mukhtar.kozha@ayu.edu.kz

<sup>2</sup>тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, директор

 <https://orcid.org/0000-0002-1241-3676>. E-mail: kopzhasar.zhetibayev@ayu.edu.kz

<sup>3</sup>ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕР



 <https://orcid.org/0000-0003-1848-5272>. E-mail: [zulfiya.muminova@ayu.edu.kz](mailto:zulfiya.muminova@ayu.edu.kz)

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2023

© Қожа М.Б., Жетібаев К.М., Муминова З.П., 2023

**Андатпа.** *Kіріспе.* Мақалада Қазақ хандығының қалаларының бірі болған кейінгі ортағасырлық Сығнақ қаласының (Сунақ ата қалашығы) әлеуметтік-экономикалық қатынастары мәселелері қарастырылған. Тарихи дереккөздердің бірі ретінде Сығнақ қаласының соңғы даму кезеңдерін көрсететін 2021-2022 жылдардағы археологиялық қазба материалдары мен жазба деректер мен Сығанаққа жіберілген жарлықтар (грамоталары) пайдаланылады. Мақалада Сығнақ қаласының зерттелу тарихы да баяндалған. Сығнақ жарлықтары деп аталатын жазба құжаттардың бірегей жиынтығының табылу және зерттелу тарихы бөлек қарастырылады. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* – Есенкелді мен Тауакқұл Мұхаммед (Тәуке) хандардың Сығнақ қаласының тұрғындарына жолдаған жарлықтары жаңа дереккөз ретінде ғылыми айналымға енгізіліп, олардың қазақ тіліне аудармасын мақала авторларының бірі жасаған. Сығнақтың ескі және жаңа жарлықтары, басқа да жазба деректерден алынған үзінділер негізінде орта ғасырлардағы аталған қаланың қоғамдық құрылысы мен жер қатынастары туралы мәліметтер талданады. Қалалардағы меншік нысандары, қала халқының әлеуметтік құрамы қарастырылады. *Нәтижелер.* Жарғылардағы және басқа да дереккөздердегі сілтемелер негізінде жоғарғы мұсылман дін басыларының, әскери-феодалдық дворяндардың, Сығнақ қаласының азаматтық басқармасы өкілдерінің тізімі, алым-салықтардың тізімі, оларды тәпсірлеуде шығыстану деректерімен қатар қазақ тілінен енген дәстүрлі ұғым-түсініктер пайдаланылған. Жер учаскесінің көлемін түсіндіру үшін Оңтүстік Қазақстанның жергілікті халқының этнографиясы бойынша зерттеулердің деректері тартылған. *Қорытынды.* Сығанақ жарғысында айтылған микротопонимдер нақтыланады. Деректануды жан-жақты талдау ортағасырлық дереккөздерден ортағасырлық кезеңдегі қоғамдық құрылыс пен жер қатынастары туралы бірқатар құнды мәліметтер алуға мүмкіндік береді.

**Кілт сөздер:** Қазақ хандығы, орта ғасыр, Сығанақ қаласы, Сунақ ата көне қонысы, Сығанақ хаттары, Тәуке хан.

**Алғыс айту.** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Тарихи-мәдени мұра нысаны – ортағасырлық Сығанақ қалашығында кешенді археологиялық зерттеулер жүргізу» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: BR10965310).


**Дәйексөз үшін:** Қожа М.Б., Жетібаев К.М., Муминова З.П. Ортағасырлық Сығанақ қаласындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастардың кейбір аспектілері // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 2. С. 407-421. (Қаз.) DOI: 10.51943/1814-6961\_2023\_26\_2\_407-421

## НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ В ПОЗДНЕСРЕДНЕВЕКОВОМ СЫГНАКЕ


*Мухтар Бакадырович Қожа*<sup>1</sup>, *Копжасар Мустафаевич Жетібаев*<sup>2</sup>, *Зульфия Полатовна Муминова*<sup>3</sup>

<sup>1, 2, 3</sup>Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясави (д. №26, проспект Б.Саттарханов, 161200 Туркестан, Казахстан)


доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник

 <https://orcid.org/0000-0003-1042-5697>. E-mail: [mukhtar.kozha@ayu.edu.kz](mailto:mukhtar.kozha@ayu.edu.kz)

<sup>2</sup>кандидат исторических наук, профессор, директор

 <https://orcid.org/0000-0002-1241-3676>. E-mail: [kopzhasar.zhetibayev@ayu.edu.kz](mailto:kopzhasar.zhetibayev@ayu.edu.kz)

<sup>3</sup>научный сотрудник

 <https://orcid.org/0000-0003-1848-5272>. E-mail: [zulfiya.muminova@ayu.edu.kz](mailto:zulfiya.muminova@ayu.edu.kz)

**Аннотация.** *Введение.* В статье рассматриваются вопросы социально-экономических отношений в позднесредневековом городе Сыгнаке (городище Сунақ ата), который являлся одним из городов Казахского ханства. В качестве одного из исторических источников используются материалы археологических раскопок 2021-2022 гг., свидетельствующий о последних этапах развития г. Сыгнака и данные письменных источников и грамоты Сыгнака.



В статье излагается и история изучения г. Сыгнака. Отдельно рассматривается история обнаружения и исследования уникального комплекса письменных документов известных как Сыгнакские грамоты. *Цель и задачи исследования* – Вводится в научный оборот в качестве новых источников направленные жителям г. Сыгнак грамоты ханов Есенкелды и Таваккул Мухаммада (Тауке), переводы которых на казахский язык выполнен одним из авторов статьи. На основе старых и новых грамот Сыгнака, и ивлечений из других письменных источников анализируются сведения о социальном устройстве и земельных отношениях в указанном городе поры средневековья. Рассматриваются формы собственности в городах, социальный состав городского населения. *Результаты.* На основе упоминаний в грамотах и других источниках составляется список представителей высшего мусульманского духовенства, чины военно-феодалной знати, гражданской администрации г. Сыгнака, составляется список налогов, для понимания которых наряду с данными исследований востоковедов используются и традиционные термины из казахского языка. Для интерпретации размера земельного участка привлекаются данные исследований по этнографии местного населения Южного Казахстана. *Выводы.* Уточняются упоминаемые в грамотах Сыгнака микротопонимы. Тщательный источниковедческий анализ позволит извлечь из средневековых источников ряд ценных сведений о социальном устройстве и земельных отношениях средневекового периода.

**Ключевые слова:** Казахского ханство, средние века, город Сыгнак, городище Сунак ата, Сыгнакские грамоты, Тауке-хан.

**Благодарность.** Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Комплексное археологическое исследование объекта историко-культурного наследия - средневековое городище Сыгнак» (регистрационный номер: BR10965310).


**Для цитирования:** Кожа М.Б., Жетибаев К.М., Муминова З.П. Некоторые аспекты социально-экономических отношений в позднесредневековом Сыгнаке // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 2. С. 407-421. (Каз.) DOI: 10.51943/1814-6961\_2023\_26\_2\_407-421

## SOME ASPECTS OF SOCIO-ECONOMIC RELATIONS IN THE LATE MEDIEVAL SYGNAK


Mukhtar B. Kozha<sup>1</sup>, Kopzhasar M. Zhetibayev<sup>2</sup>, Zulfiya P. Muminova<sup>3</sup>

<sup>1, 2, 3</sup>Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (№26 B.Sattarhanov St., Turkestan 161200, Republic of Kazakhstan)


Dr. Sciences (History), Chief Researcher

 <https://orcid.org/0000-0003-1042-5697>. E-mail: mukhtar.kozha@ayu.edu.kz

<sup>2</sup>Dr. Sciences (History), Professor, Director

 <https://orcid.org/0000-0002-1241-3676>. E-mail: kopzhasar.zhetibayev@ayu.edu.kz

<sup>3</sup>Researcher

 <https://orcid.org/0000-0003-1848-5272>. E-mail: zulfiya.muminova@ayu.edu.kz

**Annotation. Introduction.** The article deals with the issues of socio-economic relations in the late medieval city of Sygnak (the settlement of Sunak ata), which was one of the cities of the Kazakh Khanate. As one of the historical sources, materials from archaeological excavations of 2021-2022 are used, indicating the last stages of development of the city of Sygnak and data from written sources and letters from Sygnak. The article also describes the history of the study of the city of Sygnak. Separately, the history of the discovery and study of a unique set of written documents known as the Sygnak letters is considered. *Goals.* The letters of khans Esenkeldy and Tavakkul Muhammad (Tauke) sent to the inhabitants of Sygnak city are introduced into scientific circulation as new sources, the translations of which into Kazakh were made by one of the authors of the article. On the basis of old and new letters of Sygnak, and extracts from other written sources, information about the social structure and land relations in the specified city of the Middle Ages is analyzed. The forms of ownership in cities, the social composition of the urban population are considered. *Results.* On the basis of references in charters and other sources, a list of representatives of the highest Muslim clergy, the ranks of the military-feudal nobility, the civil administration of the city of Sygnak is compiled,





a list of taxes is compiled, for the understanding of which, along with the data of Oriental studies, traditional terms from the Kazakh language are used. To interpret the size of the land plot, data from studies on the ethnography of the local population of South Kazakhstan are involved. *Conclusions.* The microtoponyms mentioned in Sygnak's charters are specified. A thorough source study analysis will make it possible to extract from medieval sources a number of valuable information about the social structure and land relations of the medieval period.

**Key words:** Kazakh Khanate, Middle Ages, Sygnak city, Sunak ata ancient settlement, Sygnak letters, Tauke Khan.

**Acknowledgements.** The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «Comprehensive archaeological research of the object of historical and cultural heritage, the medieval settlement of Syganak» (Registration number BR10965310).

**For citation:** Kozha M.B, Zhetibayev K.M., Muminova Z.P. Some aspects of socio-economic relations in the late medieval Sygnak // *Otan tarikhы*. 2023. Т. 26. № 2. С. 407-421. (Қаз.) DOI: 10.51943/1814-6961\_2023\_26\_2\_407-421.

**Кіріспе.** Алтын Орда, Ақ Орда мен Қазақ хандығы кезеңдерінде Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы белгілі шаһарларының бірі болған Сығанақ қаласының орны Қазақстан Республикасының Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы аумағындағы Сунақата ауылынынан 1,5 км батыста, Түркістан-Қызылорда тас жолының оң жағында орналасқан Сунақата қалашығымен баламаланады.

Қазақ хандығы тарихында қалалар мен қалашықтар маңызды рөл атқарды. Олар қазақ мемлекетінің инфрақұрылымдық негізі болып саналды. XVI ғ. соңына қарай қазақ хандары Түркістанның барлық қалаларын және Ташкент шаһарын иеленді. XVII ғ. орыс деректерінде Оңтүстік Қазақстан аумағындағы қалаларды қазақ қалалары деген атаулармен көрсетіледі. Сырдарияның орта ағысындағы қалалардың бір бірімен тығыз байланысты болғаны, материалдық мәдениет ескерткіштерінде ортақтық белгілер, әлеуметтік-экономикалық қатынастарда ұқсас болды деуге негіз бар.

Кеңестік кезеңде кең көлемді қазба жұмыстар тек Отырарда ғана жүргізілді. Атақты қазақ археологы К. Ақышев Сығанақты Отырар қалашығынан кейінгі зерттелуі қажет номер екінші шаһар деп белгілеген екен. Сығанақ Қазақ хандығы құрамында болған алғашқы қалалардың бірі ретінде қазақ мемлекеті тарихын тануда маңызы зор археологиялық нысан болып табылады.

Алайда Алтын Орда мен Ақ Орданың астаналық дәрежесінде болған Сығанақ қаласында тұрақты археологиялық қазба жұмыстары тек Қазақстан тәуелсіздік алған соң ғана жүргізіле бастады. Қазақ хандығы және оның алдындағы мемлекеттер тарихында маңызды саяси, қолөнер және сауда орталығы болған Сығанақтың басқару жүйесі, әлеуметтік-экономикалық мәселелері терең зерттеуді қажет етеді. Кейінгі ортағасыр кезеңіне жататын жазба деректердегі ақпарлар мен археологиялық табылымдар негізінде Сығанақ қаласының тарихын зерттеу арқылы Қазақ хандығына қарасты Түркістан атты тарихи аймақтағы басқа да қалалардың аз зерттелген өзекті сұрақтарға толы тақырыптарды қарастырып реконструкциялауға мүмкіншілік береді.

**Материалдар мен әдістер.** Оңтүстік Қазақстан аумағындағы Қазақ хандығының қалалық орталықтары туралы құнды мәліметтер сырттан келіп кеткен саяхатшылар, тарихшылар жазған парсы, араб және түркі тілді деректерде кездеседі. Осы деректермен қатар сан жағынан аз сақталған жергілікті түпдеректердің орны бөлек. Сығанақ қаласына байланысты жазба құжаттар қоры тарихи дерек ретінде әлі толығымен пайдаланды деп айта алмаймыз. Солардың қатарында Сығанақ жарлықтары деп аталатын деректер тобы аса маңызды түпдерек болып табылады.

Сығанақ жарлықтарын алғаш рет шығыстанушы В.В. Бартольд 1902 ж. Ташкенттегі Сырдариялық облыстық басқармадағы № 197 папка ішінде кезіктіріп олардың араб графикасындағы мәтіндерін көшіріп 1904 ж. «Түркістанға барған есебім» деген көлемді еңбегінде жариялап ғылыми айналымға енгізді. В.В. Бартольд алғаш танысқан маман ретінде Сығанақ жарлықтарына қатысты ой-пікірін, кейбір тұжырымдарын ортаға салды. Шығыстанушының пікірінше ең көне - 1400-1401 ж. деп белгіленген Сығанақ жарлығы




шындығында XVI ғ. екінші жартысына жатады. Ғалым бірінші болып Сығанақ жарлықтарында кездесетін ұғымдарға, жер атауларына түсініктемелер береді (Бартольд, 1973: 199-203).

Үшінші Сығанақ жарлығын парсы тілінен орысшаға аударып зерттеуші П.П. Иванов жария етті. Осымен қоса шығыстанушы Сығанақ қаласына қолөнермен қатар егіншілік дамығанын, әскери және әкімшілік билікпен қатар дін иелерінің аса ықпалды болғанын, қазақтар мен қарақалпақтар отырықшылыққа көшіп жатқанын жазған (Иванов, 1935: 34-35).

Шығыстанушы В.П. Юдин, В.В. Бартольдтың жария еткен «Сығанақ жарлықтары» деп аталатын төрт құжатты орыс тіліне аударып, тәпсірлеп және алғысөз жазып «Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских источников)» атты еңбекте жариялады (Материалы, 1969: 313-327). Уақытында жария етілмеген В.П. Юдиннің кіріспе сөзінде Қазақ хандығы дәуірі кезіндегі жарлықтардың (олардың ішінде Сығанақ жарлықтарының) тарихи дерек ретінде маңыздылығын, оларды зерттеу қажеттілігі атап өтеледі (Юдин, 2001: 24). Сығанақ жарлықтарына жазылған кіріспе сөз шығыстанушылар М.Х. Абусеитова мен Ю.Г. Баранованың кітабында қайталанатын (Абусеитова, Баранова, 2001: 132-137). В.В. Бартольд тапқан төрт жарлық және В.П. Юдин жазған кіріспе сөзі 2006 ж. «Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері» атты жинақтың бесінші томында және «Қазақстанның орта ғасыр тарихы хрестоматиясы (VI-XIX ғғ.)» Д.Е. Медерова аудармасында қазақ тілінде басылды (Әбусейітова, 2006: 128-139; Әбусейітова, 2020: 148-157).

XX ғ. соңғы ширегінде аталған төрт құжаттан басқа Сығанаққа қатысты Қызылорда облысындағы Жаңақорған елді мекенінде басқа да байырғы жазба материалдар тобы бары анықталды. 1976 ж. 31 тамызында фольклортанушы М.К. Байділдаев Жаңақорған елді мекенінің байырғы тұрғындарының бірінен XVII-XIX ғғ. жататын отыз құжат (инвен. № 3799-3828) алып Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтына тапсырған екен (Ерофеева, 2014: 82). Институт ғалымдары зерттеу барысында Жаңақорғандық құжаттар арасында Тәуке хан (Таваккул Мухаммед) пен Есенкелді (Ишанкелді) ханның Сығанаққа жіберген жарлықтары барын анықтады. Құжаттарды зерттеу жұмыстарына кіріспес бұрын оларды фотосуреттерге түсірді. Жаңа табылған Сығанақ жарлықтарының фотолары 1979 ж. басылып шыққан «История Казахской ССР» атты бес томдық басылымның 2 томына жарияланды (Нусупбеков, 1979: 285, 327). Бір қызығы шығыстанушы В.Н. Настич (Настич, 2020: 987) және тарихшы Е.И. Ерофеева кейін осы құжаттарды сұрастырса да Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты қорынан таба алмағанын, олар қазір қай жерде екені белгісіз екенін айтып өз зерттеулерінде айтып кетеді. Е.И. Ерофеева Тәуке хан жарлығының фотосуретін шығыстанушы Т. Бисембиевке көрсетіп аудартып және оның жасаған орысша нұсқасын қазақ хандарының хаттар жинағына жария етті (Ерофеева, 2014: 82). 1992 ж. Есенкелді (Ишанкелді) ханның Сығанаққа жіберген жарлығының фотокошірмесі және Сығанақ қаласына қатысты Жаңақорған аумағында сақталған кейбір қолжазбалар туралы ақпарлар Ж.Е. Ержановтың кітабында жарық көрді (Ержанов, 1992: 185). З.К. Картова мен Б.Е. Көмековтың Сығанақ жарлықтарының деректанулық талдау жасалған мақаласы жарық көрді. Онда 4 Сығанақ жарлығы тархан-қызметтік, сойырғалдық, вакуфтық деп анықтамалар беріледі (Картова, Көмеков, 2021: 81-92).

Бүгінгі мақалада Есенкелді жарлығы және Тәуке хан жарлығы фотолары негізінде мәтіндер алғаш рет қазақшаға аударылып ғылыми айналымға енгізіліп отыр (1-сурет). Осы арада Есенкелді жарлығының мәтіні бұрын соңды ешбір тілге аударылмағанын атап өту керек. Осы арада Есенкелді хан жарлығының фотокошірмесін бізге табыстаған белгілі шығыстанушы В.Н. Настичке ризашылығымызды білдіреміз. Жарлықтардың араб графикасымен жазылған түркі мәтіндерді осы мақала авторларының бірі З. Муминованың аударуымен ұсынып отырмыз. Аталған құжаттармен қатар Сығанақ қалашығындағы археологиялық қазба негізінде алынған материалдар және Сығанақ пен Түркістан аймағындағы басқа ортағасырлық қалаларға қатысты тарихи деректердегі ақпарлар, шығыстанушы, тарихшылардың, археологтардың зерттеу нәтижелері бір бірімен салыстырылып, сәйкестендіріп талданған пәнаралық әдіс қолданылады.



1-сурет – Есенкелді (Ишанкелді) ханның Сығанаққа жіберген жарлығы.  
Шығыстанушы В.Н. Настич жіберген фотосурет.  
[Fig. 1. The decree sent by Esenkeldy (Ishankeldy) khan to Syganak.  
Photo sent by orientalist V.N. Nastic]

**Талқылау.** Сығанақ қаласының қалдықтарын зерттеу жұмыстары XIX ғ. екінші жартысында бастау алады. Ресей әдебиетінде алғаш рет Сығанақ атты тарихи орындағы қирандыларды атап кеткен Ресей Бас штаб офицері, топограф Л. Мейер болды. Ол 1862 ж. басылған «Обзор западной оконечности Каратауских гор и несколько слов о взятии коканской крепости Яны-Курган» атты мақаласында: «Бекіністердің ішінде ең көріктісі Жөлек пен Жаңа-Қорған арасындағы жолдың ортасындағы Сулақ-Қорған» - «Из крепостей, самая замечательная Сулак-Курган, на половине дороги между Джулеком и Яны-Курганом. Ее почти можно назвать небольшим городком: столько около нея разрушенных зданий из жженного кирпича» деп көрсетеді (Мейер, 1862: 269). Бұл ақпарда Сұнаққорғанды шатастырып не баспада теру барысында Сулак-Курган деп басып жіберген. XXI ғасырда жүргізілген Сығанақ қалашығы орнындағы зерттеулер барысында оның айналасында расында да күйдірген кірпіштен салынған көптеген кесенелер орындары ашылды.

Шығыстанушы А. Лерх 1867 ж. Сырдария бойындағы қалалардың қалдықтарын аралап көріп жарияланған есебінде оларды жазба деректерде аталатын ортағасырлық шаһарлармен сәйкестендірді. Алайда ғалым Сығанақ қаласының орнын көріп ортағасырлық қала үйінділерінде болғанына қарамастан тарихи орынның сипаттайтын жазбалар қалдырмады. Алайда зерттеуші бірінші болып ортағасырлық Сығанақ қаласын Сунаққорғанмен баламалады, қала орнын халқы қашан тастап кеткені жөнінде нақты ақпар қалдырды (Лерх, 1870: 11). 1867 ж. зерттеуші А.И. Макшеев Сығанақ қаласының орнын іздеп оның нақты Сунақпен сай келетінін және осы аймақта қала атына байланысты сунақ руы барын жазды (Макшеев, 1879: 29-30). 1884 ж. Қазалыдан Ташкентке дейін археологиялық, тарихи нысандарды аралаған В.В. Веселовский Сығанақ үйінділерін, онда сақталған сәулет өнері ескерткіштерін ғалымдардың ішінде алғаш рет сипаттап жазды (Kozha, Nurzhanov, Krupko, 2021: 900-901). 1899 ж. Қызылорда облысы аймағындағы біртоп көне қалалар орнындарын іздеп саяхаттаған В.А. Каллаур Сығанақтың сақталып қалған құрылыстарын, Көккесене ескерткішін сипаттап қаланың бекініс орнының қадаммен өлшеу негізіндегі жоспардың сызбасын жасап жария етті (Каллаур, 2011: 204-208). 1907 ж. екі күн бойы Сығанақты аралаған француз ғалымы И.А. Кастанье өзінің 1910 ж. жарық көрген қазақ даласындағы ескерткіштерге арнаған кітабына көне шаһар жәдігерлері туралы жаңа ақпарлар қосты (Кастанье, 2007: 281-287).



1929 ж. Сығанақ қаласына арналған алғаш рет жеке зерттеу басылды. «Сығанақ құландылары» деп аталатын мақала авторы А.Ю. Якубовский алдымен көне қала тарихын жазба ақпарлар, В.В. Бартольд тапқан Сығанақ жарлықтары негізінде хронологиялық тұрғыдан баяндап өтті және өзінің 1927 ж. екі күннен аса уақыт болып аралаған қала орнын, байырғы ғимараттар қалдықтарын жаңаша сипаттап оларға қатысты 19 фотосурет жария етті (Якубовский, 1929: 123-159). 1947 ж. Ленинградтық ғалым А.Н. Бернштам басқарған Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы Сығанаққа барып барлау жұмыстарын жүргізді. Бұрынғы В.А. Каллаур жасаған қала орнының сызбасы қадам өлшемдері негізінде жасалғанын және ол үйіндінің шынайы өлшемдеріне сай келмейтінін ескере отырып арнайы құралдармен түсірілген жоспарын жариялады (Бернштам, 1949: 86-87; Агеева, Пацевич, 1958: 97). Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы мүшелері Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич ортағасырлық қалаларға арналған монографиялық еңбегінде Сығанақ қалашығы қалдықтарының археологиялық сипаттамасын жазып ғылыми айналымға енгізді (Агеева, Пацевич, 1958: 96-97). Сығанақ қалашығы суреттемесі «Археологическая карта Казахстана» атты энциклопедиялық реестр картаға енгізілді (Агеева, Акишев, Кушаев, Максимова, Сенигова, 1960: 228). Деректанушы К.А. Пищулина шығыс жылнама-жазбалардағы мәліметтер негізінде және сол кездегі Сығанақ туралы археологиялық әдебиеттердегі ақпараттарды пайдалана отырып Сырдария бойындағы ортағасырлық қалалардың, олардың ішінде Сығанақтың Қазақ хандықтарының тарихындағы орнын көрсетті. Зерттеуші Сығанақ жарлықтарын және басқа да шығыстық құжаттардағы ақпараттарды талдай отырып Түркістан атты тарихи аймақтағы қалалардағы әлеуметтік-экономикалық қатнастарды сипаттаған алғашқы мамандардың бірі болды (Пищулина, 1969: 13-17). Монография іспетті көлемді мақаласында және басқа да зерттеулерінде ғалым Түркістан аумағындағы қалаларға қатысты жазба деректер мен зерттеулерді, шаһарлардағы шарушылық пен қолөнер жағдайы, Қазақ хандықтары үшін Түркістан қалаларының экономикалық және әскери-саяси маңызы мәселелерін әңгіме етті (Пищулина, 2016: 143-162).

К. Ақышев басшылық еткен Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы Сығанақ және оның аймағындағы ескерткіштерде барлау жұмыстарын жүргізді. Осының нәтижесінде Жаңақорған елді мекені айналасында орналасқан бірнеше жаңа қалашықтар ашылып алғаш рет Сығанақ қалашығынан табылған керамика үлгілері мерзімделіп сызбалары жарияланды (Акишев и др, 1969: 5-42). Сығанақ қалашығы бетінен табылған керамика үлгілеріне қарап қызылтангобты сырлы керамика тараған шаһарлар қатарына жатқызылды (Ерзакович, 1970: 60-68). Отырар алқабындағы жәдігерлерге арналған монографияда Сығанақ шаһарының орнын археологиялық тұрғыдан зерттеу қажет екенін көрсетіп Отырар зерттеуді қажет ететін бірінші нысан болса, екінші нысан ретінде Сығанақ боуы тиіс деген пікір айтылды (Акишев и др, 1970: 207).

Сығанақтың ортағасырлық ирригациялық жүйесін XX ғ. екінші жартысында арнайы Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының В.А. Грошев бастаған ирригациялық тобы барып арнайы далалық археологиялық қазба жұмыстармен қоса аэрофотолар пайдаланып зерттеп XIII–XV ғ. Сығанақтағы суғармалы егіншілік және ирригациялық жүйесі туралы жаңа ақпарат алды (Грошев, 1996: 154-158).

Қазақстан тәуелсіздік алған соң атақты қала тарихына қызығушылық күшейе түсті. Сығанақ қаласына қатысты жарияланған зерттеулердегі ақпараттармен қатар ел арасында сақталған шежірелік мәліметтерді жинаған әуесқой тарихшы Ж.Е. Ержанов «Сунақтардың этногенезі және Сунақ қаласының тарихы» және «Сунақтар және Сунақ қаласы» атты екі кітап басып шығарды (Ержанов, 1992: 185; Ержанов, 1996: 216).

2003 ж. проф. С. Жолдасбаев басқарған Халықаралық қазақ-түрік университетінің археологиялық экспедициясы Сығанақ үйінділерінде алғаш рет тұрақты археологиялық қазба жұмыстарды қолға алды. Қазба нәтижелері ондаған мақала мен екі кітап болып басылып жарияланды (Жолдасбаев, 2010; Жолдасбаев және басқалар, 2016). Проф. М. Елеуов Сығанақ қалашығының географиялық координаттарын анықтады (Елеуов, Байпақов, 2011: 226). Зерттеу барысында археологиялық қазба барысында табылған материалдарды ортағасырлық деректердегі мәліметтермен ұштастыратын тарихтағы пәнаралық тәсілдер пайдаланылмақ.

**Зерттеу нәтижелері.** XVI ғ. бірінші онжылдықта Сығанақ шаһарында болған Фазлаллах ибн Рузбихан Дешті-Қыпшақ аумағындағы Еділ өзеніне дейінгі аймақтардың және



Мауараннахр, Түркістан және Қашғарға дейінгі саудагерлер өз таурларын Сығанақ қаласына апарып сауда жасайтынын, Сығанақ қаласын сипаттай отырып «базары бар қала» деп атап өткен болатын (Из «Михман-нама-йи», 2007: 171-173). Сығанақта жүргізілген археологиялық қазбалар барысында қытай фарфоры мен кашиндік ыдыстар сынықтары (Жолдасбаев, 2010; Жолдасбаев және басқалар, 2016: 130) табылуы қаланың халықаралық сауда байланыстарын нақтылап берді. Қытайдың керамикалық заттары өте қымбат болған. Кашиндық керамика да сырттан келген бағалы заттар қатарына жатқан. Мұндай бағалы заттарды тек элита өкілдері пайдаланған. Осы артефактілер Сығанақ тұрғындары XIV ғ. мен XVI ғ. арасында әлеуметтік тұрғыдан жіктелгенін, араларында аса бай топтар болғанын көрсетеді. Осы тұрғыдан қарағанда қала орталығында 2021 ж. жүргізілген қазба барысында Сығанақтың XVIII ғ. аяғы мен XIX ғ. басына жататын қабаттарда сырт жақтан келген керамика үлгілері кездеспеуі қала дамуында құлдырау кезеңді басынан кешіріп жатқанын байқатады.

XVI ғ. бірінші онжылдықта Сығанақ шаһарында болған Фазлаллах ибн Рузбихан «қалалық билік өкілдері бар, мешіті, базары бар қала» (Из «Михман-нама-йи», 2007: 173) деп қысқа ғана атап өткен. «Қалалық билік өкілдеріне» кімдер кіреді, Сығанақ қалай басқарылады деген сұрақтарға жауап іздеп сол дәуірдегі жазбаларға назар салайық.

«Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» шығармасы бойынша Бұрындық ханға Сығанақтың біртоп адамдары өткізгені айтылады. Олар – Садр Ислам-Кази, Чикмак-йузбеги, Сиддик-шайх (Материалы, 1969: 28-29). Камал әддин Бинаи хабарлауынша «ақырында Қазі Садр әл-ислам, Чақмақ жүзбегі мен Сыддық шайх секілді адамдар – осы жетекші топ – Сығанақ тұрғындарын жинап «Бұрын бұл уәлаят Бұрындық ханға қарайтын. Біздің осы уәлаятты Бұрындық ханға бергеніміз жөн, келеңсіздікті болдырмайық» - деді (Әбусейітова, 2006: 89).

Осыған қарағанда «қалалық билік өкілдері» қатарына осы аталған кісілер кірген. Алғашқы мен соңғы кісілер есімдеріне қосылған лауазымдарына қарағанда дін иелері екені байқалады. Осылардың арасында Чақмақ жүзбегі аты шен иесі ерекшеленіп тұр. Жазба деректе Әмір Темір Сайрамды, Аспараны, Жаңа Таласты қалпына келтіру бұйрық бере отырып осы қалаларға жүзбегілерді тағайындағаны айтылады (Волин, 1960: 91-92). Осыған қарап жүзбегі әкім іспетті қызмет атқарған. Сығанақтағы жүзбегіні, басқа да кеңес мүшелерін кім тағайындады деген сұрақ туындайды.

Сығанақ қаласы XV ғ. көшпелі өзбек мемлекетінің ханы Әбілқайыр басып алмай тұрып темірліктер мемлекеті құрамында болған. «Тарих-и Абу-л-хайр-хани» шығармасы бойынша 1446 ж. Әбілқайыр хан Сығанақ шаһарын басып алу мақсатымен үлкен әскермен келгенде қала басқарушысы шаһарды ханға еш қарсылықсыз тапсыра салған (Материалы, 1969: 159). Деректе қала басшысының қызметі хакім деп аталыпты, бірақ осы шен иесінің аты жазылмаған. Бұл араб сөзі басқарушы, билеуші, басшы, әкім дегенге сай келеді (Бекмұхаметов, 1977: 33-34). Жалпы Сырдарияның орта ағысы темірліктерге қараған кезінде Түркістан атты тарихи аймақтың хакім болып Құл-Мұхаммед-тархан еді (Пищулина, 2016: 76). «Тарих-и Абу-л-хайр-хани» шығармасы бойынша Самарқан қаласының басқарушысы да хакім деп аталыпты (Материалы, 1969: 160). Осыған қарап хакім сөзі жоғары биліктің аймақ, қала басқаруға қойған өкілі десе болады.

Сығанақ қаласын иеленген Әбілқайыр хан басқаруды (хакумат) Манедан-оғланға тапсырды (Пищулина, 2016: 32). Оғлан деген лауазымына қарағанда ол да Шыңғысханнан тараған ақ сүйекке жатады, бірақ таққа ие болмаған ұрпағы қатарынан болған (Материалы, 1969: 512). Әбілқайыр хан Созақ қаласын ағасының баласы Бахтийар сұлтанға иеленуге, Өзгент қаласын Түркістан аймағын басып алуға көмек берген маңғыт тайпасының басшысы Ваккас биге иеленуге береді. Яғни ең жоғары билік хан қолында және ол қалаларды басқаруды өзіне жақын туысқандарына, сенімді деген адамдарына тапсырып отырған. Басып алған аймақтар мен қалалар ханның жеке меншігіндегі иелік болып есептелгені байқалады. Сондықтан ол аймақтағы қалаларды үйлестіріп отырған.

Темірліктер билігінен кейін 1446 ж. бастап Сығанақ қаласын басқаруды Шыңғыс хан ұрпағына жататындар қолына тиді, қаланы алма кезек қазақ не өзбек хандары иеленген. Жазба деректердәі көрсетуінше олардың ішінде атақты Бұрындық, Шейбани хандарды атауға болады (Пищулина, 2016: 43-44). Олар Сығанақ қаласын басқаруды өз адамдарына тапсырды.

В.В. Бартольд тапқан тарихи құжаттар - жарлықтар бойынша 1543-1544 ж. Сығанақ шаһары Әбу-л-Ғазы Абд ар-Рахим хан баһадүр сұлтан, 1598 ж. Әбу-л-Ғазы Абдаллах хан,



1634 ж. Әбу-л-Ғазы Ұбайдалла хан қолында болған. Тарихи деректер бойынша Сығанақ билеушісі ретінде XVII ғ. аяғында Есім сұлтан (Николаас Витсен, 2006: 67), XVIII ғ. ортасында қазақ ханы Барақ, 1762–1798 жж. Сәмекеұлы II Есім (Ерофеева, 1997: 81) аталады.

Есенкелді жарлығы көшірмесін бізге шығыстанушы В.Н. Настичке табыстаған фотокөшірмесі негізінде Сығанақ қаласына билігі жүрген хандар қатарына Есенкелді (Ишанкелді) ханды қосуға негіз бар (1-сурет). Есенкелді ханның жарлығы мәтінін осы мақала авторларының бір З. Муминованың аудармасымен ұсынып отырмыз.

Хазрет Хан жарлығынан

Шужауддин Есенкелді сөзім.

Сығанақтың жүз бегі, он бегілері, барша ұлық кішік қожа, шерік райатларына (жер иеленушілеріне) анық және түсінікті болсын. Кім ұлы шайықтардың ұрпағы Шанды шайықты ата анасынан және көне замандардан құтты жарлықтарын жариялаған болса жарлықты байланыстырып жеткізгеннен бастап сілтеме жасалған кісіге жарлық бердік мал, тауар, масаи алынған қаржы-қаражат сұрамаңыз, алмаңыздар. Нышанды көргеннен кейін қылмыскер және күнаһар боласыздар. Аталмыш малды қайтара беріңіздер, тура қарай аласыздар деп мөр басылған нышан рабиул ахир айында жазылды. 995/1587 жыл.

Бұл жарлықты тархандық деуге негіз бар. Ол Шанды шайықты алым салықтан босатып отыр. Жарлық хронологиялық жағынан Әбу-л-Ғазы Абд ар-Рахим хан баһадүр сұлтан (1543-44 ж.) жарлығынан кейінгі екінші орныға ие болып тұр. В.В. Бартольд бірінші (1400-1401 ж.) құжатты XVI ғ. екінші жартысына жатқызады береді (Бартольд, 1973: 199-203).

Сығанақ қаласына билігі жүрген хандар қатарына 1979 ж. «История Казахской ССР» кітабында жарлығының фотокөшірмесі жарияланған (Нусупбеков, 1979: 285) Тәуке ханды (Таваккул Мухаммед) қосуға негіз бар. Тәуке хан жарлығы мәтінін осы мақала авторларының бір З. Муминованың аудармасымен ұсынып отырмыз:

Жоғары дәрежелі үкім.

Бүгінгі күнде (жуырда) шықты, сондай лайықты кең пейілдігімізден/кеңшілігімізден қасымыздағы пенденің Қазы баба туралы айта отырып оны көне дәстүр бойынша Сығанақтың қазы, нақып, ислам шайқы еттік. Жарлықты көргеннен соң жоғарыда келтірілген/аталмыш қазы, басшы, ислам шайқы етіп біліп көне дәстүрмен құрмет сый жасап, мирасын, некесін (әйелдерін) және жазбаларына бойсұнып/назар салып, оның бұйрығына мойынсұнып, әр ұлық, әр бір көрші-қолан, жетім-жесірлер қасынан табылып, қызметінде болсын.

Бұл құжат бізге жеткен санаулы қазақ хандарының жарлықтарының бірі. Хронологиялық жағынан аталған жарлықтан бұрын қазақ билеушілері кеңселерінен шыққан Тәукел Мухаммед пен Тұрсын Мұхаммед жарлықтарының көшірмелері белгілі (Муминов и др., 2017: 50-56).

Осы жарлық қазақстандық шығыстанушылардың Оңтүстік Қазақстандық жазба құжаттарды үш топқа бөлген жарлықтар жүйесіндегі «үлкен жарлық» (Кумеков и др., 1977: 71) қатарына жататыны күмән тұғызбаса керек. Аталған жарлықпен Қазы баба Сығанақтың қазы, нақып, ислам шайқы болып тағайындалып отыр. Сығанақтың алдыңғы төрт жарлығы да «үлкен жарлық» тобына жатады және олар белгілі тұлғаны қызметке тағайындауға арналған еді.

Сығанаққа қатысты тарихи құжаттарға қарағанда мемлекет басшысы, ең жоғары билік иесі ретінде хан қаланы басқаратын әкімді не шахар басшысын, қаланың беделді дін қызметкерлерін, басқа да қызмекерлерді тағайындаған. Халық арасында жоғары беделге ие дін иелеріне артықшылықтар беріп оларды өз билігін нығайтуға пайдаланған болса керек. Жеке тұлғалардан салық алу алмау, Сығанаққа қатысты жерлердің жоғары иесі болып табылып оларды жеке адамдарға бөліп беру-бермеу мәселелерін шешкен.

**Сығанақтағы шен иелері.** XVI ғ. Фазлаллах ибн Рузбихан Сығанақта «қалалық билік өкілдері ... бар қала» (Из «Михман-нама-йи», 2007: 173) дегенде шен иелерін айтса керек. Әбу-л-Ғазы Әмір Темір атынан 1400-1401 ж. берілген деп саналатын жалған жарлықта (Әбусейітова, 2006: 132) және парсы тіліндегі Әбу-л-Ғазы Абдаллах хан баһадүр сұлтан атынан 1598 ж. үшінші жарлықта мыңбегі аталады (Әбусейітова, 2006: 133). «Қазақ хандығы тарихы бойынша материалдар» жинағын құрастырушы шығыстанушылар пікірінше мыңбегі деп қол астында мың сарбаз немесе табысымен мың сарбазды асырай алатын осы шамалас шаруашылық иесі немесе мың шаруашылығы бар бек аталған (Әбусейітова, 2006: 52; Материалы, 1969: 494). Жоғарыда келтірілген 1587 ж. Есенкелді жарлығында мыңбегі аталмайды да, жүзбегі көрсетілген. Бұған Сығанақ қаласының халқы саны XVI ғ. бастап түрлі



соғыс зардаптары әсер етуінен азайып отырғанын көрсетсе керек. Сығанақ қаласы туралы XVI ғ. жазбагері Фазлаллах ибн Рузбихан байырғы заманда қала өте үлкен, көркейген еді, халық саны көп еді, ал қазір азайған деп көрсеткен (Из «Михман-нама-йи», 2007: 171-172). Жарлықтарда мыңбегілерден кейін жүзбегі аталады. Жүзбегі сөзі Әбу-л-Ғазы Әмір Темір хан баһадүр сұлтан атынан 1400-1401 ж. берілген жарлықта (Әбусейітова, 2006: 132), Әбу-л-Ғазы Абд ар-Рахим хан баһадүр сұлтан атынан 1543-1544 ж. жарлықта (Әбусейітова, 2006: 133), парсы тіліндегі Әбу-л-Ғазы Абдаллах хан баһадүр сұлтан атынан 1598 ж. жарлықта (Әбусейітова, 2006: 133-134) кездеседі, Әбу-л-Ғазы Ұбайдалла хан баһадүр сұлтан атынан 1634 ж. төртінші жарлықта (Әбусейітова, 2006: 134-135) кездеседі. «Қазақ хандығы тарихы бойынша материалдар» жинағын құрастырушы шығыстанушылар пікірінше жүзбегі деп өз қарамағында жүз сарбазы бар немесе жүз сарбазды асырауға жетерлік салық төлейтін шаруа қожалықтар немесе жүз шаруа қожалық иесі деп түсіндіріледі (Материалы, 1969: 498).

«Тауарих-и гузида-йи нұсрат-наме» шығармасында Сығанақтан шыққан Чақмақ-жүзбегін аталады. Ол XV ғ. 70-шы жж. шамасында Соғұнлұқ асуындағы (Созақ пен Сығанақ арасындағы жер) шайқаста Шайбани жағында ерлік көрсетіп соғысқандар қатарында аталады (Әбусейітова, 2006: 27). Осы ақпарға қарағанда жүзбегі жүз сарбазды асырауға жетерлік салық төлейтін шаруа қожалықтар немесе жүз шаруа қожалық иесі ғана емес, мұндай лауазым иесі жүз сарбаз басшысы дегенге сай келетін сияқты. «Тауарих-и гузида-йи нұсрат-наме» шығармасында Өгізтау қаласының басшысы ретінде Құсшы-жүзбегі аталады (Әбусейітова, 2006: 37, 94; Материалы, 1969: 31).

XV ғ. 90-шы жж. басында Чақмақ-жүзбегі Сығанақ басшыларының қатарында дін иесі Садр-и Ислам қазыдан соң екінші болып аталып қаланың қазақ ханы Бұрындыққа өтуіне ықпал еткен шенділер қатарында көрсетіледі (Әбусейітова, 2006: 34; Материалы, 1969: 22).

995/1587 ж. Есенкелді ханның жарлығында жүзбегіден кейін онбегі аталады. Онбегі басқа Сығанақтың алғашғы жария етілген төрт жарлықтарда кездеспейді.

Су жағын басқаратын шен иелері арбаб деп аталыпты. Түсіндірмелерде арықтардағы егін суды басқаратын, арықтардағы тазалу үшін қоғамдық жұмыстарды басқаратын, кейде жарлық беріліп салық жинау немесе қаланың су әуіттеріне су жинау тапсырмаларды орындау жұмыстарды басқаратын шен иесі (Материалы, 1969: 135). Бұл ұғым қазақ тіліндегі мұраб деп белгіленген қызметшіге жақын (Бекмұхамбетов, 1977: 121).

**Сығанақтағы дін иелері.** Камал әддин Бинаи шығармасында Сығанақ тағдырын XV ғ. 90-шы жж. басында шешкендер қатарында Қазы Садр әл-ислам және Сыддық шайх (Әбусейітова, 2006: 89) аталады. Қазы атты атақ-лауазым - мұсылмандық судья, билік айтушы, төреші дегенді білдіреді. Шарифаттық һұқық негізінде қазы азаматтық және қылмыстық істерді қарау үшін мұсылман елдерінің жоғары өкіметі арқылы тағайындалған (Мансұров, 2021: 113-114). Жоғарыда келтірілген Тәуке ханның жарлығында «Қазы баба туралы айта отырып отырып оны көне дәстүр бойынша Сығанақтың қазы, нақып, ислам шайқы еттік» деп тағайындағаны туралы жарлық бетінде көрсетіледі. Нақып (накиб) деп мұсылман діні саласында басшы, өкіл, ақсақал дегенді білдірді (Прозоров, 1991: 185-186). Ислам шайқы деп дін заңы мен шарифатқа түсінік берушілердің басшысы, «Ислам ақсақалы». Шейхул ислам атағы Ислам діні заңдарын жетік білетін, оның нормаларын сақтап, мұқият орындалуына жетекшілік ететін кісі (Мансұров, 2021: 50). Шайх атағы әдетте аса ірі дін иелері, сопы ағымдарының басшылары есімдеріне қосылып айтылған. Ислам шайқы сопы мен дін иелерінің ерекше құрметті атағы болып табылады (Пиотровский, 1983: 124-125).

**Алым салықтар қатарына** Әбу-л-Ғазы Әмір Темір хан (1400-1401 ж. берілген деп саналатын жалған) жарлықта (В.В. Бартольд бұл құжатты XVI ғ. екінші жартысына жатқызады) хараж-харажат, алық, салық, мердігерлік аталады (Әбусейітова, 2006: 132). Әбу-л-Ғазы Абд ар-Рахим хан баһадүр сұлтан атынан 1543-1544 ж. жарлықта да хараж-харажат, алық, салық аталады (Әбусейітова, 2006: 133). Әбу-л-Ғазы Ұбайдалла хан баһадүр сұлтан атынан 1634 ж. төртінші жарлықта «харж-харажат, мал-жихад, алық-салық, мердігер, қоналға, жамалға» аталады (Әбусейітова, 2006: 135). Жоғарыда келтірілген Есенкелді хан жарлығында «мал, тауар, масаи алынған қаржы-қаражат сұрамаңыз» делінеді. «Мал-жихад» деген салық В.В. Бартольдтың түсіндіруінше «дін үшін (қалмақпен) соғысқа қажетті қаражат». В.П. Юдиннің пікірінше бұл ұғым «малваджихат» деп оқылу тиіс және «жер салығын» білдіреді (Пищулина, 1997: 532). «Алық-салық» деген терминге жақын қазақ тілінде



«салынатын салық жынтығы» (Ысқақов, 1974: 243). Хараж – жер салығы, хараж-харажат деп кейбір жағдайда жалпы басқа да салықтарды айтқан екен. Мердикар деген салық қазіргі қазақ тіліндегі мердікерлік мағанада емес, сол кездегі ұғым бойынша күштеп, мәжбүрлеп оман-арық қазу, оларды тазалау, көпір, жол салу жұмыстарына тарту жұмыстары болып табылады (Пищулина, 2016: 72, 88). «Қоналға» деп жинақта берілген сөздің қазақшаға үлгісі бар. «Қоналқа» қазақ тілінің түсіндірме сөздігі бойынша «қонып шығатын жер, түнейтін орын» (Ысқақов, 1982: 318-319). Жарлықтар дін өкілдеріне тархандық атағына ие болуына орай алым-салықтың барлық түрінен босатылған. Тархандық деп жеке әскери, жай азаматтарға және дін адамдарына, жеке тұлғаға немесе оның ұрпақтарына берілетін атақ. Осы атаққа ие болушылар алым-салықтың барлық түрінен босатылған және хан алдына кез-келген уақытта кіре алатын болған (Әбусейітова, 2006: 56).

**Жер иелену түрлері.** Сығанаққа қатысты тарихи құжаттарға қарағанда мемлекет басшысы – хан мемлекеттегі барлық жерлердің иесі болып табылады. Сондықтан ол жарлықтарымен белгілі тұлғалардың жерлерге, арықтарға қожайын екенін көрсететін жарлықтар шығарылған. Сығанақ қаласындағы ирригациялық жүйе қала тіршілігі үшін аса маңызды болды. Қаладағы барлық тіршілік, іргесіндегі егіншілік те, қолөнер де суға байланысты болды. Жарлықтарда канал бойындағы жерлер аса бағалы, аса маңызды нысан екені байқалады. Үшінші жарлықта Тоқтамыс бұлағы, Хараш бұлағы, Келте Жалғия (Шалқия болса керек) арығы, Қызылтал арығы, Арыстанды арығы, Жолақ (Жөлек болса керек), Мыңбұлақ арығы – Сығанақ тұрғындарының мүлкі екені көрсетіледі. Ал Хисаршық бұлағы Хәзірет Аллама Әбу-л-Хасан Зийа әд-дин-шайх Сығнаки мазарының уақыфына жатады. Уақыф деп меншік иесі қандай бір діни немесе қайырымдылық мекемеге мұраға қалдырылған жылжымайтын немесе жылжымалы мүлік; оның кірісі осы мекеменің пайдасына түскен және оның қажеті мен қайырымдылық мақсаттарына жұмсалған. Төртінші жарлықта осы Хисаршық бұлағы уақыф екені айтылады. «Ұлы-кіші қожа серік райийатларға» деген сөз тіркестегі қожа термині жарлықтарға жасылған тәпсірлерде өз алдына шаруашылығы бар ұсақ жер меншік иелері деп түсіндіріледі (Әбусейітова, 2006: 135). Осыдан қазіргі қазақ тіліндегі қожалық пайда болса керек. Шығыстанушылардың түсіндірулерінде райийат - салық төлейтіндер қауымы (Пищулина, 2016: 161). «барлық ұлы-кіші қожа серік райийат» деп ең төменгі салық төлейтіндер, яғни ірі-ұсақ жер меншік иелері, шаруалар қауымы айтылып тұр. Осымен қатар П.П. Иванов та, К.А. Пищулина да жердің бір бөлігін қожалар – байырғы «араб жаулаушыларының ұрпағы не олардың қатарына жатқызатындар» ие болғанын жатқызады.

«Тепе» дәл ауданы белгісіз жер телімінің өлшемі делінеді шығыстанушылар зерттеулерінде (Әбусейітова, 2006: 136). Осы өлшемді нақтылай түсу үшін дәстүрлі егіншілік шарушылыққа қатысты қазақ ғалымдарының этнографиялық зерттеулеріне назар аудару керек. «Төбе» деген ұғымына Оңтүстік Қазақстан аймағында 1958 ж. этнографиялық зерттеу жүргізген Х. Арғынбаев, И.В. Захарова мынадай анықтама береді: Суармалы жерлердегі қазақ диқандары егіншілікке қолайлы жерді иемденіп, суды дұрыс пайдалану мақсатымен жеке-жеке қауымға бірігетін. Әр бір үлкен арықтан (оман) су алатын егіншілер қауымы 15-20 үйден құрылатын да «төбе» деп аталатын. Әр төбенің ішінде суару тәртібімен ескі арықтарды жөндеу, не болмаса жаңа арықтарды жүргізу ісіне басшылық етіп отыратын арық ақсақалдары болған (Арғынбаев, Захарова, 1961: 96). Яғни жарлықта аталатын тепе/төбе деп әр бір аталған арықтан 15-20 отбасы игеріп егін еге алатын, шаруашылығын жүргізе алатын жер көлемі айтылып отыр.

**Қорытынды.** Сығанақ тарихына қатысты жазба деректердегі және ғылыми айналымға енгізіліп отырған жарлық мәтіні бойынша ақпарлар мен соңғы кездегі археологиялық табылымдар негізінде Сығанақтың басқару жүйесі, әлеуметтік-экономикалық қатынастар мәселелерін қайта қарастыру мүмкіншілік туындап отыр. Сығанақ жарлықтары мен басқа жазба деректердегі ақпарлар XV ғ. ортасынан бастап қаладағы бас билік Шыңғыс хан ұрпағына жататын хандар қолында екенін көрсетті. Мемлекеттегі бас билеуші ретінде барлық жердің иесі, қожайыны болып саналды. Жазба деректерде Сығанақ қаланы басқару жүйесінде хан тағайындаған хәкім, мыңбегі, жүзбегі, онбегі, ирригация саласын басқаруда – арбаб атты шен иелері аталады. Хан не хәкім қалада болмаған жағдайда жоғары басшылық орган - беделді дін мен жоғары шен иелерінен туратын қала тұрғындарының кеңесі болған. Тұрғындардан алым салықтар жиналған. Олардың арасында жер салығы, оман-арық қазу, оларды тазалау, көпір,





жол салуға тарту жұмыстары да болған. Хан өз жарлығымен кейбір жеке тұлғаларға түрлі қызметтері үшін алым салықтардан босататын тархандық һұқық берген. Сығанақ айналасында ауқымды жер иелерімен қатар ұсақ жер меншік иелері де болған. Қазақ билеушілері мемлекет аумағындағы барлық жер иесі ретінде қалаларда толық қанды басқарып отырғаны жарлықтарда көрініс табады. Қазақ хандары шен иелеріне қаладағы сот қызметін атқаруды, мұрагерлік, некелік мәселелерді қарастыруды тапсырып отырған.

#### Әдебиет тізімі

Абусейтова, Баранова, 2001 — *Абусейтова М.Х., Баранова Ю.Г.* Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XIII- XVIII веков. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. С. 426.

Агеева, и др., 1960 — *Агеева Е.И., Акишев К.А., Кушаев Г.А., Максимова А.Г., Сенигова Т.Н.* Археологическая карта Казахстана. Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1960. С. 449.

Агеева, Пацевич, 1958 — *Агеева Е.И., Пацевич Г.И.* Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды ИИАЭ АН КазССР. Т.5. Алма-та: Наука, 1958. С. 215.

Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1969 — *Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б.* Новое в средневековой археологии Южного Казахстана // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1969. С. 5-42.

Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1970 — *Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б.* Древний Отрар. Алматы: Наука, 1970. С. 207.

Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1981 — *Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б.* Позднесредневековый Отрар. Алма-Ата: Наука, 1981. С. 343.

Аргынбаев, Захарова, 1961 — *Аргынбаев Х., Захарова И.В.* 1958 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында ұйымдастырған этнографиялық экспедиция жұмысының қорытындысы // Новые материалы по археологии и этнографии Казахстана. ТИИАЭ АН Каз ССР. Т.12. Алматы: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1961. 92-118 бб.

Әбусейітова, 2006 — *Әбусейітова М.Х.* Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. V т. Алматы: Дайк-Пресс, 2006. 440 б.

Әбусейітова, 2020 — *Әбусейітова М.Х.* Қазақстанның орта ғасыр тарихы хрестоматиясы (VI-XIX ғғ.). Алматы: Шығыс пен Батыс, 2020. 344 б.

Бартольд, 1973 — *Бартольд В.В.* Отчет о командировке в Туркестан // Соч.: в 9-ти томах. Москва: Наука, 1973. Т.8. С. 119-210.

Бекмұхаметов, 1977 — *Бекмұхаметов Е.Б.* Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері. Түсіндірме сөздік. Алматы: Қазақстан, 1977. 200 б.

Бернштам, 1949 — *Бернштам А.Н.* Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана // Известия Академий наук Казахской ССР. 1949. № 67. Серия археология. Вып. 2. С. 59-99.

Волин, 1960 — *Волин С.Л.* Сведения арабских источников IX-XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах // Труды института истории, археологии и этнографии. Т. VIII. Алма-Ата: Наука, 1960. С. 72-92.

Грошев, 1996 — *Грошев В.А.* Древняя ирригация юга Казахстана в связи с историей возникновения и развития орошаемого земледелия. Алматы: Ғылым, 1996. С. 259.

Елеуов, Байпаков, 2011 — *Елеуов М., Байпақов К.* Сығанақ қалашығы // Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы. Алматы: Аруна, 2011. 226 б.

Ержанов, 1996 — *Ержанов Ж.Е.* Сунақтар және Сунақ қаласы. Алматы: Ғылым. 1996. 216 б.

Ержанов, 1992 — *Ержанов Ж.Е.* Сунақтардың этногенезі және Сунақ қаласының тарихы. Алматы: Ғылым, 1992. 185 б.

Ерзакович, 1970 — *Ерзакович Л.Б.* О южноказахстанском компоненте в материальной культуре городов Золотой Орды // По следам древних культур Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1970. С. 60-68.

Ерофеева, 1997 — *Ерофеева И.В.* Казахские ханы и ханские династии в XVIII – середина XIX вв. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования. Материалы к летнему Университету по истории и культуре Центральной Азии и Казахстана (4-23 августа 1997 г.). Алматы: 1997. С. 46-143.

Ерофеева, 2014 — *Ерофеева И.В.* Эпистолярное наследие казахской правящей элиты. 1675-1780 гг. Сборник исторических документов в двух томах. Т.1. Алматы: АО «АБДИ Компани», 2014. С. 15-76.

Жолдасбаев, 2010 — *Жолдасбаев С.* Ортағасырлық Сығанақ қаласы (X-XVIII ғғ.). Түркістан: Тұран, 2010. 224 б.

Жолдасбаев, Жетібаев, Бахтыбаев, Мургабаев, 2016 — *Жолдасбаев С.Ж., Жетібаев К.М., Бахтыбаев М.М., Мургабаев С.С.* Сығанақ жәдігерлері. Түркістан: Тұран, 2016. 182 б.



Иванов, 1935 — *Иванов П.П.* Очерк истории каракалпаков // Материалы по истории каракалпаков. Труды института востоковедения АН СССР. Т. VIII. Москва-Ленинград: Издательство АН СССР, 1935. С. 9–89.

Из «Михман-нама-йи Бухара» — *Из «Михман-нама-йи Бухара»* // История Казахстана в персидских источниках. Т.5. Алматы: Дайк-Пресс, 2007. С. 113-215.

Каллаур, 2011 — *Каллаур В.* Древние города Саганак (Сунак), Ашнас или Эшнас (Асанас) и другие в Перовском уезде, разрушенные Чингис-ханом в 1219 году // Протоколы заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии. Историко-культурные памятники Казахстана. Туркестан: «Туран», 2011. С. 204-211.

Каргова, Көмеков, 2021 — *Картова З.К., Көмеков Б.Е.* Сығанақ грамоталарының деректанулық талдауы // Вестник КазНУ. Серия историческая. Т. 102. №3. 2021. С. 81-92

Кастанье — *Кастанье И.А.* Древности Киргизской степи и Оренбургского края. Алматы: Дайк-Пресс, 2007. С. 516.

Kozha, Nurzhanov, Krupko, 2021 — *Kozha M.B., Nurzhanov A.A., Krupko I.* The Contribution of Researchers of the Russian Empire to the Study of Antiquities in Kazakhstan: The Case of N.I. Veselovsky // *Bylye Gody*. 2021. Vol.16. Iss. 2. Pp. 898-907.

Кумсков, Настич, Шуховцов, 1977 — *Кумсков Б.Е., Настич В.Н., Шуховцов В.К.* Письменные документы из Южного Казахстана // Вестник АН КазССР. 1977, №8. С. 70-73.

Лерх, 1870 — *Лерх П. И.* Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 г. Санкт-Петербург: Имп. Акад. Наук, 1870. С. 39.

Макшеев, 1879 — *Макшеев А.И.* Географические сведения книги Большого чертежа о киргизских степях и Туркестанском крае. Санкт-Петербург: 1879. С. 41.

Мансұров, 2021 — *Мансұров Н.Б.* Ислам дініндегі атак-лауазымдар. Түркістан: «УЗО» баспасы, 2021. 170 б.

Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII вв. (извлечения из персидских и тюркских сочинений). Алматы: Наука, 1969. С. 651.

Мейер, 1862 — Мейер Л. Обзор западной оконечности Каратауских гор и несколько слов о взятии коканской крепости Яны-Курган // Военный сборник. Год пятый. Санкт-Петербург, 1862. С. 264-278.

Муминов и др., 2017 — *Муминов А.К., Кумсков Б.Е. Султонов У.А., Шуховцов В.К, Кенжетев Д.Т., Кабылова А.С., Утепбергенова У.А., Айбасов А.А.* Исторические документы мавзолея Ходжа Ахмеда Йасаи. Астана: Мастер, 2017. С. 216.

Настич, 2020 — *Настич В.Н.* Денежное хозяйство Южного Казахстана в XIX веке (по документам «Туркестанского архива») // *Ориенталистика*, М., 2020. Т.3, №4. С. 985–1007.

Николаас, 2006 — *Николаас Витсен.* Северная и Восточная Тартария // История Казахстана в западных источниках XII–XX вв. т.6. Алматы: Санат, 2006. С. 12-152.

Нусупбеков, 1979 — *Нусупбеков А.Н.* История Казахской ССР. С древнейших времен до наших дней. В 5-ти томах. Т.2. Алма-Ата: Наука, 1979. С. 424.

Пиотровский, 1983 — *Пиотровский М.П.* Шейх. Шейх аль-ислам // Ислам. Краткий справочник. Москва: Наука, 1983. С. 124-125.

Пищулина, 2016 — *Пищулина К. А.* Очерки истории казахского ханства. Алматы: Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, 2016. С. 350.

Пищулина, 1969 — *Пищулина К.А.* Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств в XV–XVII веках // Казахстан в XV–XVIII веках (Вопросы социально-политической истории). Алма-Ата: Наука, 1969. С. 5-49.

Пищулина, 1997 — *Пищулина К.А.* Формы собственности в городах и оазисах Южного Казахстана. Социальный состав городского населения в XV–XVII вв. // История Казахстана с древнейших времен до наших дней в пяти томах. Т.2. Алматы: Атамұра, 1997. С. 524-535.

Прозоров, 1991 — *Прозоров С.М.* Накиб // Ислам: Энциклопедический словарь. Москва: Наука, 1991. С. 185-186.

Бсқақов, 1974 — *Бсқақов А.Ы.* Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1 том. Алматы: Ғылым, 1974. 696 б.

Бсқақов, 1982 — *Бсқақов А.Ы.* Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 6 том. Алматы: Ғылым, 1982. 624 б.

Юдин, 2001 — *Юдин В.П.* Центральная Азия в XIV - XVIII веках глазами востоковеда. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. С. 384.

Якубовский, 1929 — *Якубовский А.Ю.* Развалины Сыгнака // Сообщения ГАИМК. Т.2. Ленинград: Издание Государственной Академии Истории Материальной Культуры, 1929. С.123-159.

#### References

Abuseitova, Baranova, 2001 — *Abuseitova M.H., Baranova Yu.G.* Pis'mennyye istochniki po istorii i kul'ture Kazahstana i Central'noy Azii v XIII- XVIII vekov [Written sources on the history and culture of Kazakhstan and Central Asia in the 13th-18th centuries]. Almaty: Dayk-Press, 2001. P. 426.



- Ageeva, et al., 1960 — *Ageeva E.I., Akishev K.A., Kushaev G.A., Maksimova A.G., Senigova T.N.* Arheologicheskaja karta Kazahstana [Archaeological map of Kazakhstan]. Alma-Ata: Izdatel'stvo Akademii nauk Kazahskoy SSR, 1960. P. 449. [In Rus]
- Ageeva, Pacevich, 1958 — *Ageeva E.I., Pacevich G.I.* Iz istorii osedlyh poseleniy i gorodov Yuzhnogo Kazahstana [From the history of settled settlements and cities of South Kazakhstan] // Proceedings of IIAE AN KazSSR. T.5. Alma-ta, 1958. P. 215. [In Rus]
- Akishev, Baypakov, Erzakovich, 1969 — *Akishev K.A., Baypakov K.M., Erzakovich L.B.* Novoe v srednevekovoy arheologii Yuzhnogo Kazahstana [New in medieval archeology of South Kazakhstan] // Culture of ancient pastoralists and farmers of Kazakhstan. Alma-Ata: Nauka, 1969. P. 5-42. [In Rus]
- Akishev, Baypakov, Erzakovich, 1970 — *Akishev K.A., Baypakov K.M., Erzakovich L.B.* Drevniy Otrar [Ancient Otrar]. Almaty, 1970. S. 207. [In Rus]
- Akishev, Baypakov, Erzakovich, 1981 — *Akishev K.A., Baypakov K.M., Erzakovich L.B.* Pozdnesrednekovyy Otrar [Late medieval Otrar]. Alma-Ata: Nauka, 1981. S. 343. [In Rus]
- Argynbaev, Zaharova, 1961 — *Argynbaev H., Zaharova I.V.* 1958 zhyly Ontustik Kazakstan oblysynda uzhyndastyrgan eetnografyalyk ekspediciya zhumysynyn korytyndysy [The results of the ethnographic expedition organized in South Kazakhstan region in 1958] // New material on archeology and ethnography of Kazakhstan. T.12. Almaty: Izdatel'stvo Akademii nauk Kazahskoy SSR, 1961. Pp. 92-118. (In Kaz.)
- Abuseitova, 2006 — *Abuseitova M.H.* Kazakstan tarihy turaly turki derektmeleri [Turkish data on the history of Kazakhstan]. V T. Almaty: Dayk-Press. 2006. P. 440. (In Kaz.)
- Abuseitova, 2020 — *Abuseitova M.H.* Kazakstannyn orta gasyr tarihy hrestomatiyas (VI-XIX gg.) [Anthology of the history of the Middle Ages of Kazakhstan (VI-XIX centuries)]. Almaty: Shygys pen Batys. 2020. P. 344. (In Kaz.)
- Bartold, 1973 — *Bartold V.V.* Otchet o komandirovke v Turkestan [Report on a business trip to Turkestan] // Works: in 9 volumes. Moscow: Nauka, 1973. T 8. Pp. 119-210. [In Russian]
- Bekmrhametov, 1977 — *Bekmrhametov E.B.* Kazak tilindegi arab-parsy sozderi [Arabic-Persian words in the Kazakh language. Explanatory dictionary]. Almaty: Kazakstan, 1977. P. 200. (In Kaz.)
- Bernshtam, 1949 — *Bernshtam A.N.* Problemy drevney istorii i etnogeneza Yuzhnogo Kazahstana [Problems of ancient history and ethnogenesis of South Kazakhstan] // Proceedings of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. 1949. № 67. Seriya arheologiya. Vip. 2. S. 59-99. [In Rus]
- Volin, 1960 — *Volin S.L.* Svedeniya arabskih istochnikov IX-XVI vv. o doline reki Talas i smezhnyh rayonah [Information from Arabic sources of the IX-XVI centuries. about the valley of the Talas River and adjacent areas] // Trudy instituta istorii, arheologii i etnografii. T. VIII. Alma-Ata, 1960. P. 72-92. [In Rus]
- Groshev, 1996 — *Groshev V.A.* Drevnyaya irrigaciya yuga Kazahstana v svyazi s istoriey vozniknoveniya i razvitiya orashaemogo zemledeliya [Information from Arabic sources of the IX-XVI centuries. about the valley of the Talas River and adjacent areas] // Proceedings of the Institute of History, Archeology and Ethnography. Alma-Ata: Nauka, 1996. P. 259. [In Rus]
- Eleuov, Baypakov, 2011 — *Eleuov M., Baypakov K.* Syganak kalashygy [Syganak town] // Collection of historical and cultural monuments of the Republic of Kazakhstan. Kyzylorda region. Almaty: Aruna, 2011. P. 226. (In Kaz.)
- Erzhanov, 1996 — *Erzhanov Zh.E.* Sunaktar zhane Sunak kalasy [Sunakt and the city of Sunak]. Almaty: Gylym, 1996. P. 216. (In Kaz.)
- Erzhanov, 1992 — *Erzhanov Zh.E.* Sunaktardyn etnogenezi zhane Sunak kalasynyn tarihy [Ethnogenesis of the Sunaks and the history of the city of Sunak]. Almaty, 1992. P. 185. (In Kaz.)
- Erzakovich, 1970 — *Erzakovich L.B.* O yuzhnokazahstanskom komponente v material'noy kul'ture gorodov Zolotoy Ordyy [On the South Kazakhstan component in the material culture of the cities of the Golden Horde] // In the footsteps of the ancient cultures of Kazakhstan. Alma-Ata: Nauka, 1970. P. 60-68. [In Rus]
- Erofeeva, 1997 — *Erofeeva I.V.* Kazahskie hany i hanskie dinastii v XVIII – seredina XIX vv. [Kazakh khans and khan dynasties in the 18th - the middle of the 19th centuries] // Culture and history of Central Asia and Kazakhstan: problems and prospects of research. Materials for the Summer University on the history and culture of Central Asia and Kazakhstan (August 4-23, 1997). Almaty, 1997. P. 46-143. [In Rus]
- Erofeeva, 2014 — *Erofeeva I.V.* Epistolyarnoe nasledie kazahskoy pravyyashhey elity. 1675-1780 gg. Sbornik istoricheskikh dokumentov v dveh tomah [Epistolary heritage of the Kazakh ruling elite]. 1675-1780 Collection of historical documents in two volumes. T.I. Almaty, 2014. P. 15-76. [In Rus]
- Zholdasbaev, 2010 — *Zholdasbaev S.* Ortogasyrlyk Syganak kalasy (X-XVIII ff.) [Medieval city of Syganak (X-XVIII centuries)]. Turkistan: Turan, 2010. P. 224. (In Kaz.)
- Zholdasbaev i dr., 2016 — *Zholdasbaev S.Zh., Zhetibaev K.M., Bahtybaev M.M., Murgabaev S.S.* Syganak zhadigerleri [Gypsy relics]. Turkistan: Turan, 2016. P. 182. (In Kaz.)
- Ivanov, 1935 — *Ivanov P.P.* Ocherk istorii karakalpakov [Essay on the history of the Karakalpaks] // Materials on the history of the Karakalpaks. Proceedings of the Institute of Oriental Studies of the Academy of Sciences of the USSR. T. VIII. Moscow-Leningrad: Izdatel'stvo AN SSSR. 1935. Pp. 9-89. [In Rus]
- From "Mikhman-nama-yi Bukhara" – Iz «Mihman-nama-yi Buhara» [From "Mikhman-nama-yi Bukhara"] // History of Kazakhstan in Persian sources. T.5. Almaty: Dayk-Press, 2007. Pp. 113-215. [In Rus]



- Kallaur, 2011 — *Kallaur V.* Drevnie goroda Saganak (Sunak), Ashnas ili Eshnas (Asanas) i drugie v Perovskom uezde, razrushennyye Chingis-hanom v 1219 godu [The ancient cities of Saganak (Sunak), Ashnas or Eshnas (Asanas) and others in the Perovsky district, destroyed by Genghis Khan in 1219] // Protocols of meetings and messages of members of the Turkestan circle of archeology lovers. Historical and cultural monuments of Kazakhstan. Turkestan: «Turan», 2011. Pp. 204-211. [In Rus]
- Kartova, Komekov, 2021 — *Kartova Z.K., Komekov B.E.* Syganak gramotalarynyn» derektanulyk taldauy [Data analysis of "Gypsy letters"] // Vestnik KazNU. The series is historical. T. 102. №3. 2021. Pp. 81-92. (In Kaz.)
- Kastane, 2007 — *Kastane I.A.* [The antiquity of the Kyrgyz steppe and the Orenburg region]. Almaty: Dayk-Press, 2007. P. 516. [In Rus]
- Kozha i dr., 2021 — *Kozha M.B., Nurzhanov A. A., Krupko I.* The Contribution of Researchers of the Russian Empire to the Study of Antiquities in Kazakhstan: the Case of N.I. Veselovsky // *Bylye Gody*. 2021. Vol.16. Iss. 2. Pp. 898-907. [In Rus]
- Kumekov i dr., 1977 — *Kumekov B.E., Nastich V.N., Shuhovcov V.K.* Pis'mennyye dokumenty iz Yuzhnogo Kazahstana [Written documents from South Kazakhstan] // Bulletin of the Academy of Sciences of KazSSR. 1977, №8. Pp. 70-73. [In Rus]
- Lerh, 1870 — *Lerh P.I.* Arheologicheskaya poezdka v Turkestanski kray v 1867 g [Archaeological trip to the Turkestan region in 1867]. Sankt-Peterburg: Imp. Akad. Nauk, 1870. P. 39. [In Rus]
- Maksheev, 1879 — *Maksheev A.I.* Geograficheskie svedeniya knigi Bol'shogo chertezha o kirgizskikh stepyakh i Turkestanskoy krae [Geographical information of the book of the Big Drawing about the Kyrgyz steppes and the Turkestan region]. Sankt-Peterburg: 1879. P. 41. [In Rus]
- Mansurov, 2021 — *Mansurov N.B.* Islam dinindegi atak-lauazymdar [Titles in Islam]. Turkistan: «UZO» baspasy, 2021. P. 170. (In Kaz.)
- Materialy po istorii kazahskikh hanstv XV–XVIII vv. [Materials on the history of the Kazakh khanates of the XV–XVIII centuries. (excerpts from Persian and Turkic writings) ]. Almaty: Nauka, 1969. P. 651. [In Rus]
- Mejer, 1862 — *Mejer L.* Obzor zapadnoy okonechnosti Karataukskih gor i neskol'ko slov o vzyatii kokanskoy kreposti Yany-Kurgan [An overview of the western tip of the Karatau Mountains and a few words about the capture of the Kokan fortress of Yany-Kurgan] // *Voennyi sbornik. God pyaty. Sankt-Peterburg*, 1862. S. 264-278.
- Muminov, et al. 2017 — *Muminov A.K., Kumekov B.E., Sultonov U.A., Shuhovcov V.K., Kenzhetaev D.T., Kabylova A.S., Utebergenova U.A., Aibasov A.A.* Istoricheskie dokumenty mavzoleya Hodzha Ahmeda Yasavi [Historical documents of the mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi]. Astana, 2017. P. 216. [In Rus]
- Nastich, 2020 — *Nastich V.N.* Denezhnoe hozyaistvo Yuzhnogo Kazahstana v XIX veke (po dokumentam «Turkestanskogo arhiva») [Monetary economy of South Kazakhstan in the 19th century (according to the documents of the "Turkestan archive")] // *Orientalistics*, 2020. T.3, №4. Pp. 985–1007. [In Rus]
- Nikolaas, 2006 — *Nikolaas Vitsen.* Severnaya i Vostochnaya Tartariya [Northern and Eastern Tartaria] // *Istoriya Kazahstana v zapadnykh istochnikakh XII–XX vv. t.6.* Almaty: Sanat, 2006. S. 12-152. [In Rus]
- Nusupbekov, 1979 — *Nusupbekov A.N.* Istoriya Kazahskoy SSR. S drevneyshih vremen do nashih dney [History of the Kazakh SSR. From ancient times to the present day]. V 5-ti tomah. T.2. Alma-Ata: Nauka, 1979. S. 424. [In Rus]
- Piotrovskii, 1983 — *Piotrovskii M.P.* Sheyh. Sheyh al'-islam [Sheikh. Sheikh al-Islam] // *Islam. Quick Reference.* Moscow: Nauka, 1983. S. 124-125. [In Rus]
- Pishhulina, 2016 — *Pishhulina K.A.* Ocherki istorii kazahskogo hanstva [Essays on the history of the Kazakh Khanate]. Almaty: Institut istorii i etnologii im. Ch.Ch. Valihanova, 2016. P. 350. [In Rus]
- Pishhulina, 1969 — *Pishhulina K.A.* Prisyrdar'inskie goroda i ih znachenie v istorii kazahskikh hanstv v XV–XVII vekah [Syrdarya cities and their significance in the history of the Kazakh khanates in the XV–XVII centuries] // *Kazakhstan in the XV–XVIII centuries (Issues of socio-political history).* Alma-Ata: Nauka, 1969. Pp. 5-49. [In Rus]
- Pishhulina, 1997 — *Pishhulina K.A.* Formy sobstvennosti v gorodakh i oazisah Yuzhnogo Kazahstana. Social'nyi sostav gorodskogo naseleniya v XV–XVII vv. [Forms of ownership in cities and oases of South Kazakhstan. The social composition of the urban population in the XV–XVII centuries]. // *History of Kazakhstan from ancient times to the present day in five volumes.* T.2. Almaty: Atamura, 1997. Pp. 524-535. [In Rus]
- Prozorov, 1991 — *Prozorov S.M.* Nakib [Naqib] // *Islam: Encyclopedic Dictionary.* Moscow: Nauka, 1991. Pp. 185-186. [In Rus]
- Yskakov, 1974 — *Yskakov A.Y.* Kazak tilinin tysindirime sozdigi [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. 1 tom. Almaty: Gylym, 1974. P. 696. (In Kaz.)
- Yskakov, 1982 — *Yskakov A.Y.* Kazak tilinin tysindirime sozdigi [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. 6 tom. Almaty: Gylym, 1982. P. 624. (In Kaz.)
- Yudin, 2001 — *Yudin V.P.* Central'naya Aziya v XIV - XVIII vekah glazami vostokoveda [Central Asia in the 14th - 18th centuries through the eyes of an orientalist]. Almaty: Dayk-Press, 2001. P. 384. [In Russian]
- Yakubovskiy, 1929 — *Yakubovskiy A.Yu.* Razvaliny Sygnaka [Ruins of Sygnak] // *Soobshheniya GAIMK.* T.2. Leningrad: Izdanie Gosudarstvennoy Akademii Istorii Material'noy Kul'tury, 1929. S.123-159. [In Rus]



АРХЕОЛОГИЯ / ARCHAEOLOGY

Published in the Kazakhstan  
Отан тарихы  
Has been issued as a journal since 1998  
ISSN: 1814-6961 (Print)  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
Vol. 26. Is. 2, pp. 422-436, 2023  
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 67.07.03  
[https://doi.org/10.51943/1814-6961\\_2023\\_26\\_2\\_422-436](https://doi.org/10.51943/1814-6961_2023_26_2_422-436)

**АЛТЫН ОРДА МЕН МОҒОЛСТАНДАҒЫ МҰНАРАЛЫ (ШАТЫРЛЫ) МАЗАРЛАР:  
ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ САБАҚТАСТЫҚ (X-XIV ғғ.)**

*Жомарт Жеңісұлы Жеңіс<sup>1</sup>, Гүлнұр Бекмұратқызы Нарымбет<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>Тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты (ул. Шевченко, 28, 050010, Алматы, Қазақстан)

жетекші ғылыми қызметкер

<https://orcid.org/0000-0001-7556-6939> E-mail: [zhozhengis@gmail.com](mailto:zhozhengis@gmail.com)

<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университет (ул. Сатпаева, 2, 010000, Астана, Қазақстан)

Докторант

<https://orcid.org/0000-0001-9098-8910> E-mail: [n.gulnur@mail.ru](mailto:n.gulnur@mail.ru)

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2023

© Жомарт Ж.Ж., Нарымбет Г.Б.

**Андатпа.** *Kіріспе.* Алтын Орда тұсында салынған шатыр құрылымдары Еуразияның түкпір-түкпірінде кездеседі. Мұндай үлгідегі сәулет ескерткіштері Еуразия даласында ислам дініне дейін салынғаны анықталды. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Еуразия аумағында, оның ішінде қазіргі Түркия, Ауғанстан, Кавказ, Қырым, Сібір, Иран және Қазақстан аумағында салынған сәулет ескерткіштерін, яғни шатырлы кесенелерді зерттеу негізінде X-XIV ғғ. ислам мәдениеті мен көшпелілер өркениетінің ара-қатынасы сипатталады. *Нәтижелер.* Еуразия даласында кездесетін шатырлы кесенелердің салыну идеясынан Орталық Азия көшпелілерінің мәдени-рухани мұрасы анық байқалады. Бұл сәулет ескерткіштері түркілердің дәстүрлі баспанасы – киіз үй мен ағаштан салынған тұрғын үйлеріне тікелей қатысты екені, бұл өз кезегінде көшпенділердің дүниетанымымен байланысты екені анықталды. Киіз үй – түркі-моңғол этностарының материалдық мәдениетінің ескерткіші, көшпелілердің мәдени кеңістігі, микрокосмос, отбасы өмір сүретін, көшпенді туып-өсетін, отбасын құрайтын, құндылықтарды тасымалдайтын, әлемнің моделі. *Қорытындылар.* Алынған нәтижелер Еуразия халықтарының материалдық мәдениетінің осы құрамдас бөлігінің дамуындағы көшпелілердің дәстүрлі дүниетанымының маңыздылығын көрсетуге мүмкіндік берді.

**Түйін сөздер:** ислам өркениеті, Алтын Орда, мазарлар, Моғолстан, Темірлан, Шағатай Ұлысы, дәстүрлі дүниетаным, тарихи сабақтастық.

**Алғыс айту.** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (ИРН № BR18574101).

**Дәйексөз үшін:** Жеңіс Ж., Нарымбет Г. Алтын Орда мен моғолстандағы мұнаралы (шатырлы) мазарлар: тарихи-мәдени және дүниетанымдық сабақтастық (X-XIV ғғ.) // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 2. С. 422-436. (Қаз.) DOI: 10.51943/1814-6961\_2023\_26\_2\_422-436



## БАШЕННЫЕ (ШАТЕРНЫЕ) ГРОБНИЦЫ В ЗОЛОТОЙ ОРДЕ: ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЕ И МИРОВОЗРЕНЧЕСКИЕ ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ (X-XIV вв.)

Жомарт Женисулы Женис<sup>1</sup>, Гүлнур Бекмуратқызы Нарымбет<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Кандидат исторических наук, институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (ул. Шевченко, 28, 050010, Алматы, Қазақстан)

ведущий научный сотрудник

<https://orcid.org/0000-0001-7556-6939> E-mail: zhozhengis@gmail.com

<sup>2</sup>Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилева (ул. Сатпаева, 2, 010000, Астана, Қазақстан)

Докторант

<https://orcid.org/0000-0001-9098-8910> E-mail: n.gulnur@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2023

© Жомарт Ж.Ж., Нарымбет Г.Б., 2023

**Аннотация.** *Введение.* Башенные или шатерные сооружения, построенные в Золотой Орде, встречаются на обширном пространстве Евразии. *Цели и задачи.* Установлено, что архитектурные памятники этого типа строились в евразийской степи задолго до ислама. *Материалы и методы.* Как было выявлено, взаимоотношения исламской культуры и кочевой цивилизации в X-XIV веках описываются на основе изучения архитектурных памятников, то есть шатерных мавзолеев, построенных на территории Евразии, включая современные Турцию, Афганистан, Кавказ, Крым, Сибирь, Иран и Казахстан. *Результаты.* О культурном наследии кочевников Центральной Азии можно судить по происхождению шатерных мавзолеев, найденных в евразийской степи. Выявлено, что данные архитектурные памятники имеют прямое отношение с традиционным жилищем тюрков–юртой, которая в свою очередь связана с мировоззрением кочевников. Юрта – памятник материальной культуры тюрко-монгольских этносов, культурное пространство кочевников, микрокосмос, модель мира, где живет семья, рождается и воспитывается кочевник, создает семью, несет ценности. *Выводы.* Полученные результаты позволили осветить значение традиционного мировоззрения кочевников в развитии данного компонента материальной культуры народов Евразии.

**Ключевые слова:** Исламская цивилизация, Золотая Орда, гробницы, Моголистан, Темирлан, Чагатайский улус, традиционное мировоззрение, историческая преемственность

**Благодарность.** Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (ИРН № BR18574101).

**Для цитирования:** Женис Ж., Нарымбет Г. Башенные (шатерные) гробницы в Золотой Орде: историко-культурные и мировозренческие преемственность (X-XIV вв.) // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 2. С. 422-436. (Каз.) DOI: 10.51943/1814-6961\_2023\_26\_2\_422-436

## TOWER (TENT) TOMBS IN THE GOLDEN HORDE AND MOGOLSTAN: HISTORICAL-CULTURAL AND WORLDVIEW CONTINUITY (X-XIV centuries)

Zhomart Zhengisuly Zhengis<sup>1</sup>, Gulnur Bekmuratkizy Narymbet<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Candidate of historical sciences, Sh. Sh. Ualikhanov Institute of History and Ethnology (Shevchenko str. 28, 050010, Almaty, Kazakhstan)

leading researcher

<https://orcid.org/0000-0001-7556-6939> E-mail: zhozhengis@gmail.com

<sup>2</sup>L.N. Gumilev Eurasian National University (Satpaev str. 2, 010000, Astana, Kazakhstan)

Doctoral student

<https://orcid.org/0000-0001-9098-8910> E-mail: n.gulnur@mail.ru

©IHE named after Ch.Ch. Valichanov, 2023

© Zhomart Zh., Narymbet G., 2023



**Abstract. Introduction.** Tent structures built in the period of the XI-XVII centuries are found in the vast expanse of Eurasia. **Goals.** It was revealed that architectural monuments of this type were built in the steppes of Eurasia long before Islam. **Results.** It turned out that based on the study of architectural monuments, namely, tented mausoleums built on the territory of Eurasia, including Russia, Iran and Kazakhstan, the relationship between Islamic culture and nomadic civilization in the X-XIV centuries. On the example of tented mausoleums built in the Eurasian steppes, the cultural heritage of the nomads of Central Asia in Iran and the Caucasus is traced. It was revealed that these architectural monuments are directly related to the traditional dwelling of the Turks - the yurt, which in turn is associated with the worldview of nomads. The yurt is a monument of the material culture of the Turkic-Mongolian ethnic groups, a cultural space of nomads, a microcosm, a world where a family lives, where a nomad is born, grows, creates a family, transfers values, goes to another world. **Conclusions.** The results obtained made it possible to highlight the significance of the traditional worldview of nomads in the development of this component of the material culture of the Eurasian peoples.

**Keywords:** Islamic civilization, Golden Horde, tombs, Mogolistan, Temirlan, Chagatai ulus, traditional worldview, historical continuity

**Acknowledgements.** The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Registration number AP №BR18574101).

**For citation:** Zhengis Z., Narymbet G. Tower (tent) tombs in the Golden Horde and Mogolstan: historical-cultural and worldview continuity (X-XIV centuries) // *Otan tarikhy*. 2023. Т. 26. № 2. С.422-436. (Kaz.) DOI: 10.51943/1814-6961\_2023\_26\_2\_422-436.

**Кіріспе.** Ішкі саяси тұрақтылық пен әлеуметтік жағдайдың қалыпқа түсуіне мүдделі бола отырып, түркілер ортағасырлық ислам өркениетінің одан әрі қарай даму үрдісіне мұрындық болды. Әсіресе, көшпенділер өздерінің төл мәдениетінің элементтерін дүниежүзілік өркениетке батыл енгізді. Түркістан далаларынан шығып, алдымен Иран ды, кейін бүкіл Алдыңғы Азияны жаулап алып, бұл жерлерде өз мемлекеттерін құрған түркілер, сөз жоқ, өздері билік жүргізген аймақтарда өзіндік-көшпенділер мәдениетінің элементтерін батыл енгізе отырып, дүние жүзілік ислам өркениетінің дамып, гүлденуіне қомақты үлес қосты. Олар қол астындағы елдерді бір орталыққа біріктіріп, тәртіп орнатып қана қоймай, осы елдердің мәдениетінің қалыптасып, дамуына мүдделі болды.

Ильхандар кезінде болсын, селжүктер кезінде болсын исламдағы сәулет жаңа құрылыс типтерімен, конструкциялармен, әртүрлі формалармен толықты. Селжүктер кезінде астана болған Исфахан X-XIII ғасырдағы Иран сәулеті тарихындағы Грециядағы Афина, Италиядағы Рим сияқты таяу Шығыстағы ірі қалаға айналды [Воронина, 1969: 146]. Селжүктер мемлекетінде Мәлікшах кезінде көптеген құрылыс жұмыстары жүргізіліп, сол кездегі исламның ірі саяси және мәдени орталығы Бағдад қаласында сұлтанның Жұма мешітін (Джами ас-сұлтан) салдырды [Жеңіс, 2015:112].

Иран тарихшысы Афзаладдин Керманидің жазуынша, батыс өлкелердегі медреселер мен мазарлар, керуен сарайлар мен мұнаралардың барлығы селжүк патшалары мен әмірлері кезінде салынды [Кермани, 1979: 30].


Түркілер билігі кезінде Еуразияның кең-байтақ далаларында, атап айтқанда Кіші Азия, Алтын Орда, Ставраполь, Қырым, Оңтүстік Сібір, Кавказ, Иран, Ауғанстан, Шығыс Еуропада салынған ескерткіштердің бірі кесенелер болды. Бұл кесенелер көбінесе сол заманның діни қайраткерлері мен атақты саяси тұлғаларының қабірінің басына тұрғызылып, халықтың зиярат нысанына айналды. Айта кететін бір жай, діни және зайырлы кісінің мазарларының формаларында айырмашылықтар болды. Билеушілер өздеріне мазарларды төбесі шатыр тәрізді жабылған мұнара түрінде салды. Жоспар бойынша мұнара кесенелері дөңгелек және көпбұрышты болып екіге бөлінеді. Бұл бөлімдердің әрқайсысы өз кезегінде екі түрге бөлінеді: қасбеттік және порталдық. Кей жағдайларда, төбесінде шатыры жоқ мұнара кесенелері де кездеседі [Зиливинская, 2018: 53].

Мұнаралы кесенелердің түркі өркениетіндегі материалдық мәдениетінің төл үлгісі екендігіне осы атаудың түркі тілінде айтылуын дәлел ретінде айта аламыз. XIII–XIV ғасырдың «Кодекс куманикус» сөздігінде «кешене, кесене» (гробница, усыпальница) деп кездеседі. Бұл



арабша «*minaret*»>мұнаралы, парсыша «*kumbez*»>күмбезді (арабша «*mazar*»>) мазарлардың байырғы түрік атауы «*еб*», «*шатыр*», «*дінгек*, *дың*» яки «*кесене*, *керекү* (киіз үй)» деп аталғанын дәлелдейді [Очерки, 1967: 86].

Діни, саяси тұлғалар жерленген, мұсылмандардың зиярат ететін қасиетті орыны болып табылатын бұл қабірлер тобы түркілерде «*кесенелер*», «*мазарлар*», ал, Иранда «*имамзодалар*» деп аталды. Бұл мазарлар көбінесе шатыр тәрізді күмбез астындағы көп бұрышты құрылыс түрінде салынды. Иран жерінде кездесетін осындай типтегі ерте мазарға Мешхедтің оңтүстік шығысындағы Сенгбестейдегі мазарды жатқызуға болады. Осы типтегі мазарлардың ішіндегі ең үлкені Керманға жақын жерге орналасқан қабырғасы сегіз бұрышты етіп тұрғызылған Жебелисанг мазары. Бұл мазардың қабырғалары сегіз қырқы арка арқылы сегіз қуысқа бөлініп, 16 бұрышты аркатуралармен күмбезге барып тірелген. Мазардың құрылысынан уық арқылы шаңыраққа қосылатын киіз үй құрылысын анық байқауға болады. Дәл осындай мазарларға Иезддегі Радкан (он екі имам) (XII ғ.аяғы), Гомбаде Кабус (XI), Верамин (XII ғ.) мазарларын жатқызуға болады [Жеңіс, 2015:113] (сур. 1).



1-сурет. Гомбаде Кабус (XI)  
[Figure 1. Gombade Qaboos (XI)]

Анадолыда селжұктар тұсында мұнара кесенесі идеясы кең тарады. Анадолы кесенелері құрылысы жағынан шеңбер немесе көп қырлы, төбесі жабылған болып келеді. Олар мұқият өңделген тас блоктардан жасалып, тас оюларымен безендірілген. Кейбір жағдайларда ғимараттың діні төртбұрышты іргетасқа орналастырылып, сыртқы жағынан үшбұрышты аркалардың көмегімен шатырмен байланысады. Кіші Азиядағы мұнара кесенелерінің көпшілігінде арнайы порталдар жоқ. Кіреберіс сәл тереңдетілген сталактит материалмен безендірілген. Мысал ретінде Дивригидегі Ситте Мелик (XII ғ.) кесенесін, Қарамандағы Караманоглы Алаеддин бей кесенесін (XIII ғ.), Нигдадағы Худавент Хатун турбесін (XIV ғ.) т.б. жатқызуға болады (сур. 2) [Зиливинская, 2018: 55].



2-сурет. Нигдадағы Худавент Хатун кесенесі (XIV ғ.)  
[Figure 2. Khudavent Khatun's tomb in Nigde (XIV century)]





## 2 Материалдық және зерттеу әдістері

**2.1 Зерттеу әдістері.** Мақалада Еуразияның түкпір-түкпірінен (Кіші Азия, Шығыс Еуропа, Оңтүстік Сібір, Орталық Азия, Кавказ, Иран, Ауғанстан, т.б.) мұнара тәріздес, шатыр қалыпты мазарлардың шығу тегіне шет елдік және отандық зерттеушілерінің еңбектерінің нәтижелерін пайдалана отырып талдау жасалады. Әсіресе, аталмыш мәселеге қатысты әлі де болса еуроцентристік көзқарастардың ықпалынан шыға алмай, көшпенділер тек тұтынушылар, өркениетті жасаушылар еуропалық отырықшы халықтар, не болмаса солардың ықпалымен жасалған мұралар деп зерттеу жүргізіп жүрген шет елдік зерттеушілердің (Э. Зилвинская, В. Воронина, О. Грабар, т.б.) тұжырымдарына сыни тұрғыда қарастырылды. Осы кезге дейін әртүрлі себептерге байланысты жасалып келген жаңсақ тұжырымдарға сыни көзқараспен қарап, түркілердің дәстүрлі мекен ету аймақтарында кездесетін археологиялық материалдардың негізінде бұл ескерткіштердің тұрғызылу уақытын исламға дейінгі кезеңдермен, түркілердің рухани-мәдени мұраларымен, дүниетанымымен байланыстырады.

**2.2 Материалдық сипаттамалар.** Зерттеу қорытындысының тағы бір жаңалығы, осы ескерткіштердің салыну идеясын түркілердің дәстүрлі дүниетанымымен, олардың дәстүрлі тұрғын үйлері – киіз үй формасымен байланыстырылуы. Мақалада оңтүстік Сібір аймағында табылған петроглифтер мен археологиялық материалдар негізінде түркілердің тұрғын үй мен қасиетті мазарлар салудағы негізгі, бастапқы мақсаттары дәстүрлі дүниетаныммен тығыз байланысты екендігіне баса назар аударылады. Түркі-моңғол халықтарының алтын бесігі Саян-Алтай аймағынан табылған Тағар-Таштық өтпелі кезеңінің қорғандарында – б.д.д. I-II ғ.ғ. өзінде-ақ, қабір басына квадрат түрінде бөрене ағаштарды қиып, қалап, үстін дөңес шатырлармен жабатын дәстүр болды. Қызласовтың жазуына қарағанда, қабырға қырлары көп санды болып келетін осындай ағаш кесенелер б.д.д. II-I ғ.ғ. Тағар-Таштық өтпелі кезеңіне жататын Бояр жотасындағы петроглифтерінде бейнеленген [Қызласов, 2005: 44]. Бұдан өзге, Кастанье, М. Мендікұлов, Ә. Марғұлан сияқты ғалымдар да қазақ даласында кездесетін мұнаралы мазарларды исламға дейінгі кезеңге жатқызады [Жеңіс, 2015:116].

**Талқылау.** Осы ескерткіштердің салыну уақыты мен стилі көп нәрсені аңғартса да зерттеушілердің негізі мұнаралы кесенелердің шығу тегін түсіндіре алмай отыр. Мысалы, кеңес зерттеушісі В.Л.Воронина мұнара мазарлардың қалпы мен мақсатының тегі белгісіз дейді. Оның ойынша бұл ирандық көне табыну прототипімен байланысты [Воронина, 1969: 155]. Зивилинская да осы ескерткіштердің Иран жерінде көптеп табылу себепті кесененің салыну идеясы ирандықтарға тән, яғни, кесене құрылысының отаны Иран, ал, ең алғашқы осындай құрылыс Гомбаде Кабус деп есептеді: «Гумбеде барлық мұнаралы кесенелердің бастауы. Мұнаралы кесенелер мемориалды құрылыстың бір тармағы және ол алғаш рет XI ғасырдың басында Иранда пайда болды [Зилвинская, 2018: 55].

О.Грабар да XII ғасырға тән Техрандағы Варамин мешіті осындай түрде салынған себебі әлі белгісіз дейді. Оның айтуынша "бұл мүмкін сасанилер пайдаланған қалыптарды кейін өзгертіп пайдалану шығар. Егер осылай болса мұны бір қайта өрлеу деп немесе әлде бұл қалыптар сасанилер кезінде егіліп кейіннен бүршік атқан дән деп білуге болады. Немесе бұл шығыстан келіп түркі билеушілерінің әсерінен салынған жаңа стилдер ме? Бұл жағдайда бұл ескерткіштерді неге "Салжуқи" деп атамасқа" деп мәселенің басын ашық қалдырды [Грабар, 1371: 46-63]. Оның айтуынша бұл мәселе әлі шешімін таппаған, терең зерттеуді қажет ететін тақырып.

Ирандық зерттеуші Но'и күмбезді құрылыстың пайда болуын Қытаймен байланыстырады. Ол "Хулагу заманынан бері қарай орталық ислам мемлекеттерінің және батыс Азия елдерінің Қытаймен байланысы күшейіп, Қытай мен Иран шеберлерінің барып келуі күшейді, бір-бірінен өнер үйреністі. Селжүктер мен аббас әулеті кезіндегі ислам сәулеті ирандықтардың қолымен салынған сәулет ескерткіштеріне Қытай сәулет элементтерінің енуі күшейді" дейді де осындай элементтердің біріне күмбезді жатқызады. Г. Но'йдің айтуынша "купол" атты сөз француздарға тән болып, араб тіліндегі күмбез мағынасын білдіргенмен, күмбезді мұсылмандарға жатқызуға болмайды [Нои, 1378: 51]. Ол, Райттың ирандық құпия тіршілік және оның құпия болуы себебі көгілдір түске—жан біту түсіне байланыстыруына қосылып, әртүрлі түстерді, жүрекке әсер ететін көгілдір түсті көбірек пайдаланып, осы бір құдайлық–аспан түсін барлық жерге, күмбез бен қабырғаларға пайдаланды дейді [Нои, 1378: 51]. Но'йдің осы пікіріне қарамастан, ортағасырлық деректерден Қытай құрылысшыларының



Ирандағы құрылыс жұмыстары, немесе ирандық сәулетшілерінің қытайлық әріптестерінен "тәжірибе алмасулары" сияқты белсенді әрекеттері жайлы мәліметтерді кездестіре алмадық.

Э. Зиливинская Алтын Орда аумағында салынған мұнара кесенелері туралы: «Кесенелердің жоспарлануын, құрылыс техникасын, архитектуралық бөлшектерін және құрылыс жабдықтарын талдау Алтын Орда мемориалдық сәулет өнерінің композициясында бірнеше бағыттар бар деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл тас құрылыс техникасында жасалған ескерткіштерде айқын көрінетін армян-Кіші Азия әсері. Күйдірілген және шикі кірпіш салуға байланысты Орта Азия мектебінің әсері өте зор болды. Ал, сайып келгенде, архитектуралық формаларда көшпелі (қыпшақ) дәстүрінің қалдықтары кездеседі» деп аталмыш ескерткіштердің басты идеясын армян сәулет өнерінің тамырынан іздейді [Зиливинская, 2018: 55].

16 ғ. Ресейде тіректерді пайдаланбай салынған ғибадатхананың жаңа түрі пайда болды. Шырша пішініндегі храмдар сол заманның символына айналды. Ғибадатхананың ішінде шатырға арналған бір ғана орын болды. Кейіннен шатырлары мен күмбездері бар мұндай құрылымдар бүкіл Ресейде пайда бола бастады - қақпалар, шаруа саябақтары, бояр сарайлары мен құдықтар, часовнялар және тіпті ағаш қабірлер осы стилде салынды.

Шатырлы шіркеулерінің ең жарқын үлгілері ретінде 16 ғ. орыс сәулет өнерінің бірегей ескерткіштері, ғасырдың басында Иванның туған күні қарсаңында салынған Коломенскоедегі Вознесен шіркеуі және Қызыл алаңда орналасқан Әулие Василий соборы жатады (сур.3). 16 ғ. ортасы 17 ғ. орыс сәулет өнері олардың жоғары дәрежелі шіркеулер сала бастағандығымен және тас сәулет өнерінің әсерінен ағаш сәулет өнерінің біртіндеп көшуімен сипатталды.



3-сурет - Коломенскоедағы Вознесен шіркеуі  
[Figure 3. Voznesensk Church in Kolomenskoe]

XVI-XVII ғ.ғ. Ресей аумағында мұндай шіркеу ғимараттарының болуына қарамастан, зерттеушілер XXI ғасырдың басында Ресейдегі алғашқы тас шіркеулерді кім салған және олар қайда салынған деген сұраққа біржақты жауап бере алмайды. Бұл туралы әртүрлі теориялар бар. XX ғасырдың басына қарай ежелгі орыс тас сәулет өнерінің пайда болуының екі негізгі теориясы дамыды. Екі теорияның жақтаушылары алғашқы орыс шіркеулерінің құрылысшылары византиялық шеберлер деп қорытындылайды [Гринкевич, 2014].

**Нәтиже.** Жоғарыдағы бір жақты, негізсіз пікірлерге қарамастан, мұнаралы кесенелердің идеясы мен пайда болуына түркі көшпенділерінің мәдениетінің тікелей ықпалы болды деген тұжырым жасай аламыз.

Осы дәуірдің сәулетіне көшпенді түркілер мәдениетінен қосылған үлес мәселесіне келсек, мәдениет атаулыны көшпенділерге жолатқысы келмейтін көзқарасқа қарамастан, түркілер



кезінде салынған орасан зор құрылыстар билеуші халық арқылы іске асқан соң құрылыс стилінде түркі-көшпенділер сарынының болуы заңды құбылыс. Бұл туралы көрнекті қазақ қоғам қайраткері, ғалым Ө.Жәнібеков: "Біз дүниежүзілік өркениетке қандай үлес қостық деген сұраққа пайымды жауапты халық сәулеткерлігінен де іздеген болар едім. Өйткені, қазақтың киіз үйінің құрылымы мен безендірілуі жағынан тарихқа белгілі құрастырылып-ажыратылатын баспаналардың қай-қайсысының болса да шоқтығы жоғары көрінетіні, тіркеспе қыстауының, тоқал тамының, қоржын үйінің сырт қарағанда ерекше әсер қалдыра қоймайтынымен, сәулеткерліктен қарапайымдылықтың, үйлесімнің, ұқыптылықтың үлгісі болғаны қақ. Қазақ сақталған ескерткіштердің басым көпшілігінің күмбезді болып келетіні, ал күмбездің сәулеткер Т.Бәсенов айтқандай белгілі бір дәрежеде киіз үйдің қаңқасына еліктейтіні белгілі. Сәулеткерлікте кеңінен тараған күмбезді құрылғыны ондағы дарбазалы кіре берісті, мәнерлеп құйылған қыштардан құрастырылатын әшекейді жалпы Орта Азия құрылыстарына тән күмбезді тұрғызу, оның біртұтастығын қамтамасыз ету идеясы көшпелі қауым мекендеген Дешті Қыпшақтан келген деп бөле-жара айтқан" [Жәнібеков, 1995: 10].

Енді, осы мәселенің шешімінің табылуына қолдағы бар деректерді сараптай отыра өз үлесімізді қосып көрейікші. Мүмкін бұлардың салыну идеясы түркілердің дүниетанымымен қандай байланысы бар? Еуразиядағы мұнара тәрізді, шатырлы мазарлардың салыну ерекшелігінен түркілік сарынды дөп басып танып, оларды көшпенді өркениетінің дүниетанымдық формасы ретінде қарастыруға бірнеше дәлелдер бар.

Түркілер біздің жыл санауымызға дейін-ақ өздерінің дәстүрлі аймақтарында қабір үстіне мұнара тәрізді құрылыстар салды. Кейін түркілердің өзге өңірлерге таралуымен, осындай құрылыс түрлері Еуразияның басқа өңірлерінде де салына бастады. Мысалы, «Ағас иб» - ағаш үй типіндегі Саян-Алтай халықтарының дәстүрлі жер үйлері ағаш бөренелерден қиылып салынған шатырының пішінімен де ерекшеленетінін биік, шатырлы күмбезді құрылыс әлі күнге дейін сақталған. Тағар-Таштық өтпелі кезеңінің обаларында, б.д.д. II-I ғ.ғ. қабір басында квадрат түріндегі бөрене үйшіктерінің жанындағы дөңес шатырлар алғаш рет пайда болды. Дәл осы ғимараттар – квадрат, шеңбер, пирамидалы төбесі бар ағаш кесенелер б.д.д. II-I ғ.ғ. Тағар-Таштық өтпелі кезеңіне жататын Бояр жотасындағы петроглифтерінде бейнеленген (сур. 4) [Кызласов, 2005: 44].



4-сурет. Тағар-Таштық өтпелі кезеңіне жататын Бояр жотасындағы петроглифтері (б.д.д. II-I ғ.ғ.)  
[Figure 4. In the Boyar ridge belonging to the Tagar-Tashtyk transitional period petroglyphs (II-I centuries BC)]

Кейінірек (VI–IX ғ.ғ. басы) бұл төртбұрышты археологиялық мәдениет көпбұрышты, шеңбер тас кесенелермен ауысты. Тываның Сырығ-Булун аймағында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде анықталған 7-8 ғ.ғ. мемориалдық кешендегі ғимарат сегіз қырлы тұрғын үйге ұқсайды. Оның негізі жерге қазылған 13 тірек болды (сур. 5) [Кызласов, 2005: 48].


Жалпы, көшпенділер тек киіз үйде тұрған, ағаштан, тастан, қыштан үй салу мәдениеті болмаған деген түсінік қате. Қытайлық «Суйшу» деректеріндегі жерлеу культін сипаттағанда көне түркілердің тек киіз үйде ғана емес, қажеттілікке байланысты әр түрлі материалдардан салынған үйлерде тұрып, қабірлерін де осы дәстүрлі үйлеріне ұқсатып, алуан түрлі материалдардан салатынын жазады [Кызласов, 2005: 51].



5-сурет. Саха, Тывадағы көп бұрышты тұрғын үй (реконструкция)  
[Figure 5. Multi-corner housing in Sakha, Tyva (reconstruction)]

Қазақстандық ғалымдардың еліміздің территориясында салынған осы төркіндес құрылыс типтері жайлы еңбектері мәселенің біздің пайдамызға шешілуіне оң ықпалын тигізері анық. Осы орайда қазақ зерттеушісі М.М. Мендікұловтың айтуынша "Қазақстанның кең байтақ территориясы мен Хорезмнің солтүстік аудандарына тараған мавзолейлердің көп санды тобы ғылыми әдебиеттерде өзінің коникалық немесе пирамида тәрізді күмбезі болуына орай мұнара тәрізді деп аталады" [Мендикулов, 1987: 35]. Кастаньенің жазуы бойынша конус тәрізді бәрінен бұрын биік "киргиз малақайына" ұқсайды. Мұндай ескерткіштер және осыған ұқсастар қырғыз даласының әртүрлі жерлерінде кездеседі, бірақ, бәрінен бұрын Орал облысында көп кездеседі [Кастанье, 1911: 42]. М.М. Мендікұловтың айтуынша шынында да бұл ескерткіштер қазіргі Атырау, Орал мен Үстіртте, балшық кесектен салынған мавзолейлер Сырдария атырабында, Оңтүстік және Орталық Қазақстанда көп кездеседі [Мендикулов, 1987: 35].

Осындай ескерткіштердің бірі Қорқыт Ата мазары. Күйген кірпіштен салынған бұл ескерткіш, шеңберлі орны және алты қырлы пирамидалы күмбезге ие. Яғни, көне Сырдария сағасындағы сәулет белгілері бар бұл ескерткіш интерьері киіз үйдің кіре берісін еске түсіреді. Қорқыт мазары тәрізділерге Ұйтас, Қосұйтас, Домбауыл, Түгіскен балшықтан соғылған ескерткіштерді VIII-X ғ.ғ. оғыз-қыпшақ дәуіріне жатқызады [Мендикулов, 1987: 38].



6-сурет. Сараман кесенесі  
[Figure 6. Saraman mausoleum]



Зерттеушілер мұнара тәріздес Семейдегі Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу мазарларын, Сырдария алқабындағы Бегім Ана, Сараман Қоса мазарларын исламға дейін салынған оғыз-қыпшақ дәуірі ескерткіштеріне жатқызады (сур. 6) [Акишев и др., 1979: 99].

Назар аударатын жай осы үлгідегі мазарлардың шын мәнінде киіз үй қалпына ұқсауы болып тұр. Ал, Ә.Марғұлан киіз үйдің көне үлгісіне Орталық Қазақстанның Бөгелі сайынан табылған андроновтық тұрғын үйді жатқызады. Бұл ағаш баспана дөңес жамылғылы шатырмен жабылған [Маргулан и др., 1966: 228]. Бұл деректі бекіте түсетін келесі бір мәліметке сүйенсек, 1939 жылы Г.Н. Пацевичтің археологиялық қазба жұмыстары кезінде исламға дейінгі дәуірге жататын, қақпағы киіз үй тәрізді етіп жасалған табыттар табылған [Байбосынов, 2001: 112-133]. Яғни, осы тектес ескерткіштер өз бастауын исламға дейін-ақ, көне қазақ жерінен алғанын байқау қиын емес. Сондай-ақ қазақтардың қыстауы қызметін атқарған орта ғасырлық қалалар маңындағы қысқы үйлер де сыртқы қалпынан отырықшылар территориясына шашырай орналасқан мұсылман мазарларына ұқсады.

Осындай ескерткіштердің бірі Қаратаудың батыс сілеміндегі (Созақ ауданы) шикі кірпіштен салынған Ақбикеш мұнарасын тарихшы Шараф ад-Дин әл-Жузидің «Зафар-наме» еңбегінде 1389-90 жылдары Әмір Темірдің Токтамысқа қарсы жорықтарындағы бақылау мұнарасы ретінде салынғаны айтылады (сур. 7).



7- сурет. Ақбикеш мұнарасы  
[Figure 7. Akbikesh tower]

Қазақстанның оңтүстік аймағында салынған Бабаджан хатунның порталсыз кесенесі текше пішінді, оның өлшемдері 6,9 x 6,9 x 5,0 м, қабырғаларының қалыңдығы 1,23 м-ге жетеді, композициясы қарапайым. Ғимараттың үш қасбеті (батыс жағынан басқасы) тауашалар мен медальондармен безендірілген.

Бұдан селжүктерге дейін-ақ Иран жеріне келген түркілердің құрылыс істерімен айналысқанын көреміз. Ал, негізгі құрамы оғыз-қыпшақ элементтерден тұратын селжүк топтарының Сырдария алқабынан қозғалып, Иранды тұрақтағаны тағы белгілі жай. Бұдан мынадай қорытынды жасауға болады: Ирандағы мұнара тәрізді сәулет ескерткіштері селжүктер дәуіріне дейін келген түркілерден бастау алып, селжүктер кезінде белсенді жүргізілді. Назар аударатын бір жай, Иранға келген түркі тайпаларының селжүктерден де бұрын мазар тұрғызу дәстүріне ие болғанын тарихи деректерден кездестіруге болады. Мысалы Истахри, Иранның Систан аймағын суреттеу кезінде, "халадждар түркі қауымынан, Олар бұл жерге (Систан) ертеректе келген. Олар Үндістан мен Систан аралығына мазарлар салды. Түрлері түркілерге ұқсас. Түркілік салтқа ие және барлығы түркі тілінде сөйлейді" - деп жазады [Истахри, 1347: 37].

Шатыр күмбезді құрылыстың үстіне орнатуды композиция түсінігімен түсіндіруге болады. Басқа ешқандай да жамылғы түрі жоғарыға ұмтылған қабырғамен байланыса алмайды (шаңырақ пен уықтың байланысуы тәрізді). Әр түрлі қалыптағы вертикальды қабырға ұстын ретінде де құрылысты берік ете түседі. Осындай мұнара мазарлар Иранда, ең алдымен Хорасанда көп кездеседі. XI ғасырда Дамгандағы Чехел духтарон (қырық қыз) (XI-ғасыр)) сияқты дөңгелек цилиндр тәрізді мазар түрлері көптеп салынды. Ал XII ғасырда құрылыс түрі



күрделене түсіп, қабырға енді гофр тәріздес түрде салынды. Мысалы, Рейдегі (1139) мазардың қабырғасы гофр тәріздес болып келеді де, жоғарғы жағы сталактитпен (төмен салбыраған сүмбі) байланысқан [Воронина, 1969: 155].

Зерттеу барысында ислам өркениетінің сәулет өнеріне де күмбез идеясының өзі де түркі-көшпенділері арқылы енгендігі белгілі болып отыр. С.Толстовтың айтуынша “Хорезмнің солтүстік-шығыс перифериясына келген далалық жабайы тайпалардың сәулеттік күмбезді алып келуіне дейін осы аймақта күмбездік жамылғы техникасын білмегені өте маңызды факт. Дәл осы жерде, Сырдарияның көне атырабында Хорезмнің ғана емес, сонымен бірге одан да алысырақ аймақтарда көрініс тапқан бірқатар жаңалықтар пайда болды” [Толстов, 1962: 152].

Селжүктерден кейін осы аймаққа келген Түркістан түркілерінің тағы бір легі моңғол-түркілер кезеңі де Иран тарихында мәдениеттің өркендеу дәуірі болды. Хулагу мен оның орынбасарлары өнерді қорғаумен әйгілі болды және өз қол астындағы елдерді мәдениет пен өркениетке жеткізуде табысқа жетті [Хуг, 1348: 94]. Иранды жаулап алушы түркілер өз биліктерінің сән-салтанаты мен ұлылығын көрсету үшін осы аймақта өшпес мәдени мұралар қалдырды. Осы орайда Ирандағы мәдениеттің өркендеуін тек моңғолдармен байланыстырсақ қателескен болар едік. Моңғолдар кезінде жемісін берген мәдениеттің алғашқы дәні сонау ғазнауилер мен селжүктер кезінде себіліп, өсіп, өркендеген болатын. Ал, моңғолдар сол мәдениетті бұзып талқандамай, әрі қарай дамытты, өйткені, бұл мәдениет ортақ дүниетанымдық түркілік-көшпенділік мәдениет жемісі еді.

Ильхандар дәуірі сәулетінде XII ғасырдағы Ғазнауилер мен Селжүктер кезінен мұра болып қалған конструкция мен декор формасында бір қалыпты даму әрі қарай жалғасын тапты [Воронина, 1969: 159]. Бұл жайлы Вильбер, ильхандар дәуіріндегі сәулет селжүк кезеңіндегі құрылыс стилімен сарындас, қай жағынан алып қарасаң да жақын екенін айтады [Кунель, 1355: 33]. Бұл жақындықтың себебі түсінікті де – олардың дәстүрі мен этникалық тамыры ортақ еді. Орталық Азия даласына саяхат жасаушы еуропа саяхатшыларының қай қайсысы болмасын, түркі-моңғолдардың дәстүрлерін суреттегенде олардың дәстүрлі киіз үйін сипаттамай өтпейді. Марко Полоның айтуынша олардың үйлері ағаштан дөңгелек формада жасалған. Оны қайда барса да өздерімен бірге алып жүреді. Жеңіл, ағаштар бір-бірімен қайыспен бекітілген. Үйдің ауызы оңтүстікке қаратылады. Әйелдер мен бала-шаға отыратын киіз үйлерді арбаға салып алып, түйе мен бұқаларға жегеді [Марко Поло, 1956: 99]. Ал Рубрук көшпенділердің киіз үй жамылғысын ақ киізден жасап, жарқырап тұрсын деп ізбес, ақтопырақ пен сүйек ұнтағын жағатынын, кейде қара киізбен жабатынын жазады [Карпини, 1993: 245].

Иран мен Кіші Азияда шатырлы мұнара тәрізді мазарлар салу үрдісі моңғол-түркілер кезінде өз жалғасын тапты. Олардың билігі кезінде солтүстік аудандарда мұнара тәрізді мазарлар-имомзоделер көп салынды. Бұл категория ең саны көп отыз ескерткіш. Формалары әртүрлі ішкі контуры квадрат, шеңбер, көп бұрыш. Бұрыштары жебе тәрізді сызба қуыстармен әшекейленген. Қабырғалары көп санды қырық сегізге дейін гофр (кеңірдек тәрізді) бөлінген мұнараның сыртқы күмбезі пирамида немесе конус тәрізді болады. Осындай мазарлар әсіресе Фатиманың қабірі жатқан Құм қаласында көп болды. Жалпы мазар салу дәстүрі түркілерде көнеден қалыптасқан салт. Түркілер ата-баба рухтарына арнап тасты үйіп оба жасады. Обаға табыну біртұтас моңғол мемлекеті тұсында дамыды. Алғашқыда бұл жеке жерлердің иелерін құрмет ретінде тау асулары мен жол аядамаларында қасиетті жерлерге салынды [Алексеев, 1980: 50]. Селжүк дәуіріндегі қабірлердегі стиль моңғолдар дәуірінде де сақталып қалды. Мысалы, Марағадағы Хулагу қыздарының қабірі сол дәуірдің жалғасы болды. Бұрынғысынан кең әрі көп тараған күмбезді мазарларда жаңа дамулар болды [Кунель, 1355: 95]. Моңғолдар Иранда сәулет ескерткіштерінің діни емес формаларының да көптеген үлгілерін салды.

А.Феодоров-Давыдов Алтын ордалық сәулетте аралас мәдениеттің белгілерінің байқалатынын жазады: "Мұсылман типіндегі қатардағы үйлер Орталық Азиялық көптеген сипаттарға ие болды: көбінесе үй қабырғалары кірпіш іргетастың үстіне кереге тәрізді ағаш конструкциядан салынды. Үйлердің квадрат тәрізді сыртқы пішіні киіз үйге ұқсады" [Феодоров-Давыдов, 1976: 122].

Олжайту мазары ортағасырлық Иран сәулет өнерінің ғана емес сәулет тарихындағы көрнекті шығарма. Оның өзіндік формасы инженерлік есеппен негізделген, бұрыштық мұнарашалар күмбездің орталыққа қысымын тепе теңдікте ұстады. Күмбездің қос қабатты



кірпіш қабат Кессонымен бекітілген. Мазардың күмбезінің қабатты конструкциясы Мервтегі Санжар мазарына ұқсас [Воронина, 1969: 166].

Көрші Ресей Федерациясының Челябині обылысындағы Варна елді мекенінің жанында «Кесене мазары», немесе «Темірдің мұнарасы» атты шатыр пішіндес мазарлар кешені бар (сур. 8). Қостанай қаласынан 230 км қашықтықта орналасқан бұл кешен биіктігі 17 метрлік мұнарадан, ерте темір, қола дәуіріне жататын бірнеше обалар мен кейінгі орта ғасырларға жататын 150 қорғаннан тұрады.



8-суреттер. Темірлан мұнарасы (Көк кесене)  
[Figure 8. Temirlan Tower (Blue Mausoleum)]

Қазан мен Сібірді бағындырған соң орыс мемлекеті 200 жыл бойы жаулап алынған аймақтардағы мыңдаған жылдар бойы жинақталған сәулет естерткіштерін, минареттер, тас мешіттер мен мазарлар салуға қатаң тиым салып, жүздеген мешіттер, мавзолейлер, мазарлар, сарайлар мақсатты түрде бұзылып, кірпіштері басқа құрылыстар салуға пайдаланылды. 1770 жылы саяхатшы Петр Симон Паллас Орынбор өлкесіне келіп, кесененің суретін қағазға түсіріп, алғаш рет кешен туралы мәліметтер қалдырады [Паллас, 1786: 385-393].

Паластың зерттеуінен кейін бір ғасыр өткен соң «Труды первого Археологического съезда в Москве» атты жинақта (1869) өлкетанушы, журналист және музыкант Игнатъев Руф Гавриловичтің осы кесене жайлы мақаласы жарық көріп, ол бұл мақаласында мазардың қазақ (киргиз) халқының дүниетанымы мен тұрмыс тіршілігімен байланысты екендігіне назар аударды. Қазақтардың осы мазарға келіп түнейтіндігін, басына құрбандық шалатынын, қасынан өткенде беттерін сипамай өтпейтіндігін тәптіштеп жазды. Басында Иранның шығысында–Хорасанда кең қанат жайған мұнара тәріздес мазарлар кейін батысқа да тарады. Мысалы, Нахичеванда салынған Мумине Хатун (XII ғ.) мазары осындай құрылысқа жатады (сур. 9).




9-сурет. Мумине хатун мазары  
[Figure 9. Tomb of Mumine Khatun]



Зерттеуші бұл құрылыстардың сыртқы типтерінің киіз үйге ұқсайтынын дұрыс аңғарып, өз өмірлерін киіз үйде өткізген түркі әмірлерінің өз мазарларын салған кезде соған ұқсауына назар аударғанын айтады. Кіші Азия, Ирак пен Армениядағы христиан храмдары да осы стильде салынған [Феодоров-Давыдов, 1976: 75]. Айта кету керек, кейін бұл құрылыстардың формасы еуропа сәулетшілері арқылы Еуропаға да ауысты. Италиян өнер зерттеушісі Пьерсон Палолезидің айтуынша, 1418-1419 ж.ж. италиян сәулетшілері Брунлеский мен Гиберти, Сұлтания мазары күмбезі үлгісімен Византияда Санта Мария Дель Фиорэ шіркеуін салды. Түркиядағы Бруса мешіті мен Сан Лоренция шіркеулері де дәл осы стилде салынды [Палолези, 1361: 39]. Ресей астанасы Мәскеу қаласындағы Қызыл алаңға орналасқан Кремль сарайы сияқты құрылыс түрлерінің да салыну қалпына түркілердің дәстүрлі тұрғын үй құрылысының идеясы үлкен әсер етті. Әсіресе, бұл жерде киіз үйге ұқсатып салынған мазар тәріздес ескерткіштердің тікелей қатысы болды.

XIII ғасырда Моғолстанның астанасы болған Алмалық саяси, мәдени және экономикалық орталыққа айналды. Осы қалада салынып, біздің күнімізге дейін жеткен кесенеде Моғолстанның бірінші ханы Тоғлық-Темір жерленген (10-ші сур.) [1982: 71]. Қазіргі зерттеушілердің пайымдауынша, кесене Тоғлық-Темір қайтыс болғаннан кейін бірнеше жылдар өткен соң, оның жесірі Тини Хатунның қаражатына тұрғызылған [Cheng, 1982: 73].



Мазарь. Туглуць-Тимурь-хана.

Ся фотограф. Н. Н. Пантусова.

10-сурет. Алмалықтағы Тоғлық-Темір мазары  
[Figure 10. Tomb of Toglyk-Temir in Almalyk]

**5. Қорытынды.** Көріп отырғанымыздай, түркілер өздері басып алған жерлерде өз дүниетанымынан, мәдениетінен хабар беретін біршама ескерткіштер қалдырды. Еуразиядағы түркілер дәуірінде салынған сансыз ескерткіштердің мәні мен мағынасын түркілердің дүниетанымымен байланыстыра қарамасақ түсінуі қиын құбылыс екенінде дау жоқ. Осы ескерткіштердің салынуы мен конструкциясының мағынасын тек көшпенділердің дүниетанымына назар аудару арқылы түсіндіруге болады.

Бұлтартпас дәлелдерге қарамастан мойындамаушылықтың негізгі себебі, ескі көзқарастағы зерттеушілердің әлі де болса “көшпенділер өркениеті” ұғымын қабылдай алмауында болып отыр. Барлығымызға белгілі, ислам өркениеті ислам дінінің тараған барлық жерлерінде, тіпті, ислам әлемімен көршілес жатқан аймақ халықтарының мәдени игіліктерінің негізінде жасалды. Иран тарихшысы Зарринкубтың жазуынша "ислам империясының негізгі ерекшелігі ол әртүрлі қауым мен халықтың мирастары мен дәстүрлерін біріктіріп жаңа мәдениет жасап шығарды. Исламда дін мен өнер бірін-бірі толықтырады. Өткен заманда мешітті салған мұсылман сәулетшісі өз айналасынан көрген әрбір әдемілікті, егер оны құдайдың ұлылығы мен





даңқына сәйкес деп санаса, жағдай келгенде ол үшін мешіттен орын беруге тырысты. Шам сәулетінің ерекшеліктері байлық пен береке лебі байқалса, Үнді түбегі мен Пакистан сәулетінен көп сандылық мен жылдамдық, түркі және Осман сәулетінен күш-қайрат, ал ирандық стильден жұмсақтық пен әдемілік лебі еседі" [Зарринкуб, 1375:29].

Қорыта айтқанда, көшпенді түркілер Еуразия даласына өздерімен бірге дәстүрлі мәдениетін алып келді. Бұл әсіресе олардың осы аймақтағы мұнара мазарлар сәулетінде анық байқалады. Яғни, түркілердің тұрғын үйі-киіз үйдің тұтас көшірмесі мұсылман әулиелері мен тұлғаларының қабірлерінің құрылысында көрініс тапты.

### Әдебиеттер

Акишев, Байпаков, 1979-Акишев К.А., Байпаков К.М. Вопросы археологии Казахстана. Алма-Ата: Ғылым, 1979. 299 с.

Алексеев, 1980-Алексеев Н.А. Ранние формы религии тюркоязычных народов Сибири. Новосибирск: Наука, сибирское отделение, 1980. 364 с.

Байбосынов, 2001 - Байбосынов К. Өлкеміздегі көне наным-сенімдер мен діни ағымдар // Материалы Международной конференции «Казахстан и Центральная Азия: история, современность и перспективы развития». 29-31 мая 2001 года. Тараз. Т. 1. С. 112-133. (на каз. яз.).

Воронина, 1969 - Воронина В.Л. Архитектура средневекового Ирана // Всеобщая история архитектуры. VIII т. Москва: МГУ, 1969. С.136-169.

Грабар, 1371 – Грабар О. А. Хонархойэ таджасми. 442-751х/1050-1350м // Тарихэ Иран аз омаданэ салжуқион та форупошиэ даулатэ ильханион. Пезухешэ донешгахэ Кембридж. Техран: Амир Кабир, 1371 г.х. С. 46-63. (на перс. яз.).

Гринкевич, 2014-Гринкевич В.В. Истоки русской архитектуры остаются загадкой. 2014. // <https://www.hse.ru/news/communication/138626390.html>

Ной, 1378 - Ной, Г. Адione мелли ва Хеслаге зендеги дар меморе ирани. Техран: Ираншенохт. № 13. Табестан, 1378. 251 с. (на перс. яз.).

Жанибеков, 1995-Жанибеков О. Жолайрыкта. Алматы: Рауан, 1995. 163 с. (на каз. яз.).

Женис, 2015-Женис Ж. Ж. Ежелги және ортағасырлардағы Иран мен Туран. - Шымкент: Алтын шанырақ. 2015. 240 стр. (на каз. яз.).

Зарринкуб, 1375-Зарринкуб А. Корномейэ эслами. -Техран: Шахид Бехешти, 1375 х.г. 30 с. (на перс. яз.).

Зиливинская, 2018-Зиливинская Е.Д. Еще раз о башенных мавзолеях в Золотом Орде. Материалы VIII Международной научной конференции «Диалог городской и степной культуры на евразийском пространстве», посвященной памяти Г.А. Федорова-Давыдова. Журнал «Археология евразийских степей», № 4. 2018. С. 53-60.

Истахри, 1347-Истахри, Абу Исхак. Масолек ва мамолек. Техран: ВТНК. 1347 г/х. 37 с. (на перс.).

Карпини, 1993-Карпини П.Д. Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. Алматы: Ғылым. 1993. 248 с.

Кастанье, 1911 -Кастанье А.И. Древности киргизской степи и Оренбургского края. Оренбург. 1911. 242 с.

Кермани, 1355-Кермани Афзал ад-дин. Тарихэ Афзал. Техран, Хонарманд, 1979. 330 с. (на перс.).

Кунель, 1355-Кунель Э. Хонарэ Ислами. Перевод Хуршанг Тохери. Техран: Тус, 1355 г.х. 395 с. (на перс.).

Кызласов, 2005-Кызласов. Пратюркские жилища. Обследование саяно-алтайских древностей. Москва - Самара, 2005. 96 с.

Маргулан, Акишев, Кадырбаев, Оразбаев, 1966-Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К, Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата: Ғылым, 1966. -328 с.

Марко Поло, 1956-Марко Поло. Книга Марко Поло. Москва: Государственное издательство Географической литературы. 1956. 359 с.

Мендикулов, 1987 -Мендикулов М.М. Памятники народного зодчества Западного Казахстана. Алма-Ата: Онер, 1987. 235 с.

Очерки истории Карачаево-Черкесии: в 2-х т, Volume 1. - Ставрополь: Ставропольское книжное издательство. 1967. 600 с.

Паллас, 1786-Паллас П.С. Путешествие по разным местам российского государства. Книга I. Ч. 2, Оренбург. 1786. С. 385-393.

Палолези, 1361-Палолези. Та'сирэ ма'мориэ конбадэ Солтаниейэ Иран бе сохтемонэ конбадэ Санта Мария дел Фиориэ Италия. Перевод Реза Касой. Техран: Моджарад, 1361 г.х. 45 с. (на перс.).

Толстов, 1962 -Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. Москва: Наука, 1962. 152 с.



Федоров-Давыдов, 1976-Федоров-Давыдов Г.П. Очерки культуры и искусства народов Евразийских степей и Золотоордынских городов. Москва: Искусство, 1976. 322 с.

Хуг, 1348-Хуг Дж. Хонарэ ма'мори дар сарзаминхой ислами. Перевод Парвиз Варжованд. -Техран: Тегеранский университет, 1348 г.х. 294 с. (на перс.).

Cheng, 1982-Cheng, Jing Qi, Islamic architecture in China, The Changing Rural Habitat; Volume 2: Background Papers, Singapore: Concept Media/The Aga Khan Award for Architecture, 1982. 71-74 pp.

### References

Akischev, Baypakov, 1979-Akischev K.A., Baypakov K.M. Voprosy arkheologii Kazakhstana [Questions of archeology of Kazakhstan]. Alma-Ata: Gylym, 1979. 299 p. (In Rus.)

Alekseyev, 1980-Alekseyev N.A. Ranniye formy religii tyurkoyazychnykh narodov Sibiri [Early forms of religion of the Turkic-speaking peoples of Siberia]. Novosibirsk: Nauka, sibirskoye otdeleniye, 1980. 364 p. (In Rus.)

Baybosynov, 2001-Baybosynov K. Olkemizdegі kone nanym-senimder men dini agymdar [Ancient beliefs and religious currents in our country]//Materialy mezhdunarodnoy konferentsii «Kazakhstan i Tsentral'naya Aziya: istoriya, sovremennost' i perspektivy razvitiya. 29-31 maya 2001 goda. Taraz. T. 1. P. 112-133. (in Kaz.).

Cheng, 1982 - Cheng, Jing Qi, Islamic architecture in China, The Changing Rural Habitat; Volume 2: Background Papers, Singapore: Concept Media/The Aga Khan Award for Architecture, 1982. 71-74 pp.

Fedorov-Davydov, 1976-Fedorov-Davydov G.P. Ocherki kul'tury i narodov iskusstva Yevraziyskikh stepey i Zolotoordynskikh gorodov [Essays on the culture and art of the peoples of the Eurasian steppes and the Golden Horde cities]. Moskva: Iskustvo, 1976. 322 p. (In Rus.)

Grabar, 1371 – Grabar O.A. Khonarkhoye tadjhasmi [art of architecture]. 442-751kh/1050-1350m // Tarikhe Iran az omadane salzhuk, ion ta foruposhiye daulate il'khanion. Pezhukheshe doneshgakhe Kembridzh. Tekhran: Amir Kabir, 1371 g.kh. S. 46-63. p. (in Pers.).

Grinkevich, 2014 - Grinkevich V.V. Istoki russkoy arkhitektury zagadkoy [The origins of Russian architecture remain a mystery]. 2014. // <https://www.hse.ru/news/communication/138626390.html>. (date of access: 08/07/2022). (In Rus.)

Istakhri, 1347 g. -Istakhri, Abu Iskhak. Masolek va mamolek [Book of ways and countries]. Tekhran: VTNK. 1347 g/kh. 37 p. (in Pers.).

Karpini, 1993-Karpini P. D. Puteshestviya v vostochnyye strany Plano Karpini i Gil'oma de Rubruka [Journeys to the Eastern Countries of Plano Carpini and Guillaume de Rubruk]. Almaty: Gylym. 1993. 248 p.

Kastan'ye, 1911 -Kastan'ye A.I. Drevnosti kirgizskoy stepi i Orenburgskogo kraya [Antiquities of the Kirghiz steppe and the Orenburg region]. Orenburg. 1911. 242 s.

Kermani, 1355 -Kermani Afzal ad-din. Tarikhe Afzal [History of Afzal]. Tekhran, Khonarmand, 1979. 330 p. (in Pers.).

Khug, 1348 -Khug Dzh. Khonare ma'mori dar sarzaminkhoy islami [Architectural art in Islamic countries]. Perevod Parviz Varzhovand. -Tekhran: Tegeranskiy universitet, 1348 g.kh. 294 p. (in Pers.).

Kunel', 1355-Kunel' E. Khonare Islami [Art of Islam]. Perevod Khurshang Tokheri. Tekhran: Tus, 1355 g.kh. 395 p. (in Pers.).

Kyzlasov, 2005-Kyzlasov. Pratyurkskiye zhilishcha. Obsledovaniye sayano-altayskikh drevnostey [Proto-Turkic dwellings. Examination of the Sayan-Altai antiquities]. Moskva - Samara, 2005. 96 p. (In Rus.)

Margulan, Akischev, Kadyrbayev, Orazbayev, 1966 g.r. -Margulan A.KH., Akischev K.A., Kadyrbayev M.K., Orazbayev A.M. Drevnyaya kul'tura Tsentral'nogo Kazakhstana [Ancient culture of Central Kazakhstan]. Alma-Ata: Gylym, 1966. -328 p. (In Rus.)

Marko Polo, 1956 -Marko Polo. Kniga Marko Polo [Marco Polas Book]. Moskva: Gosudarstvennoye izdatel'stvo geograficheskoy literatury. 1956. 359 p. (In Rus.)

Mendikulov, 1987 -Mendikulov M.M. Pamyatniki narodnogo zodchestva Zapadnogo Kazakhstana [Monuments of folk architecture of Western Kazakhstan]. Alma-Ata: Oner, 1987. 235 p. (In Rus.)

Noy, 1378-Noy, G. Adione melli va Kheslate zendegi dar memore irani [National outlook and character of life in Iranian architecture]. Tekhran: Iranshenokht. № 13. Tabestan, 1378. 251 p. (in Pers.).

Ocherki istorii Karachayevo-Cherkessii [Essays on the history of Karachay-Cherkessia: in 2 volumes]: v 2-kh t, Tom 1. - Stavropol': Stavropol'skoye knizhnoye indatel'stvo. 1967. 600 p. (In Rus.)

Pallas, 1786-Pallas P. S. Puteshestviye po raznym mestam Rossii [Journey to different places of the Russian state]. Kniga I. CH. 2, Orenburg. 1786. S. 385-393. p. (In Rus.)

Palolezi, 1361 - Palolezi. Ta'sire ma'morie konbade Soltaniyae Iran budet sokhtemone konbade Santa Mariya del' Fiorie Italiya [Influence of the domes of the Iranian mausoleum of Soltania Soltaniye in Santa Maria del Fiorie Italy]. Perevod Rezy Kasoy. Tekhran: Modzharad, 1361 g.kh. 45 p. (in Pers.).

Tolstov, 1962-Tolstov S.P. Po drevnim del'tam Oksa i Yaksarta [Along the ancient deltas of the Oxus and Jaxarth]. Moskva: Nauka, 1962. 152 p. (In Rus.)



Voronina, 1969 - Voronina V.L. Arkhitektura srednevekovogo Irana [Architecture of medieval Iran] // Vseobshchaya istoriya arkhitektury. VIII t. Moskva: MGU, 1969. P.136-169. (In Rus.)

Zarrinkub, 1375 - Zarrinkub A. Kornomeye eslami [Islamic art]. -Tekhran: Shakhid Bekheshti, 1375 kh.g. 30 p. (in Pers.).

Zhanibekov, 1995 -Zhanibekov O. Zholayrykta [At the crossroads]. Almaty: Rauan, 1995. 163 p. (in Kaz.).

Zhenis, 2015 -Zhenis ZH. ZH. Yezhelgi zhane ortagasyrlardagy Iran men Turan [Iran and Turan in ancient and medieval times]. - Shymkent: Altyn shanyrak. 2015. 240 p. (in Kaz.).

Zilivinskaya, 2018 -Zilivinskaya Ye.D. Yeshche raz o mavzolyakh v Zolotom Orde [Once again about tower mausoleums in the Golden Horde]. Materialy VIII mezhdunarodnoy nauchnoy konferentsii «Dialog gorodskoy i stepnoy kul'tury na yevraziyskom prostranstve», posvyashchennoy pamyati G.A. Fedorova-Davydova. Zhurnal «Arkheologiya yevraziyskikh stepey», № 4. 2018. P. 53-60. (In Rus.)



**Мазмұны / Content / Содержание 2023 № 26 (2)**

**ТАРИХ / HISTORY / ИСТОРИЯ**

<i>Margulan A.S., Zhuzbayeva U.D.</i> THE SHAGATAI FRONTIER IN ABU AL-FIDA'S WORK «ТАКВИМ AL-BULDAN».....	206
<i>Отенова Г.Е.</i> НОВЫЕ СВЕДЕНИЯ О КИРГИЗ-КАЙСАКАХ ИЗ КАЗАНИ: АНАЛИЗ РУКОПИСИ 1796 ГОДА.....	217
<i>Мәлікова С.З., Ибраева А.Ф., Мұхамеджанова Г.Т.</i> СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІНДЕГІ АЛАШ ҚҰРЫЛТАЙЫ: АҚҚҰСАҚ ЖИНАЛЫСЫ.....	229
<i>Мұхатова О.Х.</i> ЖЕТІСУ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ - БАЗАРБАЙ МӘМЕТОВ.....	242
<i>Жұмағұлов Б.С.</i> ТОБАНИЯЗ ӘЛНИЯЗҰЛЫ – ХАЛЫҚ АЗАТТЫҒЫ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСКЕР.....	258
<i>Мұқанова Г.Қ., Жұматай С., Ташағұл А.</i> «КАЗАХСКИЙ КАЛЕНДАРЬ НА 1923 ГОД» В КОНТЕКСТЕ ИДЕНТИЧНОСТИ.....	272
<i>Шашаев Ә.Қ., Тілеубаев Ш.Б., Құрманалина Н.Н.</i> XX ғ. 20-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚТЫҢ ҚҰРЫЛУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ.....	287
<i>Гиззатов С.М.</i> 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ ОРАЛ ЖӘНЕ БӨКЕЙ ГУБЕРНИЯЛАРЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ.....	298
<i>Мамбетова Г.А., Муминов А.К.</i> ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО ГОСУДАРСТВА В ОТНОШЕНИИ РЕЛИГИОЗНЫХ ДЕЯТЕЛЕЙ В КАЗАХСТАНЕ (АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ).....	310
<i>Базарбаев К, Гумуш Н., Акдениз Э.</i> ТҮРКІСТАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ ЭНВЕР ПАШАНЫҢ САЯСИ ҚЫЗМЕТІ.....	326
<i>Ахметова Л.С., Ахметов С.С.</i> БОЛЬШАЯ ОРДА КАЗАХОВ В РОССИЙСКО-КОКАНДСКОМ ПРОТИВОСТОЯНИИ В СРЕДНЕЙ АЗИИ. СУРАНШЫ-БАТЫР И УЗЫН-АГАШСКОЕ СРАЖЕНИЕ 1860 ГОДА.....	335
<i>Ауаған В., Ақанов К., Курманов З.</i> REFLECTION OF THE SHIVANIDS (SHEIBANIDS) DYNASTY'S ROLE IN THE HISTORY OF THE JUCHI ULUS AND THE KAZAKH KHANATE IN THE 13-16 <sup>th</sup> CENTURIES.....	350
<i>Козыбаева М.М., Мурзаходжаев К.М., Малабаев С.К.</i> ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПОСЛЕДСТВИЯ ГОЛОДА 1921-1922 ГГ. В КАЗАХСТАНЕ.....	361
<i>Мурзақханов А.</i> SOVIET POLITICS IN KAZAKH AUL: POSITIONS OF RESEARCHERS.....	373

**АРХЕОЛОГИЯ / ARCHAEOLOGY**

<i>Оутрам А., Курманиязов Ы.</i> РОЛЬ БОТАЙСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПЕЦИАЛИЗИРОВАННОГО СКОТОВОДСТВА В ДВУХЭТАПНОМ ПРОЦЕССЕ ОДОМАШНИВАНИЯ ЛОШАДИ .....	384
<i>Қожа М.Б., Жетібаев К.М., Муминова З.П.</i> ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....	407
<i>Женіс Ж., Нарымбет Н.</i> АЛТЫН ОРДАДАҒЫ МҰНАРАЛЫ (ШАТЫРЛЫ) МАЗАРЛАР: ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ САБАҚТАСТЫҚ (X-XIV ғғ.).....	422



**Редакцияның мекен-жайы:**

050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: [otanhistory@gmail.com](mailto:otanhistory@gmail.com).

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде  
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге  
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

---